Заманауи ақиқаттың жағдайында қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағына теориялық көзқарасты қарастыра отырып, оның маңыздылығына баға беру өте күрделі, себебі күнделікті жаңа мәселелер туындайды, дәстүрлі көзқарастар бұзылады, ал қазақстандық қылмыстық құқық институтының өзі айтарлықтай құралымдық өзгерістерге ұшырады.

Осыған орай, қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының ғылыми талдауы нормативтік – құқықтың материалды және сот тәжірибесінің мысалдарын қарапайым зерделеуге болмайды. Талдау заң нормалары құрылған сол объективті заңнамаларды зерттеу және нәтиже

ретінде тергеу, прокурорлық және сот практикасы құрылған зерттеулерден тұру керек.

Мақаланың мақсаты қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жақтарының барлық мәселелерін көрсету болып табылмайды; біз нақты ұсыныстарды енгізуге мүмкіндік беретін түйінді сұрақтарға тоқталамыз.

Осылайша, аталған мәселелерге қылмыстық құқықтың отандық және шетел теоретиктерінің көптеген жұмыстары арналған.

Алайда уақыт өте келе әлем де өзгеруде, сәйкесінше қылмыстық ғылымда да көп нәрсе өзгерді.

Аталған саладағы кейбір өзгерістер бойынша өз ұсыныстарымызды мазмұндауға кірісер алдында қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағындағы негізгі сұрақтарға тоқтала кетейік.

Объективті жақ нақты жерде және нақты уақытта нақты жағдайда орын алған қылмыстық мінез – құлықтың сыртқы актісі болады. Аталған акті әрекет немесе әрекетсіздіктен көрінеді. Қоғамдық қауіпті салдардың бар болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың материалдық құрамы үшін міндетті болып табылады. Әрекет/әрекетсіздіктен нақты салдардың басталуына дейін қылмыстық құқық бұзушылықтың барысы қылмыстық құқық бұзушылықтың материалдық құрамындағы объективті жақтың міндетті белгісі болып табылатын қылмыстық нәтиже мен әрекет/әрекетсіздік арасындағы себепті байланыс болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жасау орны, уақыты, әдісі, құралдары – қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективті жағының факультативті белгілері болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының мәнін бағалау өте қиын. Біздің пікіріміз бойынша ол келесіден тұрады:

- қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын зерделеу форматында қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағы қазақстандық қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауапкершіліктің объективті негізі болып табылады;

- объективті жақтың белгілерін дәл анықтау қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа құқық бұзушылық түрлерінен ажыратуға мүмкіндік береді;

- қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралау үшін зерттелетін мәселенің түйінді мағынасы бар. Сонымен қатар, қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының барлық белгілері әрбір нақты қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән–жайлар шеңберіне кіретінін, салдарынан айтарлықтай дәлелдік мәні бар екендігін ескеру керек.

- жазаны дараландыру қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының ерекшеліктеріне байланысты, әсіресе жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән – жайлар.

Заң әдебиетінде әрекет пен әрекетсіздіктің түрлі ұғымдарына тектік ұғымдарды бөлу үшін түрлі негіздер ұсынылады.

Іс-әрекет қылмыстық-құқықтық мағынада психофизиологиялық мағынадағы іс- әрекетпен толықтай сәйкес келмейді, ол оның психофизиологиялық актісі бағасының жеткіліксіздігін анықтайды. Жалпы, ол психофизиологиялық ерекшеліктерге негізделген, нормативтік соның ішінде шартты нақты элементтермен толықтыратын арнайы әлеуметтік – құқықтық білімді ұсынады [Плотников А.И. , 2012, 26 б.].

Біз объективті – заңды негіз ұсынылатын, нақтырақ әрекетті – оның дене тұрғысынан байқалған іс-әрекеттерінің қоршаған ортаға әсер етуі адамның белсенді мінез-құлқы ретінде айқындалатын әрекет, ал әрекетсіздік – тұлғаға моральдік нормалар мен заңнама шеңберінде жүктелген міндеттерді орындамау, яғни іс-әрекет объективті ақиқаттағы құбылыс ретінде, ал әрекетсіздік – қылмыстық құқықтың нормасында бекітілген заңды факті деген Тер-Акоповтың пікіріне қосыламыз [Тер - Акопов *А.А., 2003, 74* б.].

Объективті жақтың институтында әрекет пен әрекетсіздікті ғана зерделеуді емес, алайда қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудың екі түрінен айрықшалатын қызметті де зерделеуді ұсынамыз.

Кез келген қылмыстық құқық бұзушылық артынан түрлі салдарға әкеп соғады, алайда саралау мақсатында кейбіреуінің ғана мәні бар, нақтырақ:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісіне зиян келтіруді, яғни қоғамдық қарым – қатынастарға қолсұғушылық фактісі;

2) қылмыстық құқық бұзушылық нысанына зиян келтіру – дене, моральдік, материалдық.

Қылмыстық салдар туралы шынайы, нақты мағынада айтқан кезде (объективті жақ тұрғысында) қоршаған ортаның қылмыстық құқық бұзушылық өзгерістерімен туындайтын фактіні айтамыз, яғни нақты материалдық салдар [Кудрявцев В.Н., *1967, 30* б.].

Себепті байланыстың философиялық қорытындысының теориясы себеп пен салдардың өзара байланысы зат пен қуаттың берілуі сияқты сипатталмайды, алайда бір заттан екіншіге ақпаратты жіберу сияқты сипатталатынына қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осыған орай, энергетикалықтан басқа, ақпараттық себептілік бар.

Ақпараттық себептілік ақпаратты жолдаумен байланысты (мысалы, компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыс құрамында) құрамдардан ғана табуға болады. Осылайша, онсыз қылмыс сыбайласының (айдап салушы, ұйымдастырушылар) жауапкершілігін дәлелдеуге болмайды. Ақпараттық себептіліктің екінші маңызды мағынасы - әрекетсіздік кезіндегі қылмыстық

жауапкершілікті дәлелдеу. Классикалық себептілік (дене) көмегімен оның дәлелдеу талпынысы соңғы зерттеулерде дәлелденгендей негізсіз болған.

Кез келген іс-әрекеттің қылмысты белгісі ретінде уақытты көрсету қылмыстық құқық бұзушылыққа сапалы әсер ететін нақты оқиғалар орын алатын уақыттың мезгілі немесе уақыт аралығын білдіреді.

Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау орны екі тұрғыдан қаралады. Толық мағынада – әкімшілік учаскенің құзырлығындағы физикалық әлемнің, аумақтың бөлімі болып табылады. Нақтырақ айтқанда – қылмыстық құқық бұзушылықтың сарапануына және қылмыстық құқық бұзушылықтың дараландыруына, сәйкесінше жазаға әсер ететін қылмыстық құқық бұзушылықтың кеңістік параметрлері болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау әдісі - объективті жақтың факультативтік белгілерінің арасындағы заңды мағынаға ие. Әдіс – қылмыстық құқық бұзушылықты жасау үшін қылмыскер қолданған, қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер айқындалған амалдар мен тәсілдердің түрі болып табылады. Қолданыстағы қылмыстық заңнамада көзделген барлық негізгі құрамдар қоғамға қауіпті қолсуғушылықтың сыртқы байқалу әдісі бойынша ажыратылады.

Жеке заңдар бойынша дамитын қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына қатысты сыртқы процестерден қылмыскердің іс-әрекетімен жанамалық заттар мен процестерді ажыратуға болады, яғни қылмыстық құқық бұзушылықты жасау қаруы мен құралдары.

Қылмыстық құқықта құрал термині екі мағынада қолданылады. Кең мағынада «құрал» - мақсаттың жетуіне қызмет ететін кез келген зат. Ерекше қылмыстық құқықтық ұғымдағы қолсұғушылық құралы қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің тікелей иелігіндегі материалдық әлемнің заттарын және қылмыстық құқық күзетінің объектісіне әсер ету қаруы ретінде қылмыстық құқық бұзушылықты жасау барысында ол қолданылатын заттардан тұрады.

Қылмысты жасау қаруы - қылмыстық құқық бұзушылықты жасау қаруының түрі. Қылмыстық іс-әрекетті тікелей іске асыру үшін қолданылатын кез келген заттар болуы мүмкін (суық және атыс қаруының барлық түрлері, қайқы кілттер, бұзу құралдары және т.б.).

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағын дұрыс түсіну оның жасалу жағдайы, яғни қылмыстық іс-әрекет жасалатын, объективті жағы дамитын және қылмыстық нәтиже орын алатын нақты шарттарды ескере отырып мүмкін. Аталған шарттар объективті олар қылмыскердің еркіне тәуелді емес, алайда кейбір жағдаларда саналы түрде қолданылып тіпті ішінара құрылуы мүмкін.

Жағдайдың құрамына кіретін материалдық заттардың санына қатерлі қауіп көзіне болатындар кіреді (көлік құралдары, өзге механизмдер, жарылғыш, радиобелсенді және т.б. заттар). Олардың жұмыс істеуіне байланысты жағдайдың қауіпті түрі туындайды. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда жағдайдың ұқсас түрі табиғи – климаттық факторлардан туындайды. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау жағдайынан пайда болатын өзге факторлардан қарым-қатынастар мен процестер ажыратылуы мүмкін, бұл ретте жабайы жануарлар ортасында, сонымен қатар қоғамдық және тұрмыстық қарым-қатынастар мен процестер арасында орын алатын табиғи процестер мен қарым-қатынастар болуы мүмкін.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағы күрделі және көлемді оқыту болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың сыртқы жағы құрамның аталмыш элементі туралы ғана емес алайда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері мен басқа да элементтерін анықтауға мүмкіндік береді.

Объективті жақ бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін анықтауға, субъективті жақ бойынша субъектісін анықтауға болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының мәні қылмыстық құқық бұзушылық құрамының шеңберінде ол қазақстандық қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауапкершіліктің объективті негізі болып табылады. Объективті жақсыз айыпталушының іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының бар – жоғы туралы қорытындыға келу мүмкін емес.

Қазақстандық заң шығарушы қылмыстық құқық бұзушылыққа келесі анықтаманы береді:

«1. Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

2. Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

3. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады[*http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z236*].

Келесі баптарда Кодекс іс-әрекеттің екі түрі бар екендігін айқындайды: әрекет және әрекет-

сіздік.

Әрекетке сипаттама бере отырып, ең алдымен оның сыртқы сипатын көрсету керек.

Әрекеттің екінші белгісі – ол оның белсенділігі. Әрекеттің белсенділігі бізді қоршайтын әлемге деген нақты ықпал етуді білдіреді. Осылайша, кез келген іс-әрекеттің негізінде адамның дене қозалысы жатады.

Әрекет адамның дене қозғалысына ғана қиысады ма немесе қозғалыстар жиынтығын, сонымен қатар адам қолданатын күштер мен заңдылықтарды қамтиды ма?

Осындай түрдегі сұрақ кездейсоқ қойылмады. Немесе іс-әрекет дене қозғалысына ғана қиысады немесе ол қозғалыстар, сонымен қатар күштер мен табиғат заңдылығының жиынтығы. Дене қозғалысының жиынтығы, сонымен қатар табиғаттың күштер мен заңдылықтарын қосқанда ол қызмет ретінде қаралу керек деген қорытындыға келдік. Біз объективті жақ туралы оқытуда тек ғана әрекет пен әрекетсіздікті ғана емес қылмыстық құқық бұзушылықты жасау түрінен өзге қызмет ретінде зерделеу керекпіз.

Егер де әрекетті біз объективті ақиқаттағы құбылыс ретінде айқындасақ, онда іс-әрекетсіздік – абстрактылы заңды санат ретінде айқындайық.

Заң әдебиетінде әрекетсіздік тұлғаның белсенсіз мінез – құлқы ретінде айқындалады.

Біз әрекетсіздіктің белсенсіз мінез – құлық деген анықтамасымен түбінде келіспейміз. Адамды абстрактылы дене тыныштығы жай – күйінде көзге елестету мүмкін емес. Субъект қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезінде екпінді іс-әрекетті дамыта алады, егер де ол бұл ретте оған заңмен жүктелген міндетті орындамаған болса, ол әрекетсіздік танытқан деп саналады.

Әрекетсіздікті тұлғаның оған заңмен жүктелген міндеттерін нақты түрде орындау ретінде айқындауға болады (егер де тұлғаның әрекет етуге мүмкіндігі бар болса), яғни заңды ұғым.

Әрекетсіздіктің нормативтік сипаты егер де әрекетсіздік әрекет ету міндетісіз ақылға сыймайды, ал соңғы заңмен ғана жүктеледі.

Кез келген қылмыстық құқық бұзушылық артынан түрлі салдарға әкеп соғады, алайда саралау мақсатында кейбіреуінің ғана мәні бар, нақтырақ:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісіне зиян келтіруді, яғни қоғамдық қарым – қатынастарға қолсуғұшылық фактісі;

2) қылмыстық құқық бұзушылық нысанына зиян келтіру – дене, моральдік, материалдық.

Қылмыстық салдар туралы шынайы, нақты мағынада айтқан кезде (объективті жақ тұрғысында) қоршаған ортаның қылмыстық құқық бұзушылық өзгерістерімен туындайтын фактіні айтамыз, яғни нақты материалдық салдар.

Салдар объективті жақтың белгісі ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтың нысанына дене, мүліктік немесе материалдық зиян.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті шарттарының бірі себепті байланысты орнату қажеттілігі болып табылады.

Қылмыстық құқықта себепті байланыстың мәселесін шешу үшін себепті байланыстың түрлі теориялары ұсынылады. Көбінде тәжірибелік аспектіден қарағанда философиялық аспекті қарастырылады (қажеттілік және кездейсоқтық, мүмкіндік және шынайылық теориясы). Аталған теориялар көптеген философиялық сұрақтарға жауап береді, алайда негізгі тәжірибелік сұрақ себепті байланысты қалай анықтауға болатына жауап жоқ.

Себепті байланыстың философиялық қорытындысының теориясы себеп пен салдардың өзара байланысы зат пен қуаттың берілуі сияқты сипатталмайды, алайда бір заттан екіншіге ақпаратты жіберу сияқты сипатталатынына қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осыған орай, энергетикалықтан басқа, ақпараттық себептілік бар.

Ақпараттық себептілік ақпаратты жолдаумен байланысты мысалы, компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыс құрамында құрамдардан қолданылуын табуға болады. Осылайша, онсыз қылмыс сыбайласының (айдап салушылар, ұйымдастырушылар) жауапкершілігін дәлелдеуге болмайды. Ақпараттық себептіліктің маңызды мағынасы - әрекетсіздік кезіндегі қылмыстық жауапкершілікті дәлелдеу. Классикалық себептілік (дене) көмегімен оның дәлелдеу талпынысы соңғы зерттеулерде дәлелденгендей негізсіз болған.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының міндетті белгілерімен қатарлас қылмыстық-құқықтық саралауды іске асыру барысында қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағын сипаттайтын құрамның факультативтік белгілерінің маңызы зор. Олардың құрамына: қылмыстық құқық бұзушылықтың жасау орны, уақыты, әдісі, қылмысты жасау қаруы немесе құралы мен жағдайы.

Кез келген іс-әрекеттің қылмысты белгісі ретінде уақытты көрсету қылмыстық құқық бұзушылыққа сапалы әсер ететін нақты оқиғалар орын алатын уақыттың мезгілі немесе уақыт аралығын білдіреді.

Уақытта қылмыстық құқық бұзушылық құрамының міндетті белгісі болып табылады. Кейде уақыт қылмыстық құқық бұзушылықтың қарапайым құрамының конструктивті белгісі болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау орны – осы ұғымның екі өзара байланысты тұрғыларынан қаралу керек.Толық мағынада – кез келген мемлекеттің учаскесінің құзырлығындағы физикалық кеңістіктің, аумақтың бөлімі болып табылады. Нақтырақ айтқанда – қылмыстық құқықтың нормаларын көрсететін немесе оны білдіретін және қылмыстық құқық бұзушылықтың

саралауы мен қылмыстық құқық бұзушылықты дараландыру мен жазаға тікелей әсер ететін қылмыстық құқық бұзушылықтың кеңістік сипаттамасы болып табылады.

ҚК көптеген баптарына қылмыстық құқық бұзушылықты жасау орны қылмыстық құқық бұзушылық құрамының конструктивтік белгілері ретінде қосылған. Аталған жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық басқа жерде жасалғаны туралы ұйғарым іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауын немесе қылмыстық заңнаманың басқа баптары бойынша саралауды білдіреді.

Заң шығарушы қылмыстық құқық бұзушылықты жасау әдісі ретінде қарапайым құрамның конструктивті белгісі немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың сараланған құрамының белгісі (жасырын, ашық, жарияланған, заңсыз, алдау арқылы, заңсыз кіру арқылы және т.б.) ретінде көрсетілген.

Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау құралдары зиянды күшейтеді, оның жасалуын жеңілдетеді, ашылу қауіптілігін азайтады. Қылмыс жасау құралы – қылмыстық құқық бұзушылықты жасау құралының түрі ретінде қылмыстық іс-әрекетті іске асыру үшін қолданылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағы туралы нақты көрінісіті қылмыстық пиғыл іске асырылған нақты шарттар мен егжей-тегжейлерді ұсынатын оны жасау жағдайын ескерусіз мүмкін емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 768 б.

2. Плотников А.И. Объективное и субъективное в преступлении. Автореф. дисс. на соискание степени к.ю.н. - М., 2012. -32 с.

3. Тер - Акопов А.А. Преступление и проблемы нефизической причинности в уголовном праве. - М. - 2003. - 478 с.

4. Кудрявцев В.Н. Противоправное бездействие и причинная связь // Советское государство *и* право. -1967. -№ 5. - *С*.28-36.

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚР Заңы. URL http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z236(өтініш берген күні: 07.04.2020)

УДК 343.31.7

Камчыбеков Максат Батырбекович
докторант
Алматинской академии МВД Республики Казахстан
имени М. Есбулатова,
подполковник полиции

КОНСТИТУЦИОННЫЕ ПРАВА ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА – КАК ОБЪЕКТ УГОЛОВНО-ПРАВОВОЙ ОХРАНЫ

Түйін. Мақалада автор қылмыстық құқықты қорғаудың объектісі ретінде әрекет ететін адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының проблемалық мәселелерін қарастырады. Қоғамдық шараларды ұйымдастыру мен өткізуді реттейтін қолданыстағы заңнамаға талдау. Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын толығымен іске асыру үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына түзетулер енгізу қажеттілігі негізделеді.

Түйінді сөздер: конституциялық құқық, қылмыстық заң, адам және азамат, халықаралық құқық.

Резюме. В статье автором рассматриваются проблемные вопросы конституционных прав и свобод человека и гражданина выступающих в качестве объекта уголовно-правовой охраны. Проведен анализ действующего законодательства регламентирующего порядок организации и проведения публичных мероприятий. Обосновывается необходимость внесения изменений в уголовное законодательство Республики Казахстан для полноценной реализации конституционных прав и свобод человека и гражданина.

Ключевые слова: конституционное право, уголовный закон, человек и гражданин, международное право.

Summary. In the article, the author examines the problematic issues of constitutional rights and freedoms of a person and citizen acting as an object of criminal law protection. The analysis of the current legislation governing the organization and conduct of public events. The necessity of making amendments to the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan is substantiated for the full realization of the constitutional rights and freedoms of man and citizen.

Keywords: constitutional law, criminal law, man and citizen, international law.

Процесс построения правового государства помимо обеспечения реальной безопасности граждан, охрану их жизни и здоровья включает в себя, в том числе и соблюдение его конституционных прав и свобод, что в полной мере отвечает положению Всеобщей декларации прав человека: «Каждый человек имеет право на жизнь, на свободу и на личную неприкосновенность»1. Как сказал в своем Послании народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев: «Наша общая задача – воплотить в жизнь концепцию «Слышащего государства», которое оперативно и эффективно реагирует на все конструктивные запросы граждан. Только путем постоянного диалога власти и общества можно построить гармоничное государство, встроенное в контекст современной геополитики. Поэтому необходимо поддерживать и укреплять гражданское общество, вовлекать его в обсуждение наиболее актуальных общегосударственных задач с целью их решения.» [Токаев К.-Ж.К., 2019]. Вследствие чего, основное внимание правоохранительных органов в настоящее время должно быть сосредоточено не только на борьбе с правонарушениями, причиняющими наиболее существенный вред обществу и государству, но и на обеспечении прав и свобод человека и гражданина.

Право собираться мирно, без оружия, проводить собрания, митинги, демонстрации, шествия и пикетирования (право на проведение публичных мероприятий), являясь конституционным правом граждан Республики Казахстан, охватывает важную сферу индивидуальной и общественной жизнедеятельности, и имеет большое значение в функционировании различных институтов гражданского общества и демократического правового государства.

В соответствии со ст. 21 Международного пакта о гражданских и политических правах (16 декабря 1966 г.) признается право на мирные собрания[2]. Пользование этим правом не подлежит никаким ограничениям, кроме тех, которые налагаются в соответствии с законом и необходимы в демократическом обществе в интересах национальной безопасности, общественного порядка, охраны здоровья и нравственности населения или защиты прав и свобод других лиц.

Статьей 32 Конституции Республики Казахстан принятой на республиканском референдуме

[1] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30218586
[2] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1010760

30 августа 1995 года определяется, что граждане Республики вправе мирно и без оружия собираться, проводить собрания, митинги и демонстрации, шествия и пикетирование. В соответствии с конституционным положением пользование этим правом может быть ограничено только законом в интересах государственной безопасности, общественного порядка, охраны здоровья, защиты прав и свобод других лиц [1]. Порядок организации проведения собраний, митингов, демонстраций, шествий, пикетирования регламентирует Закон Республики Казахстан «О порядке организации и проведения собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан» от 17 марта 1995 г[2]. Данный Закон состоит из 12 коротких статей и по своему содержанию имеет много общего с Указом Президиума Верховного Совета СССР от 28 июля 1988 года №9306-XI «О порядке организации и проведения собраний, митингов, уличных шествий и демонстраций в СССР»[3]. Основные пункты в этих двух документах повторяются: заявка по схожей форме подаётся за 10 дней до акции; государственные органы предоставляют ответ не позднее чем за 5 дней до начала; обжаловать решение можно только в суде, причем сроки рассмотрения жалобы в суде не оговариваются; местные представительные органы могут дополнительно регламентировать порядок проведения собраний.

Законом Республики Казахстан «Об общественных объединениях» от 31 мая 1996 г. право на проведение собраний, митингов, демонстраций, шествий и пикетирований предоставлено и общественным объединениям[4]. Регламентирует проведение собрания, митинга, демонстрации, шествия, пикетирования Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях[5].

В целях реализации поручения Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева, данное им на заседании Национального совета общественного доверия в декабре 2019 года о разработке нового закона о мирных собраниях, 07 февраля 2020 года Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан была опубликована Концепция проекта закона «О порядке организации и проведения мирных собраний в Республике Казахстан» для обсуждения и внесения на сайте «Открытое правительство» [6]. На основе полученных предложений и ведущих международных практик предлагается целый ряд нововведений регламентирующих право и порядок проведения публичных мероприятий в Республике Казахстан. Соглашаясь с мнением Е.И. Каиржанова, что особое место среди факторов, способствующих нарушению и неисполнению закона занимает «сам закон, его недостаточная объективная обоснованность и целесообразность, общесистемная и внутренняя несогласованность, противоречия основных его требований способам их выражения и реализации» [Каиржанов, Е.И., 2008, с. 300] считаем что, в свете новых реалий функционирования казахстанского общества, действительно назрела объективная необходимость концептуальных изменений нормативно-правовой базы, регламентирующей рассматриваемое конституционное право граждан на организацию, проведение собрания, митинга, демонстрации, шествия, пикетирования или участия в них. Именно вследствие этого, по верному определению И.В. Корзуна и Е.В. Завацкой, «Одна из наиболее важных задач современной уголовной политики – укрепление правопорядка и совершенствование законодательства» [Корзун, И.В., Завацкая, Е.В., 2009, с. 304]. Нуждается в существенном пересмотре вопросы оснований уголовной ответственности и квалификации уголовного правонарушения предусмотренного статьей 155 УК Республики Казахстан. Потому что, как совершенно правильно отмечает К.М. Бишманов, несовершенство законодательной базы, осложняет работу правоохранительных органов в борьбе с преступностью [Бишманов, К.М., 1999, с. 5]. Решающую роль в борьбе с преступностью играет то, насколько совершенно законодательство, насколько четко сформулированы нормы, понятные каждому гражданину, как непосредственному соблюдающему закон субъекту, и каждому сотруднику правоохранительных органов, как непосредственному защитнику закона. Неудачное построение правовой нормы, не учитывающее реалий современности, не дает возможности правоприменителю использовать все данные законом полномочия, методы и средства в борьбе с преступностью, а гражданам не дает четкой информации о конкретных законодательных запретах и соответствующего букве закона алгоритма его действий при назревшей необходимости публично выразить свое мнение.

Соглашаясь с мнением А.С. Курманова в том, что «Права человека являются неотъемлемой частью правовой системы - любого общества, они признаются и понимаются как высшее проявление нравственно-правовых идеалов конкретного социума, поэтому среди признанных общечеловеческих ценностей современного мира.» [Курманов, А.С., 2011, 4 с.], соответст-

[1] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029
[2] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1003508
[3] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30244052
[4] https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005615
[5] https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31577399
[6] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34177343#pos=0;0

венно права и свободы человека, закрепленные в общепризнанных принципах и нормах международного права, а также в конституционном законодательстве большинства государств, они все больше осознаются как фундаментальные и неотъемлемые.

Признание прав и свобод человека означает, что любой индивид в его взаимоотношениях с государством выступает не как объект самопроизвольной государственной деятельности, а как равноправный субъект, реализующий свои конституционные права. Подобная концепция понимания прав и свобод человека должна стать неотъемлемым принципом казахстанского общественного сознания. Сегодня такой подход уже находит свое отражение, как в нормативных правовых актах, так и в высказываниях государственных и общественных деятелей. Согласно Конституции наши граждане обладают правом свободного волеизъявления. «Если мирные акции не преследуют цель нарушения закона и покоя граждан, то нужно идти навстречу и в установленном законом порядке давать разрешения на их проведение, выделять для этого специальные места. Причем, не на окраинах городов» [Токаев К.-Ж.К., 2019].

Перед государством стоит задача не просто провозгласить на законодательном уровне права человека, а создать эффективный правовой механизм их реализации и охраны, что, в свою очередь, и является одной из самых трудноразрешимых проблем. В юридической литературе данному вопросу уделено большое внимание и анализ подобных источников приводит нас к выводу, что права и свободы человека могут быть реализованы только тогда, когда им соответствует обязанность другого субъекта в их обеспечении. В первую очередь, это касается центральных органов государственной власти и местных исполнительных органов. Данная обязанность реализуется государством путем создания системы гарантий, включающих различные способы и формы охраны прав и свобод человека, что предполагает создание таких правовых, политических, социальных условий, при которых права и свободы человека и гражданина могут быть беспрепятственно реализованы каждым членом общества.

Именно посредством проведения публичных мероприятий реализуется потребность граждан в живой коммуникации, осуществляется выражение и обмен мнениями, являющееся ключевым фактором формирования демократического мировоззрения и свободного гражданского общества, также через проведение подобных мероприятий должны находить воплощение и демократические механизмы участия граждан Республики Казахстан в непосредственном управлении делами государства и общества. При этом облеченные властными полномочиями центральные и местные органы государственной власти, их должностные лица обязаны принимать в пределах своей компетенции необходимые решения по затронутым на публичных мероприятиях проблемам. Помимо этого, рассматриваемое право на проведение мирных публичных мероприятий дает возможность гражданам, либо представляющим их интересы общественным объединениям, осуществлять самозащиту от допущенных или возможных нарушений принадлежащих им прав и свобод именно посредством привлечения внимания общественности и органов власти к существующим проблемам. На это обратил особое внимание Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в своем Послании народу Казахстана: «Общественный диалог, открытость, оперативное реагирование на нужды людей являются главными приоритетами в деятельности государственных органов.» [Токаев К.-Ж.К., 2019].

Несмотря на то, что реализация и охрана конституционных прав и свобод осуществляется различными отраслями права как конституционное, гражданское, уголовное, административное, трудовое и др., в целом по стране констатируется низкая эффективность в сфере обеспечения конституционных прав и свобод человека и гражданина.

Общепризнано, что одним из самых эффективных механизмов в осуществлении противодействия грубым нарушениям конституционных прав и свобод человека и гражданина являются уголовно - правовые средства и запреты, однако, в рассматриваемой области и они не достигают желаемого результата. Как верно отмечает отечественный ученый-криминолог Е.О. Алауханов «Время потребовало от общества создания качественно нового уголовного закона, основанного на идеях приоритета человеческих и гражданских ценностей, решительного разрешения проблем охраны прав и свобод человека и гражданина, равной защиты всех форм собственности и т.д. Были приложены огромные титанические усилия большой группы известных ученых-юристов при разработке и принятии Конституции и отраслевых кодексов, и этот процесс до сих пор не прекращается и постоянно совершенствуется.» [Алауханов, Е.О., 2017, 12 с.]. Такая ситуация, по мнению ведущих ученых - правоведов, обусловлена целым рядом обстоятельств, среди которых ключевое значение имеет недооценка общественной опасности уголовных правонарушений против конституционных прав и свобод человека и гражданина как со стороны законодателя в лице государства. Так, большинство деяний данной группы расположенных в Главе 3 Уголовные правонарушения против конституционных и иных прав и свобод человека и гражданина УК Республики Казахстан 2014 года отнесено к уголовным

проступкам (ст. 145, ст.149 ч.1, ст.150 ч.1, ст.151 ч.1, ст.152, ст.153 ч.1, ст.154, ст.155 ч.1, ст.156 ч.ч. 1 и 2, ст.158 ч.1, ст.159 УК РК), а в квалифицированных составах к категории преступлений небольшой тяжести[1]. В этой связи можно обратить внимание и на такое обстоятельство, что в соответствии со статьей 32 Дела частного, частно-публичного и публичного преследования и обвинения Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан в зависимости от характера и тяжести совершенного уголовного правонарушения уголовное преследование и обвинение в суде осуществляются в частном, частно-публичном и публичном порядке[2].

Согласно ч.2 данной статьи дела об уголовных правонарушениях, предусмотренных статьями 149 (частью первой), 150 (частью первой) Уголовного кодекса Республики Казахстан, а также статьей 152 (частями первой и второй) Уголовного кодекса Республики Казахстан, за исключением случая, предусмотренного частью третьей настоящей статьи, считаются делами частного обвинения. Производство по этим делам начинается не иначе как по жалобе потерпевшего и подлежит прекращению за примирением его с обвиняемым, подсудимым.

Частью 3 статьи 32 УПК РК дела об уголовных правонарушениях, предусмотренных 145 (частью первой) , 152 (частью третьей), 153 (частью первой), 154, 155 (частью первой), 158 (частью первой), 159 Уголовного кодекса Республики Казахстан, а также статьей 152 (частью первой), если оно связано с неисполнением решения суда о восстановлении на работе, считаются делами частно-публичного обвинения. Производство по этим делам начинается не иначе как по жалобе потерпевшего и подлежит прекращению за примирением его с подозреваемым, обвиняемым, подсудимым лишь в случаях, предусмотренных статьей 68 Уголовного кодекса Республики Казахстан.

Согласно ч.5 ст.32 УПК РК, после регистрации сообщения об уголовном правонарушении в Едином реестре досудебных расследований и проведения неотложных следственных действий производство по делам частного и частно-публичного обвинения и преследования при отсутствии жалобы потерпевшего не позднее трех суток с момента регистрации подлежит прекращению по основанию, предусмотренному пунктом 5) части первой статьи 35 УПК Республики Казахстан[3].

К примеру, за совершение кражи по ч.1 ст.188 УК Республики Казахстан, на сумму превышающую два месячных расчетных показателя, уголовное дело возбуждается по факту выявленного преступления, тогда как за нарушение авторских или смежных прав, причинивший ущерб автору в гораздо большей сумме, уголовное преследование может быть осуществлено только в частном порядке, а именно при наличии заявления потерпевшего. Такой подход, при котором защита конституционных прав и свобод человека, нарушенных противоправным путем, перекладывается государством на самого потерпевшего, однозначно вызывает заслуженное неприятие и критику со стороны общества.

Схожая по своей сути недооценка наблюдается и со стороны сотрудников правоохранительных органов, в силу которой у них отсутствует принципиальная позиция по неукоснительному выявлению и пресечению каждого факта, сопряженного с противоправным нарушением прав и свобод человека и гражданина.

Другим значимым фактором, негативно влияющим на обеспечение основных прав и свобод человека, выступают недостатки, присущие действующему уголовному законодательству, пробелы и несовершенство которого дают возможность лицам, виновным в совершении общественно опасных посягательств на основные права человека, избежать заслуженного уголовного наказания. При таких обстоятельствах, к сожалению, не приходится говорить о надлежащей защите интересов каждого человека, особенно в части соблюдения принципиальных положений, гарантированных каждому члену общества Конституцией Республики Казахстан.

Неоднозначность и нечеткость уголовного закона, а в некоторых случаях и прямые противоречия, относящиеся к различным составам уголовных правонарушений, отрицательно сказывается на его правоприменительной практике. Учеными-теоретиками и практическими работниками предлагаются свои объяснения погрешностям уголовного законодательства, высказываются различные точки зрения на решение проблем, сложившихся в области охраны конституционных прав и свобод человека и гражданина. Однако к общему мнению правоведам и правоприменителям до сих пор не удалось.

Представляется, что в целях получения позитивных результатов в рассматриваемой сфере и неукоснительного соблюдения конституционных прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан особое значение приобретает приведение в соответствие положений национальной правовой системы и, в частности, уголовного законодательства с общепризнанными принципами и нормами международного права, регламентирующими рассматриваемую область общественных отношений, перенять положительный опыт правового регулирования

[1] https://online.zakon.kz/m/document?doc_id=31575252
[2] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575852
[3] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575852

данного рода на основе изучения зарубежного опыта. Особенно это касается законодательства тех стран, где уже существуют развитые институты гражданского общества, отмечается высокий уровень демократии и реальное соблюдение провозглашенных прав и свобод человека и гражданина, поскольку тем самым данные государства на практике доказывают эффективность своей правовой системы, включая те отрасли, посредством которых обеспечивается соблюдение основных прав и свобод человека и гражданина.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Алауханов, Е.О. Эволюция уголовного законодательства Республики Казахстан и проблемы его совершенствования // Наука и жизнь Казахстана. Международный научно-популярный журнал. – Астана, 2017 - №2 (44) – С. 12-14
2. Бишманов, К.М. Процессуально-правовые и криминалистические проблемы деятельности охранных подразделений МВД Республики Казахстан: автореф. ... дисс. канд. юрид. наук: 12.00.09. – Алматы: Академия МВД Республики Казахстан, 1999. – 26 с.
3. Каиржанов, Е.И. Избранные труды: (Selected works in criminal low and criminology). В 2-х т. – Алматы: Экономика, 2008. – Т. 2. – 304 с.
4. Корзун, И.В., Завацкая, Е.В. Институты помилования и амнистии в процессе гуманизации уголовной политики Республики Казахстан //Современные проблемы и тенденции развития уголовного права, криминологии и уголовно-исполнительного права Республики Казахстан. Междунар. науч.-практ. конф. – Қарағанды, 2009. – Т. 1. – С. 304-307.
5. Курманов, А.С. Уголовное законодательство России об охране конституционных прав и свобод человека: сравнительно-правовое исследование: дис. ...докт. юрид. наук: 12.00.08 / Курманов Альберт Сафаутович. – Екатеринбург, 2011. – 457 с.
6. Послание Президента Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаева народу Казахстана. 2 сентября 2019 г. «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» // https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PEDAGOGICAL SCIENCE

Адилбаева Шамшат Амангелдиевна
PhD доктор, қауымдастырылған профессор
Нұр-Мүбарак Египет Ислам мәдениеті университеті
Қазақстан, Алматы

Ахтанова Айзада Асқарқызы
«Исламтану» кафедрасының магистранты,
Нұр-Мүбарак Египет Ислам мәдениеті университеті
Қазақстан, Алматы

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ДӘСТҮРЛІ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОҒАН ИСЛАМ ДІНІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Түйін. Қазіргі қазақ қоғамында қыз бала тәрбиесі негізінде дұрыс түсінік қалыптастыру көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе заманауй дәуірде батыс елдеріне еліктеп, қазақ еліне жалқы боларлық тәрбиеден алшақтау ұлт болашағына әсерін тигізбей қоймайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы аясында: "Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары. Біз Қазақстан қыздарының сапалы білім алып, жақсы жұмысқа ие болуы және тәуелсіз болулары үшін барлық жағдайды жасаймыз",- деді. Қазақ қоғамында қыз бала тәрбиесін ұлт тәрбиесі, ұлт болашағы деп қалыптастыру, ұлтымыздың жарқын болашағын жалғастыру, рухани жаңғыруымыздың бірден бір тетігі болары сөзсіз.

Түйінді сөздер: тәрбие, отбасы, психология, дін, қоғам, ұлт, болашақ, салт-дәстүр, мінез, халық.

Резюме. В наши дни воспитание подрастающих девочек является актуальным вопросом в современном казахском обществе. Особенно это отражается и оставляет след в нашей эпохе, когда наши девочки-подростки занялись подражанием западным канонам, соответственно этот процесс влияет на будущее нации, и способствует отдалению от воспитания, которые характерны для казахского народа. Лидер Нации Н. А. Назарбаев в стратегии "Казахстан-2050" сказал: " Прежде всего необходимо уделять большое внимание воспитанию наших дочерей. Именно они – будущие жены, будущие матери, хранительницы домашнего очага. Мы должны создать все условия для того, чтобы девушки Казахстана могли получать качественное образование, хорошую работу и быть свободными". Воспитание девушки в казахском обществе необходимо формировать для будущего нации, продолжения светлого будущего нашего народа, и все это будет одним из ключевых моментов духовного возрождения

Ключевые слова: воспитание, семья, психология, религия, общество, нация, будущее, традиция, нравственность, народ.

Summary. One of the main tasks in modern Kazakh society is formation of a true idea of parenting of girls. Now-days, In a special way, the imitation of the West and the estrangement from the education of the Kazakh people can have a negative impact on the future of the nation. Our leader within the framework of the "Kazakhstan-2050" strategy has said: "First of all, we should pay special attention to the education of girls. They are future wives, mothers, and hearth light. We are supposed to make all the conditions the girls of our country to be educated and provided with good work and independence". Forming the thought of education of girls is an education of a whole nation, we get the key to a bright and spiritually enlightened future.

Keywords: education, family, psychology, religion, society, nation, tradition, people, good character.

Қазақ қоғамында «Қыз» сөзі нәзіктік, әдемілік, көркемдік, әдептілік, сұлулықтың символы ретінде қолданылған. Барлық әдемілік атаулысын қыздармен байланыстыруға тырысқан. Мысалы, «Қыздың жиған жүгіндей», «Қыздың тіккен тігісіндей», «Міңезі қыздай», «Қызы бар үйдің қызығы бар». Ал оның сөздік құрамына келер болсақ «Қыз» атауының мағынасы жалпылама «жібек» сөзіне ұқсас. Жібек құртын "дуд-әль-қаз" дейді. Яғни «қаз» сөзі «қыз» сөзіне ауыстырылуы ықтимал. Жібек құрты көбелекке айналып, қасы айға ұқсас, жібек денесі жұмсақ, қара көз болғандықтан қызға – Жібек деген атау берілгені *[Құрбанғали Х., 1992, 64 б]* туралы дерек көздер кездеседі.

Қай бір заманда да қыз баланың тәрбиесі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болуда, себебі, қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз. Әрбір тіршіліктің бастауы бар, бұлақтың көзі, жаратылыстың жаратушысы, ал ұлт тәрбиесінің бастауы өсіп келе жатқан қыз бала. Жалпы «Тәрбиә» арабтың сөзі. «Көктету, өсіру, жетілдіру» деген мағынаны білдіреді. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді:

«Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағип, осал болып туады. Малдың төлі туа салып аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Мінеки, адам баласы осылай өте әлсіз болып туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды» *[Құдайберді Б.,2011, 2 б]*. Пайғамбарымыз (с.а.с) өзінің хадис шарифінде былай дейді: «Әкенің баласына жақсы тәрбиеден артық берер сыйлығы болмас» (Тирмизи, Бирр).

Әр ұлт тәрбие арқылы бала психологиясын түсініп, отбасы тәрбиесін өзіне тән ерекшеліктері арқылы мәдени мұраларын қалыптастырған. Қазақ тәрбиесінің басты бір ерекшелігі халықтық педагогика негізіне шоғырланады. Қазақ қоғамында бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп бөлек-бөлек мән беріп қарастыру оның психологиялық, діни, жыныстық ерекшеліктеріне мән бергенінің айғағы. Қазақ табиғатында ата-ана ең алдымен өз ұлы мен қызының алдында тәрбиелі, мәдениетті, сыпайы, үлгілі болуға талпынған. Оның ең басты себебі, «ұяда не көрсе, ұшқанда соңы ілер» деп бағалағандықтан. Әр ұлттың тәлім-тәрбиелік бастауы– ұлт мәдениеттілігі мен дамуының маңызды белгісі болып саяды. Қазақ халқында «Баланды әкенің баласы емес, атаның баласы деп тәрбиеле» немесе «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген ұлағатты сөздер бар.

Абай атамыздың: Еккенің тікең болса, орғаның балауса болмас,- дегені бала тәрбиелеу мәселесінің негізгі өзегі - өмір тәжірибиесі, халықтың әдет-ғұрпы екендігін айқындайды *[Сарыбеков Ж.Т.,2014,25б]*. Ал сол қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып негізі Ислам дінімен ұштасып келе жатыр. Қоғамдағы әдет-ғұрып саналатын кейбір дін негіздері бұған дәлел болмақ. Мысалы, бала дүниеге келер алдын құрсақ тәрбиесі, шашын алу, ат қою, ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі. Дін адам жаратылысындағыдағы барлық жақсылықтың бастауы болса, жақсылық сол тәрбиемен тоғысқанын көре аламыз. Дінімізде бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетіндігі баршамызға аян. Балаға жақсы тәрбие беру өмірдің негізгі мақсаттарының бірі, соңымен қатар Алла алдындағы мол сауап болып табылады. Пайғамбарымыз (с.а.с) хадисінде «Кімде кім қыз өсіріп, оларға жақсы тәрбие берсе және оларды жақсы жерге тұрмысқа берсе, жақсылық жасаса, Алла тағала ол кісіні жаннатына кіргізеді» (Әбу Дауіт, Әдеп) деген. Себебі, Ислам діні адамзатқа түспес алдын араб қоғамында қыз баланы адам санатына қоспағаны белгілі. Ұл дүниеге келсе масаттанып, кеуделерін мақтаныш кернесе, Қыз баласын қасіретке санап, тірідей жерге көмген. Дегенмен, Ислам діні адамзатқа рахым есебінде келді, өмір құндылығын түсіндірді, адамзатты жақсылыққа шақырды. Дүние есігін ашқан сәби асылында жаратылысымен дүниеге келеді, кейін ата-анасының ықпалымен діні өзгереді. Пайғамбарымыз (с.а.с): «Туылған әрбір сәби Ислам бойынша дүниеге келеді. Кейін ата-анасы өз діндеріне қарай оны яһудей, христиан немесе мәжуси етеді» (Бухари, Жәнаиз) деген.

Тәрбие жалпы қоғамдағы адамзаттың жүріс тұрыс, қарым-қатынас, жетілу, көркею аясына қолданылады. Алайда, бұл мақалада жалпы қазақ қоғамындағы қыз бала тәрбиесіне Ислам дінінің ықпалын зерттеуді жөн көрдік.

Қазақ даласында ерте заманнан бері отбасы, тәрбие, ұрпақ терминдеріне етене көңіл бөлгені хақ. Салт-дәстүрімізде бала тәрбиесін ең алдымен анасының құрсағына бітумен байланыстырған. Тіпті міңез-құлқының ерекшеліктерін құрсақ бітісімен болжай білген. Мысалы, Қыпшақтың зайыбы Анай ана Бұлт, Торы, Ұзын, Көлденең, Қарабалақ,Қоңыр деген алты ұл баласы жөнінде:

Бұлтың бітті бойыма, адалдық кірді ойыма,
Торың бітті бойыма, билік кірді ойыма,
Ұзын бітті бойыма, зорлық кірді ойыма,
Көлденең бітті бойыма, кербездік кірді ойыма,
Қарабалағың бітті бойыма, тоқтық кірді ойыма,
Қоңырың бітті бойыма, момындық кірді ойыма, – деген толғауы соған дәлел болды. [*Ибраимова Л.Н.,.2016, 30 б*].

Әйел адамның құрсағына жан біту арқылы ол үлкен үдерістерге ұшырайды әрі анасының әрбір әрекеті баланың жетілуіне әсер ететінің қазіргі таңда медицина да, психологияда растап отыр. Ал сол жан біту процесі Ислам дінінде «Мүминун» сүресінің 12-14 аяттарында былай делінеді: «Шындығында, біз адам баласын балшық-

тың маңызынан жараттық. Одан сон оны берік орында (жатырда) тұратын шаһуат тамшысына айналдырдық. Одан соң ол тамшыдан ұйыған қанды кесек етке айналдырдық, содан соң кесек етті сүйектерге айналдырдық та, сүйектерге ет қаптадық. Одан соң оны басқа бір жанға (адамға) айналдырдық. Ұлы Алла жаратушылардың ең шебері». Бір жанұяда дүние есігін ашқан балалардың сана-сезімі, ақыл-ойы, мінез-құлқы, қабілеттері әр түрлі болуының сыры сәби құрсақта жатқанда әр түрлі тәрбие алғанынан екенін атабабамыз жақсы білген. Егер анасының құрсағында жақсы тәрбие берілсе, ол бала келешекте зерек, көрікті, сымбатты, икемді, ал анасының құрсағында дұрыс тәрбие берілмесе керісінше болып өседі. Бұл тақырып аясында Хакім Абай атамыз өзінің жетінші қара сөзінде: "Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар — тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді; қуат таппайды. Біреуі білсем екен демеклік" [*Құнанбайұлы А., 11 б],* ал өсе келе қоршаған ортадағы адамдарға қарай: "Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан", – деген болатын.

Сонымен қатар, сәби дүниеге келгеннен кейін қыз тәрбиесі, ұл тәрбиесі деп тәрбие өз жынысына қарай бөлінеді. Ұл дүниеге келсе ел тірегі, ұрпақ жалғасы, батырлық бейнесі деп қаталдық пен айбарлыққа үйретсе, қыз тәрбиесінде жұмсақтық, мейірімділік, инабатттылыққа баса назар аударады. Салт-дәстүрімізде қыз бала туралы көптеген мақал-мәтелдерді кездестіре аламыз. «Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе желдің көркі», « Қыз әкесіне жұлдыз, анасына күн», «Қыз қонақ», «Астың дәмін тұз келтірер, ауылдың сәнің қыз келтірер», «Судың түбін щым бөгейді, даудың түбін қыз бөгейді» сынды қыз балаға қатысты мақал-мәтелдер жетерлік.

Қазақ халқының қыз тәрбиелеуде өзіне тән салт-дәстүрі бар екенін, оның озығы мен тозығын ғылыми тұрғыда талдап, дәлелдеген ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин.

Қазақ халқының келешегі қыз балаларды тәрбиелеуге байланысты екенін сезініп, қасында интернаты бар бірнеше қыздар училищесін ашып, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлді. Ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, имандылық, қайырымдылық, мейірімділік қағидаларын өзінің еңбегінде арқау еткен. Ол Ырғызда қазақ қыздарына арнап интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқы өміріндегі орасан зор маңызы бар жаңа тарихи оқиға еді. Алтынсарин патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездеріне қыздар училищелерін ашуды өтінді.

Осының нәтижесінде Торғайда (1891), Қостанайда (1893), Қара-бұтақта (1890), Ақтөбеде (1895) қыздар училищелері ашылды. Ыбырай Алтынсарин М.Әуезовтың "ел болам десең бесігінді түзе", "ұлды тәрбиелеу ерді тәрбиелеу, қызды тәрбиелеу елді тәрбиелеу" деген мақалдардың төркініне барған бірден-бір ойшыл-педагог [*Сарыбекова Ж., 2014, 27б*]. Соңымен қатар, училищеде Ислам дінінің негізі таухидке (тек Аллаға сену) шақыра білді. Оған дәлел бірінші кітабымыз «Әліппидің» алғашқы беттерінде:

Бір Аллаға сыйынып,
Кел балалар оқылық.
Оқығанда көңілге,
Ықыласпен тоқылық-, деген өлең шумағы болмақ.

Біліктілік, квалификация — адамның белгілі бір білім жүйесін тәжірибеде пайдалана алу қабілеті. Адамның өзі таңдаған қызметінде өз білімін көтеріп, нені, қалай және не үшін үйренетінін алдын-ала айқындап, білікті маман болуға бағытталуы. Біліктілік ғылыми мекеме, кейбір кәсіпорын, өндіріс, т.б. жұмыс орындарында қызметкерлер мен жұмысшылардың жұмысқа қабілеттілік деңгейі ретінде белгіленеді. Мысалы, мектеп ұжымы педагог қызметкерлерді аттестациядан өткізіп, оларға лайықты Біліктілік деңгейлерін береді. Еңбек нарығындағы Біліктілік жұмысшылар мен қызметкерлерден кәсіптік білімдері мен дағдыларын тереңдетіп, олардың бәсекелесуге қабілетті болуын қажет етеді. Біліктілікке үнемі іздену, өзін-өзі жетілдіру арқылы жетуге болады. [«Қазақ энциклопедиясы» , 1998 жыл, II том]

Біліктілік әр мамандық саласы бойынша жіктеліп, сол мамандықтың білік, білік, дағдысына қарай ерекшеленеді. Солардың бірі педагог кадрлардың біліктілігі. Педагог кадрлардың біліктілігі ұстаздың педагогика саласындағы теориялық білімімен, әдістемелік құралымен, сабақ өткізу, ұйымдастырушылық, білім алушылардың қызығушылығын арттыру сынды педагогикалық шеберліктерінің көрсеткішімен анықталады.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру – сабақ беру мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңадан және бұрын алынған кәсіби білімін, іскерлігін, дағдысы мен құзыретін дамытуға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіби оқыту нысаны. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420] Осы тұста педагог кадрлардың біліктіліктерін арттырып отырудың маңызы зор екенін атап өткен жөн. Себебі, білім беру, оқыту әлеуметтік әрі үздіксіз процесс. Ол үнемі динамикалық қозғалыста, даму үстінде болады. Сонымен қатар, әр кезеңге сай адамдардың тұлғалық ерекшеліктері, психологиялық өзгерістер, қоғам талабы, нарықтық сұраныстар тағы бар. Сол себепті де, қоғамда өз орнын таба алатын, өз ойын еркін жеткізе алатын, саналы, білімді жеке тұлға қалыптастыру үшін оған білім беретін мұғалімнің кәсіби біліктілігі шешуші рөлге ие.

Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі білім сапасын арттырудың негізгі құраушы бөлігі. Қай елде болмасын бұл үрдіске ерекше жауапкершілікпен, негізгі міндет ретінде қарайды. Қазіргі нарықтық қоғамды бәсекеге қабілеттілік маңызды критерийлердің бірі. Сонымен қатар, әлемдегі алдыңғы қа-

тарлы елдердің басым бөлігі білім беру жүйесінің де қарқынды дамығандығын, озық тәжірибелері мен халықаралық зерттеулердегі нәтижелері арқылы дәлелдеп келеді. Дәл сондай елдердің білім беру жүйесіне талдау жасап ондағы педагогтардың кәсіби біліктілігіне қояр талаптары мен ерекшеліктеріне, басымдықтарына тоқтала кетсек.

Оңтүстік Корея бәрімізге мәлім білім беру жүйесі дамыған елдердің бірі. Онда білім берудегі басымдықты бастауыш білімге бөледі, сәйкесінше кәсіби біліктілікті арттыратын курстарда әрдайым бастауыш пәні мұғаліміне орын табылады. Бұл тіпті мемлекеттік деңгейде бақылауға алынып, үкімет саясатымен негізделген. Олардың пікірінше бала негізгі білімді бастауыш сыныпта алады, және де білім сапасы мұғалімнің біліктілігіне тәуелді екенін түсінеді. Нәтижелі жұмыс жасайтын оқу орындарындағы негізгі стратегиялары педагог кадрларды іріктеудің тиімді механизмі және де оларға лайықты еңбекақы төлеу болып табылады. Олардың пікірінше, дәл осы стратегиялар педагогтың кәсіби қасиетіне орасан әсерін тигізеді.

Финляндиядағы жағдайға тоқталар болсақ, педагог кадрлердің кәсіби біліктілік сапасына қарасты төмендегідей ерекшеліктерін аңғара аламыз:

1. Академиялық жетістік;
2. Қарым-қатынас жасау дағдысы;
3. Мұғалім болуға түрткі болған жағдай;
4. Жұмыс орнында жұмысқа тұруға арналған тест тапсырады;
5. Магистр дәрежесі міндетті;
6. Мектеп бағдарамасын бірігіп жоспарлау үшін күндізгі бос уақыт бөлінеді;
7. Болашақ оқытушыларды үлгерімі бойынша ең жақсы 10% мектеп түлектерін таңдап алады;

Тарқата айтар болсақ: болашақ педагогты іріктеу кезінде талапкердің мектептегі академиялық көрсеткіштері, білімділік деңгейі аса маңызды фактор екенін байқаймыз. Олардың бойында қарым-қатынас жасау дағдысы қалыптасқан болуы шарт. Мұғалімнің алдына бірнеше балалар келеді, олармен қоса ата-ана, ұстаздар ұжымы тағы бар. Яғни, мұғалім әлеуметтік маңызды тұлға. Ол қоғамды қалыптастырушы, әрі ондағы белсенді рөлге ие. Сол себепті де адамдармен жағымды қарым-қатынас орнату, мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыра түспек. Мұғалімдікке өтініш білдірушілер дәл осы мамандықты не үшін таңдағанын да жазуы қажет. Мұның да сыры түсінікті. Педагогика туралы ғалымдар арасында әлі күнге дейін ғылым ба, әлде өнер ме деген пікірталас жойылған жоқ. Осыны ескере келе, атадан балаға мұра болып қалған, тұқым-қуалаушылық арқылы берілген кәсіп ретінде қарастырсақ та, немесе жеке өмірлік көзқарас пен тәжірибесі негізінде таңдалған мамандық болса да, болашақ ұстаздың мамандықты өз еркімен таңдауы, бұл қадамның саналы жасалуы, оның ынталы болуы мен мамандықты жан-тәнімен қалауы болашақта жақсы ұстаздың қалыптасуына әсер етеді деп есептейді. Педагогтарды даярлайтын жоғары оқу орнына мектептің ең үздік білімгерлерінің 10% түлегі таңдалып алынса да, олар жұмысқа тұрарда міндетті түрде тест тапсырады. Сонымен қатар, мектепте мұғалім болу үшін Финляндияда магистр дәрежесінің болуы міндеттелген. Мұғалімдердің жұмыс барысында кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында өзге әріптестерімен тәжірибе алмасып, мектеп бағдарламасын бірігіп жоспарлау үшін күндізгі бос уақыттарын бөлу қарастырылған.

Білім беру жүйесі дамыған, алдыңғы қатарлы елдердің бірі **Сингапурде** де педагог кадрлердің кәсіби біліктілігіне ерекше назар аударады. Болашақ мұғалімдерге академиялық талап күшейтілген. Қатаң іріктеуден өткен мұғалімге жыл сайын 100 сағаттық кәсіби біліктілікті арттыру курсынан өту міндеттелген. Сонымен қатар, жұмыс тәжірибесі мен жетістіктері негізінде аға мұғалімдер мен шебер мұғалімдер тағайындалады. Оар өз кезегінде қарамағындағы мұғалімдердің кәсіби өсуіне көмектеседі.

Ғылым мен білім қарыштап дамып, технологияның қарқынды дамуына үлес қосып отырған **Жапония елінде** болашақ мүғалімдердің бойында бірінші кезекте практикалық дағды қалыптастырады. Бірінші жыл жұмыс істейтін мұғалімдерге қарқынды даярлаудың міндетті бағдарламасы енгізілген. Педагогтарды даярлайтын оқу орындарының қарамағында орта білім беретін мектептер бола тұра, студенттер теория мен тәжірибені ұштастыра отырып білім алса да жаңа мұғалімге бірінші жылы аптасына екі күн жеке тәлімгер беріледі. Тәлімгерден білмегенін үйреніп, кеңес алуға жағдай жасалған. Мұның бәрі мұғалімдерге қолдау көрсету үшін ұйымдастырылады. Яғни, тәлімгерлікті ұйымдастыра отырып, жас маманға демеу көрсетеді, жұмыс орнына, кәсіби әрекетке ерте бейімделуіне жол ашады. Оқу мәдениеті «сабақты оқып білу» қағидаты негізінде құрылады.

Шанхайда мұғалімдер арасында ынтымақтастық жоғары деңгейде орнаған. Кәсіби біліктілікті шыңдауда тәжірибе алмасудың көмегіне жүгінеді. Әр семестр бойына әріптесінің кем дегенде 8 сабағына қатысу және де ашық сабақтар өткізу талап етіледі. Мұның бәрі мұғалімдердің бір-бірімен ынтымақта болуына, бір-бірімен ақылдасуына, білім алмасуына, әдістемелік қорын байытуға жол ашары сөзсіз.

Англияда да мұғалімдер арасындағы ынтымақтастыққа баса назар аударады. Сонымен қатар, тәжірибелі мұғалімдерге тәлімгерлік жұмысқа көп уақыт бөлу үшін толық емес жүктеме беріледі. Олар жүктемесі аз болғандықтан, барынша қарамағындағы әріптесіне қолдау көрсетіп, білгенін үйретуге көмектеседі. Осылайша бір-бірін қайта білімдендіру арқылы кәсіби біліктіліктерін шыңдап отырады.

Дамыған елдердің көпшілігінде мұғалім болу үшін жоғары оқу орнына түсудің өзі қиын, әрі үлкен еңбек. Сонымен қатар, әр елдің тәжірибесі түрліше мұғалім еңбегін бағалау мен біліктілігін арттыруды талап етеді. Мысалы, **Литвада** Білім министрлігінің жоғары білім стандарттарын енгізгеніне байланысты, сәйкесінше оқу және дидактикалық әдебиеттер дайындалды. Жаңа оқу жоспары бойынша жұмыс жасау үшін оқушылар да, мұғалімдер де дағдылар мен біліктіліктерін арттыруы тиіс болды. Сол кезден бастап мұғалімдерді сертификаттау енгізілген. Мұғалімдердің кәсіби деңгейін жұмысқа тұру кезінде де, іс барысында да бағалау дұрыс деп табылған бұл елде міндетті сертификаттау жаңа оқу жоспарына қажетті шара ретінде қабылданды да, литвалық педагогтар біліктіліктің жоғары деңгейін көрсету қызметте өсуін қамтамасыз ететіндіктен бұл шешімді әділетті деп есептеді.

Гонконгта мұғалімдердің ынтасын арттыру мақсатында жұмсақтық таныту әдісі қолданылады. Олар мұғалімдерге сену арқылы, олардың қызметте біліктілігін арттыруға өздері ынталы болатынын жорамалдайды. Кәсіби біліктілікті арттыру мақсатында әр мұғалім жылына 3-4 ашық сабақ өтуі тиіс, сонымен қатар ынтымақтаса жұмыс жасау енгізілген. Осылайша мұғалімдер кәсіби білігін шыңдап отырады.

Польшада біліктілікті көтеру мұғалімнің өз еркіне қалдырылған. Бұл елде жұмысқа тұру кезінде де, іс барысында да бақылау жүргізбейді, алайда жүйелі түрде сендіру, ынталандыру әдістері қолданылады. Осы арқылы педагогтардың біліктілігін арттыруға септігін тигізеді.

Білім саласы бойынша дамыған елдерге талдау жүргізу барысында **Азия өңіріндегі** елдерге тән педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыруда қолданылатын әдістерін топтастырдық: ең алдымен бұл елдерде мұғалім мамандығының жоғары әлеуметтік және құқықтық мәртебесіне көңіл бөлінеді. [А.Қ. Құсайынов., 2013. 196б.] Педагогикалық жоғары оқу орындарында даярлауға лайық талапкерлерді іріктеу жүйесі қалыптасқан. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында студенттерді даярлау сапасына баса назар аударылады. Мұғалім қызметіне алынатын кандидаттарды іріктеу жүйесі құрастырылып, мұғалім біліктілігін көтерудің тиімді, әрі алуан түрлі жүйесі қалыптасқан. Педагогикалық қызмет сапасын бағалау мен арттыру да назардан тыс қалмаған. Мұғалім еңбегіне мемлекеттік қолдау көрсетіліп отырады және ынталандыру жүйесі іске қосылған. Мемлекеттің білім саласындағы кадр саясаты маңызды орын алады.

Ал педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің маңызын талдай келе, жалпы жүлдегер елдерге тоқталар болсақ: педагог кадрлардың біліктілік сапасын арттыру болашақ мұғалімді іріктеу барысынан басталады. Яғни, талапкер бойында:

- ✓ тіл және математикалық сауаттылықтың жоғары деңгейі;
- ✓ қарым-қатынас жасау дағдысы;
- ✓ оқуға дайын болу;
- ✓ оқытуға ынталы болу сияқты қасиеттері болуы тиіс.

Мұғалімдерге бір-бірінен үйренуге жағдай жасалған, бірігіп жұмыс жасайды, сабақты бірге жоспарлайды, бір-бірінің сыныптарына барады, көмектеседі. Ынтымақтастық іс-әрекеті арқылы педагог кадрлардың біліктілігін арттырып, жоғары нәтиже көрсетіп отыр.

Білім беру сапасын арттырудағы тағы бір маңызды құрауыштардың бірі болып табылатын тәрбие жүйесіне келер болсақ, **Тәрбие**, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, адамгершілік қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдыларды қалыптастыру болып табылады. [Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: профессор Е. Арын . 2006. - 482 б. 6]

Қазіргі кезеңдегі білім берудің өзекті мәселелерінің бірі - жас ұрпаққа ұлттық патриотизмді қалыптастырып, адамгершілік - рухани тәрбие беру. Бала тәрбиесінің алғашқы қазығы - туған ұясы. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, бойында ұнамды әдеттер, сүйіспеншілік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай - ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар т. б. қалыптасады.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым - қатынас тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым - қатынас тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б.

Білім беру әрдайым тәрбиемен қатар жүреді. Себебі, тәрбиесіз білімнің, білімсіз тәрбиенің айқын нәтиже бермесі айқын. Білім әрдайым адамдық қасиеттермен өрнектелгенде, тәрбие обьективті, ғылыми біліммен көмкерілгенде ғана адам жеке тұлға болып, қоғамда өз орнын таба алады. Сол себепті де білім беру жүйесінің сапасы білім беру ұйымындағы тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуымен де тығыз байланысты. Маңызды құрауыш ретінде рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы еліміздің білім беру жүйесінің дамуына септігін тигізері анық. Ендеше әлем бойынша дамыған елдердегі тәрбие мәселесіне көз жүгіртсек.

Оңтүстік Кореяда балаларды тәрбиелеу әр отбасының маңызды міндеті болып саналады. Ұлттық ерекшеліктерінің бірі болып табылатын

ерекше балажандылық, балаға деген сүйіспеншілік бұл елдің халқының бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуіне әкеледі. Балаларын жақсы көріп, мектеп жасына дейін еркелетіп, айтқанын екі етпей, еркін тәрбиелеп жүріп, мектеп жасына келгенде тәрбие стилін орынды өзгерте алу халықтың басты тәрбиедегі жетістігі десек те болады. Мектепке барғаннан баласына жауапкершілікті, ұстазға деген үлкен құрмет пен сыйластықты, тәртіпке бағыну мен ұқыптылықты ұғындыра бастайды. Отбасындағы тәртіптің қатал болғаны соншалық, бұл елде бастауышта бір сыныпта оқитын 50-60 баланы оқыту, тыныштандырып тәрбиеге шақыру ұстаздарға еш қиындық тудырмайды. Мұғалім беделі ата-анасының тәрбиесі арқылы нығайтылғандықтан бұл ешқандай мәселе емес. Отбасылық тәрбие ұлттық тәрбиемен етене байланысып жатқан корейліктер үшін ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіру парыз болып табылады. Ата-ананы сыйлау, үлкенді сыйлау тәрбиенің бастауы. Балаларын дәстүр негізінде тәрбиелейді. Осылайша бұл елдің тәрбие жүйесі туралы төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Отбасы тәрбиесі;
2. Белгілі бір дәстүрде тәрбиелеу;
3. Өздігімен өмір сүруге тәрбиелеу;
4. Тәртіптілік және конформизм;
5. Мотивацияның жоғары деңгейі;
6. Мектеп және мұғалімге деген сыйластық.

Финляндияда білім беру сапасын жақсарту мақсатында тәрбие мен тәртіптің маңызды екенін әрбір ата-ана терең түсінеді. Сол себепті бұл елде ата-аналардың белсенділігі ерекше байқалады. Әр аптаның сәрсенбісінде ашық есіктер күніне келетін ата-аналар балаларының мінез-құлқы, мектептегі өзін ұстауы, мектептегі ахуал мен мектеп саясаты туралы, оқытушылары туралы толық ақпарат біліп отырады. Олар өз баласының білім сапасын бағалау жөнінде үш жақты әңгімеге араласа алады. Фин елінің мұғалімдерді таңдауда қатаң ережелерге сүйенетіндігі, тек кәсіби шыңдалған мамандар, магистр дәрежесі бар ғылыми білікті педагогтар екенін және де ата-аналар тарапынан белсенділікті ескере келе не үшін білім беру индексі бойынша Финляндияның тұрақты түрде бірінші орын алатындығының сырын ұғыну қиын емес секілді. Сонымен қатар, бұл ел еуропалық елдер арасында оқушылармен жұмыс жасайтын психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер саны жөнінен бірінші орында. Бұл дегеніміз балалардың рухани жан дүниесіне, үнемі мативациялық деңгейінің артуы мен өзін-өзі тануына, психологиялық тұрғыда қолдау көрсетуге жағдай жасалғандығын білдіреді.

Сингапурда бастауыш білім нәтижесінде төмендегідей көрсеткіштер алынады:

1. Ойлай білу және өз ойын айта білу;
2. Айналасындағы заттарға қызығушылық таныту;
3. Жақсыны жаманнан айыра білу;
4. Достық қарым-қатынас орната білу;
5. Сингапурды жақсы көру;

Байқағаныңыздай, балаларға жастық шағынан рухани азық болар адамгершілік тәрбиені, жақсы мен жаманды, адамдармен достық қатынасты орната білуді жетілдіре отырып, маңызды тәрбиенің бөлігі ретінде патриоттық тәрбиені де сырт қалдырмайды. Өз елін, жерін сүюге баули отырып, патриот азамат болуға тәрбиелейді.

Жалпы білім беру мен оқыту барысында мектеп тәрбиесінде тәрбиенің барлық түрлері қамтылған. Сонымен қатар, адамзат денсаулығы болмаса еш жетістікке жетпесін де түсінеді. Балаларды дене тәрбиесіне үйрете отырып, оны жетілдіруге шақырады.

1. Тұқым қуалау арқылы берілген денсаулығы және оны жақсарту;
2. Адамгершілік және зияткерлік тәрбиесі;
3. Дене тәрбиесі;
4. Әлеуметтік және эстетикалық тәрбие;
5. Еңбек тәрбиесі;
6. Отбасылық құндылықтар;

Міне, осындай тәрбие процесіндегі ерекшеліктер білім сапасы бойынша алдыңғы қатарлы елдердің бірі болып табылатын Сингапурға тән.

Жапония еліне тоқталар болсақ, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде тәрбиенің негізі конфуцийлік ілімнен бастау алады. Бұл ілім бойынша тәбиенің бастапқы көрсеткіші ата-ананы сыйлау болып табылады, тәрбиенің негізі отбасында қаланады. Баланың алғашқы ұстазы – анасы болып табылады. Отбасы тәрбиесі негізінде ұлттық санасы қалыптасады. Ата-анасы мектеп өмірінің белсенді өкілі. Олар түрлі тапсырмалар орындауға қатысады, баланың білім алуы мен әлеуметтік тұлға болып қалыптасуында маңызды қызмет атқарады. Елдегі бастауыш мектептің мақсаты:

1. Өзін адаммын деп терең түсінетін;
2. Мәдениетті жалғастыратын, жасайтын, дамытатын;
3. Өзін Жапония азаматымын деп түсінетін;
4. Дені сау және белсенді бала тәрбиелеу.

Көріп отырғаныңыздай, бұл елде руханилық пен патриоттық тәрбиенің ұштасып отырғанын айқын аңғаруға болады. Ел идеологиясы академиялық көрсеткішке емес, адам, тұлға, азамат қалыптастыруға бағытталған. Үлкенді сыйлайтын, адам екенін түсінетін, өмір сүруге икемді, елін сүйетін, жауапкершілікті түсінетін, тәртіпке бағынатын, ұлттық құндылықтарды сақтайтын, міне мұның бәрі Жапондықтардың басты назарында. Мектепте оқытылатын пәндер жалаң, суық ғылым мен техниканы зерттеп, ұғындыруға емес, баланың шығармашылығын дамытуға, жан дүниесінің қалауына, эмоционалды дамуына, құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға, жеке әдеттерін қалыптастыруға, гигиена мен дене тәрбиесіне бағытталған. Теориялық білім үшін

жылдап оқытудың орнына, аз уақытта қолданушы ретіндегі нақтылы дағдыларды қалыптастыруды жөн көреді. Пәндердің арасында адамгершілік тәрбиесі, үй шаруашылығы деген пәндер бар. Бұл пәндер бастауыш сыныпта емес, негізгі білім барысында оқытылады, яғни 5-12 сынып аралығында. Эмоционалды бет-бейнесін қалыптастыратын пәндер 70%-ды құрайды. Қоршаған ортаны қорғап, өмірдің әр сәтінен ләззат алуға, әдемілікті көруге баулитын бұл елде эстетикалық тәрбиенің де орны зор. Осылайша өзімен үйлесімділікте өмір сүруге тәрбиелейтін бұл елдің тек тәрбие емес білім сапасының көрсеткіші артып, көш бастап отыр.

Білім сапасы жағынан алдыңғы орынды иеленіп отырған Азия өңірінің елдерінде:

1. Ұлттық басымдылықтарды сақтауға;
2. Дәстүрлі мәдениетін сақтауға;
3. Дәстүрлі құндылықтары мен бағдарын сақтауға;
4. Шығармашыл;
5. Бірегей ойлайтын;
6. Үйлесімді және рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған тәрбие үдерісі қалыптасқан деп қорытындылауға болады.

Жоғарыда аталған білім беру жүйесінің маңызды құрауыштары білім беру саласындағы жүлдегер елдердің тәжірибесінде жүйелі қолға алынып, күнделікті педагогикалық үрдістің ажырамас бөлігіне айналғанын көріп отырмыз. Шетелдік тәжірибе қашанда белгілі бір үрдіс жөнінде жан-жақты ақпарат алып, саралап талдауға, қажеттісін өз еліміздің тәжірибесіне икемдеуге бағытталады. Сол себепті де, салыстырмалы талдау мен салыстырмалы педагогиканың да өзектілігі артып отыр. Қорытынды шығару қашанда өзіміздің еншімізде. Ең бастысы, еліміздің білім беру жүйесін дамытуға дұрыс жол таңдап, ұтымды өзгеріс енгізу. Білім әрқашан да ізденістен туындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл, ISBN 5-89800-123-9, II том
2. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420
3. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы / А.Қ. Құсайынов. – Алматы, 2013. – 196б.

Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 482 б. ISBN 9965-808-85-6

УДК 37(574)

Arynova Bakyt Aytukyzy
candidate of ped. sciences,
associated-professor of Pedagogy and Education Department,
Al-Farabi Kazakh National University

Yessenamanova Karlygash Medeubaevna
PhD student of Pedagogy and Education Department,
Al-Farabi Kazakh National University

MORAL EDUCATION OF STUDENT YOUTH IN TERMS OF "RUHANI ZHANGYRU"

Түйін. Мақалада студент жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесін дамыту мәселесі қарастырылады. Жастардың қоғамдық-әлеуметтік топ және біздің еліміздің өркендеуіне үлес қосатын болашақ маман ретіндегі рөлі туралы айтылады. Студент жастарды қазіргі рухани жаңғыру жағдайындағы адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ ойшылдарының асыл мұраларының орны ерекше екендігі дәйектеледі. Мақаланың мазмұнын Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Ахмед Йүгінеки және Асан Қайғы сияқты дала даналарының еңбектерінде айтылған тәрбиелік мәнді ойпікірлер құрайды. Сонымен қатар студент жастардың адамгершілік тәрбиесіне негіз болған қазақ ағартушылары мен ғалымдардың рухани мұраларының адам тәрбиесіндегі орны туралы сөз қозғалады.Мақаланың практикалық бағыты ретінде автор «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» атты жобасы бойынша өткізілген іс-шараларға тоқталып, жоғары оқу орындарында оқитын студент жастардың адамгершілік тәрбиесінде көркем әдебиеттің, кітап оқудың қаншалықты маңызды екендігін сипаттайды.

Түйінді сөздер: қазақ ойшылдары, студент жастар, рухани-адамгершілік тәрбиесі, білім мазмұны, болашақ маман.

Резюме. В данной статье рассматриваются проблемы духовно-нравственного воспитания студенческой молодежи. Раскрывается роль молодежи как общественно-социальная группа и будущий специалист, который внесет большой вклад на процветание нашей страны. Обоснуется место наследии мыслителей Великой степи в воспитании студенческой молодежи к нравственности в условиях духовного возрождения. Основу статьи составляет мысли которые были заложены в трудах великих мудрецов казахского народа как Абу Насыр Аль-Фараби, Юсуп Баласагуни, Махмут Кашкари, Ахмед Йугинеки и Асан Кайгы. А также говорится о трудах казахских просветителей и ученых которые легли на основу нравственного воспитания студенческой молодежи.Практическую часть статьи автор связывает с проектом «100 книг, который должен прочитать студент КазНУ», а также дает характеристику художественной литературе и значению чтения книг. В целом мероприятия которые проводились в рамках этого проекта способствуют духовно-нравственному воспитанию студенческой молодежи.

Ключевые слова: казахские мыслители, студенческая молодежь, духовно- нравственное воспитание, содержание образования, будущий специалист.

Summary. This article considers the problems of spiritual and moral education of students. It reveals the role of youth as a social group and a future specialist who will make a great contribution to the prosperity of our country. The article discusses the place of the legacy of thinkers of the Great Steppe in educating students to morality under conditions of spiritual revival. The article focuses on the thoughts that were laid in the writings of the great sages of the Kazakh people like Abu Nassir Al-Farabi, Yusuf Balasaguni, Mahmud Kashkari, Ahmed Yugineki and Asan Kaygi. It also talks about the works of Kazakh enlighteners and scientists who formed the basis of the students' moral education. The practical part of the article is devoted to the project "student must – read 100 books of KazNU ", and also gives an idea about literature and significant reading books. In general, the events were held in the framework of this project would foster the development of the students`spiritual and moral education.

Keywords: Kazakh thinkers, student youth, spiritual and moral education, the content of education, future specialist.

Introduction. Raising the students' thinking, intellectual abilities, spiritual and moral values, creative abilities, professional competences and personal potential of students in higher education institutions is one of the main tasks in preparing future specialists. Undoubtedly, the prosperous future of each country pursuing civilization is in the hands of a morally young person who is educated, businesslike, talented in culture, fluent in digital literacy, eager to learn world languages

and educated by our ancestors. For more than a quarter of a century of independence our youth has become a core of educational process in the Message of the Head of the state to the people of Kazakhstan, such documents as "Mangilik El", "Nation's plan 100 concrete steps", "Orientation to the future: spiritual modernization". [Nazarbayev N.A., 2017].

The announcement of the 2019 Year of Youth emphasizes the role of youth in the life society. The Law on State Youth Policy of the Republic of Kazakhstan states: "Youth is a successor to the development of the state, the successor to the continuation of life, the continuation of the future and the path to the welfare of our ancestors in the future. The purpose of the state youth policy is to create conditions for the spiritual, cultural, educational, professional and physical development of young people, their participation in decision-making processes, their successful socialization and their potentialization for the further development of the country." [The Law of the Republic of Kazakhstan on State Youth Policy: February 9, 2015].

The main part. One of mankind's most precious dreams is to raise a moral generation that will continue to live in harmony with the spiritual values of our people. Spiritual education is a component of general humanistic education that is conducive to the development of the human order and the ability to conduct one's life in a positive manner. Spiritual and moral education of youth, in the end, begins with the life experience of the people, national values, and thus has a pedagogical character. That is why the noble heritage of the thinkers of the Great Steppe is very important in the moral education of students in the context of modern spiritual revival.

Speaking of the great steppe thinkers, we would like to mention the name of the world-renowned scholar and historian, Abu Nasr al-Farabi, whose 1150-year anniversary of UNESCO is celebrated this year. The scientist thought of reasonableness in explaining the meaning of upbringing, and called the upbringing of adults and young people "great adults." Al-Farabi philosophically, psychologically and socially defined the three concepts of "science" - "knowledge" - "upbringing" and defined their personality-forming meaning. "Without knowledge morals will not flourish and without knowledge one will not be able to recognize the best qualities of another. There is no great success without bringing up the soul. When the science and knowledge goes within, spiritual well-being can be only achieved then. The one who cannot correct his behavior does not have access to the science of truth"-, he stated the fundamentals of spiritual and moral upbringing. His treatises states, "The attitudes of a Merciful City," "The ways of Happiness," and the "Statesman citations," the thinker related to the humanism that has been haunting the human beings for centuries and continues throughout its life. Substantially characterizing the dual nature of man's noble qualities in behavior, actions, ethics, and habits, it logically demonstrates that they evolve, not in their natural origin. Abu Nasr al-Farabi describes good and bad traits in humans as a measure of their intelligence and calls them the norms of behavior based on their moral qualities. [Abu Nasr al-Farabi. Selected Treatises. Almaty, 2009.]. Al-Farabi, in his thoughts on the meaning of human life and the ways to achieve happiness, said: "If the goal of human life is to achieve the highest happiness, then a person must know what happiness is and make it his goal and strive for it. Then he must know what he needs to do to be happy and act on it. The essence of happiness is in rationality, in the ability of each person to set a good goal

in the voluntary change of behavior and actions for the benefit of the people"

reveals the virtuous nature of the path to happiness. Happiness, then, is limited to the ability to set goals, and the goal is directly related to a person's energy and willpower. The philosopher-scientist, who understood a man as a creature who lived with society and could not act outside of society, classified the moral qualities that should be found in each person, and gave the following innate structurally :

- perfect, physically good-looking ; (this refers to the concept of "charisma")
- perfect understanding of the spoken word, substantiation and reasoning;
- to stabilize memory of what you heard and saw;
- ingenuity, intelligence, skills, common sense;
- to understand the style of speech, to be able to express opinions;
- desire for knowledge, is willing to explore and know the world, be industrious;
- calmness, self-regulation in all cases;
- constant reference to the truth and facts, avoidance of lies;
- respect for justice, honor and dignity;
- to be satisfied, beware of bad things, not interested in wealth ;
- to avoid stubbornness, to be able to have a good humane relationship;
- to be brave and courageous, not knowing fear and timidity.

The great philosopher concludes that a person who is able to combine these twelve qualities, not only

governs himself, but also acquires leadership qualities that govern the state.

Analyzing the spiritual and moral values described in the works of a great thinker, we conclude that the power of al-Farabi's writings

is that he interprets the essence of human life through kindness, good doings, contentment, and good behavior. A Farabi scholar who researched Al-Farabi's life and works, A. Mashanov, described him as a "scholar who had gained knowledge, but not the wealth," and he stated that the thinker emphasized firstly knowledge in the world of values. [Mashanov A., 1970]. Clearly, that opinion has a lot of encouragement for today's young people who choose materially more than spiritual values.

In the educational history of the great steppe thinkers, we can point out the scientist-encyclopedist, outstanding poet J. Balasaguni, who was well- known throughout the East. His work "Kutty Bilik" is based on various socially significant rules and laws, customs, culture and other issues in terms of the requirements of its age, which reflects spiritual heritage. This poem covers spiritual humanism, morality, upbringing, citations, sayings, commandment, as the philosophical, psychological and pedagogical masterpiece. In the poem "Kutty Bilik", the poet reflects on the power mind, the benefits of education in human life, the role of science in the development of mankind.The meaning of such concepts as morality, spiritual and moral qualities as well as nobility, kindness and friendship was clearly identified in the poem, which clearly shows the role of general education and human self-education. J.Balasaguni highly appraised the human qualities of humanity, proving that a person can only be respected through his "humanity". Undoubtedly the content of his mentioned works about family, marriage, parent- child relationship moral commandments are based on moral and spiritual education. One of the great steppe thinkers Mahmut Kashkari in his interpretation dictionary"Diuani lugat at- turk" targeted to explain dignity, love, morality values, the unity of human and world, individual and world, soul and body, the spirit and the heart. The dictionary mentions the principles of morality, upbringing, commandment, and humanism. Ahmed Yuguneki is one of those who is remembered forever. The spiritual power of moral education is seen in the work of the thinker, entitled The "Code of Moral Education", which is appraised as the "Gift of Truth".

A. Yuguneki in his philosophical and ethical work called people for generosity, humility, and kindness and revealed the social significance of moral values. Moreover, A. Yuguneki considered people could change their life through good behaviour and he also mentioned to bring up open- minded, sociable, cultural, well- bred humane personality that would be the primary responsibility of the parents. The sayings and honorable words of the poet are understood as moral ideas that help to identify the person. We can find another deep root in our history in the writings of the great personality of the 12th century, Khoja Ahmed Yassawi. In his work "Diuani khikmet" ("The Book of Wisdom"), he connected the spiritual values with the development of social life and summarized the rules of human upbringing.

The poet- thinker mentioned such qualities as calmness, modesty, satisfying, and commandment are specific to a pure, mature person. Relevant aspects of the word and deed of In the works of Khoja Ahmed Yassawi, people should be patient, patience, have the ability to define right and wrong deeds, the avoid and prevention of ignorance, cravings, materialism are considered to be the most important thing in today youth education. [Aben E., 2001].

Asan Kaigy was one of the Kazakh thinkers who left his traces with his poems, terme and lifestyle aphorisms, which were addressed, in the spiritual culture of the Kazakh people, world perspectives, and morality thoughts of people. His spirituality is rooted in the depths of suffering, including the feeling of human deep sorrow. He was known by the name of the seeker of eternal happy place "Zheruiyk", who had searched a cozy settlement that would only benefit mankind.Thus, it is important to say that the educational value of Asan Kaigy's human thoughts, such as improving life, doing good things, and caring, always remains a spiritual nourishment.The issues of upbringing on the principles of morality was reflected in the spiritual heritage of zhyrau, which beautifully described the centuries of our people's lives. The zhyrau-poets Kaztugan, Dospambet, Shalkiyz poems are models of morality that called people for kindness avoided them worst deeds, appraised the friendship, criticized the betray and other bad deeds. In the heritage of Aktamberdy zhyrau, Bukhar-Zhyrau, Dulat Babatayuli, Shortanbay Kanayuli, who dreamed of a happy life of people, and looked forward to the unity and solidarity of people, the unity of the country brings the youth to patriotism and high spirit. Suyunbay Aronuly, who defined putting against the qualities of the good person and the shortcomings of the bad person, he appreciated the moral and human qualitites in his works there is struggle, fighting and civilian paphos is predominant, like Makhambet Utemisuli and others are the basis of precious heritage of spiritual upbringing and moral education of youth. In the history of the Great Steppe there were well-known outstanding people with their moral ideas, Tole bi, Kazybek bi and Aiteke bi, who have become symbols of unity of the country, justice and wisdom, they are recognized as the keys to wisdom that enrich the soul and spiritual world of young people.

We`d like also to name Chokan Valikhanov who played the great role in the spiritual life of the Kazakh people of the 19th century. He discovered his peoples` customs and traditions, social life, the human relationship and its` differences, religious views, moral qualities and made significant contribution to the development of science and

education. His "About the Islam", "The Kazakh Chronicle", myths, legends, poems, proverbs, puzzled poems and other works are considered to be spiritual heritage of the people who honored the humanity and morality. It is undoubtful that great educator Ibrai Altynsarin, who paid great attention to the upbringing of the kazakh youth as a moral, good-natured, honest and hard-working citizen, certainly he had made great contribution to educate kazakh children.

We consider Abai, a national pride, a thinker who has given valuable thoughts about youth education. The spiritual world of Abai is the main object of his research about a human morality. He pursued the man behavior and the moral upbringing throughout his life. Abai's great ideas on moral education of young people can be found in any of his poems and quotes. In the spiritual and cultural life of the Kazakh people in the late nineteenth century and early twentieth century, one of the major figures after Abai, Shakarim Kudayberdiev`s the main theme and content of poems and translations made influence on the issues of moral philosophy and culture, social environment, and education of future generations.

The twentieth century in classical literature, Akhmet Baitursynov encouraged his people to study, art, education and preached morals, culture, in his turn Zhusupbek Aimautov laid the foundations of national upbringing in literature and his pedagogical and psychological works. Magzhan Zhumabayev scientifically substantiated the need for upbringing of the child in personality, "every educator`s instrument is education of the nation, because every nation has its own old traditional way of educating children, every educator is definitely obliged to bring up with the national education" and he for the first time introduced the concept of " national upbringing "in his "Pedagogics" textbook. [Zhumabayev M., 1992]

The ideas expressed in the spiritual heritage of the Kazakh intelligence, at all times, will remain the core of the moral education. The national trait that reflected in M. Auezov's epic "The Path of Abai" which describes the unity of the Kazakh people and the content of the classic works of the twentieth century has shown the national identity and upbringing of the Kazakh people. Today, in the 21st century the liberal literature of an independent, sovereign country has begun to bring for future generation the nourishing literature, the spiritual and moral upbringing and the creativity. Thus, we might say that the cultivation of spiritual values and national heritage can be formed through the reading literature by today's youth. Gabit Musrepov was a prominent kazakh writer, and public figure, said: "A book is a spiritual commandment passed from previous generations to later generations. If we gave up reading a book, we would stop thinking."[Musrepov G., 1997].

Conclusion. Today, the whole community, all educational institutions, attaches great importance to this event. For example, the 2012 Al-Farabi Kazakh National University project, "100 books to be read by a KazNU student," was organized as the message to encourage students to read and targeted the reading skills. This project plays a key role in the preparation of professionals with deep knowledge of the history, culture, spiritual values of the country, high creative potential, high culture and modern society. Rector of KazNU, academician Galym Mutanov emphasized: "A person must study all his life". This is the first start. The list of these books will be expanded. Our goal is to make a student of KazNU read hundreds of books over four years to make it his / her civic duty. This is the advantage that distinguishes students from other universities. This is the aimed project called "100 books to read by all KazNU students". This is a great spiritual project. "It is fact that each university is proud of its alumni, if our trained staff is immersed in the spiritual world, they will definitely be great specialists", emphasizes the need for the project. [www.massget.r]

Within the framework of the project "100 books to be read by a student of KazNU" a list of 100 books is presented. The list includes classic works of the Kazakh people and world literature. By teaching literature in Kazakh, Russian and English languages, our University realizes to educate and respect the culture of the Kazakh people and other nationalities. In particular, students of the specialties "Pedagogy and Psychology" and "Social pedagogy and self-cognition", trained at the Department of Pedagogy and Educational Management of the Faculty of Philosophy and Political Sciences together with the group advisers hold meetings, discussions, literary evenings, trainings. Such events help students to connect their intellectual and cognitive abilities with the reader, and ultimately their spiritual regeneration.

Abai's quotes and selected poems, "Ush Anyk" by M. Kudayberdyuly, M. Auezov's "The path of Abai", "Nomads" by Esenberlin, B. B. Momyshuly's "The Flying Nest" Sh. Aitmatov's "White Ship", "Ulpan" by G.Musrepov; "Akbilek" by Zh.Aimautov, Dostoevsky's "Crime and Punishment", "The Master and Margarita" by Bulgakov, M. Makatayev's Selected works, Hemingway's "The old man and the sea", "Alasapyran" by M. Magauin, "Urker" by A. Kekilbayev, Shukshin's "The red cover", Nurzhekeyev's "One Regret, One Hope" and students can select literature by themselves to organize the events, clubs, round tables. [Arynova B.A., 2017.].

It is fact that the entitled list will be supplemented with the books in the framework of the 1150th anniversary of al-Farabi and the 175th anniversary of the genius Abai, and organized events will be included in the curatorial hours dedicated to their

life and work will certainly enrich the spiritual world of students. Likewise, the New Humanitarian Education program in the context of the "Spiritual regeneration" program. Translation of the first 18 books under the state project "100 new textbooks in the Kazakh language" and today the introduction into the educational process of al-Farabi KazNU also allows the University students to use world textbooks.

In conclusion, the moral nature of the genius ideas expressed in the works of the thinkers of the Great Steppe, the spiritual and moral depth, are the values that underlie the moral education of student youth in modern higher education institutions in the context of "spiritual regeneration".The students' understanding of the revival of spiritual culture in their interest and respect for national heritage inspires a sense of pride in their people. This is why the moral ideas of the thinkers of the Great Steppe are so important in the formation of the youth and their personality.

REFERENCES:

1. Nazarbayev N.A. "Focusing on the Future: Spiritual Revival" Akorda, 2017
2. The Law of the Republic of Kazakhstan on State Youth Policy: February 9, 2015.
3. Abu Nasr al-Farabi. Selected Treatises. Almaty, "Arys", 2009.
4. Mashanov A. Abu Nasr al-Farabi, Almaty: «Zhazushi»,1970.
5. Aben E. Steppe geniuses. Almaty: Kazakhstan Institute of Development, 2001.
6. Zhumabayev M. Pedagogy. - Almaty, 1992
7. Musrepov G. The diary. - Almaty: Ana tili, 1997
8. Internet Sources www.massget.r
9. Arynova B.A. The role of national literary heritage in enhancing the reader's interest in students. International Symposium on 'Reading Nation in the World of Reading', June 26-27, 2017, Astana, 2017.

ӘОЖ: 372.8:74

БАЙБАТШАЕВА АЙДАЙҚЫЗ ЕРКІНБЕККЫЗЫ
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

УЗАХОВА АЙНАКУЛ СЛАМҚЫЗЫ
педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

САИПОВ АМАНГЕЛДІ
Кәсіптік оқыту кафедрасының профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ СЫЗУ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДАҒЫ КЕҢ АУҚЫМДЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Мақалада болашақ көркем еңбек және сызу мұғалімдерін кең ауқымды дағдыларды игерумен қатар тұлғалық қасиеттердің дамуына ықпал ететін мәселелер жағдайында даярлау қарастырылады. «Кең ауқымды дағды» ұғымына талдаулар жасалып, оқушылардың мектепте де мектепті бітіргеннен кейін де табысты болуының кепілі болатын мәселелер ескерілді. Екінші жағынан білім саласын жаңартылған бағдарлама бойынша толғандыратын сұрақтар және білім беру үдерісіне енгізілген идеялар мен ақпараттар талқыланды.

Түйінді сөздер: кең ауқымды дағдылар, дамыту, ақпараттық компьютерлік технология, цифрлық білім ресурстары, білім бағдарламасы.

Резюме. В статье рассматриваются проблемы подготовки будущих учителей художественного труда и черчения, способствующих развитию личностных качеств в приобретении широкого спектра навыков. Термин «широкие навыки» был проанализирован для решения проблем, которые обеспечат успех учащихся в школе и после школы. С другой стороны, рассматриваются вопросы, поднятые в обновленном учебном плане, а также идеи и информация, включенные в образовательный процесс.

Ключевые слова: широкие навыки, развитие, компьютерные информационные технологии, цифровые образовательные ресурсы, образовательные программы.

Summary. The article discusses the problems of training future teachers of art and drawing, contributing to the development of personal qualities in acquiring a wide range of skills. The term "broad skills" has been analyzed to solve problems that will ensure student success in and after school. On the other hand, the issues raised in the updated curriculum, as well as ideas and information included in the educational process are considered.

Keywords: broad skills, development, computer information technology, digital educational resources, educational programs

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарындағы білім бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік беретіндей талаппен дайындалды. 2019-2020 оқу жылында әзірленген Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасында педагогикалық ғылымдар саласы бойынша 6В01404 «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» мамандығының білім беру бағдарламасы жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау бағыты студенттердің кең ауқымды дағдыларын қалыптасуына

бағытталған. Бұдан жоғары оқу орындары мен мектеп үдерісінің өзара байланысы байқалады. Себебі мектептің оқу бағдарламаларының мазмұны да оқушылардың кең ауқымды дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кең ауқымды дағдыларды оқушылардың оқу жетістіктерінің, мектептің оқу тәжірибесінде де, болашақта да бітіргеннен кейінгі жетістіктерінің кілті деп тұжырымдайды [Пошаев Дәнебек Қолдасұлы, және басқалар. 2019, 6. 110-114].

Білімді шығармашылық тұрғыда қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмысымен айналысу, ақпараттық компьютерлік технологияны пайдалану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу, шешімдер қабылдау алу кең ауқымды дағдылар болып табылады [Жубауова Жанар Рзабекқызы, 2017, 6.14-16]. Сондықтан оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін жетілдіре білуіне байланысты.

«Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының ерекшелігі: Білім беру бағдарламасы қойылған мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындығының сапасын бағалауды іске асыру жолдарын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды.

Білім бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері: Осы білім бағдарламасын табысты аяқтағаннан кейін студенттер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

1 – көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы ақпараттарды визуализациялау идеяларына негізделген көркемдік білімі мен түсініктерін көрсетеді;

2 – берілген ақпаратқа сүйене отырып оларға сыни тұрғыдан қарау және жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолданады;

3 – танымдық және жалпы мәдениет концепциялары негізінде мәселелерді шешу жолдарын талдайды;

4 – көркем еңбек және сызуды оқытудың нақты өмірдегі орны мен рөлін дәйектейді;

5 – көркем еңбек және сызуды оқытуда, бұйымдарды конструкциялауда, модельдеуде және жобалауда оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыру мақсатында АКТ-ны пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырады;

6 – инновациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттеріне және оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолданады;

7 – критериалды бағалаудың, диагностикалаудың, қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасаудың технологияларын пайдаланады;

8 – тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін, командада жұмыс істеу дағдыларын және ақпараттық мәдениетінкөрсетеді;

9 – оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыруда, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялай біледі;

10 – технологияларды қолдану мен инклюзивті білім беру тәжірибесінде, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалайды. Бұл көрсетілген оқу нәтижелері көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлауда оқытылатын 29 пәннің қысқаша сипаттамасында негізге алынды. Мысал ретінде *Сәндік қолданбалы өнер негіздері I (қыздар) пәнін алып қарастырайық:* Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы сәндік қолданбалы өнер түрлері, ұлттық нақыштар, өрнектер, батик, гжель, хохлама, қазақ халқының ұлттық ою-өрнегі, көркем күйдіру, композиция құрастыруға қажетті материалдары жайлы білімдері қарастырылады. Өнер туындыларын жоба жұмыстарының практикалық бөлімінде қолдану, мәдениет концепциялары негізінде мәселелерді шешу жолдарын талдау, коммуникативтілік, ақпараттық мәдениетін көрсету, критериалды бағалау сипатталады.

2. Дизайн және технология негіздері (сала бойынша) I 1.Технология және техника негіздері (ұлдар). Көркем еңбек және сызуды оқытуда ағашты және темірді қол аспаптармен өңдеу тәсілдерінде АКТ-ны пайдалану, ағаштың темірдің қасиеттері, құрамы, құрылысы, бұйымдарды ішкі және сыртқы контур арқылы көркем аралау, саздан, сымнан бұйымдар жасау, музыкалық аспаптарды жобалау қарастырылады. Техникадағы пәнаралық білімді интеграциялай білуі, технологиялық операцияларды практикада қолдану, дизайнерлік қабілеттерін арттыру, критериалды бағалау сипатталады.

3. Көркем еңбекті оқыту әдістемесі (сала бойынша). Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы визуалды өнер, дизайн және технология, сәндік қолданбалы шығармашылық, үй, тамақтану мәдениеті бөлімдерін оқыту әдістері, критериалды бағалау, кері байланысты ұйымдастыру, табиғи ресурстарды пайдалану, диагностикалау, қысқа мерзімді сабақ жоспар дайындау, педагогикалық практикада қолдану қарастырылады. Инновациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттеріне, оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолдану, сыни тұрғыдан бағалау, цифрлық білім ресурстарын пайдалану сипатталады.

Бұдан болашақ маманның оқу үдерісінде шығармашылықпен ойлауы, диагностикалауы, қабілетінің дамуы, сыни бағалау, білуі мен танымдық белсенділігін арттыруы – оқытушылар қауымын толғандырмай қоймайды. Себебі жоғарыда берілген үш пәннің екеуінде практикалық іс-әрекет көбірек жүреді. Сонымен қатар топ студенттері әртүрлі аудандардан, ауылдан және қаладан келгендер. Білім деңгейлері де әртүрлі.

Жоғары оқу орындарының оқыту үдерісі

дәріс, семинар, практикалық, зертханалық сабақтар болып бөлінетіндіктен тапсырмалар да әртүрлі етіп беріледі. Мысалы: жеке тапсырмалар, шығармашылық тапсырмалар, презентация, практикалық сабақтарды қорғау. Білім алушыларға өзіндік жұмыстарында пәнінің оқу жұмыс бағдарламасында (syllabus) жаңа тақырыптар мазмұнына сәйкес тапсырмаларды нақты негіздеуге мүмкіндік туады. Осы сәтте оқытушы-студент арасында диалог өрбиді. Осы сәттерде студентке еркін өз ойын, сенімді дәлеледер айтуын, сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға мүмкіндік болады.

Сабақ кезеңдерінің өзара байланысы мен логикалық бірізділігін сақтау, студенттердің кең ауқымды дағдыларын дамыту мақсатында тапсырмалар мен қатар сұрақтар жүйесін дайындау тиімді болуда. Себебі әрбір айтылған жауап аргументтерге немесе дәлелдерге негізделеді. Осы орайда білімалушының еркін өз ойын білдіруі, сенімді дәлелдер айтуы, тіл байлығы, сөйлеу шеберлігі де қалыптасады. Бұл оқытушыға әр тапсырмаға берілген балл арқылы студенттің оқу нәтижесі мен білім сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Десекте, практикалық сабақтар мен тапсырмалар студенттің сабақты түсіну дәрежесін бағалауға бағытталады.

Теориялық сабақтарда білім алушыларды тек сұрақтарға жауаптармен шектемей, кей жағдайда олардың өздерін жоғарыда аталған сұрақтарды қоя білуге үйрету маңыздырақ болады. Себебі сұрақ қоя білген адам сыни ойлана біледі. Осы тұрғыда болашақ мамандарға сұрақтар қою техникасын меңгерткеніміз дұрыс болады. Үш немесе одан да көп дағдыны алу сабақтың мақсатына жетуге, қажетті дағдыларды терең қалыптастыруға мүмкіндік бермей, оқушыларда тұрақсыз білім қалыптастыруы мүмкін.

Кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасаудың бірден-бір жолы төменде берілген саралау түрлерін тиімді таңдай алу. Топ студенттерін саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған тәсілін ұсынып отырмыз.

Қазіргі таңда берілген тапсырмаларға критерий арқылы бағалау талаптары қойылуда. Бұл студенттің оқытушыға деген өкпе назын кемітеді. Критерий студенттің сабаққа деген белсенділігін арттыруға, сабақтан қалмауына, кешігіп келмеуіне мүмкіндік береді. Мысалы «Материалды өңдеу технология» (қыздар үшін) пәнінен технологиялық карта жасауға (10 бал) дайындалған критерийге тоқталып өтейік (1-кесте).

1 кесте
Балы 10

№	Практикалық сабақтың орындалу реттілігі	Критерий	
		max	min
1	киім бөлшектерін сабақ конспектісін пайдалана отырып, техникалық шарттарға, технологиялық талаптарға сай үлгі бойынша өз бетінше пішуді білуі	2	1
2	киім бөлшектерін тігін машинасында өңдеудің технологиялық ерекшеліктерін жоғары деңгейде меңгеруі	2	1
3	технологиялық тігістерді сапалы, технологиялық талаптарға сай орындауы	2	1
4	тапсырмаларды қатесіз, нормативте белгіленген уақытта орындауы	2	1
5	өзінің технологиялық ұстанымын нақты дәлелдей алуы	2	1
Қорытынды балы		10	5

Осы секілді жеке тапсырма, шығармашылық жұмыс, презентация жасау талаптары бойынша білімгерлердің өзіндік жұмыстарына критерий жасалды.

Жеке тапсырма - студенттің тапсырманың сабақтың мазмұнын мақсатында өз идеясын тақырыпқа сәйкес қолданады, тапсырмаларды өз бетінше орындауы, өзінің технологиялық ұстанымын нақты дәлелдей алады (10 бал).

Технологиялық карта жасау - бұйымның өңделу реттілігін бірізділікпен, теориялық және графикалық түрде сауатты бейнелейды, сызбаларды түсінеді, талдайды, қажет болған жағдайда білімін қолданады. Әртүрлі формадағы ақпараттармен жұмыс жасауды, ақпараттың қасиетерін толық меңгерген (10 бал).

Шығармашылық жұмыс – студенттердің топтасып, шығармашылық сипатта берілген тапсырмалардан өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алу қабілетінің, білім мен біліктіліктің, мотивінің болуы (10 бал).

Презентация - бір тапсырманы өз түсінігі, пайымдауы бойынша және иллюстрация негізінде мәлімдеу (10 бал).

Практикалық сабақтағы белсенділігі (10 бал).

«Материалды өңдеу технология» пәні бойынша ағымдық бақылау барысында ол төмендегіше көрініс табады:

1) Практикалық жұмыстарды қорғау семестрде 6 рет

2) Шығармашылық жұмыс семестрде 2 рет
3) Презентацияны қорғау семестрде 2 рет
4) Жеке тапсырма (БӨЖ): семестрде 3 тапсырма беріледі.

Әр пән бойынша дайындалған талаптар «Univer» жүйесіне семестр басында жүктеледі. Бұл студенттердің өздеріне жүктелген тапсырмаларды алдын – ала білім отыруына мүмкіндік туғызады. Өз бетінше жұмыс істеу жауапкершілікті тудырады, дегенімен жеке отырған білім алушы өз ойын жұпта талқылап, бөліссе ғана сыни тұрғыдан ойлауы қалыптасады. Жалғыз отырған оқушының білім игеру деңгейінің төмендігіде оқытушы тарапынан кей жағдайда ескерусіз қалады.

Мотивациясы төмен білім алушы өзара бірлесіп жұмыс жүргізгенде өз ойына ой қосып, білімі мен дәлелі кеңейіп, сабаққа деген қызығушылығы арттады. Сондықтанда кейбір тапсырмаларды екеуара беруге де болады. Әр білім алушының пікірі құнды, ойын айтуға мүмкіндік жасалады, танымдық белсенділігі мен қабілеті ашылады, өз ойымен бөліседі, білімдерін толықтырады, ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілігі арттады.

Мектеп жағдайында жаңартылған білім беру бағдарламасына шолу жүргізу - әдістерді тиімді пайдалану, педагогикалық тәсілдер мен критериалды бағалау жүйесін түсіндіру, ұзақ мерзімді жоспар, орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар жазу жолдарын үйрену.

Оқытушылардың еңбек етулері нәтижесінде мұғалімдер өзіне қажетті дүниені сапалы алуда және де сол білімді жүзеге асыру мақсатында, сапалы түрде қолдануда. Сол себепті жаңартылған бағдарлама бойынша мұғалім бағалаудың не екенін және қалай жүзеге асатындығын, критериалды бағалаудың қалай жүргізілуі керектігін түсініп үйренді. Спиральды білім беру дегеніміз не деген сұрақтарға жауаптарын ала алды. Яғни спиральды білім беру дегеніміз - тақырыптар әр түрлі деңгейлерде қайталанып отырады, кейде бір тоқсан аясында, кейде бірнеше тоқсанда; сонымен қатар тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым тереңдетіліп оқытылуы тиіс; деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отырады.

Ал, жоғары мектеп тақырыптары қайталанбайды, семестрде пәннің бір бөлімі толық аяқталады. Білім беру құзыреттілігі – білім беру қызметінде кәсіби білімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде субъектілік пен креативтіліктің дамуына ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Оқушының арнамысын сыйламаған мұғалімді оқушы да сыйламайды, оқушыларына тәлімтәрбие бере алмайды. Мұғалімнің өз жұмысына ықылассыздығы, жүрдім-бардым қарауы оқушыға тікелей әсер етеді. Талап қоя білмейтін, оқу процесін ұйымдастыра алмаған мұғалім ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмақ емес. Ал, жоғары оқу орындары осы мәселе орын алса, бір жағынан студенттің мамандыққа деген қызығушылығы төмендейді, екінші жағынан студенттің өзбетінше жұмыстар жүргізуі тиіс.

Мектеп жағдайында өз ісінің кәсіби маманы болу қай мамандықтың иесіне болсын қойылатын басты талап. Дәстүрлі мұғалім «жеткізуші», ал оқушы «қабылдап алушы» немесе мұғалім дайын піскен мәліметті беруші, ал оқушы оны дайын күйінде қабылдап алушы схемасы дәл қазіргі нарықтық бәсеке заманында мүлде тиімсіздігін көрсетті. Нарықтық бәсекелестік мектепке, мұғалімге қатысы жоқ деп ойлайтындар қателеседі. Мұғалім жалпы стандарттық талаптармен бірге, нағыз сыншы алдындағы оқушылардың талабы мен сынына төтеп бере алуы керек. Кәсіптік құзыреттілігі төмен мұғалімді балалардың өткір сынының өзі-ақ, оның кәсіби шеберлігін үнемі қажетті деңгейде ұстауы қажет екенін ұғындырады.

Ал, жоғары мектепте оқытушы бағыттаушы, болашақ маман орындаушы. Сол себептен оқытушы ғылыми жұмыстармен үнемі шұғылданып отырады. Әртүрлі интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолданады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда кең ауқымды дағдыларды дамыту мәселелерін біз, жалпы білім беретін мектеп үдерісімен салыстырмалы түрде қарастырдық. Дегенмен бұл мәселені толығымен жүзеге асып жатыр деп айту да қиын. Жоғары оқу орынының талаптары бәрі бірдей мектептің оқу үдерісімен сәйкес келе бермейді. Соған қарамастан қоғам талаптарын жоғары мектеп пен жалпы білім беретін мектеп өзара байланыста жүзеге асыруы тиіс деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. 6В01404 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» бакалавр бойынша білім беру бағдарламасы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ. 2019. - 43 б.
2. Пошаев Д.Қ. және басқалар. Когнитивтіктен - әрекетке ауысу білім беруді жаңғырту факторы. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі - Халықаралық ғылыми журнал: (Алматы), 2019, №12/3 б. 110-114.
3. Жубауова Ж.Р. Химия пәнінде оқушылардың кең ауқымды дағдыларын дамыту мәселелері. // Әдіскер жаршысы - Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы. (Қызылорда), 2017. №3 (53), б.14-16.
4. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана: 2017. – 340 б.

МРНТИ 14:35.19
ӘОЖ 378.147.88

Байдаулетова Тургын Турсыналиевна
6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығының докторанты,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан

Рысбекова Айман Калышбаевна
п.ғ.к., доцент м.а.,
«Педагогикалық ғылымдар» кафедрасының меңгерушісі,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҒЫЛЫМИ ҮЙІРМЕНІҢ РӨЛІ

Түйін. Мақалада авторлар әлеуметтік қарым-қатынас ұғымына тоқталған. Тақырып бойынша зерттеу жүргізген Ресейлік, Отандық ғалымдар сараланды. Әлеуметтік қарым-қатынасты құзыреттілігін қалыптастырудағы ғылыми үйірменің рөлі баса айтылды. Авторлар сөздері дәйекті болу үшін ХҚТУ жағдайында өз тәжірибелеріне сүйене отырып, болашақ тәрбиешілерге арналған «Жас маман» ғылыми үйірмесінің жұмысына тоқталған. Мақалада авторлар ғылыми үйірменің мақсат-міндеттеріне тоқталған, тақырыптық жоспары беріліп, қысқаша түрде жеткен жетістіктері баяндалған.

Түйінді сөздер: әлеуметтік қарым-қатынас, болашақ тәрбиеші, кәсіби маман даярлау, ғылыми үйірме, құзыреттілік, сөйлеу мәдениеті

Резюме. В статье авторы расскрывают понятие «социальные отношения», приводят российских и отечественных ученых проводивших исследования по данной научной проблеме. Обосновывается важность научного кружка в формировании компетентности социальных отношений будущих специалистов, для достоверности свох слов авторы приводят пример из личного опыта. Описывают цель и задачи, тематический-календарный план научного кружка «Жас маман» («Молодой специалист») для будущих воспитателей МКТУ, в конце кратко приводят результаты о достижениях проделанной работы.

Ключевые слова: социальные отношения, будущий воспитатель, подготовка профессионального специалиста, научный кружок, компетентность, культура речи

Summary. In the article, the authors considered the category of social relations. They bring Russian and domestic scientists studying on this issue. The importance of the scientific circle in the formation of the competence of social relations of future specialists is substantiated. For the authenticity of their words, the authors given an example from personal experience. They described the purpose and objectives, the thematic-calendar plan of the scientific club "Zhas Maman" ("Young Specialist"). They for future teachers of the IKTU, at the end they briefly presented the results on the achievements of the work done.

Keywords: social relations, future educator, training of a professional specialist, scientific club, competence, speech culture.

КІРІСПЕ

ЖОО-да білім алған кез-келген азамат өзінің студенттік жылдарын, өздерін оқытқан ұстаздарын, группаластарын ерекше сағынышпен, толғаныспен еске алады. Студенттік шақтағы қызықты әңгімелер, болған оқиғалар еріксіз сол кезеңге қайта апарып тастағандай болады. Демек, студенттік шақ таңдалған мамандық бойынша теориялық және практикалық білімдерді алу, жетілдіру кезеңі болумен қатар әлеуметтік қарым-қатынас орната білудің де тамаша кезеңі деуге болады. Сол себепті бүгінгі студент – ертеңгі маманның жұмыс ортасында ұжыммен бірігіп әрекет ете алуы үшін және әріптестерімен табысты жұмыс жасауы үшін ЖОО-да әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігін дамытуға баса көңіл бөлу қажет деп есептейміз.

Көптеген зерттеулерді қарастыра келе, әлеуметтік қарым-қатынас болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың және жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі екеніне көзіміз жетті. Қарым-қатынас философия, экономика, әлеуметтану, психология, педагогика, филология сынды бірқатар ғылым салаларында қарастырылып, өзара әрекеттесу, байланыс орнату, пікір алмасу, комуникация орнату ұғымдарымен жақын мағынада қолданылады.

Әлеуметтік қарым-қатынас мәселесін зерттеумен шетелдік ғалымдар D.Umberson, J.K.Montez, L.Berkman, L.Breslow, D.Chapman, B.Brummet, J.B.Asendorf, S.Willpers, V.Amati, S. Meggiolaro, т.б.,

ал ресейлік ғалымдардан В.М.Бехтерев, М.С.Каган, А.Г.Асмолов, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, Б.Ф.Ломов, В.Н.Мясищев, Б.Г.Ананьев, В.С.Мусина, Я.Л.Коломинский т.б. айналысса, Отандық ғалымдардан Б.И.Мұқанова, Ф.Ш.Оразбаева, Н.А.Асипова, Ш.Х.Т.Шерьязданова, Н.Қ.,-Тоқсанбаева, Н.Н.Хан, С.Т.Каргин, А.М.Құдиярова, А.Р.Ерментаева т.б. атауға болады.

Х.Т.Шерьязданова [*Шерьязданова Х.Т., 1999, 187 б.*] қарым-қатынасты жеке тұлғаның қалыпты психикалық дамуының шарты, оның (жеке тұлғаның) қажеттілігін қанағаттандыру құралы, басқа адамды бағалай отырып сол адамның өзі туралы бағасын айқындау мақсатында әрекеттесу процесі екенін дәйектеген. Сондай-ақ, қарым-қатынасты болашақ педагогтарды кәсіби дайындаудың негізі екенін алға тартады [*Шерьязданова Х.Т., 1999, 307 б*].

Н.Қ.Тоқсанбаева *[Тоқсанбаева Н.Қ., 2011, 15 б.]* **қ**арым-қатынасты адам өміріндегі көптеген рухани және материалдық құндылықтармен қоса ең жоғары қажеттіліктердің біріне жатқызады. Сондай-ақ, ғалым қарым-қатынас аясында әр адам өз пікірі мен мінез-құлқын өзгертеді, топтың өзге қатынасушыларымен бірлескен іс-әрекет ықпалымен түрлі сезімдерді бастан кешеді және ол ақпарат пен толғаныс алмасу нәтижесінде жүзеге асады деп түсіндіреді [*Тоқсанбаева Н.Қ. 2011*].

Орыс тіліндегі «отношение», «общение» сөздері де қазақ тілінде «қарым-қатынас» деп аударылғанын жиі кездестіруге болады, бірақ «отношения» - тұлға немесе топтар, таптар т.б. арасындағы байланыс дегенге, ал «общение» - араласу, пікір алмасу, пікірлесу дегенге жақындау. Көріп тұрғанымыздай, қарым-қатынасты байланыс орнату, пікір алмасу (коммуникация), эмоция алмасу (экспрессия), серіктесті қабылдау (перцепция) сияқты құбылыстардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Ал, әлеуметтік қарым-қатынас – белгілі бір әлеуметтік топтардың (мамандық иелері, ұлт, ұйым т.б.) арасындағы күрделенген байланыс түрі. Біздің мақаламызда болашақ мамандар жайында сөз болатындықтан белгілі бір мамандық өкілдері арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан қарастырамыз.

Педагогикалық әдебиеттерде «әлеуметтік құзыреттілік», «коммуникативті құзыреттілік» өз алдына жеке-жеке құзыреттілік болып бөлінген, бірақ қарым-қатынас тек коммуникациядан тұрмайды және коммуникативті құзыреттілік әдетте тіл білімдеріне көбірек қатысты болғандықтан «әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігі» деп қарастыруды жөн санаймыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігі күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде білім алу, өзін-өзі жетілдіру, өзіндік санасезім қалыптастыру мен болашақ маманның әлеуметтік ортада өзін-өзі бағалауының құралы ретінде тұлғалық, кәсіби тұрғыда шыңдалуына әсер ететін жетекші фактор болып табылады. Әсіресе, «адам-адам» тобындағы педагогикалық мамандықтар (Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу», «Бастауыш мектепте оқыту мен тәрбиелеу», «Педагогика және психология», «Дефектология», «Өзін-өзі тану», «Әлеуметтік педагог» т.б.) үшін әлеуметтік қарым-қатынас құра білу, байланыс орнату, қарым-қатынас арқылы тәрбиеленушілерге әсер ету және оны құзыреттілік деңгейіне жеткізу аса маңызды.

Студенттердің сенімін қалыптастыру, болашақ кәсіби әрекетке даярлығын нығайтуда қоршаған ортасының – группаластарының, пән оқытушыларының, кураторының қарым-қатынасы үлкен рөл ойнайды. Теориялық білімі терең, бірақ әдістемелік жағынан осалдау немесе керісінше жағдайда болған студенттердің кемшілігін бетіне басып, өзіндік бағалауын төмендетіп, сенімін жоғалтып алмау үшін, керісінше оның бойындағы потенциалы мен ерік-күшін өзін-өзі жетілдіру мен шыңдауға жеткізуде педагогикалық-психологиялық тұрғыда қолдау көрсету қажет.

ЖОО оқытушылары тарапынан минусты плюсқа айналдыру үшін студенттің жеке басын сыйлау, құрмет көрсету, жетістіктеріне бірге қуанып, онымен «серіктестік» қарым-қатынас орнату оқыту-тәрбие үрдісін жандандырып, пәнге деген, мамандыққа деген қызығушылықты арттыра түсері сөзсіз. Тіптен, студент артық кетіп, қателескен шақта да педагогикалық әдептен аттамай, адамгершілік, моральдық принциптерге сәйкес қарым-қатынас жасау мақсатқа жеткізеді. Сондай-ақ студенттердің әлеуметтік ортасы, өз жолдастарымен жақсы қатынаста болуы олардың психологиялық және физиологиялық денсаулығына жақсы әсер етіп, өз статусын, беделін бекемдей түседі [*Amati V., Meggiolaro S., Rivellini G, Zaccarin S.*]. Қазіргі шақта интеллектуалды қабілеттерден гөрі эмоционалды интеллект, сәйкесінше әлеуметтік қабілет жоғары бағалануда. Кейде болашақ мамандардың жеке бас қасиеттері, ұжымда үйлесімді қарым-қатынас орната білу іскерлігі кәсіби мансапта жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Адам қоғамда, әлеуметтік ортада өмір сүретін тіршілік иесі болғандықтан, оның қабілетін немесе жеке бас қасиеттерін бағалайтын немесе теріске шығаратын ортасы болып табылады. Сол үшін студенттер өз ортасында барлық қарым-қатынас субъектілерінің (группаластар, ПОҚ, практикадағы ұстаз, тәрбиешілер, ата-аналар т.б.) «тілін тауып» өзін қалыптастыруы аса маңызды. Ал, ол ЖОО-да аудиторияда да, аудиториядан тыс уақытта да оқыту, тәрбиелеу процесінде де негізге алынуы тиіс.

Д.К.Успанова [*Успанова Д.К., 2018, 387 б.*] әлеуметтік институттардың ықпалы арқылы студенттердің жеке тұлғалық моральдық эталондарын, сезімдері мен түсініктерін, көзқарастарын қалыптастыру өте күрделі, жан-жақты үрдіс

екенін және ол арқылы студенттердң әлеуметтік, мәдени өмірі мен түрлі әлеуметтік рөлдерді игеруге ықпал ететіндігін баса айтады [*Успанова Д.К.. 2018*].

Түптеп келгенде оқыту, тәрбиелеу екі жақты процесс болғандықтан, оның астарында әлеуметтік байланыс, қарым-қатынас жатқанын түсіну қиын емес. Атақты психолог А.Н.Леонтьев сөзімен айтсақ, «кез-келген іс-әрекет қарым-қатынаспен бірлікте қарастырылады және қарым-қатынас орнатудың шарты болып табылады» [*Леонтьев А.Н.,2005, 152 б*]. Іс-әрекет мотивациялық-мағыналық қатынастан туындай отырып, адамның әлеуметтік позициясының өзгеруі оның айналасына деген қатынасына да өзгеріс енгізеді [*Асмолов А. Г.,2001.416 б*].

Әлеуметтік қарым-қатынас құбылысының тағы бір ерекше феномені – топ бір адамға және бір адам барлық топқа әсер етіп, «симбиоздық» бірлікте дамиды немесе құлдырайды. Осы сөзімізге тамаша бір мысал ретінде студенттерге мына бір мысалды келтіруге болады. Бұрынырақта бір қыз бала әкесіне өмірінде кездескен келеңсіз жайттарға шағым айтады. Сонда әкесі қызын тыңдап болған соң, оған сәбіз, жұмыртқа, кофені қайнатуды тапсырады. Қыз әке сөзін бұлжытпай орындайды, бұдан кейін әкесі қызынан не ұққанын сұрайды. Аң-таң болған қызына әкесі: «Өмірде барлығы біз ойлағандай емес. Әншейінде қатты, батыр болған адамдар қиыншылыққа ұшырағанда сәбізге ұқсап балбырап, бос болып қалса, ал жаны нәзік, сезімтал адамдар жұмыртқа сияқты батыл, өз-өзіне сенімді, мықты болып жатады. Ал, енді кейбіреулер келеңсіз жағдайлар, күтпеген өзгерістер келгенде, кофеге ұқсап өзі ғана өзгеріп қоймай, ортасын да өзгеріске ұшыратады», - деп шағын «экспериментінің» мәнін түсіндіреді.

Біздің айтпағымыз да осы, біз студенттерді кез-келген жағдайға бейім, мобильді етіп, өзгермелі жағдайда «өздерін», әсіресе өз позициясын жоғалтпауға үйретуіміз қажет. Әлеуметтік позицины жоғалту кейде адамның өзін-өзі жоғалту, құлдырау, фрустрация сияқты келеңсіз құбылыстарға әкеліп, адамның психикалық денсаулығына кері әсер етуі мүмкін екендігін ғалымдар дәлелдеп берді [7,8]. Кейде сабақ үстінде студенттерді бір-бірімен салыстыру, баға қоюда әділетсіздік таныту, оқытушы тарапынан студенттерді бөлу, жеке басына немесе имиджіне орынсыз сын айту студенттің ұнжырғасын түсіріп, депрессияға әкелуі мүмкін.

Әлеуметтік қарым-қатынас тек субординациядан тұрмайды, оның астарында тұлғаралық қарым-қатынас пен қабылдау бар. Студенттер өз оқытушыларынан үлгі алады, әр оқытушының өзіне, пәнге, студенттерге деген қатынасы, білімі, имиджі, мәдениеті, педагогикалық шеберлігі, бағалауы т.б. түгел «студенттік сараптамадан» өтеді. Әрине, барлық студентке оқытушы ұнамауы мүмкін, тіпті ол ұнауға міндетті де емес. Дәл сол сияқты студенттердің жеке идентификациясы бар екенін естен шығармау керек дегенді айтқымыз келеді. Оқытушылар сабақты бірсарынды, қызық емес формада түсіндірсе, өз білім алушыларына немқұрайды қараса, студенттермен кері байланыс, «жанды қарым-қатынас» орната алмайды. Нәтижесінде, пәнге деген, оқытушыға деген қарым-қатынас, қызығушылық төмендеп, тезірек емтихан тапсырып, пәннен де, оқытушыдан да тезірек құтылғысы келеді.

Аталмыш проблемаларды болдырмас үшін оқытушы өз пәніне қызықтыра білуі тиіс және студенттермен сабақтың әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, АКТ қолданып өтсе, студенттер сабаққа тартылады, қызығушылық пайда болады. Бірақ, кейде керісінше жағдайлар да кездеседі, оқытушы өте сауатты, сабағы барлық талаптарға сай, бірақ студенттермен қарым-қатынасы формалды түрде ғана және студенттер мұны сезіп-біліп отырады. Оқыту-тәрбиелеу процесі сырт көзге оңай болып көрінгенмен оның психологиялық нәзік механизмдері өте көп.

Сондықтан, педагогикалық шеберлікпен қоса оқытушының жеке бас қасиеттері мен басқалармен байланыс орнату, ұйымдастыру қабілеттері де аса маңызды рөл ойнайды. Отандық ғалымдар А.Қ. Дүйсенбаев пен М.М. Шаштығарин арнайы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс мұғалімнің (оқытушының) жеке мүмкіндіктерін ескеріп құрылуы қажет екендігін ескертеді. Оқытушы біліктілікті арттыру жұмыстарына қатыса отырып, ұжымдық нормаларды меңгереді, өзін қызықтыратын мәселелерге жауап табатын болады деп есептейді [*Дүйсенбаев А.Қ., Шаштығарин М.М. //Қазақстанның ғылымы мен өмірі, 2018. №3 (58). – 33-36 б]*.

Бүгінгі ақпараттық коммуникациялық технологиялар дамыған жаһандану заманында әлеуметтік қарым-қатынас орнату жаңа форматқа ойысты. Бір жағынан, болашақ мамандардың гаджеттерді пайдаланып, техниканы игеруі, электронды нұсқада кітаптар оқып өз білімдерін жетілдіру мүмкіншілігі артқаны қуантқанымен, сол дүниелер олар үшін қаншалықты тиімді, өз мамандығына қатысы бар ма, ұзақ уақыт бойы әлеуметтік желілерде уақытты тиімсіз пайдалану арқылы виртуалды әлем мен шынайы әлемді алмастырып алған жоқ па деген проблемалық сұрақтар туындайды. Жастар арасында қарым-қатынасты әлеуметтік желіде сөйлесу, бір-біріне коментарий жазу, лайк басу деп түсінетіндер де бар. Әсіресе, бізді қынжылтатыны студенттердің әлеуметтік қарым-қатынас орнатуы екі сөздің басын құрай алмай, өз пікірін айтуға тосылу, көзбе-көз пікір алмасу қалып бара жатқан сыңайлы.

Осы аталған мәселелердің алдын алу мақсатында ғылыми үйірме жұмыстарының тигізер септігі мол деп санаймыз. Ғылыми үйірме аудиториядан тыс жұмыс түрі бола отырып, теория-

лық зерттеу, жеке қызығушылық бойынша зерттеу және практикалық жұмыстар жүргізуге, топтасып жұмыс істеп, студенттердің өзін-өзі көрсетуге, қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік береді. Мамандық бойынша кәсіби пәндерді игерумен қатар ғылыми үйірмелер әлеуметтік-тұлғалық, академиялық, кәсіби құзыреттерін жетілдіре отырып, оқу-ақпараттық ресурстарды өз бетімен іздестіру, таным әдістерін меңгеру, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытады [*Наумов Г.Н., Городин В.Н..2014*].

И.Г.Евсеева [*Евсеева И.Г., 2016, 141 б.*] үйірменің қызметін үш деңгейде қызмет етеді деп есептейді:

1. стандартты деңгей (жеңілдетілген);
2. концептуалды (күрделенген);
3. концептуалды-жүйелік (дамытылған).

Сондай-ақ ғалым ғылыми үйірменің жұмыс бағыттарын жеке дамытушылық, ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық, ұйымдастырушылық, эргономикалық деп жіктеп қарастырады [*Евсеева И.Г., 2016*].

Жасыратыны жоқ, бүгінде ғылыми үйірмелер ҒЗЖ айналысуға, зерттеушілік бағытқа басымдық беріп, студенттермен әлеуметтік байланыс орнату, олардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттерін жетілдіру жағы көлеңкеде қалып қоятыны жасырын емес. Ал біз болсақ өз жұмысымызда проблеманы қою және оны шешуде студенттердің жетекшілік етуі мен креативті идеяларын ортаға салу, группаластармен және ПОҚ әлеуметтік қарым-қатынасын нығайтуына ерекше мән беруге мақсатында университетіміздің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандықтары (1-4 курс) студенттеріне арнап «Жас маман» ғылыми үйірмесі ұйымдастырдық.

Үйірме жұмысы студенттердің еркіндігі, қызығушылықтары, шығармашылық белсенділігіне негізделеді және болашақ тәрбиешілердің кәсіби қалыптасуына септігін тигізеді.

Үйірменің мақсаты – болашақ тәрбиешілердің адамаралық қарым-қатынас, әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту, кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамыту мен жетілдіруге ықпал ету.

Үйірме міндеттері:

- топаралық қарым-қатынасты нығайту, топтың ауызбіршілігін нығайту, топтағы студенттердің өзара байланысын нығайта отырып «топтағы қатардағы студент» статусынан «дос, құрдас», «болашақ әріптес» статусына ауыстыруға ықпал ету, ПОҚ-н, әдіскерлермен тығыз байланыс құруға ықпал ету;

- дуалды білім алуда және практика кезінде жаңа ортада әлеуметтік қарым-қатынас құруда қобалжушылықтың алдын алу, өзгелермен байланысқа түсе білу және өз ойын анық, толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. (*Ескерту*: аталмыш мамандық дуалды білім беру жүйесі бойынша оқытылады).

- оқытудың дәстүрлі емес әдіс-тәсілдері мен формалары арқылы студенттердің пәнге, мамандығына, болашақ қызметіне деген қатынасын айқындап, қызығушылығын арттыру, ғылыми ізденіс пен өзін-өзі дамытуға ықпал жасау;

- студенттерді толеранттылық пен өзге ұлттарға, өзгелерге деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу, жеке басты сыйлау, этика мен мораль нормаларын сақтауға үйрету;

- әлеуметтік статусына (ата-ана, әріптес, басшы, тәрбиеленуші, тәрбиеші т.б.) сәйкес барлық адамдармен үйлесімді қарым-қатынас құра білуге үйрету, қарым-қатынаста кездесетін даудамайлы (конфликт) жағдайдан шығуға үйрету;

Ғылыми үйірме жүргізуде оқытушының жеке бас қасиеттері мен аудиторияда өзін-өзі ұстау, субьект-субьект қатынасында өзін жоғарыдан төменге қараушы емес, бейресми жағдайда (сабақтан тыс) шынайыы достық қатынаста байланыс орнату арқылы өзара әсерлесуге дайын болуы тиіс.

Белгілі ғалым А.С.Қыдыршаев және Д.Төлегенова [*Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д., 2007, 45 б.*] өзара әсер ету қалпындағы қарым-қатынас еш кедергісіз жүруі үшін төмендегідей кезеңдерден тұруы тиіс деп есептейді:

- байланыс орнату немесе танысу;
- қарым-қатынас жағдаятына ыңғайлану;
- қажетті мәселені талқылау;
- мәселені шешу;
- байланысты сәтімен аяқтау [*Қыдыршаев А., Төлегенова Д.. 2007, 72 б*].

Ғалымның пікірімен келісе отырып, ғылыми үйірме жүргізуде аталған алгоритмдерді ұстана отырып, шынайылық, ашықтық, сенімділік, педагогикалық қолдау көрсету принциптерін ұстандық.

Төмендегі кестеде «Жас маман» үйірме жұмысының тақырыптық-күнтізбелік жоспарын назарларыңызға ұсынып отырмыз:

Кесте 1. «Жас маман» үйірме жұмысының тақырыптық-күнтізбелік жоспары

№	Тақырыбы	Жұмыс мақсаты	Өткізілу формасы/ әдіс-тәсілдері	Өткізу мерзімі
1.	Мен неге тәрбиеші мамандығын таңдадым?	Студенттердің таңдаған мамандығы туралы пікірі, мамандық таңдаудағы мотивациясы анықталып, жеке құндылықтар жүйесін сараптау	эссе, педагогикалық шығарма	қыркүйек

2.	Сіздің қарым-қатынас құру стиліңіз	Арнайы психологиялық тесттер арқылы студенттердің жеке бас қасиеттері, психотиптері мен қарым-қатынас құру ерекшеліктері анықталады	психодиагностикалық тестер, педагогикалық жағдаяттарды талдау	қазан
3.	Дуалды білім беру жүйесі бізге несімен тиімді?	Білім беру жүйесіндегі өзгерістерге студенттердің көзқарастарын анықтау, әр нәрсенің тиімді жақтарын, әлсіз тұстарын талдау, өз бетімен ізденіс жұмыстарын жүргізуге үйрету	топаралық диспут, брейнсторминг, SWOT анализ жасау	қараша
4.	Жаңа ғасырдың жаңа тұрпатты педагогы	Топпен жұмыс істеу арқылы студенттердің шығармашылық қиялын дамыту, мамандықтағы идеалдарын тану	коллаж (постер) қорғау, дөңгелек үстел	желтоқсан
5.	Мен, сен және бүкіл әлем	Психологиялық тренинг арқылы топ, ПОҚ құрамындағы әлеуметтік қарым-қатынасты күшейту, байланыс нығайту көзделді	психологиялық тренинг, шеберлік сыныптар (мастер-класс)	қантар
6.	Тәрбиеші (мұғалім) мен бала арасындағы қарым-қатынас кино әлемінде	Студенттердің бойында мамандыққа деген сүйіспеншілікті ояту және нығайту мақсатында әсерлі фильмдер көріп, оны талдау, фильмдегі педагогикалық жағдаяттарды талдау	видеофильм көру («Менің атым Қожа», «100 баланың анасы», «История триумфа Рони Кларка», «Звездочки на Земле» т.б.), топаралық диспут	ақпан
7.	Отбасы – бала-бақша – ЖОО	СТО технологиялары арқылы «алтын үштікті» жан-жағынан талқылау, студенттердің экспресивті, әлеуметтік перцепция қабілеттерін жетілдіру	рөлдік ойындар, РАФТ әдісі	наурыз
8.	Қызметкер болуға дайынсыз ба?	Кәсіби ңбек жолын бастау, практика барысында кездескен қорқыныштарды жеңу, өзін-өзі дамытуға ықпал ету	іскерлік ойындар, тапсырмалар	сәуір
9.	Маман болу, адам болу мақсатым	Ғылыми үйірменің өткізілу кезінде жеткен жетістіктерге баға беру, студенттерді мадақтау және студенттерге өз іс-әрекеттерін талдату, рефлексияны дамыту	гносеологиялық ағаш, қорытынды отырыс	мамыр

Ғылыми үйірме жұмысының ең бір керемет артықшылығы студенттерді бейресми жағдайда зерттеуге мүмкіндік алдық. Аралық бақылау мен емтихан тапсыру міндеттелмейтіндіктен, баға қойылмайтындықтан олар өздерін еркін ұстады. Алғашында бірқатар қиыншылықтар орын алды, атап айтқанда: өз пікірін ортаға салғанда аудиторияның алдына шығып сөйлеуге қорқу, топтағы лидерлерден аса алмау, өз-өзіне деген сенімсіздік, өз пікірін ғана дұрыс деп санау т.б. Әрине, оның себебі үйірме жүргізудегі форматтың басқаша болуы, үйірмеде бейтаныс адамдардың қатысуы т.б. түсіндіруге болады. Бірақ аталмыш келеңсіздіктер студенттермен әлеуметтік қарым-қатынас құруда сенім білдіру, барынша олармен шынайы болып, достық принципіне құрылғадықтан, студенттердің потенциалын ашуға мол мүмкіндік алдық, өзіміз күткеннен де зор нәтижелерге қол жеткіздік. Студенттердің қиялы, шабыты, шығармашылығы, топтық жұмыс жасағанда серіктестігі мен бір-біріне қолдау көрсетіп, бір-бірін жігерлендіріп отыруы т.б. таң қалдырмай қоймады, бірнеше тамаша оқиғалардың куәсі болдық. Жинақталған материалдар бірнеше зерттеу жұмыстарына (мақала, оқу құралы, әдістемелік көмекші құралдар т.б.) азық болары сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғылыми үйірме жұмысын ұйымдастыру төмендегілерге қол жеткізуге мүмкіндік берді: біріншіден, теория мен практика арасындағы алшақтық анықталып, жоюға әрекет жасалынды, мамандығына деген сүйіспеншілігі артты, аздыкөпті педагогикалық тәжірибесі қалыптасты, өз қабілеттілігін жетілдіруге мүмкіндігі бар екендігін түсінді; екіншіден, өздерінің психикалық тұрғыдан қалыптасуына және де жұмысқа деген жауапкершілік сезімінің жоғарылуына әсер етті; үшіншіден, теориялық біліктіліктің практикалық нәтижеге жетуге маңыздылығын арттыруға және ынталануына себепші болды, практика барысында өздерін маман сезінді; төртіншіден, олардың коммуникативті дағдыларының қа-

лыптасуына және заманауи талаптарға сәйкес жұмыс істеуге, өз бетімен ізденіс жасауға бағыттады; бесіншіден, ПОҚ, группаластар арасында әлеуметтік қарым-қатынас нығайып, байланыс күшейе түсті.

Білім беру парадигмасының жеке тұлғаға бағытталуы, әр азаматтың бәсекеге қабілетті, жан-жақты жетілген маман болуы үшін оның талап-тілектерін, ерекшеліктерін ескере отырып қоғамның бірегей азаматын даярлау бүгінгі отандық білім беру жүйесінің жетекші идеясына айналды. Әр студент тек өз отбасы немесе тобының ғана емес, тұтас қоғамымыздың белсенді мүшесі екенін естен шығармауымыз қажет.

Сондықтан да, ЖОО-ғы әлеуметтік қарым-қатынастағы ең басты мәселе – студенттердің жеке басын сыйлап, тұлғалық құндылығын жоғалтпауға ықпал ету, шын мәнінде болашақтың тірегі болар өз ұлтының тірегі болар азамат екенін санасына құю.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Шерьязданова Х.Т. Психологические основы профессиональной подготовки педагогов дошкольного образования. Дисс. ... д-ра психол. наук. – Москва, 1999. – 307 с.
2. Тоқсанбаева Н.Қ. Қарым-қатынастың адам өміріндегі мәнін бірлескен іс-әрекет тұрғысынан қарау және оның бағыттары //ҚазҰУ Хабаршысы. Психология сериясы, 2011. №2 (37). – 15-19 б.
3. Amati V., Meggiolaro S., Rivellini G, Zaccarin S. Social relations and life satisfaction: the role of friends // Genus, 2018; 74(1): 7. Published online 2018 May 4. doi: 10.1186/s41118-018-0032-z. [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC5937874/
4. Успанова Д.К. Методологические подходы к исследованию проблемы измерения духовно-нравственных качеств студенческой молодежи //Қазақстанның ғылымы мен өмірі, 2018. №3 (58). – 385-388 б.
5. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – Москва: Политиздат, 1975. – 135 с. – Москва: Академия, 2005. – 152 с.
6. Асмолов А. Г. Психология личности: Принципы общепсихологического анализа. — М.: Смысл, 2001. — 416 с.
7. Umberson D., Montez J.K. Social relationships and health: a flashpoint for health policy //Journal of Health and Social Behavior, 2010;51 Suppl:S54-66. doi: 10.1177/0022146510383501 [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/20943583
8. Asendorf J.B., Willpers S. Personality effects on social relationships// Journal of Personality and Social Psychology, June 1998. 74(6):1531-1544. DOI: 10.1037/0022-3514.74.6.1531. Қолжетімділік режимі: https://www.researchgate.net/publication/232486422_Personality_effects_on_social_relationships
9. Дүйсенбаев А.Қ., Шаштығарин М.М. Студенттердің педагогикалық шеберлігін дамытудың танымдық негіздері //Қазақстанның ғылымы мен өмірі, 2018. №3 (58). – 33-35 б.
10. Наумов Г.Н., Городин В.Н. Роль студенческого научного кружка в формировании компетенций студентов по инфекционным болезням, эпидемиологии и микробиологии // Международный журнал экспериментального образования. – 2014. – № 10. – с. 222-224;
11. url: http://www.expeducation.ru/ru/article/view?id=6079
12. Евсеева И.Г. Роль научного кружка кафедры в формировании курсантами общекультурных и профессиональных компетенций //Международный научный журнал «Инновационная наука», 2016. - №7-8. – С. 140-143.
13. Қыдыршаев А., Төлегенова Д. Іскерлік шешендіктану қағидалары. – Орал, 2007. – 72 б.

УДК 517.968.7

Бакирова Эльмира Айнабековна
ф.-м.ғ.к., профессор м.а.
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ.

Агайдарова Айгерим Жаналикизи
Информатика мамандығының 2 курс магистранты
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ.,

АППРОКСИМАЦИЯЛАУШЫ ПАРАМЕТРІ БАР ИНТЕГРАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІ ҮШІН БАСҚАРУ ЕСЕБІНІҢ ШЕШІМІН ТАБУ

Түйін. Интегралдық-диф-ференциалдық теңдеулер жүйесі үшін сызықты екі нүктелі шеттік есеппен аппроксимацияланады. Алынған есепті шешу үшін параметрлеу әдісі қолданылады. Аппроксимацияланған есеп Фредгольм интегралдық-дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін арнайы Коши есебінен, шеттік шарты мен бөлу нүктелерінде шешімнің үздіксіздік шарттарынан тұратын пара-пар есепке келтіріледі. Параметрлерге қатысты алгебралық теңдеулер жүйесінің шешілімділігі терминінде аппроксимациялаушы есептің бірмәнді шешілімділігінің шарттары алынды.

Түйінді сөздер: параболалық тектес, интегралдық-дифференциалдық теңдеулер, сызықты шеттік есеп, параметрлеу әдісі

Резюме. Для интегрально-дифференциальных уравнений параболичес-кого типа (происхождения, рода) с параметрами изучается линейная краевая задача. С помощью дискретизации пространственной переменной для системы интегрально-дифференциальных уравнений с параметрами исследуемой задачи аппроксимируется с линейным двухточечным краем. Для решения полученной задачи используется метод параметризации. Аппроксимированная задача для системы интегрально-дифференциальных уравнений Фредгольма приводится к эквивалентной задаче состоящему из условий непрерывности решении краевых условий и точках разрыва за счет специальной задачи Коши. В терминах разрешимости системы алгебраических уравнений относительно параметров получены условия однозначного решения аппроксимирующей задачи.

Ключевые слова: интегрально-дифференциальные уравнения, параболического происхождения (типа, рода), линейная краевая задача, метод параметризации.

Summary. A linear boundary value problem is studied for integral-differential equations of parabolic type with parameters. Using the discretization of a spatial variable for a system of integral differential equations with parameters of the problem under study, it is approximated with a linear two-point edge. To solve the obtained problem, the parameterization method is used. The approximated problem for a system of Fredholm integral differential equations is presented to an equivalent problem consisting of continuity conditions, boundary conditions and discontinuity points due to a special Cauchy problem. In terms of the solvability of a system of algebraic equations with respect to parameters, the conditions for an unique solution of the approximating problem are gained.

Keywords: integral-differential equations, parabolic origin(type, provenience) linear boundary value problem, parametrization method

Параметрлері бар жәй дифференциалдық және интегралдық-дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін шеттік есептері мен параметрлерді идентификациялау есептері деп аталатын басқару есептері ақырғы онжылдықтарда көптеген зерттеулер жүргізілуде. Реакция-диффузиялық үдерістерді бейнелейтін модельдер параболалық тектес интегралдық-дифференциалдық теңдеулер үшін басқару есептеріне келтіріледі. Параболалық тектес интегралдық-дифференциалдық теңдеулермен бейнеленетін математикалық модельдердің параметрлерін идентификациялаудың сандық әдістерін қолдану үшін параметрлері бар есептердің шешімдерінің бар болуы, жалғыздығы және тұрақтылығы өте қажетті болып табылады. [В.Томе , И.Слоан, 1986, 10526, Канн Дж., және Ю.Лин, 1988, 187 б, Пани А., және Е.Петерсон, 1996, 10846, Лин Ю., 1998, 516, *Джанг Н., 1993, 1336, Яник Е., және Г.Файрьюзер, 1988, 785б* т.б.]

Бұл қарастырылып отырылған жұмыста параметрлері бар параболалық тектес интегралдық-дифференциалдық теңдеулер үшін сызықты шеттік есеп қарастырылды. Кеңістіктік айнымалыны дискретизациялау арқылы қарастырылып отырған есеп Фредгольм интегралдық-диффе-

ренциалдық теңдеулер жүйесі үшін параметрлері бар екі нүктелі шеттік есеппен аппроксимацияланады.

Қосымша параметрлерді қолдану арқылы алынған есеп Фредгольм интегралдық –дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін арнайы Коши есебінен, шеттік шарттардан және бөлу нүктелерде шешімнің үзіліссіздік ережелерінен тұратын пара-пар есепке айналдырылды. Фредгольм интегралдық-дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін арнайы Коши есебіне пара-пар интегралдық теңдеуді және интегралдық қосылғыштың өзегі аймағындағы қасиеттерін пайдалана отырып белгілі бір матрицаның қайтарымды болуын анықтап, енгізілген параметрлерге қатысты арнайы Коши есебінің шешімінің бейнесін ала аламыз. Осы кеіптемені еске ала отырып, шеттік шарттардың шешімнің үзіліссіздік шарттарынан, параметрге байланысты математикалық теңдеулер жүйесі пайда болады. [*Жұмабаев Д.С., Бакирова, Э.А., 2013, 1087б, Жұмабаев, Д.С., 2013. 736б*]

Параметрлерге байланысты матиматикалаық теңдеулер жүйесінің шешілімділігі терминінде қарастырылып отырған есептің бірмәнді шешілімділігінің шарттары тағайындалады. Параметрлері бар аппроксимацияланған екі нүктелі шеттік есептің шешілімділігі терминінде параболалық тектес интегралдық-дифференциалдық теңдеу үшін бастапқы есептің шешілімділігінің шарттары алынды.

Параметрлері бар параболалық тектес интегралдық-дифференциалдық теңдеулер үшін сызықты екі нүктелі шеттік есеп қарастырылады

$$\frac{\partial u}{\partial t}=a(x,t)\frac{\partial^2 u}{\partial x^2}+c(x,t)u+\int_0^T k(x,s)u(x,s)ds+b(x,t)\mu(x)+f(x,t),\ (x,t)\in\Omega=(0,\omega)\times(0,T) \qquad (1)$$

$$b_0(x)\mu(x)+b_1(x)u(x,0)+b_2(x)u(x,T)=\varphi_1(x),\qquad x\in[0,\omega], \qquad (2)$$

$$c_0(x)\mu(x)+c_1(x)u(x,0)+c_2(x)u(x,T)=\varphi_2(x),\qquad x\in[0,\omega], \qquad (3)$$

$$u(0,t)=\psi_1(t),\quad u(\omega,t)=\psi_2(t),\qquad t\in[0,T], \qquad (4)$$

мұндағы $u(x,t)$ – ізделінді функция, $\mu(x)$ - белгісіз функционалдық параметр, $a(x,t)\ge a_0>0$, $c(x,t)\le 0$, $k(x,t)$, $b(x,t)$, $f(x,t)$ функциялары t бойынша үзіліссіз және $\Omega-$да x бойынша Гельдер бойынша үзіліссіз; $b_k(x)$, $c_k(x)$, $k=\overline{0,2}$, $\varphi_1(x)$, $\varphi_2(x)$ функциялары $[0,\omega]$ кесіндісінде үзіліссіз; $\psi_1(x)$, $\psi_2(x)$ функциялары $[0,T]$ кесіндісінде үзіліссіз. Шекаралық функциялар жеткілікті дәрежеде тегіс және үйлестіру шарттарын қанағаттандырады деп болжанады.

$(u^*(x,t),\mu^*(x))$ функциялар жұбы (1)-(4) шеттік есебінің шешімі болып табылады, мұндағы $\Omega-$да үзіліссіз, t бойынша бірінші ретті үзіліссіз дербес туындысы бар $u^*(x,t)$, функциясы (1) интегралдық – дифференциалдық теңдеуді және (2) - (4) шеттік шарттарды $\mu(x)=\mu^*(x)$, $x\in[0,\omega]$ болғанда қанағаттандырады.

$\forall h>0$ алып және x бойынша дискретизация жүргіземіз: $x_i=ih$, $i=\overline{0,P}$, $Ph=\omega$.

Келесі белгілеулер еңгіземіз

$$u_i(t)=u(ih,t),\ \mu_i=\mu(ih),\ a_i(t)=a(ih,t),\ c_i(t)=c(ih,t),\ b_i(t)=b(ih,t),$$

$$k_i(t)=k(ih,t),\ f_i(t)=f(ih,t),\ b_{k,i}=b_k(ih),\ c_{k,i}=c_k(ih),\ k=\overline{0,2}$$

$$\varphi_{1,i}=\varphi_1(ih),\ \varphi_{2,i}=\varphi_2(ih),\ i=\overline{0,P}.$$

(1)-(4) есебін төмендегідей жәй дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін екінүктелі шеттік есеппен ауыстырамыз

$$\frac{du_i}{dt}=a_i(t)\frac{u_{i+1}-2u_i+u_{i-1}}{2h}+c_i(t)u_i+\int_0^T k_i(s)u_i(s)ds+b_i(t)\mu_i+f_i(t),\quad i=\overline{1,P-1}, \qquad (5)$$

$$b_{0i}\mu_i+b_{1,i}u_i(0)+b_{2,i}u_i(T)=\varphi_{1,i},\qquad i=\overline{0,P}, \qquad (6)$$

$$c_{0,i}\mu_i+c_{1,i}u(0)+c_{2,i}u_i(T)=\varphi_{2,i},\qquad i=\overline{0,P}, \qquad (7)$$

$$u_0(t)=\psi_1(t),\quad u_p(t)=\psi_2(t),\qquad t\in[0,T], \qquad (8)$$

(8) шартын ескере отырып, μ_0 және μ_p анықтау үшін (6), (7) шарттарынан екі теңдеулер тобын аламыз:

$$b_{00}\mu_0=\varphi_{1,0}-b_{1,0}\psi_1(0)-b_{2,0}\psi_1(T),$$
$$b_{0,P}\mu_P=\varphi_{1,P}-b_{1,P}\psi_2(0)-b_{2,P}\psi_2(T) \qquad (9)$$

$$c_{00}\mu_0 = \varphi_{2,0} - c_{1,0}\psi_1(0) - c_{2,0}\psi_1(T),$$
$$c_{0,P}\mu_P = \varphi_{2,P} - c_{1,P}\psi_2(0) - c_{2,P}\psi_2(T) \qquad (10)$$

Мұнда (9) және (10) теңдеулері сондай – ақ берілімдердің үйлестіру шарттары болып табылады. Бұл теңдеулерден μ_0 және μ_p мәндерін тауып алып, оларды (10) қатынасына қойсақ, (1) – (4) есебінің бастапқы берілімдерінің үйлестіру шарттарын аламыз. Және керісінше, (10) теңдеуінен μ_0 және μ_p мәндерін анықтап, оларды (9) қатынасына қойсақ, қайтадан (1) - (4) есебінің бастапқы берілімдерінің үйлестіру шарттарын аламыз.

Сонымен $u_0(t)$, $u_P(t)$ функциялары мен μ_0, μ_p параметрлері белгілі болып табылады.

Осыны ескере отырып, біз (5) – (8) есебін векторлы-матрицалық түрде жаза аламыз

$$\frac{du}{dt} = A(t)u + \int_0^T K(s)u(s)ds + B(t)\mu + f(t),\ u,\mu \in R^{P-1},\ t \in (0,T)\quad i = \overline{1,P-1}, \qquad (11)$$

$$B_0\mu + B_1u(0) + B_2u(T) = \Phi_1, \qquad \Phi_1 \in R^{P-1}, \qquad (12)$$

$$C_0\mu + C_1u(0) + C_2u(T) = \Phi_2, \qquad \Phi_2 \in R^{P-1}, \qquad (13)$$

мұнда $u(t) = (u_1(t), u_2(t), ..., u_{P-1}(t))'$, $\mu = (\mu_1, \mu_2, ..., \mu_{p-1})'$ – белгіссіз функция және параметр, параметр,

$$A(t) = \begin{pmatrix} -\frac{2a_1(t)}{h^2} + c_1(t) & \frac{a_1(t)}{h^2} & 0 & ... & 0 & 0 & 0 \\ \frac{a_1(t)}{h^2} & -\frac{2a_2(t)}{h^2} + c_2(t) & \frac{a_2(t)}{h^2} & .... & 0 & 0 & 0 \\ 0 & \frac{a_1(t)}{h^2} & -\frac{2a_3(t)}{h^2} + c_3(t) & ... & 0 & 0 & 0 \\ ... & ... & ... & ... & ... & ... & ... \\ 0 & 0 & 0 & ... & 0 & \frac{a_{P-1}(t)}{h^2} & -\frac{2a_{P-1}(t)}{h^2} + c_{P-1}(t) \end{pmatrix},$$

$$K(s) = diag\{k_1(s), k_2(s), ..., k_{P-1}(s)\}, \qquad B(t) = diag\{b_1(t), b_2(t), ..., b_{P-1}(t)\},$$

$$f(t) = \left(\frac{a_1(t)}{h^2}\psi_1(t) + f_1(t), f_2(t), ..., \frac{a_{P-1}(t)}{h^2}\psi_2(t) + f_{P-1}(t)\right)',$$

$$B_i = diag\{b_{i,1}, b_{i,2}, ..., b_{i,P-1}\},\ C_i = diag\{c_{i,1}, c_{i,2}, ..., c_{i,P-1}\},\ i = 0,1,2,$$

$$\Phi_1 = (\varphi_{1,1}(t), \varphi_{1,2}(t), ..., \varphi_{1,P-1}(t))',\ \Phi_2 = (\varphi_{2,1}(t), \varphi_{2,2}(t), ..., \varphi_{2,P-1}(t))'.$$

Мұнда $(P-1)\times(P-1)$ – өлшемді $A(t)$, $B(t)$, $K(s)$ матрицалары және $(P-1)$ - өлшемді $f(t)$ векторы $[0,T]$ кесіндісінде үзіліссіз, $(P-1)\times(P-1)$- өлшемді B_1, C_i матрицалары тұрақты матрицалар, $i = 0,1,2$, $\|u\| = \max_{i=1,P-1}|u_i|$.

$(u^*(t), \mu^*)$ жұбын (11) – (13) есептің шешімі деп айтамыз, мұндағы $[0,T]$ кесіндісінде үзіліссіз және $(0,T)$ интервалында үзіліссіз дифференциалданатын $u^*(t)$ функциясы $\mu = \mu^*$ болғанда (11) интегралдық – дифференциалдық теңдеуін және (12), (13) шеттік шарттарын қанағаттандыратын.

(11)-(13) параметрі бар есепті шешу үшін, *Жұмабаев Д.С.* Фредгольм интегро-дифференциалдық теңдеулер үшін сызықтық шекаралық есептерді шешудің бір тәсілі туралы [*Жұмабаев, Д.С.,* 2016, 342б] жұмысындағы жасалған параметрлеу әдісінің алгоритмдері мен Коши есептерін шешудің сандық әдістеріне негізделген тәсіл қолданылады.

Әдіс сүлбесі. $t_0 = 0 < t_1 < ... < t_{N+1} < t_N = T$ нүктелері алынады және $[0,T)$ интервалын N ішкі интервалдарға бөлу жүргізіледі: $[0,T) = \bigcup_{r=1}^{N}[t_{r-1}, t_r)$, оны Δ_N деп белгілейміз [Жұмабаев Д.С., 2013, 736 б].

$u(t)$ функциясының $[t_{r-1},t_r)$ интервалына сығылуын $x_r(t)$ деп белгілейік, яғни $u_r(t)=u(t),\ t\in[t_{r-1},t_r),\ r=\overline{1,N}$.

$C([0,T],R^{P-1})$ кеңістігі - $[0,T]$ кеңістігінде үзіліссіз $u:[0,T]\to R^{P-1}$ функцияларының кеңістігі делік, нормасы $\|u\|=\max\limits_{t\in[0,T]}\|u(t)\|$; $\left(C[0.T],\Delta_N,R^{(P-1)N}\right)-u[t]=(u_1(t),u_2(t),...,u_N(t))$ функциялар жүйесінің кеңістігі, мұндағы $u_r:[t_{r-1},t_r)\to R^n$, $[t_{r-1},t_r)$- да үзіліссіз және ақырлы сол жақ шегі бар $\lim\limits_{t\to t_r-0}u_r(t),\ r=\overline{1.N}$, нормасы $\|u[\square]\|_2=\max\limits_{r=1.N}\sup\limits_{t\in[t_{r-1},t)}\|u_r(t)\|$.

$\lambda_r=u_r(t_{r-1})$ және $\lambda_{N+1}=\mu$ қосымша параметрлері енгізіліп, әрбір $[t_{r-1},t_r)$ интервалында $u_r(t)$ функциясының келесі ауыстырулары жасалады:

$u_r(t)=z_r(t)+\lambda_r, t\in[t_{r-1},t_r),\ r=\overline{1,N}$, және $\mu=\lambda_{N+1}$

(11)-(13) есебі параметрлері бар сызықты шеттік есепке келтіріледі

$$\frac{dz_r}{dt}=A(t)(z_r+\lambda_r)+\sum_{j=1}^{N}\int_{j-1}^{j}K(s)(z_j(s)+\lambda_j)ds+B(t)\lambda_{N+1}+f(t),\ t\in[t_{r-1},t_r),\qquad(14)$$

$$z_r(t_{r-1})=0,\ r=\overline{1,N},\qquad(15)$$

$$B_0\lambda_{N+1}+B_1\lambda_1+B_2\lim_{t\to T-0}z_N(t)+B_2\lambda_N=\Phi_1,\qquad(16)$$

$$C_0\lambda_{N+1}+C_1\lambda_1+C_2\lim_{t\to T-0}z_N(t)+C_2\lambda_N=\Phi_2,\qquad(17)$$

$$\lambda_s+\lim_{t\to t_s-0}z_s(t)=\lambda_{s+1},\ s=\overline{1,N-1},\qquad(18)$$

мұндағы (18) қатынасы ізделінді функцияның $[0,T]$ кесіндісінің бөлу нүктелеріндегі жасғастыру шарты болып табылады.

(18) қатынасы мен (14) интегралдық-дифференциалдық теңдеулері осы нүктелердегі шешімнің туындыларының үзіліссіздігін қамтамасыз ететінін көреміз.

(14)-(18) параметрі бар есептің шешімі деп $(z^*[t],\lambda^*)$ жұбын айтамыз, мұнда $[t_{r-1},t_r)$-да үзіліссіз дифференциалданатын $z_r^*(t)$ компоненті бар $z^*[t]=(z_1^*(t),z_2^*(t),...,z_N^*(t))\in C([0,T],\Delta_N,R^{(P-1)N})$ функциясы және $\lambda^*=(\lambda_1^*,\lambda_2^*,...,\lambda_N^*,\lambda_{N+1}^*)\in R^{(P-1)(N+1)}$ параметрі бар (14) интегралдық – дифференциалдық теңдеуін, (15) бастапқы шартын, (16)-(18) қатынастарын $\lambda_j=\lambda_j^*,\ j=\overline{1,N+1}$ болғанда қанағаттандырады.

Егер $(u^*(t),\mu^*)$ жұбы (11)-(13) есебінің шешімі болса, онда $(z^*[t],\lambda^*)$ жұбы, мұндағы

$z^*[t]=(z_1^*(t),z_2^*(t),...,z_N^*(t))\in C([0,T],\Delta_N,R^{(P-1)N})$, $\lambda^*=(\lambda_1^*,\lambda_2^*,...,\lambda_N^*,\lambda_{N+1}^*)\in R^{(P-1)(N+1)}$, $\lambda^*{}_r=u^*{}_r(t_{r-1})$, $z^*{}_r(t)=u^*{}_r(t)+u_r^*(t_{r-1}),\ t\in[t_{r-1},t_r),\ r=\overline{1,N},\lambda_{N+1}^*=\mu^*\in R^{P-1}$, (14)-(18) есебінің шешімі болады. Және керісінше, егер $(\tilde z[t],\tilde\lambda)$ жұбы, мұндағы $\tilde z[t]=(\tilde z_1(t),\tilde z_2(t),...,\tilde z_N(t),)\in C([0,T],\Delta_N,R^{(P-1)N})$, $\tilde\lambda=(\tilde\lambda_1,\tilde\lambda_1,...,\tilde\lambda_N,\tilde\lambda_{N+1})\in R^{(P-1)(N+1)}$, (14)-(18) есебінің шешімі болса, онда $\tilde u(t)=\tilde z_r(t)+\tilde\lambda_r, t\in[t_{r-1},t_r),\ r=\overline{1,N}$, $\tilde u(T)=\lim\limits_{t\to T-0}\tilde z_N(t)+\tilde\lambda_N$, $\tilde\mu=\tilde\lambda_{N+1}(\tilde u(t),\tilde\mu)$ жұбы (11)-(13) бастапқы есебінің шешімі болады.

Монтессори құру алдында тұрған міндет «ең алдымен бұзушылықтарды жою, үлкен және елеулі олқылықтарды толтыру міндеті болып табылады. Негізгі мақсат адам тұлғасының құндылықтарын іске асыру және адамзаттың дамуы болуы тиіс». Біздің білім беру жүйесі Мария Монтессори қалыптастырған көптеген идеяларды біріктіреді. Кішкентай орындықтар, үстелдер және басқа да жиһаз бастауыш мектептің балабақшалары мен сыныптарында қолданылады. Балаға бағытталған тәсіл мектептерде жалпы қабылданған тәсіл болып табылады. Біздің мұғалімдер балалардың білім базасындағы бос орындарды үнемі толтыруға тырысады. Балаларды күніне екі рет үзіліс жасауға жібереді және түскі үзілістен кейін таза ауада міндетті түрде уақыт өткізеді. Қозғалыс немесе дене шынықтыру балаларды оқытудың міндетті бөлігі болып табылады. Мектепке дейінгі және бастауыш сыныптарда оқуға арналған кілемдер бар.

«Оқыту ортасы барлық оқушылардың ойлау әдістері мен тәжірибесін бағалауы және құрметтеуі тиіс, оқушылар өздерін жайлы сезінуі үшін, зияткерлік қауіп-қатерлерді қабылдай отырып, сұрақтар қойып, гипотезалар қоя отырып». Біздің білім беру жүйесі көптеген өзгерістерге ұшыраса да, ол әлі де көптеген салаларда жетіспейді. Мысалы, кейбір балалар қалай оқуға болатынын білмейді және көмек сұрай алмайды. Балалармен қарым-қатынас көп жұмыс талап етеді, ал тәртіп әлі де алаңдаушылық тудырады. Мүмкін, біз жағдайды қалай өзгертуге болатынын түсіну үшін Монтессори оқыту әдісіне қарап, әдістемені өзімізге көмекке ала аламыз. Кез келген жағдайда, егер біз білім беру жүйесін және ол арқылы біздің қоғамымызды жақсартқымыз келсе, қосымша өзгерістер енгізу қажет. Біздің балалар-бұл әркім мойындауы тиіс біздің болашағымыз. Мария Монтессори айтқандай, «Интеллект, тең-дестірілген тұлға және біртұтас организм ретінде бүкіл адамзаттың бірлігі-адамның байлығы. Сондықтан бүгінгі күні адамның ұлылығын мойындау үшін адамға әкелетін білім қажет».

Монтессори оқытушысы жеке сабақтар немесе шағын топтарда сабақтар өткізуге және үлкен топтарда сабақтар өткізуге аз уақыт жұмсауға үйретілген. Сабақтар қысқа және дәл, олар өз бетінше оқуға болатын балалардың ақыл-ойын алдын алуға арналған. Монтессори сабақтары балаларға жұмысты орындау үшін қажетті ең негізгі ақпараттың айналасында шоғырланған: материалдардың атауы, оларды сыныпта және сөреде табуға болады, материалдарды қалай пайдалануға болады және олармен не істеуге болады.

Мария Монтессори еркіндігі біз баланы өз бетінше не істегіміз келеді дегенді білдірмейді, керісінше, біз баланың «қалыпты» дамуына кедергі келтіруі мүмкін барлық кедергілерді жоюымыз керек дегенді білдіреді. Монтессори ортасында ересек адам балаға қандай іс-әрекетті орындау керектігін білдірмейді, бірақ еркіндік баланың дайындалған ортада іс-әрекетті таңдауда еркін екенін білдіреді. Бұл сондай-ақ бала осы дайындалған ортада жұмыс істейтін орынды еркін таңдай алады дегенді білдіреді. Балалар «Балалар үйінде» жұмыс істеген кезде, мысалы, орындықта кішкентай үстел үстінде отыруға немесе өзінің жұмыс кеңістігі үшін кілем жабынын пайдалануға таңдау болды. Монтессори ортасындағы ересек адам бала үшін қызметте өзгерістерді жоспарламайды, бірақ бала қанша уақыт талап етілетініне қарамастан, оны аяқтағанға дейін жұмыс істеуге, сондай-ақ бала оны қажет деп санағанша әрекетті сонша рет қайталауға еркіндік береді. Монтессори ортасындағы еркіндік, сондай-ақ бала айнала еркін жүріп, жаңа «белсенділікке» ие болатынын білдіреді.

Монтессори үшін білім беру еркіндігі өте маңызды болды, өйткені бала толық ересек адамда дамуы және оның қоғамда орын алуына мүмкіндігі болуы тиіс. Ол былай деп жазған: «Білім жеке тұлғаның дамуына да, қоғамның дамуына да ықпал етуі керек. Егер индивидуум байқауларда қалай үйреніп жүрсе, қоғам дами алмайды».

Монтессори мұғалімдері балалардың ғылыми бақылаушылары болып табылады. Олар жақсы немесе жаман жұмыс үшін марапаттар мен жазалаудан аулақ. Монтессори мұғалімдері ешқашан сынамайды және баланың жұмысына араласпайды. Тек сенімді жағдайда баланың жеке басы өсе алады. Балалар өз қызметін еркін таңдауға және өзін шектеусіз ұстай білуге тиіс. Доктор Монтессори бұл нақты жұмыс деп санайды және бала өзінің шынайы табиғатын толық назар аударуды қажет ететін жұмыс тауып болғаннан кейін ашады.

Мұғалім қоршаған ортаны сақтаушы және сақтаушы болады. Ол балалардың алаңдауына алаңдатудың орнына оған қамқорлық... Барлық аппарат таза, әдемі және жарқын, мінсіз жағдайда ретке келтірілуі тиіс... Бұл мұғалім болуы керек дегенді білдіреді ... таза және тыныш және лайықты... Сондықтан мұғалімнің бірінші міндеті - қоршаған ортаны қадағалау, және бұл барлық басқалардан басымдыққа ие. Оның әсері жанама болып табылады, бірақ егер ол жақсы істемесе, кез келген түрдегі тиімді және тұрақты нәтижелері жоқ, физикалық, зияткерлік немесе рухани.

Мұғалімі тиіс ... балаларды қызықтыру ... Мұғалім бұл бірінші кезеңде, өзін-өзі танығанға дейін, барлығын өзінің жылуымен жігерлендіретін,

жандандыратын және шақыратын жалынға ұқсауы тиіс. Ол әлі басталған жоқ, өйткені ол маңызды психикалық процесті үзеді деп қорқудың қажеті жоқ. Концентрация болғанға дейін, [Монтессори-мұғалім] ол ең жақсы деп ойлайды не одан да аз істей алады; егер ол қажет деп тапса, ол балалардың қызметіне араласуы мүмкін. .. Ол әңгімелерді айта алады, ойындар мен ән айту, балалар өлеңдері мен тақпақтарын қолдана алады. Балаларды сүю қабілеті бар мұғалім оларды әртүрлі жаттығуларды орындауға мәжбүрлеуі мүмкін, олар білім беруде үлкен маңызы жоқ болса да, оларды тыныштандыруға пайдалы. Барлығы тірімұғалім зеріктіретін мұғалімнен артық тартатынын біледі, егер тырысса, біз барлығы тірі бола аламыз ... Егер осы кезеңде басқаларды үнемі тітіркендіретін қандай да бір бала болса, онда ең қолайлы, не істеу керек, оны тоқтату ... .ағынын бұзатын дабыл қызметі. Үзу кез келген түрдегі балауыз түрін немесе мазасыз балаға ерекше және нәзік қызығушылық таныта алады.

Ақырында, балалар бір нәрсе қызықтыра бастағанда пайда болады: әдетте практикалық өмір жаттығуларында тәжірибе балалардың сенсорлық және мәдени аппараттарды одан пайда алуға дайын болмас бұрын беру пайдасыз және зиянды екендігін көрсетеді. Материалдың бұл түрін енгізбес бұрын, балалар бір нәрсеге шоғырлану қабілетін сатып алғанша күте тұру керек ... бұл практикалық өмір жаттығуларымен жүреді. Бала олардың біріне қызығушылық таныта бастағанда, мұғалім оны үзбеуі тиіс, себебі бұл қызығушылық табиғи заңға сәйкес келеді және жаңа іс-әрекеттердің тұтас циклын ашады ... Енді мұғалім барынша сақ болу керек. Араласпау-бұл ештеңе араласпайды. Бұл мұғалім жиі емес, сәт. Осы уақытқа дейін өте қиын болған бала жұмысқа шоғырланады... Құйрық, көмек немесе тіпті көзқарас оны тоқтату немесе сабақты бұзу үшін жеткілікті болуы мүмкін. Бұл біртүрлі көрінеді, бірақ бұл бала оны байқайтынын түсінсе де болуы мүмкін. ,,, Мұғалімге табыс әкелетін ұлы принцип мынада: шоғырлану басталғаннан кейін, бала жоқ сияқты әрекет етіңіз ... Мұғалімнің міндеті-жаңа нәрселерді тек бала бұрын пайдаланған адамдардың барлық мүмкіндіктерін сарқған кезде ғана көрсету. [3, Сумнительный К. Е., 21 б.]

«Жиі тәжірибесіз оқытушылар сабақ беруге үлкен мән береді және олар материалдардың маңызды қолданылуын көрсеткенде қажеттінің бәрін жасады деп санайды. Іс жүзінде олар шындықтан алыс, өйткені мұғалімнің жұмысы әлдеқайда маңызды. Оған бала рухының дамуын бағыттау міндеті жүктеледі, сондықтан баланы бақылау оның түсінігімен ғана шектелмеуі тиіс. Оның барлық бақылаулары соңында пайда болуы керек-бұл олардың жалғыз ақталуы - оның балаға көмектесу қабілетіне», - деп Мария Монтессори.

Балаларға арнайы білім беру үшін жеке білім беру бағдарламалары бүгін өте кең таралған. Мысалы, сабақтар мен оқу бағдарламалары балалардың қажеттіліктеріне арнайы білім беруге бейімделген. Бұл бағдарламалар оқушыларының арнайы оқу құралдары бар, олар оларға сыныпқа жақсы кіруге және білім беру талаптарын орындауға көмектеседі. Арнайы білімі бар студенттер арнайы ресурстар оқытушысынан көбірек көмек ала алатын арнайы қор бөлмелері бар. Бұл бөлме, сондай-ақ оларға орын бола алады, онда олар әдеттегі сынып тыс жұмыс істей алады.

Монтессори әдісі – антропологиялық негізде болғандықтан, баланың еркін құбылыстарын тереңдетіп, бөлшектеп оқытады. Сондықтан Монтессори жазуын «өз бетінше жазу әдісі» деп атайды. Балаға қолын дамыту мен жазу құралдарымен (қалам, қарындаш, қылқалам) жұмыс жасауды үйрете отырып, оған әуелі моторлы түрде сосын әріптердің жазылуын саналы түсінуді үйретсек, бала өз бетінше жазу тілін меңгере алатын болады.[4, Монтессори М. Мұғалімді дайындау: ағыл. аудар. Дичковская И.]

Монтессори-мектептердегі балалар өзіне қамқорлық жасап, осылайша ересектерден тәуелсіз болуға үйренеді. Мысалы, кішкентай балалар киінуді және шешінуді үйренді. Олар өздерінің көшедегі киімдерін ілгек, олар қабырғаға орналастырылған, олардың қол жетімділігі шегінде. Кішкентай қолжуғыштар, сондай-ақ балалардың қолдарын жуып, шаштарын тарқатуы үшін қол жетімді болды.

Мария Монтессори өзінің балалармен жұмыс істеу әдісін ғылыми педагогика әдісімен атады. Ол кез келген практикалық әрекеттер, теориялар, мәнді бағалау үлгілері, ең алдымен, дамып келе жатқан адам туралы іргелі білімдерге, адам өмірінің антропологиясына құрылуы мүмкін деп есептеді.[5, Хилтунен Елена, 6 б.]

Доктор Монтессори қолдар адамдар үшін аса маңызды деп санады. Бала «өзін өз қозғалыстарымен, қолдарымен дамытады, оған жұмыс істей алатын, оның қызметінің уәждемесін қамтамасыз ететін объектілер қажет». Мария Монтессори оқу мақсатында ойыншықтарды пайдаланбады; балалар үйінде оқыту нағыз ыдыспен жүрді. Ол шынайы ыдыс - аяқ пен арнайы оқуға арналған заттарды пайдалана отырып, баланың жұмысы болды, оның арқасында ол ересек адамға айналады деп ойлады.

Енді біз Мария Монтессори айтқан екі факторды іске асыра отырып, оны кеңейтуіміз керек; біз бұл балаларға осы дайындалған ортада оқытуды зерттеу үшін дайындалған ортаны қамтамасыз етуіміз керек. Біз оларға оқуға көмектесетін көптеген, мұқият ойластырылған іс-әрекеттермен толтырылған бөлмені және әрбір қызмет түрімен жұмыс істегісі келген кезде және әрбір қызмет түрімен жұмыс істегісі келетіндерді таң-

дау еркіндігін беруіміз керек.

Доктор Монтессоридің жұмысы соңғы жүз жылда кішкентай балаларға ғана емес, сонымен қатар ересектер мен қарт адамдардың ерекше қажеттіліктеріне әсер етті. Мысалы, Монтессорибис деменция бағдарламасы қарт адамдарға деменцияны жеңуге көмек көрсетудің инновациялық бағдарламасы ретінде зерттеледі.

Қорытындылай келе, Монтессори әдістемесі білім беру жүйесі рөлінде ғылыми рух зияткерлік, азаматтық, әлеуметтік және білім беру міндеттемесі болып табылатын оқытушы үшін тамаша құрал болып табылады. Дені сау балалар үшін Монтессори-педагогика дамытушы, ал қандай да бір ауытқулары бар балалар үшін терапевтік болып табылады. Негізгі емдік құрал-атмосфера, бала бақшаның рухы, жағдай, дамытушы орта және педагог тұлға.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Буторина М., Хилтунен Е. / М. Монтессори педагогикасы: дәріс курсы. – 1-2 Бөлім. – М., 1992.
2. Paula Polk Lillard / Montessori, Maria. The Educate the Human Potential. Oxford: Clio Press, 2003.
3. Сумнительный К. Е. // Педагогикалық жүйе. М. Монтессори // Ана мен бала. – 2014. - №9.
4. Монтессори М. Мұғалімді дайындау: // ағыл. аудар. Дичковская И. Альманах «МАМА»: аймақаралық альтернативті Монтессори-ассоциацияның ғылыми-әдістемелік басылымы. – 1 Шығару. – М., 2014
5. Хилтунен Елена / Мария Монтессори әдісі бойынша балаларды тәрбиелеу. – М., АСТ, 2018.

УДК 37:016:53

Дәрібай Жаңылсын Жылқайдарқызы
7М015-Физика мамандығы магистранты,
Физика кафедрасы,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан, Түркістан,
janilsin_95@mail.ru

Баймаханова Айгерим Саттарқызы
магистр-оқытушы,
Компьютерлік ғылымдар кафедрасы,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан, Түркістан,
aigerimka01@mail.ru

ФИЗИКАДАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ: ФОРМАЛАРЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ МАҚСАТЫ

Түйіндеме. Оқу процесінде қолданылатын белсенді және интерактивті оқытудың негізгі әдістері келтірілген. Оқу іс-әрекетіндегі әр әдістің рөлі мен орнын түсінуге мүмкіндік беретін белсенді оқыту әдістерінің классификациясы келтірілген. Физиканы оқыту сабақтарының әртүрлі түрлерінде белсенді әдістерді қолдану ерекшелігі анықталған. Физиканы оқытуда оларды қолдану тиімділігін бағалаудың мақсаттары мен әдістері сипатталған.

Кілтті сөздер: оқытудың белсенді және интерактивті әдістері, компьютерлік модельдеу, кейстер, іскери ойындар

Аннотация. Представлены основные методы активного и интерактивного обучения, используемые в образовательном процессе. Дана классификация активных методов обучения, позволяющая понять роль и место каждого метода в учебной деятельности. Определена специфика использования активных методов в разных видах учебных занятий по физике. Описаны цели и способы оценки эффективности их использования в преподавании физики.

Ключевые слова: активные и интерактивные методы обучения, компьютерное моделирование, кейс-стади, деловые игры

Summary. The basic methods of active and interactive learning used in the educational process are presented. The classification of active teaching methods is given, which allows to understand the role and place of each method in educational activities. The specifics of the use of active methods in different types of physics training classes is determined. The goals and methods for assessing the effectiveness of their use in teaching physics are described.

Keywords: active and interactive teaching methods, computer modeling, case studies, business games

Оқытудың белсенді әдістерінің рөлі мен орны қазіргі білім парадигмасында нақты анықталған. Бүгінгі таңда оқытудың белсенді әдістері кезкелген оқытушыға белгілі, оларды қолдану қажеттілігіне, тиімділігіне қатысты еңбектер көп зерделенген.

Оқытудың «белсенді» және «интерактивті» әдістері ұғымдары синонимдер ретінде жиі қолданылады, олардың мазмұны бірдей, ал басты айырмашылық «белсенділік деңгейі» болып табылады.

Оқытудың белсенді әдістері - студенттердің ізденушілік танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін ояту, «білу», «қабілеттілік» және «меңгеру» деңгейінде құзіреттіліктердің қалыптасуына ықпал ететін педагогикалық ықпалдың тәсілдері.

Интерактивті («Интер» - өзара, «акт» - әрекет дегенді білдіреді) - өзара әрекеттесуді, сөйлесу режимінде, біреумен сұхбаттасуды білдіреді. Басқаша айтқанда, белсенді әдістерден айырмашылығы, интерактивті әдістер студенттердің тек мұғаліммен ғана емес, сонымен бірге бір-бірімен кең өзара әрекеттесуіне бағытталған [Нижневартовск ГУ, 2014, 155 б].

Оқыту - тәжірибе, байқау, рефлексия және белсенді эксперимент қолдану арқылы жүзеге асатыны белгілі.

Зерттеушілер білімнің келесі түрлерін анықтады:

- біліммен таныстыру (студент теориямен таныс, бірақ оны қалай қолдануды білмейді);
- білімді жаңғырту (білімді жеткізе алады, бірақ практикада қиындық тудырады);
- білім шеберлік (практикалық есептерді шеше алу дағдысын игереді);
- білімнің жаңғыруы (жаңа білім алып, оны практикалық іс-әрекетке іске асыра алады).

Әрине, оқытудың негізгі мақсаты - алған білімдерін практикада қолдана білу. Өткен ғасырдың 60-жылдарында Эдгар Дейл студенттерге бірдей білім берген әр түрлі жолдармен нақты іс-әрекетке еліктеу материалдың 90% меңгеруге болатындығын дәлелдеді.

Белсенді әдістер оқу үдерісіне жаңа тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беретін эксперимент элементін енгізуге арналған. Белсенді әдістерді қолдану мұғалімдерді психологиялық, педагогикалық және технологиялық тұрғыдан арнайы даярлауды қамтамасыз етеді.

Белсенді оқыту әдістері көмегімен жұмысты ұйымдастыруда қолдану үшін қажет ережелерге мыналар кіреді:

- барлық студенттерді топтық жұмыстарға тарту;
- қатысушылардың оңтайлы құрамы;
- мұғалімнің психологиялық қолдауы;
- ортаны ұйымдастыру;
- топтарға бөлу (жұмыстың басында - еркін бөлу, содан кейін кездейсоқ іріктеу қолданылады).

Белсенді оқыту әдістері түрлері мен формаларын (дәріс, практика, лабораториялық, кеңестер, ғылыми семинарлар, аудиториядан тыс студенттердің өзіндік жұмыстары, СӨЖ, СОӨЖ және т.б.) қарастырсақ.

Дәрістер - «түсінік беру», семинарлар - «білу» деңгейін қалыптастырады, практикалық жаттығулар - «жасай алу» деңгейін, тәжірибе шеберлікті қалыптастырады. Белсенді оқыту әдістер түрлеріне келетін болсақ, олардың қолданылуы өте кең.

Дәстүрлі түрде оқытудың белсенді әдістеріне дәрістер, топтық дискуссиялар, іскерлік ойындар, кейс-стадиялар және т.с. жатады.

Зерттеуші-ғалымдар студенттердің өзгеретін құндылықтарын, олардың уәждемесі мен қоғам дамуының ерекшеліктерін ескере отырып, белсенді әдістердің жаңа түрлерін қарастыруда. Ал, дәрістің дәстүрлі түрлеріне кіріспе, жалпы тақырып, шолу, әдістемелік, жалпылау және т.б. жатқызуға болады.

Белсенді әрекеттесу элементтеріне визуалды дәріс және миға шабуыл, проблемалық, конференция форматындағы дәрістер кіреді.

Визуалды дәріс: Физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды оқытудың техникалық құралдары және аудио-видеотехника көмегімен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы дәріс материалдарын визуальды формада беру. Дәрістің бұл түрінде біз авторлық «Физикалық құбылыстар» атты электрондық оқулығын қолдандық.

Сонымен қатар визуальдық дәрісте Интернет желісін қолданып тақырыпқа байланысты мәселелер сабақтың барысында талданады. Бұл Интернет сайттары арқылы студенттердің ары қарай өзіндік жұмыс жасауына мүмкіндік жасалынады. Сабақтың барысында қолданылған web сайттар:

Сайт «Интернет желісінде Физика» (http://www.estnauch. 213 09.edusite.ru/p3 8aal .html) [140].

«Интернет желісінде Физика» (http://fim.samara.ws/7section)[141].

Сайт «Физика Анимация» (www.infoline.ru/g23/5495/physics.htm)[142].

«Тірі Физика» (http://www.int-edu.ru/obiect.php?ml=3&m2=2&id=202)[143].

Физика. (http://phvsics.5ballov.ru/histor.htm) [144].

Миға шабуыл әдісі: (А.Осборн) және оның танымал модификациялары барлық белсенді оқыту әдістерінің арасында анағұрлым дамыған. Ол белгіленген тапсырманы шешу амалдарын іздестіру үдерісінде көптеген идеялардың арасынан жіктеу жасауға мүмкіндік береді.

Миға шабуыл дәрісі: немесе бұл дәріс түрін «топтық пікір-талас дәрісі деп атауға да болады. Дәрістің бұл түрінде біз студенттердің алдына пәні бойынша шешімі табылуға тиісті мәселелерді қойдық. Студенттер бұл мәселені шешу үшін өз пікірлерін білдіріп отырады. Мұнан соң студенттердің айтқан ойларын оқытушының көмегімен талқыланады. Миға шабуылдың негізгі ережесі – студенттерге кез келген идеяны айтуға, тіпті мәнсіз-мағынасыз болса да рұхсат беріледі. Миға шабуыл кезінде айтылған идеяларды тоқтатуға, сынауға болмайды. Біз бұл әдісті шолу және қорытынды дәрісларда, жаңа материалды мәселе жолымен беру кезінде қолдандық. Миға шабуыл дәрістері студенттердің ойлау қабілетін, тапқырлық қасиетін арттырады.

Проблемалық дәріс: дәрістің бұл түрінде жаңа білім мәселелік жағдайлар, жаңа материалға байланысты сұрақтар - мәселелер арқылы беріледі. Осы мәселелерді шешудің жолдарын студенттер баяндайды. Олардың жауаптары оқытушы тарапынан бақыланады. Дәрісте студенттердің белсенділігін көтеру қиын, тек бірыңғай тыңдау оларды жалықтырады. Оған оқытушы күшті дайындалуы керек, оны ірі ғалым - мамандардың оқығаны жөн, оны проблемалық формада құра білу тиімді, оның көрнекілік жағы да тартымды болуы тиіс. Бұл үшін ақпараттық технологиялар көмегімен (кинодәріс, телевизиялық дәрістер, анимациялар, тірек-сызба, графиктер т.б) дәріс түрінде өткізу маңызды болады [79].

Конференция дәрісі: жаңа тақырып бойынша алдын ала қойылған проблемалық мәселесі және ұзақтығы 5-10 мин болатын баяндамалар жүйесі бар ғылыми практикалық сабақтар ретінде жүргізіледі. Әр-бір баяндаушы логикалық аяқталған ойын ұсынады, ол оқытушы алдын ала ұсынған бағдарламаға сай болады. Дәрістің бұл түрінің соңында оқытушы студенттердің өз бетінше атқарған жұмысы мен баяндамасына баға береді, негізгі қорытындысын жасайды.

Пікірталастардың түрлері, олар: көп деңгейлі пікірталастар, пікірсайыс, пікірталас-рейтинг, дөңгелек үстелдер, сарапшылар тобының отырыстары, аквариум техникасындағы пікірталастар болып қарастырылады.

Кейс-стади көптеген салаларда кеңінен таралуда (білім беру, басқару). Бұл әдіс Гарвард университетінде 1924 жылы нақты экономикалық және әлеуметтік жағдайларды қолданатын оқыту әдісі ретінде дүниеге келді.

Барлық істерді үш үлкен топқа бөлуге болады:

- нақты дағдыларды тексеру;
- көзқарастарды тексеру;
- мінез-құлық пен тұлғалық ерекшеліктерін тексеру.

Белсенді оқыту әдістерінің ажырамас бөлігі әртүрлі **тренингтер** болып табылады. Оларды қолдану қарапайымдылығына қарамастан, әдіс Курт Левиннің идеяларына негізделген және ол мұғалімнен топты жетілдірудің теориялық негіздерін біліп, оны басқара білуді талап етеді. Ойынның барлық түрлері белсенді оқыту әдістерінің құрылымында ерекше орын алады.

Іскерлік ойын түрлеріне модельдеу, басқарушылық, зерттеу, ұйымдастырушылық, белсенділік, метафоралық, рөлдік және т.б. жатады.

Іскерлік ойын (CI) кәсіби қызметтің объективті және әлеуметтік мазмұнын қайта құру нысаны ретінде түсіндіріледі.

Дидактикалық ойындар қызықты тапсырмаларды, жарыс элементтерін қосуды, «Психологиялық-педагогикалық» немесе «Физикалық лото» сияқты үлестірмелерді қамтиды және күрделі материалды зерттеуден зейін қою үшін көмекші әдіс ретінде қолданыла алады.

Іскерлік ойындарды қолдану кезінде туындауы мүмкін кейбір проблемаларды атап өткен жөн:

- ойын барысында жеке қарым-қатынасқа көшу мүмкіндігі;
- ойын барысында туындаған қақтығыстар нақты өмірге ауысуы мүмкін;
- ойын жағдайларын кейбір жеке мәселелерді шешуге қолдануға болады;
- мұғалімнің психологиялық тұрғыдан қатынасы студенттер мен басқаларға қиындық туғызуы мүмкін [Дудченко В.].

Оқытудың маңызды міндеттерінің бірі - студенттердің шығармашылық әлеуетін ашу, туындаған проблемалардың стандартты емес шешімдерін іздеуге ынталандыру. Бұл тұрғыда **эвристикалық әдістерді** қарастырамыз.

Эвристикалық мәселелер әдісі: (Д. Пойя, А.В. Хуторской) мәселенің қиын жағдайында қосымша ақпаратты жинақтау немесе қолдағы ақпаратты талқылау қажеттігін көрсететін әдіс. Сонымен қатар, эвристикалық мәселелер қосымша ынта туындатып, жаңа стратегиялар мен шығармашылық тапсырмаларды шешу тактикасын қалыптастырады. Бұл әдістің артықшылығы кез келген мәселелерді шешудің қарапайымдылығы мен тиімділігінде. Эвристикалық мәселелер ақпараттың талдауы мен синтезіне қабілеттілікті дамытады. Бұл әдістің кемшілігі мәселелердің сәтті шешілуіне кепілдік жасамайды.

Эвристикалық мәселелер әдісі келесі заңдылықтар мен сәйкес қағидаларға негізделеді:

- тиімділігі - қойылған мәселелер арқылы тапсырманың күрделілігі тиімді деңгейге дейін төмендейді;
- ақпаратты бөлу – тапсырма, шағын тапсырмаларға бөлініп, қиындығы азайтылады;
- мақсатты белгілеу - әр бір жаңа эвристикалық мәселе іс-әрекеттің жаңа стратегиясын қалыптастырады.

Қазіргі тәжірибеде студенттерді физикаға оқыту барысында эвристикалық әдістер сирек қолданады, олардың оқыту үдерісіне қосылуы бағдарламалаумен, үлгілеу және жобалаумен, мысалы, эвристикалық бағдарламалаумен байланысты тақырыптарды оқу барысында бақыланады.

Оқытудың эвристикалық әдістерінің мақсаты студенттерге дайын білімдерді беру емес, логикалық тәжірибені олардың алуы мен өзінің білім беру өнімін дербес тәжірибелік және саналық іс-әрекеттер негізінде жасау болып табылады [Морозов А. В., Чернилевский, Д. В.,2004, 560 б].

Интернет-технологиялардың дамуы оқытудың белсенді әдістерінің аясын кеңейтуге мүмкіндік берді. Вебинарлар, онлайн-конференциялары және әлеуметтік желілер оқытушылар мен студенттердің өзара әрекеттесуі үшін, ақпарат қабылдау мен алмасуды тездетуде жиі қолданылады.

Вебинар - нақты уақыт режимінде Интернет арқылы онлайн-кездесулер немесе презентациялар өткізетін веб-конференция түрі.

Компьютерлік модельдеу физиканы оқыту барысында оқытушының мүмкіндіктерін кеңейтеді. Зертханалық зерттеулерді жүргізудің түрлі кезеңдерінде нақты және есептеу эксперименттерін тиімді үйлестірудің әдістемелік аспектілеріне тоқталайық [Косов В. Н., Красиков С. А.,2001,194 б].

Физикалық процестерді компьютерлік модельдеуді «Ашық физика» кешенін қолдануға болады.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде болашақ физик мұғалімдерге білім беруде практикалық және зертханалық жұмыстарды орындауда виртуальдық зертханалық кешендер «Механика» курсынан «Основы механики», «Молекулалық физика және термодинамика» бөліміне арналған «Thermodinamica», «Жалпы физика» тараулары бойынша «Открытая физика», компьютерлік модельдеуге негізделген «Electronics Workbench» қолданбалы бағдарламалары қолданылып келеді. Бұл кешендер арқылы кез келген сандық-құрылымдық параметр-

лерін өзгерте отырып өлшеу жұмыстарын атқаруға, графиктері мен схемаларды құрастыруға, талдау жасауға, осциллограммаларын алуға, көруге болады. Оларды студенттер қолданып, өздерінің физикалық білімдерін терең меңгеруде жүзеге асыруда [Berkimbayev K. M., Sarybayeva A. Kh., Usembayeva I. B., Ramankulov, 2013].

«Физикалық процестерді компьютерлік модельдеу» пәнін оқытуда, дәріс сабақтарда жалпы физика құбылыстарын өз ішіне қамтыған, физикалық құбылыстар мен заңдылықтар туралы қысқаша анықтамалар, анимациялық көрсетілімдер, суреттер, графиктер келтірілген электронды оқу құралымен, «Физикалық процестерді компьютерлік модельдеу» оқу құралы оқу үдерісіне енгізілді. Ал, практикалық сабақтарда БЕЙСИК, ПАСКАЛЬ бағдарламалау тілдерінде физикалық есептерді компьютер арқылы шешу үдерісі жүреді [Раманкулов Ш.Ж., Беркимбаев К.М., Сарыбаева Ә.Х., Шектибаев Н., 2015].

Тест тапсырмаларын құрастыруда, физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеуде, физикалық эксперимент жүргізуде, есептерді шешуде және сандық есептеулер жүргізуде, оқушылардың негізінде компьютерлерге негізделген алгоритмдер мен іс-қимыл бағдарламаларын құруда, өзін-өзі бақылауды және стандартты білімді бақылау үшін компьютерді қолдануды қарастырдық.

Физикалық білімді теориялық оқу барысында оқытушыға компьютерлік модельдердің үлкен көмегі тиеді. Бұл кезеңде компьютерлердің қызметтері нақты экспериментке қарағанда анағұрлым кең. Бағдарламаланған компьютер эксперименттік құралдар мен зерттеу объектісін біріктіретін, құрылымдық элемент қызметін атқарады. Ол студенттерге сабақта көрсетілуі қиын құбылыстарды таныстыруға мүмкіндік жасайды. Яғни, компьютерлік құралдарды көрнекі құрал ретінде қолданған дұрыс. Оқытушы зерттелетін жүйенің негізгі заңдылықтарын оңай ерекшелеп, жеке өлшемдердің өзгеруі барысында орын алатын өзгерістердің сипатын көрсетіп, студенттердің назарын қарастырылатын құбылыстың жеке бөлшектеріне шоғырландырады.

Оқушыларға объектінің табиғатын түсінуге, оның параметрлерін де, пайдалану жағдайларын да өзгерте отырып, таным процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік беріледі. Оқытудың белсенді әдістерін қолдану білім алушылардың объектінің құрылымы мен мәнін түсінуіне жағымды әсер етіп қана қоймай, ең бастысы, олардың ақыл-ойының дамуына әсер етуі мүмкін

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Активные и интерактивные методы обучения: учеб. пособие / кол. авторов; Нижневартовский государственный университет. – Нижневартовск, 2014. – 155 с.
2. Дудченко В. Деловая инновационная игра как метод исследования и развития организации. – URL: http://gtmarket.ru/laboratory/expertize.
3. Морозов А. В., Чернилевский, Д. В. Креативная педагогика и психология : учебное пособие для вузов. – 2-е издание, испр. и доп. – М.: Академический Проект, 2004. – 560 с.
4. Косов В. Н., Красиков С. А. Компьютерное моделирование на уроках физики. – Алматы, 2001. – 194 с.
5. Berkimbayev K. M., Sarybayeva A. Kh., Usembayeva I. B., Ramankulov Sh. Zh. Teaching of using information and computer technology for preparation of competitive specialists // Materials of the II international «Research and practice conference». – 2013, april 17th Vol. 2. – P. 425-429. (http://science-canada.com)
6. Раманкулов Ш. Ж., Беркимбаев К. М., Сарыбаева Ә. Х., Шектибаев Н. «Физикалық құбылыстар» электрондық оқулығы. ҚР Әділет министрлігі авторлық құқық обьектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік. – 2015, 15 сәуір. – №678.

ГРНТИ 14.01.45

Даркембаева Асия Бектуровна
Педагогика ғылымының магистрі, аға оқытушы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

МУЗЫКА САБАҒЫ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚҚА РУХАНИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Түйін. Мақалада музыка сабағы арқылы оқушыларға рухани-патриоттық тәрбие берудің жолдары қарастырылған. Болашақ музыка мамандарын дайындауда рухани жаңғыру бағдарламасында көрсетілген басты мәселелер назарға алынды. Мұғалім дайындау – ең өзекті мәселе. Мұғалім мамандарына қойылатын талап күннен-күнге өзгеріп, талабы күшейіп отырады. Сол себепті біз бәсекеге қабілетті маман даярлауымыз қажет. Сонымен қатар, музыка сабағында үштілділік, «жүз жаңа есім», ақпараттық оқыту технологияларын қолдану мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: музыка, музыкалық өнер, музыка сабағы, тәрбие, рухани жаңғыру, патриоттық тәрбие, эстетикалық тәрбие.

Резюме. В статье рассмотрены, как на уроках музыки предусмотрены пути духовно-патриотического воспитания учащихся. В подготовке будущих специалистов музыки были приняты во внимание ключевые вопросы, отраженные в программе духовного возрождения. Подготовка учителя-самая актуальная проблема. Требования, предъявляемые к педагогам, меняются со дня на день и усиливается. Поэтому мы должны подготовить конкурентоспособного специалиста. Кроме того, на уроках музыки рассматриваются вопросы трехъязычия, «сто новых имен», использование технологий информационного обучения.

Ключевые слова: музыка, музыкальная искусства, урок музыки, воспитание, духовная модернизация, патриотическое воспитание, эстетическое воспитание.

Summary. The article discusses how music lessons provide ways of spiritual and Patriotic education of students. In the training of future music specialists, the key issues reflected in the program of spiritual revival were taken into account. Teacher training is the most pressing issue. The demands placed on teachers are changing from day to day and are increasing. Therefore, we must prepare a competitive specialist. In addition, music lessons address issues of trilingualism, «one hundred new names», and the use of information learning technologies.

Keywords: music, musical art, music lesson, education, spiritual modernization, patriotic education, aesthetic education.

Еліміздің болашақта көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Болашақ музыка мамандарын дайындауда рухани жаңғыруда көрсетілген басты мәселелерді назарға ала отырып білім беру бүгінгі күннің басты талабы. Ол жердегі ең негізгі мәселе ұлттық кодымызды сақтай отырып, рухани тамырымызды ұмытпауымыз керек.

Білім беру саласындағы басты мәселе - әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау.

Мұғалімдерді даярлау – қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына кіретіні белгілі. Себебі қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттері заманына сай өзгерістерге ұшырап, өскелең ұрпақты соған лайықтап өмірге бейімдеудің жаңа талаптарын туындатып отыр. Ол үшін бәсекеге қабілетті маман даярлауымыз қажет. Қазіргі уақытта еліміздің әрбір азаматы бәсекелестік қабілетін арттыра алса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік дегеніміз - ол сапалы білім, заманауи маман даярлау. Болашақта біздің табысты болуымыз байлығымызбен емес, осы қабілетіміз арқылы, біліміміз арқылы айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық сол қасиеттерге ие болуы керек. Ондай факторлардың алғашқыларына шет тілдерін білу, компьютерлік сауаттылық т.б. жатады. «Үш тілде білім беру» бағдарламасы да бізді және ұрпақтарымызды жаңа заман талабына даярлау деп түсінемін. Жаһандық әлемге еркін кірісіп, жұмыс істеудің басты шарты туған тіліміздің қатар ағылшын тілін де меңгеру. Ағылшын тілін жаппай, жедел үйренуіміздің керектігі айдан анық. Ағылшын тілі - білген адамға өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге, жаңа технологияның өзгерістеріне дайын болуға, өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіруге мүмкіндік береді. Тәжірибе алмасу, озық жетістіктерді қабылдай білу – бұл табыстың кілті.

Қазіргі уақытта мектептерде жаңартылған білім бағдарламасы бойынша білім берілуде. Ол бағдарламада «үш тілділіктің» элементтері көрініс табады. Атап айтар болсақ, кейбір музыкалық

терминдер, сөздерді үш тілде оқытып, үйретіп отыру енгізілген.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің жаңалығы, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдістәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс -әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог – зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің білімінің даму деңгейімен анықталмақ. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім беру жүйесін ақпараттандыру, экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Бұл жоғары оқу орнында мамандар даярлаудың сапасын арттыруды, мұғалім тұлғасының өздігінен дамуына, оның шығармашылық қабілетінің артуына мүмкіндік жасауды және оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруді қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануды көздейді.

Ұлы бабаларымыз әл-Фарабиден бастап өшпес мұра қалдырған ойшылдарымыз Баласағұни, Қашқари, Хорезми, Дулати, Жалайри т.б. еңбектері – қазіргі ұрпақ үшін теңдесі жоқ қазыналар. Мысалы, әл-Фараби былай деген екен: «...Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» [Султанова Н.К., 2011, б. 11]. Қазіргі қоғам дамуының қозғаушы күші – адам факторы немесе ұрпақ тәрбиесі. Ұрпақ тәрбиесіне туған жердің әр сүйемін көздің қарашығындай сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа аман қалдыру аманаты – жауға жерін бермейтін, қиянға қылыш сермейтін, намыскер, кеңінен ойлап, молынан пішетін, Отаны десе отқа түсетін, өлімге емес, өмірге ұмтылып, қазақтың болашағын, келешегінің қамын жеп, даналығы мен даралығы, кісілігі мен кішілігі, батырлығы үйлескен бірегей мұрагер тәрбиелеу жатады. Тәрбиенің бастауы жеке отбасынан бастау алады. Ата – асқар тау, әке – қорған, әже – аққан бұлақ, шеше – отанасы, тіршіліктің ұйытқысы. Береке-бірліктің басы саналған. Атаға қарап ұл, анаға қарап қыз өседі. Бұл ұлы даланың жазылмаған заңы, берік тәртібі, ұлағатты сабағы. Адамның ұлылығы оның бойымен өлшенбейтінін ескерсек, халықтың ұлылығы батыр, парасатты перзенттері, ұлтынан шыққан ұлыларымен өлшенбек.

Тәрбиенің негізгі міндеті – қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың борыш, намыс, ождан, қадір-қасиет сияқты биік адамгершілік стимулдарына айналдыру.

Ал тәрбиенің аса маңызды құрамы – музыкалық өнер. Музыкалық өнер – тұлғаның рухани мәдениетін және шығармашылық санасын қалыптастырудағы негізгі құралдардың бірі екендігі белгілі. Жас ұрпақты музыка әлемін түсініп, қабылдауға, талғампаздығын тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда, білімді, мәдениетті болып өсуіне әсер етуде мектептегі музыка сабағының алатын орны ерекше.

Музыка сабағын оқыту арқылы оқушылардың бойына болашақта өзіміз көргіміз келетін қасиеттерді сіңіре аламыз. Жаңа сабақ түсіндіруде оны тарихпен, әдебиетпен, бейнелеу өнерімен, географиямен байланыстыра отырып түсіндірсек бала өз бойына ұлттық құндылықтарымызды игеріп өсетініне сеніміміз мол.

Жоғарыда келтірілген пәндер, мысалы тарих пәні. Біз өз тарихымызды білмей алдыға жылжи алмақ емеспіз. Бұрынғы өткен күйшілеріміз Құрманғазы, Дина, Тәттімбет, Қазанғап, сал-серілеріміз Ақан сері Қорамсаұлы, Біржан сал, Ыбырай, Жаяу Мұса сияқты ұлт мақтанышы болған күйшілеріміз, әншілеріміз, Жамбыл сияқты ақындарымызбен қатар қазіргі заманымыздағы елімізге еңбегі сіңген тұлғаларымызды да білетіндей «100 жаңа есім» жобасы да енгізіліп, бірқатар жұмыстар атқарылды [Назарбаев Н.Н., 2017, б. 2]. Осы жоба арқылы біз тек белгілі өнер тұлғаларын ғана емес, әр сала бойынша да елімізге еңбегі сіңген көрнекті тұлғалар туралы да біле алатын боламыз.

Қазақ тіліндегі «100 жаңа оқулық» жобасы да сапалы білім беруге айтарлықтай көмегін тигізуде. Себебі, әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты қазақ тіліне аударса, бұл жастарға дүниежүзілік деңгейде білім алуға жағдай жасаймыз деген сөз.

Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша көңіл бөлу – шынайы патриоттық сезімді дамытудың жолы. Ата бабаларымыз ұлан-ғайыр жерін ғана қорғаған жоқ. Ол сонымен қатар өз ұрпағын қорғады. Әр өлкенің өз тарихы бар, сол тарихты бүгінгі ұрпақ біліп өсуі тиіс. Оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншіліктерін оята отырып, ұлтымыздың санасына – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын да сіңіруіміз керек. Ол үшін елбасымыз «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының керек екенін айтып өтті. Музыка сабағындағы музыка тыңдатуда күйшілердің, әншілердің туған жер, туған ел, табиғат туралы шығармаларын тыңдату арқылы өз еліміздің өлкесін тереңірек таныстыра аламыз. Табиғат туралы тақырыпты өткенде күйшілеріміздің табиғатқа арналған күйлерін тыңдатып қана қоймай, ол табиғатты көз алдымызға елестете отырып, оның суретін бейнелеп шығады. Әншілердің табиғат құбылыстарына арналған әндерін тыңдай отырып, оқушылар өз бойына еліне, халқына деген сүйспеншілікті сіңдіре отырып, патриоттық сезімдері қалыптастады.

Музыка сабағы - тек эстетикалық тәрбие құралы емес, оның өзге де сипаттары бар: ұлттық болмыс, мазмұн, сипат. Сондықтан да жастардың тәрбиесіне ықпал ететіндей жаңаша түрін іздеу керек.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [Бөрібаев Б., Балапанов Е.Қ., 2001, б. 23].

Ұрпақты болашаққа дайындау – бүгінгі күннің ең негізгі мәселесі. XXI ғасыр-ақпараттандыру ғасыры. Қоғамды ақпараттандыру – мәдениеттің, білім мен ғылымның дамуына ықпал ететін шарттарының бірі. Сырлы да сазды әуендерді бүгінгі күн әуендерімен, классикалық музыкамен ұштастыра, шығармашылықпен тақырыпты аша түсіп, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өз ісінде шеберлігін талап етеді. Оқушыларды музыка әлеміне қызықтырып, олардың рухани бейнесін, танымын қалыптастыра отырып, қоғамның саналы азаматы етіп шығару - ұстаздардың басты мақсаты.

Қазіргі уақытта әлем бойынша төтенше жағдай болып жатқанда, біз қашықтықтан оқыту жағдайына көшіп отырмыз. Бұл жағдайда біз әлі де болса көп білімді қажет ететінімізді, ақпараттық технологияларды қалай тиімді қолдана білудің қажеттілігін түсініп отырғандаймыз. Себебі, аз уақыттың аралығында оқытудың онлайн жүйесіне көшіп, қашықтан оқытуды қолға алдық. Қашықтан оқыту – материалды жеткізу, оны өз бетімен оқып үйрену, оқыту үрдісі қандай да бір нақты оқу орнының орналасқан жеріне тәуелсіз болған жағдайда оқытушы мен білім алушылардың арасындағы сұхбатты ұйымдастыру үшін қолданылатын дәстүрлі және жаңа ақпараттық комммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқытудың интеграциялық нысаны. Қашықтықтан оқытудың негізгі ақпараттық-коммуникациялық технологиялары: оқу-әдістемелік материалдардың жинақтарын құрамдастырып, оқушыларға өз бетімен оқып үйрену үшін таратуға негізделген кейс-технологиялар; эфирлік, кабельді және ғарыштық телевизия жүйелерін пайдалануға негізделген ТВ-технологиялар; студенттерді оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін оқытушы мен білім алушы арасындағы интерактивті қарым-қатынас орнату үшін де ғаламтор желісін пайдалануға негізделген желілік технологиялар.

Бұл жағдайда біз ақпараттық технология, ғаламтор желісі, білім туралы сайттарды қалай қолданып, мазмұнды сабақ өткізе аламыз деген мәселемен бетпе-бет келіп отырмыз. Шығармашылық саласындағы мамандықтарға әсіресе бастапқы кезеңде қиындық тудырғаны белгілі. Дегенмен де осы жағдайды ұтымды пайдаланып, өз білімдерімізді дамытуымызға мүмкіндік болды деп ойлаймын. Онлайн сабақ жүргізу арқылы музыка ытңдату, бейне жазба көрсету, лекция концерттер ұйымдастырып өткізу, онлайн концерттер өткізу және т.б. осы жұмыстардың нәтижесі болып табылады.

Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Домбыра сөйлейді, қобыз жеткізеді, сыбызғы білдіреді деген сөз тіркестері қазақ мәдениетінде кездейсоқ кездеспейді. Жасөспірімнің бойында талғампаздық, эмоциялық сезім қалыптастыруында, мәдениетті болып өсуінде, музыка әлемін түсінуінде мектептегі музыка тәрбиесінің алатын орны ерекше. «Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек» - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек. Яғни, бәсекеге қабілетті, ұлттық білімді бойына сіңірген маман даярлауда оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, интербелсенді оқыту әдістемесін қолдана отырып білім беретін болса онда оқытушының еңбегі нәтижелі болды деп айтуымызға болады. Әр сабаққа жаңалық енгізіп оқыту жұмыс тиімділігін арттырады, сондықтан да әр сабақтағы оқушының белсенді әрекеті мұғалімнің басты мақсаты болуы керек [Әлімов А.Қ., 2013, б. 146].

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - делінген. Ал рухани жаңғыру жобасында да компьютерлік сауаттылық басты мәселелердің бірі ретінде көтерілген.

Сондықтан да, білім беру саласында жүргізіліп отырған ауқымды жұмыстар ұстаздарға еліміздің әрбір азаматы кәсіби біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті болатындай, ой-өрісі жаңашыл тұлғаны даярлауды міндеттейді. Мұғалімнің білімі мен біліктілігі жоғары деңгейде болғанда ғана баланың білім сапасының жоғары болатыны анық.

Музыка сабағында оқыту арқылы жас ұрпақтың бойына рухани-патриоттық тәрбиені қалыптастыра отырып, заман талабына сай мамандар даярлаудағы негізгі күтетін нәтижеміз, өзін де кәсібін де заман ағысына қарай өзгертуге бейім, бәсекеге қабілетті, білімді нақты жұмысқа айналдыра білетін құзыретті ұрпақ тәрбиелеу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Султанова Н.К. Музыкалық білім берудің тарихы мен теориясы [Мәтін]//. Оқу құралы. – Семей, 2011. - 156 б.;
2. Назарбаев Н.Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мақаласы [Мәтін]//. Егемен Қазақстан газеті. 12 сәуір, 2017 жыл.
3. Бөрібаев Б, Балапанов Е.Қ. Жаңа ақпараттық технологиялар[Мәтін]//. – Алматы, 2001. 210 б.;
4. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелер і[Мәтін]//. Оқу құралы. - Алматы, 2013. – 448б.

ӘОЖ 378.016:811.512’37:327

Ергеш Сандуғаш Артықбайқызы
2 курс магистрант
Абылай хан атындағы Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА КОГНИТИВТІК-ЛИНГВОМӘДЕНИ КЕШЕНДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Түйін. Бұл мақала қазіргі қоғамдағы қарым-қатынастың шынайы және толыққанды құралы ретінде шет тілін оқыту саласындағы болашақ мамандарды кәсіби даярлауда когнитивтік-лингвомәдени кешенді қолданып мәдениетаралық коммуникация мәселелеріне қарастыруға арналған. Болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы әлеуметтік-мәдени факторларды ескере отырып, шет тілін меңгеру деңгейін арттыру, кәсіби, коммуникативтік және интерактивті құзыреттілікті қалыптастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар мақалада жеке танымдық стильдерді есепке алу және электрондық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің тәсілдерін байыту арқылы орта мектепте шет тілін оқытуды жетілдіру перспективалары ұсынылған.

Түйінді сөздер: мәдениетаралық коммуникация, кәсіби даярлау, коммуникативтік құзыреттілік, танымдық стильдер, электрондық оқулық.

Резюме. Данная статья предназначена для рассмотрения вопросов межкультурной коммуникации с использованием когнитивно-лингвокультурологического комплекса профессиональной подготовки будущих специалистов в области преподавания иностранного языка как объективного и полноценного средства общения в современном обществе. Особое внимание уделяется вопросам повышения уровня владения иностранным языком, формирования профессиональных, коммуникативных и интерактивных компетенций с учетом социально-культурных факторов профессиональной подготовки будущих специалистов. В статье также представлены перспективы совершенствования преподавания иностранного языка в средней школе путем обогащения способов познавательной деятельности обучающихся с использованием электронных технологий и учета индивидуальных познавательных стилей.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, профессиональная подготовка, коммуникативная компетентность, познавательные стили, электронный учебник.

Summary. This article is intended to address the issues of intercultural communication using the cognitive-linguistic-cultural complex of professional training of future specialists in the field of foreign language teaching as an objective and full-fledged means of communication in modern society. Special attention is paid to improving the level of foreign language proficiency, the formation of professional, communicative and interactive competencies, taking into account socio-cultural factors of professional training of future specialists. The article also presents the prospects for improving the teaching of a foreign language in secondary schools by enriching the ways of students ' cognitive activity using electronic technologies and taking into account individual cognitive styles.

Keywords: intercultural communication, professional training, communicative competence, cognitive styles, electronic textbook.

КІРІСПЕ

Әлемдік қоғамдастыққа тез кіруі, халықтар мен тілдерді араластыру және жылжыту, қазақ және шетел азаматтарының арасындағы қарым-қатынастардың өзгеруі, қарым-қатынастың жаңа мақсаттары – осының барлығы шет тілдерін оқытудың теориясы мен тәжірибесінде жаңа проблемаларды көтермеуі мүмкін емес. Әлеуметтік өмірдің басқа салалары сияқты шет тілдерін оқыту қазіргі уақытта түбегейлі қайта құруды, құндылықтарды қайта бағалауды, мақсаттарды, міндеттерді, әдістер мен тәсілдерді қайта қарауды талап етеді, ең алдымен болашақ мамандарды кәсіби даярлауға бағдарланады. Осы тұрғыдан орта мектеп алдында шет тілдерін еркін меңгерген, инновациялық процестерге белсенді және ұтқыр қатысуға, мәдениетаралық байланыстарды кеңейтуге, кәсіби бағытталған салада мәдениетаралық іскерлік коммуникация дағдыларын меңгеруге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлаудың жаңа міндеті алға қойылып отыр.

Білім беру жүйесінде мәдениетаралық іскерлік коммуникация дағдыларын меңгеруге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлаудың жаңа міндеттерін жүзеге асыруда когнитивтік-лингвомәдени кешеннің де алар орны ерекше. Когнитивтік-лингвомәдени кешен болашақ бі-

лікті мамандарды даярлауда көптеген мәселелерді шешу үшін қолданылады. Сонымен қатар когнитивтік-лингвомәдени кешен бейнелейтін қарым-қатынас үлгісінің пәндік мазмұны когнитивтік-лингвомәдени кешенінің компоненттік құрамы арқылы біржақты оқыту блогы арқылы құрастырылады. Когнитивтік-лингвомәдени әдіснама шеттілдік және көптілдік білім берудің қазіргі теориясында универсалды концептуалдық негіз ретінде тілдік білім беру үрдісін үлгілеудегі, көптілдік шартында тілдік білім берудің халықаралық деңгейін отандық деңгейге бейімдеу үлгісін жасау мен оқытудағы соңғы нәтижені анықтауда жаңа әдіс болып табылады. Ол білім беру үрдісін ұйымдастыру практикасын түбегейлі өзгертеді. Когнитивтік-лингвомәдени кешен бейнелейтін қарым-қатынас үлгісінің пәндік мазмұны когнитивтік-лингвомәдени кешеннің компоненттік құрамы арқылы бірыңғай оқыту блогы ретінде құрастырылады, оның құрамында типтік қатысымдық пәндер, тақырыптық-мәтіндік бірліктер құрамы (жалпы тақырып пен мәселеге біріктірілген мәтіндердің композициялық жанрлық түрлері), типтік жағдаяттар және оларды үлгілеу түрлері (қарым-қатынастың стандарттық емес шарты), қатысымдылыққа бағытталған тапсырмалар (проблемалық сипаттағы қатысымдық тапсырмалар, жаттығулар, қарым-қатынасқа түрткі болатын мәселелер, тіл және сөз материалдары қарым-қатынастың лингвистикалық негізі ретінде) болады. Үлгінің пәндік мазмұны технология, әдістер мен тәсілдерінің мақсатты нұсқауларына сәйкес меңгеріледі, олардың ішіне ақпараттық технологиялар, жағдаятты талдау технологиялары (кейс стадиялар), жоба, мәнмәтіндік оқыту, креативтік ойын және т.б. кіреді. Оқытудағы соңғы сапалы (компетенттік) нәтиже мәдениетаралық қатысымдық компетенцияны барлық құрамдас бөліктерімен бірге қалыптастыру болып табылады [Құнанбаева С.С., 2011, 128 б.].

Шеттілдік білім беру бойынша дайындалған нормативтік құжаттарда шеттілдік білім берудің пәндік мазмұнының түрлі аспектілерінің деңгейлеп құрастыру үлгісінің мысалдары беріледі және қатысымның екі түрі (ауызша және жазбаша) бойынша пәндік мазмұнды деңгейлеп құрастыру, когнитивтік-лингвомәдени кешеннің компоненттік құрамының өзара байланысын үлгілеу, тілдік және шеттілдік білім берудегі оқу деңгейінің халықаралық бейімделген салыстырмалы үлгісі көрсетіледі.

Жаңа когнитивтік-лингвомәдени кешендерді меңгеруге бағытталған мазмұнның пәндік аспектісі негізі мазмұнның жинақталған бірлігі болып табылады, ол әдістің шеңберінде

«тақырыптық-мәтіндік бірлік» - Д.Н.Кулибаева;

«қатысымдық-функционалдық блок» - А.Б.Тыныштықбаева;

«тақырыптық-кешен» – Н.К.Стамғалиева;

«жағдаяттық-тақырыптық блок» - Г.Д.Закирова және т.б. болып анықталады [Құнанбаева С.С., 2011, 109 б.].

Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалау жаңа құқықтық, ғылыми экономикалық негіздерді қалыптастыруға, отандық білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, әлемдік сапа деңгейіне жетуге кепілдік бере алатын, сонымен бірге қазақ қоғамының ұлттық мүдделері мен мемлекеттік дамуының келешегін де ескеретін ұлттық білім беру стратегиясын жасауға бағытталған. Міне, осы айтылған басымдықтардың негізінде отандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енетіні даусыз. Бұл, әрине, білім саласын интернационализациялауда айқын бағдарлар мен нақты жолдарды таңдауды, әлемдегі әртүрлі елдердің білім беру жүйесіндегі қазіргі ағымдардан хабардар болуды, жаһандану жағдайына сай білім беру жүйесіндегі барша жаңашыл үлгілерге салмақты да сындарлы көзқараспен қарауды қажет етеді [Абдығаппарова С.К., 2002, 38 б.].

А. П. Садохиннің анықтамасы бойынша мәдениетаралық коммуникация әртүрлі мәдениетке жататын индивидтар мен топтар арасындағы қарым-қатынас пен қарым-қатынастың әртүрлі нысандарының жиынтығы болып табылады. Мәдениетаралық коммуникацияның анықтамасы терминмен түсіндіріледі: бұл әртүрлі мәдениетті таныстыратын адамдардың қарым-қатынасы. «Бұл термин әртүрлі ұлттық мәдениетке жататын екі қатысушы-коммуникативті актінің барабар өзара түсіністігі деп аталады» [Садохин А. П., 2005, 159 б.]. Қазіргі заманғы қоғамның өмірін сипаттайтын мәдениетаралық коммуникация құбылысының өзі бизнес, өндіріс және білім беру саласында пайда болды, осылайша әлемнің түрлі елдерінің шекараларының саяси, географиялық және экономикалық тұрғыдан қиылысуы болды. Сондықтан да мәдениеттану және лингвомәдениеттану бағыты бірінші кезекте әртүрлі әріптестер арасындағы мәдениетаралық қарым-қатынас пен өзара түсіністікті қамтамасыз ету мақсатын көздейді. «Алайда, тілді меңгере отырып, адам бір уақытта жаңа ұлттық мәдениетке еніп, оқытылатын тілмен сақталған үлкен рухани байлықты алады» [Верещагин Е. М., 1990, 34 б.].

1. «Мәдениетаралық коммуникация» термині алғаш рет 1954 жылы Д. Трагер және Э. Холлмен ұсынылған. 1959 ж. Э. Холл мәдениетаралық коммуникацияның негізгі ережелері мен идеяларын, сондай-ақ «өзара әрекеттестіктің мәдени модельдері» (cultural patterns of interaction) коммуникативті теориясын әзірледі. Э. Холлдың арқасында мәдениетаралық коммуникация ғылыми ізденістердің пәніне ғана емес, сонымен қатар шет тілдерін меңгерудің маңызды негізі бар көптеген жоғары оқу орындарында өзіндік оқу пәніне айналды. Э. Холлдың пікірі бойынша, шет тілдерін оқытудың негізгі міндеті – тілді шынайы және толыққанды қарым-қатынас құралы ре-

тінде оқыту. Бұл қолданбалы және практикалық міндеттерді шешу тек іргелі теориялық базада ғана мүмкін болады. Мұндай базаны құру үшін: 1) филология бойынша теориялық еңбектердің нәтижелерін шет тілдерін оқыту практикасына қоса беру; 2) Шет тілі оқытушыларының орасан зор практикалық тәжірибесін теориялық түсіну және жалпылау қажет [Hall E., 1959, 14 б.].

2. Ғалымдардың зерттеулері біздің елімізде дәстүрлі шет тілдерін оқыту тек қана мәтіндерді оқуға негізделгенін растайды. Бұл ретте орта мектепте гуманитар бағытындағы оқушыларды оқыту көркем әдебиет оқу негізінде жүргізілді; аталған бағыт бойынша оқитын оқушылар өздерінің болашақ мамандығына қатысты тек қана арнайы мәтіндерді оқыды. Ал егер бұған уақыт пен ынта жетсе, мұғалімдерге де, оқушыларға да түрлі тұрмыстық тақырыптар: қонақ үйде, мейрамханада, банкте, қонақ үйде, поштада және т. б. ұсынылған болатын. Одан әрі тек тақырыптар бойынша топиктерді механикалық жолмен жинастыруға тура келді. С. Г. Тер-Минасованың пікірінше, осы атақты топиктерді толық оқшаулау және оқылатын тіл әлемімен нақты танысудың және алынған білімді практикалық пайдаланудың абсолютті мүмкін еместігі жағдайында зерттеу пайдасыз және тіпті тез жалықтыратын іс болды. Осылайша, біз тілдің тек бір ғана функциясын жүзеге асыруды көреміз – ақпараттық функция, яғни өте тар шеңбердегі функция. Шет тілін тек жазбаша мәтіндер негізінде оқыту тілдегі біреулердің жасаған мәтіндерін түсінудің пассивті қабілетіне коммуникативтік мүмкіндіктерін туындатады, бірақ сөз тудырмайды, онсыз нақты қарым-қатынас жасау мүмкін емес [Тер-Минасова С. Г., 2004, 17 б.].

Біздің еліміздің әлеуметтік өмірінің түбегейлі өзгеруі және әлемдік кеңістікке жылдам ену, экономикалық, мәдени және саяси өрлеуі шет тілдерінің өміршеңдігін қайтарды, оларды әртүрлі қарым-қатынас түрлерінің нақты құралы ретінде жасады. Сондықтан да орта мектеп деңгейінде шет тілдерін әртүрлі елдердің азаматтарының арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде оқытуда таңдалған бейіндік пәндер бойынша арнайы мәтіндермен оқушылар тіліне бейімделген терминдермен оқытудың таза қолданбалы және тар аспектілі міндетін түсінбейміз. Орта мектеп оқушылары – таңдалған бейіндік пәні мен бағыты бойынша орта кәсіби дайындығы бар кең білімді адам. Тиісінше, маман үшін шетел тілі – бұл өндіріс құралы және оның мәдениетаралық коммуникациясының бір бөлігі, бұл тереңдете оқытуға бағытталған жан-жақты әрі кәсіби бағытталған дайындықты көрсете алатын шет тілін үйрену және қолдану мүмкіндіктерінің кең ауқымы.

3. Қазіргі заманғы оқушылар оқу барысында қиындықтардың болмауын, көп оқу мен ойлауды қаламайды, сабаққа зейін қойып қатыспайды, үлгерімнің төмендеуі және оқытушыға жүктелген немесе тапсырыс бойынша орындалған оқу жұмыстарының ұсынылуын жиі көрсетеді. Мұның себептері әртүрлі болуы мүмкін: түрлі әлеуметтік факторлар, бос уақытын тиімді пайдалана алмауы және қосымша үйірмелерді оқумен қатар алып жүруі және тұлғаны қалыптастыру үшін білім берудің маңыздылығын түсінбеуі. Аталған оқу-танымдық іс-әрекеттердің төмендеу себептерінің бірі оқушы мен оқытушының ойлау стилінің сәйкес келмеуі болып табылады. Көптеген оқытушылар кеңес дәуірінде, «әлемдегі оқуға ең бейім ел» заманында, «қағаз» оқулықтармен оқығандықтан мәтінмен жұмыс істеу жұмыстары басым болды. Сәйкесінше бұл жүйе бойынша оқытылған оқушылар ақпаратты ауызша сұрауға және жауап қайтаруға бейім болды. Бұл оқытушы мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайта түсетін, ақпарат алмасуда жақсы болды деп ойлаймыз. Бұл көбінесе абстрактілі аналитикалық ойлауды дамытты. Жаңа, қазіргі ұрпақ ақпараттық өркениет дәуірінде, «бейнелер мен экшн» культі кезінде, үлкен ақпарат ағыны мен оның жалпыға қолжетімділігі мағынасыз «көп ұғымды», кейде жасанды сөздерге жиі жүгінетін және жастардың мәтін мазмұнын терең талдап, түйістіруге, ой логикасын қадағалауға, ақпараттың үлкен көлемін есте сақтауға ниеттенбеуі кезінде өсуде. Қазіргі кезде ауызшадан гөрі ақпаратты ақпараттық технологиялар арқылы, әлеуметтік желілер арқылы тарату, алмасу, беру жұмыстары белен алуда. Осының негізінде көп жағдайда ақпарат алушы ақпаратты берушінің негізгі ойын дұрыс түсінбейтін де жағдайлар кездеседі. Қазіргі ақпаратты өз бетінше іздеу және өңдеу, екінші дәрежелі және дәйексіз бөліп алу, жаңа идеяларды жасау және қолдану іскерліктері неғұрлым өзекті болып табылады. Бүгінгі күні life-long learning жаһандық білім беру үрдістері болып табылады және танымдық іс-әрекет тәсілдерін белсенді меңгеруге бағдар беру, таным әдістері мен құралдарын өз бетінше қолдану қабілеті шет тілдерін үйрену кезінде когнитивтік-лингвомәдени кешенді қолдана отырып қажетті жалпы мәдени құзыреттіліктердің қатарын кеңейтеді. Сөзге сүйенетін өзге тілді құзыреттілікті қалыптастырудың дәстүрлі әдістері мен құралдары жұмыс істегенімен, жаратылыстану бағыты бойынша оқитын оқушыларда бейвербалды интеллект көп дамиды. Сондықтан тілдік дайындық деңгейі жеткіліксіз болғандықтан оқытудың өзге де тәсілдері талап етіледі. Адамның жеке психологиялық ресурстарына үздіксіз білім алудың кіретіндігі белгілі, өйткені әрбір адам өзіне келіп түскен ақпаратты өзінше қабылдайды, өңдейді және қолданады [Холодная М.А., 2002, 281б.]. Бұл шындық нова (жаңашылдық, жаңалық) емес, бірақ білім беру тәжірибесінде оқытушының стилімен, оқулықпен немесе оқушылардың басым стилімен сәйкес келмейтін тәсілмен ақпарат ала-

тын орта мектеп оқушылары әлі де оқуда қиындықтарға тап болады.

4. Танымдық стильдерді зерттеу негізі 1950-ші жылы американдық психологтардың еңбектерінен бастау алды және осы күнге дейін бұл мәселе ғалымдар үшін өзекті болып қала береді. Шетелде де, Ресейде де ол интеллект психологиясы, нейрофизиология, нейролингвистикалық бағдарламалау теориясы мен педагогикадағы зерттеулердің тақырыптық бағыттылығының жаңа қырларын алады. Таным/оқу стильдері негізінде оқыту бастауын АҚШ-тан алды. Сонымен, St. John университетінің (St. John ' s University, NY) докторы Р. Данн (Rita Dunn) білім беру вебсайтын және АҚШ-та, Австралияда, Норвегияда, Данияда, Швецияда, Финляндияда, Түркияда, Сингапурда, Филиппинде және стильдік оқыту технологиясы бойынша жұмыс істейтін басқа да елдерде оқу орындарының тұтас халықаралық желісін дамытты. Білім алушылармен олардың жеке-өзіндік психологиялық қасиеттері мен оқу жағдайының әлеуметтік физикалық сипаттамаларын ескере отырып, диагностикалық процедуралар мен жұмыс әдістерін әзірледі. Зерттеу жұмысының қырық жылдық тәжірибесі негізінде Р және К әдістемесі бойынша Данн үйренушілерге жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жолдарды көрсетеді [A Conversation with Dr. Rita Dunn, 2007, 1–11 бб.].

5. Эксперименттік зерттеудің жарты ғасырлық тарихында танымдық стильдердің 50-ден астам түрі анықталды, олардың 20-ға жуық жіктелуі құрылды. Ресей зерттеушісі М. А. Холоднойдың танымдық стильдер теориясы бізге қызықты болды, ол танымдық стильді «шындықты зерттеудің жеке өзіндік тәсілі» ретінде анықтайды [Холодная М.А., 2002, 131 б.]. Ол американдық психологтардың зерттеулерін талдап, стильдік мінез-құлықтың түрлі деңгейлерінде танымдық стильдер түрлерінің иерархиясын жасады. Біз М. А. Холодной көзқарасын қолдаймыз [Холодная М. А., 2004, 81–88 бб.], ол оқыту кезінде білім алушылардың танымдық стилін ескеру ғана емес, сонымен қатар барынша мүмкін диапазондағы стильдік мінез-құлықтың репертуарын кеңейту, түрлі деңгейлердегі танымдық стильдердің барлық жүйесін меңгеру үшін жағдай жасау қажет деп ойлайды. Бұл оқу қызметінің тиімділігін арттыруға алып келеді. Осы идеяға жақын шет тілін оқытудың американдық әдістерін Л.Ливер ұсынады [Ливер Б. Л., 2000, 94 б.]:

1) Жаңа материалды зерделеу кезінде білім алушылардың когнитивті стиліне және мидың доминантты жарты шарына ақпаратты бейімдеу;

2) Жеке нұсқаулық көмегімен бекіту кезеңінде стильдік мінез-құлық стратегияларының санын және шағын топтарда когнитивті стильдердің әртүрлі жиынтығымен білім алушылардың жұмысын кеңейту;

3) білімді тексеру кезінде стилдермен жұмыс жасау.

Тәжірибе көрсеткендей, мұндай тәсілде әртүрлі стильдердің стратегияларын біріктіріп, жағдайдың талаптарына байланысты әртүрлі әрекет ету қабілеті дамиды. Осы арқылы жұмысымызда біз танымдық қызметте когнитивтік-лингвомәдени кешенді қолдана отырып жеке-өзіндік тәсілдерін қалыптастырудағы рөлінің маңыздылығын ескердік.

6. Шет тілін оқыту кезінде ең тиімді оқу үлгілерінің маңыздылығын, есте сақтау, өзінің визуалды, аудиальды және кинестетикалық қабілетін белсенді қатыстыра білу, тілді меңгерудің жеке бағдарын құруды қажет етеді. Өзін-өзі тану және стильдік мінез-құлықты реттеу міндеттерін шешу кезінде білім алушылардың «психологиялық ағартуы» маңызды рөл атқарады. Бұған Р. Щукин зерттеген жұмыс тәсілін таңдау еркіндігін ұсыну айтарлықтай ықпал етеді [Щукин М.Р., 1994, 291 б.]. Зерттеуде білім алушылармен танысу тәсілдерін, оқу жұмысының мақсаттары мен нәтижелерін талқылау, оның сапасын бірлесіп бағалау сенімділік, еркіндік және жауапкершілік туралы айтылады.

Орта мектеп оқушыларынан сауалнама алу барысында, олар бірінші кезекте қоғамда, заманауи ортада дамығысы келетіндіктерін айтып, шет тілін оқу кезінде сөйлеу (ауызша сөйлеу) және мәтіндерді аударудың техникаларын жеңіл үйрену жолдарын қалайтындығын көрсетті. Аудиториялық сабақтарда оқушыларға ұсынылған жұмыс түрлерінің 72 %-ы оқытушының барлық аудиториямен қарым-қатынаста болатын дәстүрлі ұжымдық формасын, 36%-ы жұптар мен топтарда бірігіп жасалатын жұмыстарды, 4%-жеке форманы таңдап алды. Білім алушылардың 92% -ы ақпаратты алудың электрондық (әсіресе мультимедиялық) тәсілін, материалды жинақы мазмұндауды және танымдық қызметтің ұтқырлығын (кез келген ыңғайлы уақытта және кез келген жерде қажетті материалға тез қол жеткізу және игеру мүмкіндігі) көрсетті. Тапсырмалар түрлерінің ішінде бір ақпарат түрлі тәсілдермен ұсынылған, яғни сөздер, бейнелер, пәндік әрекеттер, аналитикалық және синтетикалық, абстрактілі және нақты, сондай-ақ өзін-өзі тексеруге біршама тапсырмалар берілді. Лексикалық қорды толықтырудың және грамматиканы игерудің ең тиімді тәсілдерімен орта мектеп оқушылары көрнекі бейнелердің көмегімен есте сақтауды және алынған білімді контексте (ойында, нақты жағдайда) қолдануды жөн көретіндігін айтты, тек 4% - ы ғана бірнеше рет ауызша қайталаудың тиімді екендігін атап өтті. Демек, қай кезде болмасын оқытушымен қарым-қатынас пәннің мақсаты, тәсілдері және дәйектілігі бойынша кеңес беру үшін, неғұрлым күрделі материалға, шет тілді коммуникация практикасына, көмек көрсету және қызметті түзету үшін міндетті болып қалады.

Ғылыми басылымдарды зерттеу электронды оқыту нысандары мен құралдарының алуан түрлілігін ашады: бұл аудиториялық сабақтарда қолданылатын түрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жасанды үш өлшемді сенсорлық ортада виртуалды оқыту, білім беру порталдары, электрондық оқу-әдістемелік кешендер, электрондық кітапханалар, ойын және оқыту компьютерлік бағдарламалары, автоматтандырылған тестілеу жүйелері және т. б. Ағылшын тіліндегі оқулықтардың, курстардың, сайттар мен бағдарламалардың, мультимедиа өнімдерінің көптігі байқалады, алайда белгілі бір оқу бейініне арналған лайықты оқу құралын таңдау әлі де оңай емес. Дәстүрлі отандық оқулықтарда лексика мен грамматиканың механикалық-логикалық қосылыстары бар материалды аналитикалық түрде ұсыну, мәтіндермен жұмыс істеу бойынша тапсырмалар басым. Көптеген шетелдік құралдарда комикс тәрізді диалогтық ақпарат беру ұсынылады, орта мектептерде оқытылатын бағыттарына және кейде оқушылардың жасына сәйкес келмейді, тапсырмалардың көбі бірсарында қайталанады (рұқсатнамаларды толтыру, сәйкестікті табу, жауапты таңдау және т.б.). Білім беру сайттары мен электрондық бағдарламалық өнімдер ақша қаражатын салуды талап етеді. Оқу құралдарын талдау барысында тілдік материалдарды беру кезінде танымдық стильдерді ескеретін және танымдық іс-әрекет тәсілдерін байытумен жұмыс істейтін тапсырмалардың жеткіліксіз екені көрінеді. Microsoft Office құралдары немесе Maestro, Learning Content Development System (MLCDS), TurboSite, NVU Book-конструкторларының тегін компьютерлік бағдарламалары арқылы меншікті электрондық интерактивті оқулықты немесе білім беру сайтын әзірлеу арқылы бұл жағдайдан шығу болады деп ойлаймыз.

Шет тілін оқу кезінде электронды оқулықты пайдалану:

• оқытудың барлық кезеңдерінде білім алушылардың танымдық стильдерін өзектендіру үшін, оның ішінде танымдық қызметтің нәтижелерін бағалау кезінде тапсырмаларды қарастыру;

• танымдық іс-әрекет кезеңдеріне сәйкес оқытуды құру;

• өзін-өзі тану үшін жеке ерекшеліктер, танымдық іс-әрекет тәсілдерін зерттеу және өңдеу үшін диагностикалық сауалнамаларды қосу;

• студенттерді оқу материалын меңгеруге ынталандыру;

• оқушылардың қабілетін және олардың оқу еңбегінің сапасын объективті сипаттайтын оқыту нәтижелеріне қол жеткізу.

Осындай электронды оқулықты қолдану арқылы шет тілін оқыту процесін субъектілік-әрекеттік тәсіл, жүйелілік принциптері, білім алушының субъективті және операционалдық мүмкіндіктерін дамыту бірлігі, оқытуды дараландыру және саралау, байытушы оқыту идеялары негізінде құру қажет.

Электрондық технологиялардың көмегімен орта мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетінің жеке-дара білім беру тәсілдерін дамыту және танымдық стильдердің өзектілігі шет тілін меңгерудің нәтижелілігін арттыра алады деп ойлаймыз.

Е. А. Климов атап өткендей, кез келген бейіндегі заманауи маманды кәсіби даярлау аясында кәсіби коммуникативтік құзыреттілікке, өзге сөзбен айтқанда, кәсіби жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларына ерекше көңіл бөлінеді. Болашақ мамандарға қажетті білімнің энциклопедиялық (когнитивті) деңгейінде тілдік тұлғаның когнитивті базасының құрамдас бөлігі ретінде тезаурус кәсіби бағдарлануының ғылым саласына сәйкес айтарлықтай ерекшеленеді.

Білім алушы шет тілін білу деңгейін оның оқытушымен тікелей байланыс арқылы ғана анықтайды. Шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде үйрету үшін нақты қарым-қатынас жағдайын жасау, шет тілдерін оқытудың өмірмен байланысын орнату, шет тілдерін тірі, табиғи жағдайларда белсенді пайдалану қажет. Бұл шетелдік мамандарды тартумен және оларсыз тілде ғылыми пікірталастар, шетелдік ғылыми әдебиеттерді рефераттау және талқылау, шет тілінде жекелеген курстарды оқу, болашақта оқушылардың студенттердің халықаралық конференцияларына қатысуы, қарым-қатынаста, байланыста, ақпаратты түсіну және беру қабілеттерінде аудармашы жұмысы болуы мүмкін. Қарым-қатынастың сыныптан тыс түрлерін дамыту қажет: клубтар, үйірмелер, шет тілдерінде ашық дәрістер, қызығушылықтары бойынша ғылыми қоғам. Адамдарды қарым-қатынас жасауға (ауызша және жазбаша) үйрету, шетел тілін түсіну ғана емес, шығаруға, жасауға үйрету – бұл қарым-қатынас тек вербалды процесс қана емес, күрделі мәселе. Оның тиімділігі тілді білуден басқа, көптеген факторларға байланысты: қарым-қатынас жағдайы мен мәдениеті, этикет ережелері, бейвербалды формалды емес білім (мимика, қимыл), терең фондық білім және т.б.

Л.М. Босова, сондай-ақ басқа да ғалымдар шет тілін оқитын студенттердің танымдық іс-әрекетінің пәні ағылшын тілді социумда іскерлік қарым-қатынаста туындайтын типтік жағдайлар, олардың құрылымы мен тілдік манифестациясы болуы тиіс деп есептейді. Кәсіби интерактивті құзыреттілікті қалыптастыру, кәсіби қарым-қатынас әлемін және оның ережелерін тану, іскерлік ынтымақтастықтың әртүрлі жағдаяттарының тілдік модельдерін тудыру және сәйкестендіру дағдыларын дамыту – кәсіби коммуникативтік өзара іс-қимыл, барабар сөйлеу мінез-құлық, серіктестікке тиімді әсер ету стратегияларына оқыту. Бұл оқу үрдісінде кәсіби ынтымақтастық жағдайын модельдеу арқылы қол жеткізіледі,

онда шет тілі жеке тұлға мен кәсіби ұжымның әлеуметтік өзара әрекеттестігінің құралы ретінде әрекет етеді. Онда жеке тұлға әлеміндегі құндылықтар мен мәндердің иерархиясына, оның менталитетіне, прагматикалық ұстанымдарға әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлардың барлық өзгерістері көрініс табады. Әңгіме тек арнайы, кәсіби бағдарлы оқыту туралы ғана емес, сонымен қатар бірінші кезекте арнайы сөйлеу үлгілеріне оқыту, кәсіби дискурсты түзету, практикалық міндеттерді шешуде келісімге қол жеткізуге бағытталған әрбір жағдайда коммуникативтік өзара іс-қимыл стратегиясын іске асыру туралы болып отыр [Босова Л. М., 2014, URL: http//www/aomai.secna.ru].

Қорытынды

Ұлттық тіл мен мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Мәдениетаралық қарым-қатынаста коммуникаторлардың ұлттық сипатының ерекшеліктерін, олардың эмоционалдық қоймасының ерекшелігін, ойлаудың ұлттық және өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет. Жаңа заманда шет тілдерін оқыту проблемасын жаңашы көзқараспен қарау кезінде коммуникацияны оқыту деңгейін түбегейлі арттыруға, түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы қарым-қатынасқа тек қана әлеуметтік-мәдени факторды анық түсіну және нақты есепке алу кезінде қол жеткізуге болады.

Осылайша, тиімді пайдаланылған когнитивтік-лингвомәдени кешенді қолдану арқылы мәдениетаралық кәсіби коммуникация тілдік құзыреттіліктің белгілі бір деңгейін ғана емес, сондай-ақ әріптестердің лингвосоциологиялық және мәдениеттанулық ерекшеліктерін білуді, олардың құндылықтық бағдарларын зерделеуді және олардың мәдениетіне бейімделуге дайындығын болжайды. Демек, кез келген бейіндегі заманауи маманды кәсіби даярлау аясында кәсіби коммуникативтік құзыреттілікке, басқаша айтқанда, кәсіби жағдайларда қарым-қатынас дағдыларына ерекше көңіл бөлінеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абдығаппарова С.К. Язык и культура. Практикум по межкультурной коммуникации,(часть 2) Учебное пособие на английском языке. Алматы: КазУМОиМЯ им.Абылай хана, 2002 г. – 38 с.
2. Босова Л. М. Об интерактивной компетенции специалиста в ситуациях профессионального межкультурного общения. – URL: http//www/aomai.secna.ru, свободный [дата обращения 10.03.2014].
3. Верещагин Е. М., Костомаров В. Г. Язык и культура. – М.: Русский язык. – 1990. – С. 34.
4. A Conversation with Dr. Rita Dunn / Kortland R. Koch, Ball State University // Institute for Learning Styles Journal. Volume 1, Fall 2007. pp. 1–11.
5. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы - Алматы, 2011. – 323 б.
6. Ливер Б. Л. Методика индивидуализированного обучения иностранному языку с учетом влияния когнитивных стилей на процесс его усвоения : дис. ... канд. пед. наук : 13.00.02 / Бетти Лу Ливер. М., 2000. 191 с.
7. Садохин А. П. Введение в теорию межкультурной коммуникации: моногорафия. – М.: Высш. шк., 2005 – 310 с. – ISBN 978-5-406-02451-5
8. Тер-Минасова С. Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М., 2004. – С. 17.
9. Холодная М. А. Когнитивные стили: О природе индивидуального ума : учебное пособие. М. : ПЕР СЭ, 2002. – 304 с.
10. Холодная М. А. Персональный познавательный стиль ученика как основа индивидуализации обучения // Новые ценности образования. Индивидуальность в образовании / гл. ред. Н. Крылова. М. : НПО «Школа самоопределения», 2004. Вып. 2(17). С. 81–88.
11. Hall E. The Silent Language. – N. Y., 1959. – 235 p.
12. Щукин М. Р. Структура индивидуального стиля деятельности и условия его формирования : дис. ... докт. психол. наук : 19.00.01 / Щукин Марат Родионович. Пермь, 1994. 330 с.

ҒТАМР 77.29.34

Есіркепов Жандос Мергенбайұлы,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

ЖҮЗУ САБАҒЫНДА ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ӘРЕКЕТТЕРІНЕ АЗ УАҚЫТТА ҮЙРЕТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Түйін. Мақалада жоғары оқу орындарында студенттерді жүзу спортының қимыл-қозғалысына аз уақытта үйрету жолдары қарастырылады. Автор студент қыздарды тәжірибе және бақылау топтарына бөліп, жүзудің кроль, шалқалап, брасс, баттерфляй түрлерінің техникасын салыстырмалы түрде талдап, жүзуді аз уақытта үйретудің тиімділігіне назар аударады. Жүзуге үйрету курсының соңында алынған нәтижелерді есепке ала отырып, арнайы дайындалған өлшем бойынша спорттық тәсілдермен жүзудің техникасын бағалау нәтижелері бақылау тобындағы қыздардың жүзудің техникасын тәжірибе тобына қарағанда толық меңгермегенін көрсетті. Жүзу техникасының бағасы тәжірибелік топтың студент қыздарында жоғары болғанын, олар жүзудің баттерфляй және брасс әдісімен етпеттеп жүзіп өту техникасын бақылау тобына қарағанда неғұрлым сапалы игергені анықталды.

Сондай-ақ спорттық жүзумен шұғылданған кезде қимыл-қозғалыстың әсерінен дененің барлық бұлшық еттері жұмыс істеп, адамның денсаулығының және тұлғасының сымбатты болатындығы баяндалады. Жүзу қашықтығын ұзартқанда немесе жылдамдықты арттырғанда денеге түсетін күш біртіндеп байқалады. Осыған жаттығу адамның дене құрылысының төзімділігін ұлғайтады және икемділігін дамытады. Күш-қуатты аз пайдаланып, үлкен табысқа жету үшін спорттық жүзу әдістері мен қимылдарды үнемді және дұрыс пайдаланудың әдістемесі де жан-жақты зерттеледі.

Түйінді сөздер: жүзу сабағы, жүзудің түрлері, кроль, брасс, баттерфляй, қимыл-қозғалыс, жүзуді үйрету технологиясы.

Резюме. В статье рассматриваются пути обучения студентов вузов двигательным действиям в плавании за короткое время. Автор разделив девушек-студенток на экспериментальную и контрольную группы и сделав сравнительный анализ техники обучения таким видам плавания как кроль, брасс, плавание на спине, баттерфляй, обращает внимание на эффективность обучения плаванию в кратчайшие сроки.

В конце курса обучения плаванию взяв во внимание результаты и сопоставив их с заранее подготовленными измерениями можно сделать вывод, что девушки из контрольной группы по сравнению с девушками из экспериментальной группы не полностью овладели техникой плавания.

Оценка техники плавания позволяет сделать вывод о том, что студентки из экспериментальной группы лучие освоили технику, баттерфляй и брасс чем девушки из контрольной группы.

Ключевые слова: занятие по плаванию, виды плавания, кроль, брасс, баттерфляй, движение, технология обучения плаванию.

Summary. The article discusses the ways of teaching university students motor actions in swimming in a short time. The author dividing female students into experimental and control groups and making a comparative analysis of the technique of teaching such types of swimming as crawl, breaststroke, backstroke, butterfly, drew attention to the effectiveness of teaching swimming as soon as possible.

At the end of the course of swimming, taking into account the results and comparing them with the pre-prepared measurements, it can be concluded that the girls from the control group, compared to the girls from the experimental group, did not fully master the technique of swimming.

Assessment of swimming techniques allows us to conclude that the students from the experimental group have mastered the best technique, butterfly and breaststroke than the girls from the control group.

Keywords: swimming lesson, types of swimming, crawl, breaststroke, butterfly, movement, technology of swimming training.

Қазіргі таңда түрлі спорттық қимыл-қозғалысқа аз уақытта үйрету технологиясын қолдану көкейкесті мәселе болып отыр. Мектеп жасына дейінгі балаларға, оқушылар мен ересек спортшыларға жүргізілген зерттеулер балалар мен ересектерді қимыл-қозғалыс дағдыларына үйрету үшін уақыт пен мектеп немесе жоғары оқу орындарының бағдарламасы бойынша спорттық нормативтерді орындау мүлде жеткіліксіз екенін көрсетті [Кульназаров А.К., Дюсупов Б.Ж., 2005, 67 б], [Губа В.П., 2000, 120 б].

Мақалада жүзудің әдіс-тәсілдеріне аз уақытта үйрету мүмкіндіктерін көрсетуге тырыстық. Осыған байланысты студенттерді спорттық жү-

зудің техникасына аз уақытта үйрету технологиясы жасалды және тәжірибе түрінде негізделді [Есіркепов Ж.М., Ержанов С.Ө., 2018, 172 б], [Есіркепов Ж.М., Ержанов С.Ө., 2018, 351 б].

Студенттерді спорттық жүзуге аз уақытта үйрету технологиясы бес кезеңнен тұрды. Әр кезеңде нақты міндеттер шешілді, оларға байланысты арнайы құралдар қолданылды және оқыту-үйрету әдістері мен тәсілдері пайдаланылды. Жүзудің барлық (төрт) түрінің техникасына үйрету бір мезгілде және бірнеше бөлімдер бойынша жүргізілді. Үйрету кезеңдерінің ұзақтығы студенттердің оқу-әдістемелік материалды игеруіне байланысты өзгерді. Жүзуге үйрету курсының жалпы ұзақтығы 3 айды құрады (24 оқу сабағы: әрқайсысы 50 минуттан аптасына 4 сабақ, оның ішінде 50 минут - суда). Жүзу сабағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінің бассейнінде өткізілді.

1. Мақалада арнайы дайындаған және дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттерін оқытуда қолданылып жүрген спорттық жүзу техникасына аз уақытта (бір мезгілде) үйрету технологиясының тиімділігін салыстырмалы талдау материалдары ұсынылып, арнайы тесттік жаттығулар жасалды [Есіркепов Ж.М., Ержанов С.Ө., 2018], [Ахмедов К.Б., 1997, 102 б], [Crazyna K., Olszewska I., 2010, 92 б].

Педагогикалық тәжірибеге спорттың циклдық түрлерімен айналысатын (жеңіл атлетшілер мен велосипедшілер) 18-20 жастағы 56 студент қатысты. Олардың ішінде 20 спортшы қыз тәжірибелік топты құрады. Олар алдын-ала антропометриялық тексеруден өткізілді [КульназаровА., Дюсупов Б., 2005, 67 б.]. Зерттелушілердің жалпы сипаттамасы: топта баяу даму типіндегі тұлғалар болмады; қалыпты типтегі тұлғалар - 24%, жеделдетілген типтегі тұлғалар - 76%. Тәжірибелік топ пен бақылау топтарына қатысушылардың сандық көрсеткіштері бойынша айырмашылықтары (p>0,05) болмады, бұл педагогикалық тәжірибе өткізудің дұрыстығын көрсетеді (кесте 1).

Кесте 1 - Экспериментке қатысушы қыздардың антропометриялық көрсеткіштері.

Топтар	Дененің ұзындығы, см X±m	КВ, %	Дененің салмағы, кг X±m	КВ, %	Кетле индексі, кг/см
Тәжірибелік	169,8±2,4	1,41	61,8±4,2	6,80	0,364
Бақылау	167,2±2,8	1,67	60,2±3,7	6,15	0,360

Жүзуге үйретудің соңында бақылау қашықтықтарын жүзіп өту және арнайы тесттерді тапсыру ұсынылды. Салыстырылып отырған технологиялардың тиімділігі төмендегі көрсеткіштер бойынша бағаланды:

- спорттық тәсілдермен жүзу техникасы;
- күштік көрсеткіштері;
- бақылау қашықтықтарын жүзіп өту уақыты.

Тәжірибелік және бақылау топтары студенттерінің техникалық дайындығының бастапқы қалпы бірдей болды және «1» деп бағаланды. Жүзуге үйрету курсының соңында алынған нәтижелерді есепке ала отырып, сарапшылар бес баллдық жүйе негізінде арнайы дайындалған өлшем бойынша спорттық тәсілдермен жүзудің техникасын бағалады [Булгакова Н.Ж., 2010, 191 б]. (кесте 2).

Кесте 2 - Студент қыздардың спорттық әдіспен жүзу техникасын эксперттік (сараптамалық) бағалау шкаласы (баллмен).

Эксперттік (сараптамалық) бағалау	Жүзу әдістері, қашықтық, м			
	Кроль әдісімен етпеттеп жүзу, 50 м	Брасс әдісімен етпеттеп жүзу, 50 м	Кроль әдісімен шалқалап жүзу, 50 м	Баттерфляй әдісімен жүзу, 25 м
1	29-ға дейін	25-ке дейін	24-ке дейін	23-ке дейін
2	29-57,99	25-49,99	24-47,99	23-45,99
3	58-86,99	50-74,99	48-71,99	46-68,99
4	87-115,99	75-99,99	72-85,99	69-91,99
5	116-145	100-125	96-120	92-115

«Кроль» әдісімен етпеттеп жүзуді сараптамалық бағалау - 29 компонент, баттерфляй әдісімен жүзуді сараптамалық бағалау - 23, кроль әдісімен шалқалап жүзуді сараптамалық бағалау - 24, брасс әдісімен етпеттеп жүзуді сараптамалық бағалау - 25 компонент бойынша жүргізілді (қолмен, аяқпен қимылдар, демалу техникалары және т.б. жеке анықталды).

3-кестенің мәліметтері барлық спорттық тәсілдер бойынша жүзудің техникасын тәжірибелік топтарда жүзумен айналысушылардың 8,5%-ы, ал бақылау топтарында – 43,9%-ы меңгермегенін көрсетеді. Спорттық тәсілдермен жүзу техникасының бағасы тәжірибелік топтың студент қыздарында жоғары болды. Олар 25 м қашықтықты баттерфляй әдісімен ($p<0,001$), 50 м брасс әдісімен етпеттеп ($p<0,05$) жүзіп өту техникасын неғұрлым сапалы игерген. Параллельді-бірізді әдіспен жүзудің спорттық тәсілдерінің техникасын үйренген бақылау тобының студент қыздарында бағалар неғұрлым төмен болды. Жүзудің техникасын сапалы меңгеру үшін, әсіресе баттерфляй әдісімен және брасс әдісімен етпеттеп жүзу бойынша, оларға қосымша уақыт қажет болды.

Кесте 3 **-** Тәжірибелік және бақылау топтарындағы жүзу техникасын эксперттік бағалау нәтижелері.

Жүзу тәсілдері, қашықтық	Жүзу тәсілдерін меңгерген студент қыздар саны, %	Техниканы бағалау			
		жүзу тәсілі, балл	сөреде тұру, %	қашықтықты жүзіп өту, %	бұрылуды орындау, %
1	2	3	4	5	6
Кроль әдісімен етпеттеп жүзу, 50 м	98,1 95,7	4,07±0,021 3,94±0,018	96,3	96,1	98,5
Кроль әдісімен шалқалап жүзу, 50 м	99,5 87,6	4,06±0,020 4,02±0,037	99,5	98,3	99,5
Брасс әдісімен етпеттеп жүзу, 50 м	99,0 85,7	4,15±0,032 3,97±0,022	99,2	91,6	95,6
Баттерфляй әдісімен жүзу, 25 м	94,9 87,1	4,10±0,025 3,53±0,012	99,1	73,2	-

Күш көрсеткіштері А.Г.Дембо әдістемесі бойынша өлшенді. Жүзуге үйрету курсына дейін және кейін қолдардың күші (оң және сол), күш индексі (%) және бел күші анықталды (кесте 4).

Тәжірибелік топтағы қыздардың оң жақ қолының күші 53,9-дан 65,1-ге дейін ұлғайды, 1%, немесе 6 кг, ал сол жағы – 49,5-тен 58,3%-ға дейін, немесе 4,6 кг (кесте 4).

Кесте 4 - Тәжірибелік және бақылау топтарындағы студент қыздардың жүзуге оқыту курсына дейінгі және кейінгі бел және қол күштерінің динамикасы.

Сабаққа дейін			Сабақтан кейін		
қол күші, кг		бел күші, кг	қол күші, кг		бел күші, кг
оң	сол		оң	сол	
33,3±4,8 32,1±4,2	30,6±5,0 30,0±4,9	77,6±14,3 77,0±12,8	39,3±3,2 33,0±4,5	35,2±3,2 31,0±3,7	87,9±12,5 82,4±14,2

Бақылау тобындағы қыздарға жүзудің техникасын параллельді-бірізді әдіспен үйреткенде қол күші біршама ұлғайғанын көрсетті (53,3-тен 54,8% -ке және 49,8-ден 51,5%-ке дейін).

Тәжірибелік топтағы қыздарда жүзуге оқыту курсынан кейін бел күші 10,3 кг-ға ($p<0,001$) ұлғайып, ал бақылау тобындағы қыздардың бел күші тек 5,4-ке ұлғайғанын көрсетті ($p<0,05$). Жүзу техникасының динамикалық сипаттамасын өлшеу үшін динамометрия әдісі қолданылды. Баттерфляй әдісімен жүзетін тәжірибелік топтың студент қыздарында координациялық коэффициенті бақылау тобындағы студенттермен салыстырғанда ($p<0,05$) болғанда 10,08-ге (кесте 5); брасс әдісімен етпеттеп жүзуде - ($p<0,05$) болғанда 8,04-ке артық болды. Координация коэффициенті өскен сайын, жүзудің осы әдістеріндегі қол мен аяқ қимылдарының үйлесімділік деңгейі де жоғары болатыны анықталды, яғни тәжірибелік топтың студент қыздарының брасс және баттерфляй әдісімен жүзу техникасы әлдеқайда жақсарды [Есіркепов Ж.М., Ержанов С.Ө., 2018, 351 б].

Кесте 5 - Тәжірибелік және бақылау топтарындағы студент қыздардың судағы тартылыс күші мен координация коэффициенті.

Жүзу тәсілі	Судағы тартылыс күші, кг			
	Толық координациямен, Fпк	Қолдың көмегімен, Fр	Аяқтың көмегімен, Fн	КК, %
Брасс кеудемен	18,2±1,53 15,0±1,49	14,2±1,24 12,2±1,12	8,8±0,68 31,0±3,7	79,13 71,09

Баттерфляй	16,4±1,5 13,0±1,27	12,8±1,16 11,4±1,04	7,9±0,53 7,4±0,32	79,23 69,15
Кроль кеудемен	15,2±1,37 13,3±1,21	11,9±1,10 10,2±1,02	7,2±0,28 6,8±0,24	79,58 78,23
Кроль шалқалап	12,2±1,18 10,1±1,12	9,5±0,86 7,7±0,62	9,0±0,22 5,8±0,21	78,71 74,81

Сонымен бірге координациялық қабілеттердің жоғары деңгейі қыздардың жаңа қимыл (жүзу) дағдыларын жылдам меңгеруіне, дағдылар мен қимыл сапаларының бар қорын тиімді пайдалануына, жаттығу және жарыс әрекетінің нақты жағдаятына сәйкес қозғалыстың қажетті вариативтілігін көрсетуіне мүмкіндік береді. Салыстырылып отырған технологиялардың нәтижелілігі оқытудың соңында бақылау қашықтығын жүзіп өтудің кіріктірілген көрсеткіш-уақытынан анық көрінеді (кесте. 6, 7).

Кесте 6 - Тәжірибелік және бақылау топтарындағы студент қыздардың (X±m) бақылау қашықтығын (25 м) жүзіп өту уақыты (с).

Жүзу тәсілдері	Тәжірибелік топтар	Бақылау топтары	P
Кроль әдісімен етпеттеп жүзу	28,6±0,72	28,9±0,53	-
Дельфин әдісі	31,7±0,46	34,0±0,38	< 0,05
Кроль әдісімен шалқалап жүзу	29,8±1,23	31,3±0,94	-
Брасс әдісімен етпеттеп жүзу	30,9±1,65	33,0±0,89	< 0,05

Кесте 7 - Тәжірибелік және бақылау топтарындағы студент қыздардың қашықтықты жүзіп өту уақыты (1000м), орташа жылдамдығы және жалпы төзімділік индексі.

Топтар	Зерттелушілер саны	Қашықтықтағы уақыт, мин	Жалпы уақыт, мин	Қашықтық уақыты, м/с	ТИ, ш.б.
Тәжірибелік	186	30	5580	0,553	0,633
	13	32	416		
	134	30	4020		
Бақылау	61	32	1952	0,543	0,628
	4	35	140		

Мәселен, тәжірибелік топ студенттері 25 м қашықтықты баттерфляй және брасс әдісімен етпеттеп жүзуде жақсы уақыт көрсетті. Бұл спорттық жүзуге аз уақытта үйрету технологиясының тиімділігін дәлелдейді. Басқа әдістермен жүзу кезінде тәжірибелік топтағы қыздарда бақылау тобындағы қыздармен салыстырғанда, жүзіп өтетін қашықтықтарда нәтижені біршама жақсарту байқалды.

Алынған дағдының тұрақтылығы мен жалпы төзімділіктің дамуын (аэробты мүмкіндіктерді бағалау) анықтау үшін оқытудың соңында жоғары жылдамдықта 1000 м қашықтықты кроль әдісімен кеудемен жүзу тесті ұсынылған болатын. Қашықтықты жүзіп өту уақыты, жылдамдығы, 1, 3, 5, 7, 9-минуттардағы 10 секунд ішіндегі төзімділік индексі және бақылау тобындағы қыздардың 36%-ға жуығы паралельді-бірізді әдісті қолдана отырып, үйретуге кеткен уақыт ішінде жеткілікті дәрежеде дағдыны игере алмайтыны анықталды (кесте 7). Осы топта жүзумен айналысушылардың көбісінің (5%) бақылау қашықтығын мүлдем бағындыра алмағаны байқалды.

1. Тәжірибе арқылы дене шынықтыру және спорт мамандығының студент қыздарының жүзудің берік және тұрақты дағдыларын сапалы игеруі үшін қолайлы жағдайлар жасайтын жүзудің спорттық әдістеріне аз уақытта үйрету технологиясының артықшылықтары анықталды.

2. Педагогикалық тәжірибе нәтижелері үйретуді арнайы тесттік жаттығулар бойынша өткізу тиімді екенін көрсетті. 18-20 жастағы студент қыздар брассты, баттерфляймен және кеудемен жүзу техникасын тез әрі сапалы меңгерді. Бұған бақылау қашықтығын өте жақсы жүзіп өту уақыты дәлел бола алады. Барлық топтардағы студент қыздар кроль әдісімен кеудемен және шалқалап жүзу техникасын сапалы меңгерді.

3. Бақылау топтарындағы студент қыздардың спорттық әдістермен берік және тұрақты жүзу дағдыларын қалыптастыру, әсіресе баттерфляй және брасс әдісімен кеудемен жүзуді үйрену үшін қосымша уақыт керек екендігі анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кульназаров А.К., Дюсупов Б.Ж. Отбор детей в плавании по антропометрическим показателям // Вестник физической культуры. – Алматы, 2005. - №2. – 67-68 с.
2. Губа В.П. Морфобиомеханические исследования в спорте. – М.: СпортАкадемПресс, 2000. – 120 с.
3. Есіркепов Ж.М., Ержанов С.Ө. Жүзуді аз уақытта үйрету технологиясы // «Білім берудегі мен ойлап тапқан әдіс» атты III Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Қызылорда, 2018. 2-кітап. – 172-176 б.
4. Есіркепов Ж.М., Ержанов С.Ө. Студент қыздарға спорттық жүзуді аз уақытта үйрету технологиясы // «Білім берудегі мен ойлап тапқан әдіс» атты III Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Қызылорда, 2018. 1-кітап. – 351-356 б.
5. Ахмедов Қ. Б. Жүзу / Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997. – 192 б.
6. Ахмедов К.Б. Методическая разработка по изучению физиологических особенностей плавания /– Алматы, 1988.
7. Ахмедов К.Б. Жүзуге баулудың методикалық сипаттары /– Алматы, 1991.
8. Crazyna K., Olszewska I. The methods of simultaneous teaching methods of swimming // Materialy V mezinarodni vedecko – prakticka conference «Vedeky prumysl evropskeho kontinentu - 2010». Praha. – Dil 9. Pedagogika. – 92-94 str.
9. Dwayne J. Power training of half a Hertz in water // Materialy VIII Miedzynarowej naukowi-praktycnej konferencji «Europejska nauka XXI powieka - 2012». Voiume 9. 07-15 maja 2012 roku. Praha. Nauka I studia. – 109-112 str.
10. Булгакова Н.Ж. Обучение плаванию в школе. – М. «Просвещение», 2010. – 191 с.

УДК 378.01

Ешенкулова Динара Бауыржанқызы
Докторант
SILKWAY халықаралық университеті
Шымкент қ.
eshenkulova.d@miras.edu.kz

Әбдіғапбарова Ұлжарқын Мұсілімқызы
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДІК ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАСҚАРУ

Түйін. Мақалада оқушының өздік оқу іс-әрекеті және басқару ұғымдары қарастырылады. Оқушының өздік оқу іс-әрекетін әдістемелік басқару принциптері айқындалады. Оқушының өздік оқу іс-әрекетін ғылыми-әдістемелік басқарудың құрамдас бөліктеріне сипаттама беріледі. Олардың қатарында басқару мақсаттарын анықтау; қалыптасатын іс-әрекеттің өзіне тән сапалық ерекшелігін есепке алу; басқару үдерісін мотивациялық қамтамасыздандыру; кері байланысты ұйымдастыру; бақылауды ұйымдастыру; өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру; оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу; оқу үдерісін басқару объектілерін меңгеруді ұйымдастыру; түзетуді ұйымдастыру қарастырылады.

Түйінді сөздер: оқушының өздік оқу іс-әрекеті, өздік оқу-іс әрекетін басқару, әдістемелік басқару, ғылыми әдістемелік басқару, танымдық іс-әрекет

Резюме. В статье уточняется сущность понятия «управление самостоятельной учебной деятельностью учащихся». Определены принципы методического управления самостоятельной учебной деятельностью учащихся. Дана характеристика научно-методическому управлению самостоятельной учебной деятельностью учащихся: определение целей управления; учет качественных особенностей формируемого действия; мотивационное обеспечение процесса управления; организация обратной связи; организация контроля; организация самоконтроля; учет индивидуальных особенностей учащихся; организация освоения объектов управления образовательным процессом; организация исправления и корректировки самостоятельной учебной деятельности учащихся.

Ключевые слова: самостоятельная учебная деятельность учащихся, управление самостоятельной учебной деятельностью учащихся, методическое управление, научно-методическое управление, познавательная деятельность

Summary. The article clarifies the meaning of the concept «management of students' independent educational activities». The principles of methodological management of independent educational activities of students are defined as well. There were also given the characteristic of the scientific-methodical management of independent educational activities of students: definition of management objectives; consideration of qualitative features of the generated action; motivational of management process support; organization of feedback; control; organization of self-assessment; consideration of individual peculiarities of students; organization of development of educational process management objects; organization of correction of independent educational activities of students.

Keywords: independent educational activity of students, management of independent educational activity of students, methodological management, scientific and methodological management, cognitive activity

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда оқушылардың өздігінен білім алу, өздік жұмыстарында өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі ұйымдастыру негізгі мәселелердің бірі саналады. Ал оның тиімді де, нәтижелі ұйымдастырылуы мұғалімнің оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін басқаруынан талап етіледі.

Ғылыми әдебиеттерде «басқару» ұғымына әр түрлі анықтамалар беріледі. Соның ішінде отандық ғалымдардың берген анықтамаларына мән берсек, Ж.Б.Умирбекова «мекеме мақсатына қол жеткізуге және түрткі беру, жоспарлау, ұйымдастыру, орындау, бақылау және реттеуді қалыптастыруға мүмкіндік беретін жүйелі үдеріс» деп анықтаса [Умирбекова Ж.Б., 2010, 46 б], Б.А.Абилова, К.К.Найманбаева, Л.У.Сұлтанбаева «шешім қабылдау, жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация, мақсатқа сәйкес объектіні бақылау, реттеу және жаңа шешімдер мен нақты ақпарат негізінде қорытынды шығаруға бағытталған іс-әрекет» деп түсіндіреді [Абилова Б.А.. Найманбаева К.К., Сул-

танбаева Л.У., 2013, 9 б]. Д.К.Садирбекова «оқыту мен тәрбие үдерісінде субъектілердің өзара әрекеттестігінің адами қарым-қатынаста нәтижелі жүзеге асуын қамтамасыздандыру» тұрғысынан анықтайды [Садирбекова Д.К., 2016, 384 б].

Осы анықтамалардың біріншісі білім беру ұйымының басшысының басқаруына қатысты айтылса, екіншісінде жалпы білім беру саласындағы менеджерлердің басқару ерекшеліктеріне мән беріледі. Ал, Д.К.Садирбекованың анықтамасында мұғалім менеджердің басқаруы қарастырылады. Алайда олардың барлығында да басқару белгілі бір іс-әрекеттерден, жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін әдістерді қолданудан тұратынын жоққа шығармайды.

Осыған байланысты біз де «***оқушының өздік оқу іс-әрекетін басқару*** ұғымын – оның сабақта, сабақтан тыс шығармашылық үдерісте өздігінен орындайтын жұмыс барысындағы танымдық әрекеттерін бақылау және мақсатқа сай нәтижеге жеткізуде тиімді ұйымдастырушылық әдістерді қолдану», деп анықтаймыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Оқушының өздік оқу іс-әрекетін тиімді орындау нәтижесі олардың дербестік танымдық деңгейін жоғарылатады. Сол себепті мұғалім оқушының өздік оқу іс-әрекетінде оның танымдық деңгейінің дамуын басқаруға бағыттауы тиіс. Ал оқушының танымдық іс-әрекетінің деңгейі оны ғылыми-әдістемелік басқарғанда ғана тиімді дами түседі.

Г.Б.Есипов әдістемелік басқарудың оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесіне әсер ететінін ескере отырып, *әдістемелік басқару принциптерін* көрсетеді.

1. Әлеуметтік бағыттылық және *әдістемелік басқарудың тәрбиелік сипаты*, бұл:

а) тәрбие функцияларын күшейту, басқару субъектілерінің кәсіби белсенділігі

б) оқыту барысында (оқу-жаттығулар және олардың басқару субъектілерін басқару қызметінің түрлі нысандарына белсенді тартудағы өзара іс-қимылы) негізгі категориялардың тәрбиелік аспектілеріне (нақты пән бойынша мақсаттары, мазмұны, әдістері, құралдары, оқу-тәрбие үдерісі) ықпал етуді жандандыру.

2. *Әдістемелік басқарудың кешенділігі,* бұл объектіні жан-жақты зерделеуді, пән бойынша оқу-тәрбие процесінің барлық жақтарын есепке алуды көздейді.

3. *Әдістемелік басқару жүйесінің ашықтығы*, бұл ұсынылған шешімдердің ғылымилығын қамтамасыз ете отырып, әдістеме мен онымен аралас ғылымдардың жетістіктерін мақсатты түрде пайдалануға және икемді көрсетуге мүмкіндік береді.

4. *Иерархиялық,* бұл әдістемелік басқаруды бағыныштылық пен бағыныштылыққа қатысты және сонымен бірге белгілі бір салыстырмалы дербестігімен ерекшеленетін бірқатар компоненттерден тұратын күрделі тұтас үдеріс ретінде қарауды көздейді.

5. Оқу үдерісіне *әдістемелік ықпал ету деңгейінің бірлігі* (басқару, рационализация, жетілдіру, бұл басқару процестерінің интегративтілігі мен көпаспективтілігіне сәйкес келеді және объектілерді оқшауланбаған, ал кең жүйелердің элементтері ретінде зерттеуге ықпал етеді).

6. *Әдістемелік басқарудың позициялық икемділігі*, бұл типтік есептерді шешудің әртүрлі нұсқаларының болуымен анықталады.

7. Оқушының оқу деңгейіне байланысты әдістемелік басқарудың әртүрлі бағдарламалары мен сценарийлерін құру мүмкіндігін қамтамасыз етудегі *әдістемелік басқарудың құралдылығы.*

8. Қалыптасатын объектілердің қызмет ету ерекшеліктерін есепке алуды болжайтын *әдістемелік басқарудың функционалдық бағыты* [Есипов Б.П. 1961, 239 б].

Осы принцтерді талдау негізінде ***ғылыми әдістемелік басқарудың*** құрамдас бөліктерін айқындауға болады: басқару *мақсаттарын анықтау*; қалыптасатын іс-әрекеттің *өзіне тән сапалық ерекшелігін есепке алу*; басқару үдерісін *мотивациялық қамтамасыз ету*; *кері байланысты ұйымдастыру*; *бақылауды ұйымдастыру*; *өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру*; оқушылардың *жеке ерекшеліктерін есепке алу*; оқу үдерісін басқару *объектілерін меңгеруді ұйымдастыру*; *түзетуді ұйымдастыру.*

Аталған құрамдас бөліктерге сипаттама беріп көрейік. .

Басқару мақсаттарын анықтау - мәселені тану және түсіну, оны шешу қажеттігі, оның нәтижесі мақсатты қою болып табылады. Сондай-ақ, «мақсаттылық басқарудың басты белгісі ретінде әрекет етеді, өйткені жүйенің барлық өзгерістері мен бір күйден екіншісіне ауысулары мақсаттар мен нәтижелерге сәйкес келген кезде ғана ретке келтіріледі».

Басқару мақсатты сипатқа ие болғандықтан, оқытудың мақсатын талдау макро деңгейде жүргізілуге тиіс, бұл оқытудың осы сатысындағы оқушының жеке тұлғасында орын алуы тиіс барлық өзгерістерді көрсетуді білдіреді. Осыдан кейін микроталдау қажет, нәтижесінде қалыптастыру қажет қызметтің нақты түрлері және олардың сипаттамалары анықталады, олар: жалпылау дәрежесі және автоматтандыру деңгейі [Попов Г. Х., 1974, 156 б].

Қалыптасатын танымдық іс-әрекеттің өзіне тән *сапалық ерекшелігін есепке алу – бұл* басқару объектілері және әртүрлі сипаттағы оқу іс-әрекеттерін (алгоритмдік, эвристикалық) бөліп көрсетуге болады. Алгоритмдік қызмет үлгі бойынша қадамдық іс-әрекетті көздейді. Жартылай эвристикалық сипаттағы іс-әрекет барысында оқушының алгоритмдік ойлау операцияларын басқа ұқсас оқу міндеттеріне көшіру жүреді. Эв-

ристикалық іс-әрекет қойылған оқу міндеттерін орындау кезінде оқу еңбегінің тәсілдерін еркін меңгеруді көздейді.

Мотивациялық қамтамасыз ету - оқу-танымдық іс-әрекеттің қандай да бір түрін ұйымдастыру кезінде «психологиялық тұрғыдан, ең алдымен, оқуға итермелейтін себептер туралы, оқушылардың оқуға деген түрткісін ояту, ынтасын арттыру».

Басқару жүйелі білім ретінде оқушылардың оқу іс-әрекетінің мотивациясын қалыптастыруға кешенді көзқарасты қамтамасыз етеді. Оқытудың кешенділігіне олардың өзара байланысы мен өзара шарттылығы арқылы оқытудың қазіргі заманғы тәсілдерін пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Басқаруда:

- іс-әрекеттік көзқарас – білім беру объектісі ретінде пәндік қызметті және субъект-субъектілік қатынастарды айқындаған сананың және қызметтің біртұтастығының әдіснамалық принципі негізінде әзірленген;

- саралап оқыту – оқушының оқу деңгейін ескеретін және бір оқу деңгейінен екіншісіне ауысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін неғұрлым жоғары оқыту;

- жеке тәсіл – ол оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алуды қамтамасыз етеді;

- проблемалық оқыту – оқу міндеттерін шешуде оқушылардың ізденушілік іс-әрекеті үшін мүмкіндіктер жасайды;

- жеке тұлғаға бағытталған оқыту – білім алушылардың жеке басының призмасы арқылы барлық оқу процесін ұйымдастыруға көңіл бөледі.

Басқару үдерісінің маңызды ерекшелігі – *кері байланыстың болуы.* Басқару процесі, егер басқарылатын жүйе берілген әрекеттің қалай орындалатынын, яғни іс-әрекетте пайда болатын ықтимал қателіктер туралы, сондай-ақ басқарылатын жүйенің жай-күйі туралы ақпаратты уақтылы алған жағдайда тиімді болып табылады. Осылайша, кері байланыс жүзеге асырылады, ол басқаруда басқарылатын процестің барысы туралы мәліметтерді алуды түсінеді.

Бақылауды ұйымдастыру – басқару теориясында бақылау басқару циклінде маңызды, салыстырмалы түрде тәуелсіз және тұйықтаушы буын ретінде қарастырылады. Бақылау функциясы объективті болуы қажет, себебі ол басқару үшін өте қажетті кері байланысты қамтамасыз етеді.

Оқытуға қатысты *бақылаудың* оқыту кезеңдері; уақытша бағыты; бақылау жиілігі; бақыланатын саланың кеңдігі; оқытудың ұйымдық нысандары; оқу сабақтарының түрлері бойынша бөлінеді. *Бақылаудың жүзеге асыру тәсілдеріне қарай* стратегиялық/тактикалық; бастапқы/қорытынды; ағымдағы; бір реттік /мерзімдік; жергілікті/іріктелген; жеке /топтық; жазбаша /ауызша және т.б. түрлерге топтастырылады.

Басқаруда бақылауды жүзеге асыру жүйенің сыртқы орта, оның объектілері туралы осы жүйеге әсер ететін ақпаратты немесе хабардар болуын мүмкін етеді.

Ақпарат - басқару ерекшеліктерінің бірі. Әдістемелік басқаруда ақпарат деп басқарылатын және басқарушы буындар арасындағы байланыс нысаны түсініледі, ол оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару процесінің барысы туралы мәліметтерді объективті бейнелейді.

Сабақта оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша басқару қызметінің барлық блоктары ақпараттық негізге толығымен байланысты. Нәтижесінде, сабақта оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру үшін мұғалім оқушы туралы ақпаратты,оның қызметке дайындығын сипаттайтын мәліметтерді білуі қажет. Маңыздысы іс-әрекет үдерісінде болып жатқан өзгерістер, сондай-ақ соңғы нәтижелер туралы хабардар болу болып табылады.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың *екінші кезеңі* - ақпараттық. Осы кезеңнің негізгі мақсаты оқу материалынан алынған білімді алу және бекіту болып табылады. Оқу материалы оқу процесінде тұрақты өзгерістер мен дамуға ұшырайды. Оқу бағдарламасы – бұл мұғалім немесе оқушы ақпаратты нақты ұсынған кезде адам сабақ кезінде естиді немесе көреді ғана емес. Бұл сондай-ақ, сезіну, уайымдау, олардың санасында қандай үрдістер орын алады, олар екеуі де басқа мәдениет, әлеуметтік-мәдени шығу тегінің өкілдерімен кездеседі. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың мақсаты жаңа сананы қалыптастыру емес, тұжырымдамалық дүниетанымды бастау арқылы оны байыту болып табылады. Осы кезең үшін Lee and McChesney (1999) студенттерге сұрақтар беруді ұсынды, онда студенттер ақпаратты іздеуге, құрылымдауға және талқылау кезінде оны ұсынуға, сондай-ақ сұрақтар қоюға тиіс. Бұл монолог, пікірталас тақырыбы немесе талқылау мәселесі болуы мүмкін. Осылайша, білім алушы әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің жоқтығына байланысты белгілі бір мәселе бойынша ақпарат алып қана қоймай, өзінің өзіндік мәдени санасына ие басқа әлеуметтік қабаттардағы адамдарға жаңа көзқарасты қалыптастыратын өз білімін байытады. Оқу материалы мәдениетаралық контекстпен, қазіргі көзқараспен, өзектілігімен және сенімділігімен байланысты болуы тиіс.

Екінші кезеңнің тағы бір кезеңі оқушылар мен оқытушы арасында қарым-қатынас жасауға ынталандыратын және ықпал ететін тақырыпқа бағытталған іс-әрекет негізінде ынтымақтастықты ұйымдастыруды көздейді. Мұндай қызмет үшін рөлдік модель ұсынылады. Мұндай модельдің шеңберінде студенттер жағдайлар жасайды және жасалған жағдайлардағы проблемалар мен қақтығыстарды шешеді [Wenzel, 1991]. Бұл ойын шығармашылық ойлауға және сыпайы қарым-қатынасқа ықпал етеді. Бұл сондай-ақ, қарым-қатынасты кенеттен және табиғи түрде ілгерілетуге мүмкіндік береді. Оқушылармен жобалау жұмысы да маңызды. Атрибуция

студенттердің әр тобы үшін нақты тақырып тек оқушының назарын ғана емес, сонымен қатар оқушының әдебиетті талдауға назарын ынталандыруға бағытталған. Әдебиетті талдау ақпарат алмасуға ықпал етеді, ол кейбір жағдайларда жобаның мақсатына қарағанда маңызды болады. Жобалық жұмыстың бастапқы идеясы оқушыларды қызметке негізделген оқу ахуалына тарту болып табылады, онда олар білгісі келетіндерді еркін таңдаңды, құрады, яғни жобаның нәтижесі олардың қызметімен анықталады. Жобаның тұсаукесерлері оқушыларды таңдаған аймақтың жанды мәдени өмірі мен осы аймақта тұратын адамдардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ойластыру арқылы көрсетуге итермелейді. Салыстырмалы тәсілдің саналы әдістері салыстырмалы талдау принципі әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерді құрудағы шешуші болып табылады, өйткені ол білім алушылардың зияткерлік өсуіне және жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді [Сафина, 2014]. Білім алушылардың тұлғалық әлеуетін көрсету және олардың мүдделерін қоздыру әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Үшінші кезең білім алушылармен бірге әлеуметтік-мәдени құзыреттілік тұжырымдамасын қазіргі қоғамдағы оның көріністерін анықтау жолымен қалыптастыруды көздейді. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру – еңбекті қажет ететін және күрделі процесс. КББжО, әртүрлі әлеуметтік-мәдени шығу тегі бар адамдарды біртұтас кеңістікке біріктіретін облыс ретінде осы проблеманы шешудің үлкен әлеуетіне ие. Әлеуметтік-мәдени құзыреттердің құрылымын Сафина (2014); Венцель (1991) және Хэндфорд (2002) әлеуметтік-мәдени білім беру бағыттарына сәйкес әзірлеген.

КББжО бойынша Еуропалық стратегия, Брюгтік коммюнике КББжО саласындағы 2011-2020 жылдарға арналған неғұрлым тығыз Еуропалық ынтымақтастық туралы, еңбек нарығы ғана емес, сонымен қатар қоғам да тез өзгерістерге ұшырайды деп болжайды. Адамдар тек кәсіби білім алу үшін ғана емес, сонымен қатар өмірде табысқа жету үшін маңызды рулық құзыреттілік – басқа да білім, білік және дағды алу үшін жағдайлар қамтамасыз етілуі тиіс. КББжО жүйесінде оқушылар жалпы құзыреттілікті алу және кеңейту және оларды кәсіби дағдылармен қатар қолдану мүмкіндігіне ие болуға тиіс. Әлеуметтік-мәдени құзыреттер жеке, тұлғааралық және мәдениетаралық дағдыларды, қоғамдық өмірге және кәсіби қызметке, атап айтқанда, әр түрлі қоғамда тиімді және конструктивті түрде қатысуға мүмкіндік беретін мінез-құлықтың барлық нысандарын қамтитын Еуропалық Одақтағы негізгі жалпы құзыреттердің бірі (2006/962/ЕС ұсынысы) ретінде анықталды.

Басқа елдердің авторлары [MacDonald, 1980; Shergill, 1997; Boyle, 2002; Hopffer, 2005; Johnson, 2009] КББжО оқыту және оқу жолымен, яғни белгілі бір салаларда мамандарды даярлау кезінде әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың маңыздылығын зерттеді. Адамның өмір салтына, оның мәдениетіне әсер ететін әртүрлі факторлар анықталды, олар: этникалық бірегейлікті сәйкестендіру; әлеуметтік және экономикалық мәртебесінің, тұрғылықты жерінің өзгеру жағдайы; жынысы, жасы, дін, физикалық мүмкіндіктері және т.б.адам мәдениеті оның құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты. Бұл факторларды әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру кезінде ескеру қажет.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттер өмірде маңызды дағдылардың рөлін ашатын әртүрлі құзыреттердің жиынтығы ретінде көрінеді. Мектеп отбасы сияқты (оқушының жақын ортасы ретінде), әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің көрінісі мен дамуына ықпал етеді. Зерттеушілер[Бхабхе, 1994; Baquedano - Lopez et al., 1999] мұғалімнің өз жұмысында «үшінші кеңістік» құратыны туралы идеяны жария етті, онда оқушының алғашқы дискурстары (олар үйде, қоғамда пайдаланатын, бейресми әлеуметтік өзара іс-қимыл) және екінші дискурстар (мектепте және басқа да ресми мекемелерде негізделген) осы үшінші кеңістікті құрай отырып, қиылысады, ол алғашқы және екінші дискурстарды қосады.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікке ие маман-педагог [Leavitt, 2003]:

• Мәдениеттің әсерін сезінеді. Барлық адамдар өз мәдениетіне, наным-сенімдеріне, соған байланысты ұстанымдарына және мінез-құлқына «батырылған» екенін түсіну өте маңызды. Мұның бәрі олардың жеке және кәсіби өзара іс-қимылын анықтайды. Алайда адам табиғатында біздің әрқайсымыз консервативті болуға бейім (яғни біздің өмір салты біздің мәдениетімізге сәйкес басқаларды бағалау кезінде бағдар ретінде қолданылуы тиіс норма мен стандарт болып табылады деп ойлаймыз). Біз басқа адам біз сияқты этноцентристік болуы мүмкін екенін ұмытуға бейім. Бұл түрі сана-сезім (немесе, дәлірек айтқанда, оның болмауы) қоғамның әр түрлі әлеуметтік-мәдени топтарынан КББжО мекемелеріне түсетін студенттермен жұмыс істейтін педагогтар үшін аса маңызды;

• Мәдениетаралық қатынастарды бағалайды және мәдени айырмашылықтардан туындаған динамикаға қатысты қырағылықты сақтайды. Мәдениетаралық өзара іс-қимыл басқа адамның ниеті мен іс-әрекеттерін дұрыс түсіндірмеу қаупімен қатар жүреді. Өзара іс-қимылдың әрбір тарапы тәжірибенің, жеке және коммуникациялық аспектілердің белгілі бір жиынтығын ұсынады. Оқыту мен оқу процесінде қырағылықты сақтау және дұрыс түсіндіру мен дұрыс емес пайымдау тәуекелін азайтуға күш салу маңызды. Студенттермен қарым-қатынаста және ынтымақтастықта жасалған терең инсайттар стереотиптік

орнатуларды және өзара тиімді қатынастардың барынша қолжетімді дамуын анықтайды;

• Әлеуметтік-мәдени білімдеріңізді дамытып, оларды күнделікті тәжірибеңізге қосыңыз. КББжО оқытушылары қоғамның әр түрлі жіктерінің оқушыларымен тиімді жұмыс істей алатын, студенттің әлеуметтік-мәдени контекстін тереңірек зерттейтін жерлерде, олар қандай да бір жағымсыз салдарсыз оқыту және оқу процесін жақсарта алады. Педагог студенттің әлеуметтік-мәдени шығу тегін түсінуге және зерделеуге күш салуы тиіс және осы ақпаратқа негізделе отырып, қарым-қатынас және білім беру үрдісінің әдістемесін өзгертуі тиіс. Осылайша, өзара іс-қимылдың әрбір тарабы ақпаратты беруге және алуға дайын болу неғұрлым тиімді ынтымақтастық пен өзара түсіністікке алып келетіндігін негізге ала алады.

Егер оқытушылар «үшінші кеңістікті» қалыптастыруға көп көңіл бөлсе, онда оқыту және тәрбиелеу арқылы әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудағы студенттің бастапқы білімі мен тәжірибесін біріктіруге көп көңіл бөлуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Әлеуметтік-мәдени құзыреттердің құрамы және олардың әсері тиісті құзыреттерді беру, алу және қолданудың нақты саласымен анықталады. Үздіксіз білім беру мүмкіндіктерін іске асыра отырып, КББжО осындай құзыреттілікті қалыптастыру үшін қолайлы ортаға айналады.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттер әлеуметтік, мәдени құндылықтарды және жеке тұлғаның бірегейлігін қалыптастыруда әрекет етеді, олар өз кезегінде нақты әлеуметтік-кәсіптік саладағы әлеуметтік актердың іс-әрекетінің негізін қалыптастырады; олар сондай-ақ өзін өзгеретін салада жүзеге асыруға және бекітуге, кәсіби, әлеуметтік және мәдени саланың өзгеруіне бейімделуге көмектесетін әлеуметтік актерлік габитусінің ажырамас және белсенді бөлігі болып табылады; олар жеке тұлғаның құрамы, құрылымы, әртүрлілігі, таңдау және қолдану тәсіліне байланысты кәсіби әлеуметтенудің процесі мен мазмұны.

Бастауыш кәсіптік білім беру және кәсіптік даярлық жүйесінде әлеуметтік-мәдени құзыреттерді қалыптастыру адамға тұтас көзқарасқа сәйкес әзірленген оқу жоспарымен, сондай-ақ тиісті процестермен қамтамасыз етіледі. Бұл кәсіби білім беру және кәсіби дайындық мекемелері жеке тұлғаның еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыратын және жеке тұлғаның кәсіби және әлеуметтік ортаға табысты кірігуі үшін қажетті құзыреттіліктерді алу үшін жағдай жасау миссиясын орындауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Aleknaitė Bieliauskienė, R. (2008). Sociokultūros intelektinio kapitalo ir inovacinės politikos sąveikos paradigma: šiandienos aktualijos. Socialinis darbas, 7(2), 5-13

2.Эндрюс, М.М., & Бойл, Ю.С. (2002). Науқастарға трансмәдени күтім жасау. Трансмәдени күтім журналы, 13(3), 178-180.

3.Асташова, Н.А. (2003). Білім беру мекемелері жүйесінде толеранттылықты қалыптастыру мәселесі. Толерантты сана және толерантты қатынастарды қалыптастыру, 2, 80-85.

4.Baršauskienė, V., & Leliūgienė, I. (2001). Sociokultūrinis darbas bendruomenėje. Kaunas: Technologija.

5.Бхабха, Х.К. (1994). Мәдениеттің орналасуы. Нью-Йорк: Раутледж.

6.Биггс, Ж. (1999). Университетте сапалы оқыту үшін оқыту, Букингем: SRHE және Open University Press.

7.Briugės komunikatas dėl glaudesnio Europos bendradarbiavimo profesinio rengimo ir mokymo srityje (2012). Сілтеме бойынша қол жетімді http://ec.europa.eu/education/policy/vocational-policy/doc/brugescom_lt.pdf (02/05/2015 қалпына келтірілді).

8.Бурген, А. (1996). 21 ғасырдағы жоғары білімнің мақсаттары мен міндеттері. Лондон: Джессика Кингсли Паб.

9.Коэн, А.Д., & Olshtain, E. (1981). Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік шараларын әзірлеу: кешірім жасау жағдайы. MI: Тілдерді Зерттеу Клубы, Мичиган университеті.

10.Europos aukštojo mokslo sistemų modernizavimo darbotvarkė (2011). Сілтеме бойынша қол жетімді http://eurlex.europa.eu/legal-content/LT/TXT/?uri=CELEX:52011DC0567 (12/09/2014 қалпына келтірілді).

11.Гутьеррес, Д.К., Бакедано-Лопес, П. Альварес, А.Х., & Чиу, М.М. (1999). Гибридті тілдік тәжірибе негізінде ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыру. Практика теориясы, 38, 87-93.

12.Хэндфорд, М. (2002). ESL класында әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамыту. Ноттингем Лингвистикалық Циркуляр, 17,1-16.

13.Екінші Тіл Мұғалімінің Білімі– Әлеуметтік-Мәдени Болашақ. Лондон: Routledge

14.Негізгі құзыреттер. Жалпы міндетті білім беру тұжырымдамасын әзірлеу (2002 жыл). Эвридика. Сілтеме бойынша қол жетімді http://www.see-educoop.net/education_in/pdf/compulsary-edu-oth-

enl-t05.pdf (21.09.2014 қалпына келтірілді).
15.Левитт, Р.Л. (2002). Көпмәдени әлемдегі мәдени құзыреттілікті дамыту. 1-бөлім. Журнал Пт, 10 (12), 36-48.
16.Ли, С. Дж., & Макчесни, Б. (2000). Дискурсты аяқтау бойынша есептер: әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамытуға арналған оқу құралы. Ағылшын Тілін Оқыту, 54 (2), 161-168.
17.Lipinskienė, D. (2002). Edukacinė studentą įgalinanti studijuoti aplinka. Daktaro disertacija. Socialiniai mokslai, edukologija. Kauno Technologijos Universitetas.
18.Макдональд, М. (1980). Әлеуметтік-мәдени жаңғырту және әйелдер білімі-әйелдерді еңбекке оқыту. Лондон: Routledge & Kegan Paul.
19.Мак, С.А., & Баркер, М.С. (2004). Мәдениетаралық қатынастарға жәрдемдесу үшін әлеуметтік-когнитивті оқыту бағдарламасы. Сеул: Kyoyook-Kwahak-Sa Publishing.
20.Мак А.С., & Букингем, А.С. (2007). Коммуникация курстарынан басқа: EXCELL™ әлеуметтік-мәдени оқыту негізінде дағдыларды қосу артықшылықтары бар ма? Халықаралық мәдениетаралық қатынастар журналы, 31(3), 277-291.
21.Мак А.С., Вествуд, М.Я., Ишияма, Ф.И. & Баркер, М. (2000). Шетелдік студенттер арасында табысқа жету үшін әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктер: Excell бағдарламасы. Халықаралық білім беру журналы, 4 (2), 33-38.
22.Макбрайд, Д.Ф. (2011). Әлеуметтік-мәдени теория: мәдени ерекшеліктерді ескере отырып бағалау үшін үлкен құрылымды қамтамасыз ету. Wiley Periodicals, 10 (131), 24-75
23.McCafferty, S.G., & Ahmed, M.K. (2000). The Appropriation of Gestures of the Abstract by L2 Learners. In J. P. Lantolf (Ed.), Sociocultural Theory and Second Language Learning. (pp. 199- 218). UK: Oxford University Press.
24.Маграт, Д.Л. (2007). Кәсіптік білім беру мен оқытуда тұтас тәсілді іске асыру. Australian Journal of Adult Learning, 2(47), 113-178.
25.Milrud, V.P. (2004). Тілді оқытудағы құзыреттілік. Мектептегі шетел тілдері, 7, 31-35. Mokymosi visą gyvenimą Europos kvalifikacijų sąranga (EKS) (2009). Liuksemburgas: Europos Bendrijų oficialiųjų leidinių biuras. Сілтеме бойынша қол жетімді http://ec.europa.eu/ploteus/sites/eaceqf/files/broch_lt.pdf (16/09/2014 қалпына келтірілді).
26.Минор, Л.С., & Арнот-Hopffer, Е. (2005). Педагогикалық білім берудегі әлеуметтік-мәдени құзыреттілік. Педагогикалық білім беру журналы, 3(56), 242-247
27.Phillipson, С., & Рэншоу, П.Д. (2013). Жазықтықтың әлеуметтік-мәдени құрылымындағы білім жетістіктерін құру. Sivanes Phillipson, Келли Е. Л. Ку & Шейн Н. Phillipson. (ЭЦҚ.). Білім Жетістіктерін Құру. Әлеуметтік-мәдени болашақ. (3-9УК бет). АҚШ және Канада: Routledge.
28.Сафина, М.С. (2014). Шет тілін оқытуда әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру. Procedia-Social and Behavioral Sciences, 9 (136), 80-83.
29.Шергил, А. (1997). Медициналық қызметкерлер арасында мәдениетаралық тұлғааралық құзыреттілік дағдыларын қалыптастыру бойынша табысты оқу бағдарламасы үшін әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті бағалау. Жарияланбаған докторлық диссертация. Кеңес беру психология бөлімі, Ванкувер: Британдық Колумбия университеті.
30.Spierts, M. (2003). Balansavimas ir aktyvinimas. Metodiškai organizuotas sociokultūrinis darbas. Vilnius: VU specialiosios psichologijos laboratorija.
31.Šinkūnienė, J.R., & Savickaitė D. (2008). Sociokultūrinio darbo dilema. Socialinis darbas, 7(1), 109- 116.
32.Триггер, Б. (1998). Әлеуметтік-мәдени эволюция: есептеу және күтпеген жағдайлар. Лондон: Basil Blacwell Publishers.
33.Уолкер, А.Р., Pressick-Килборн. К. Арнольд, С.Л., & Сейнсбери Е.Ю. (2002). Контексте уәждемені зерттеу: әлеуметтік-мәдени перспективаларды әзірлеу. Еуропалық Психолог, 9 (4), 245-256.
34.Вествуд, М.Ж., А. Мак, М. Баркер, & Ishuishiyama Ф. (2000). Иммигранттардың әлеуметтік-мәдени құзыреттерін дамытуға арналған топтық рәсімдер мен өтінімдер. Кеңес беруді дамытуға арналған халықаралық журнал, 22, 317-330.

ҒТАХР 27.23.15

Жұмаш Гүлнар
2 курс магистранты
Жаратылыстану факультеті
Математика және информатика кафедрасы
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қаласы

ЖАНАМАСЫ ПАРАБОЛА НЕМЕСЕ ЛОГАРИФМДІК ФУНКЦИЯ БОЛАТЫН ҮШ ЕСЕП

Түйін. Қазіргі күнде теңсіздіктерді дәлелдеудің көптеген әдістері бар, олар жайлы ондаған кітаптар және жүздеген ғылыми мақалалар жазылған. Бірақ сондай әдістердің көп болғанына және оларды жан-жақты оқытуға қарамастан олимпиада өткізу практикасынан сол олимпиадаға қатысушылардың жартысынан азы ғана теңсіздіктерді дәлелдей алатыны белгілі болды. Осыған ұқсас жағдайлар әртүрлі халықаралық олимпиадаларда да кездеседі. Бұл ғылыми мақалада екі теңсіздік парабола жанамасы, ал үшінші теңсіздік логарифмдік функциясы жанамасы көмегімен дәлелденеген, осы келтірілген нәтижелерді жаңа әдіс-жанамаларды ажырату әдісін теңсіздіктерді дәлелдеуге қолданса нұр үстіне нұр болар еді.

Түйінді сөздер: Жанамаларды ажырату әдісі, жанама түзу, логарифімдік функцияның жанамасы, парабола жанамасы, функцияның графигі, функцияның туындысы, функцияның өсуі мен кемуі.

Резюме. В настоящее время существует множество способов доказывания неравенств, о которых написано десятки книг и сотни научных статей. Не смотря на это многие участники республиканских и международных олимпиад не могут доказать неравенств. Одним из новых методов доказательства неравенств является метод отделяющих касательных. В этой научной статье два неравенства доказаны с помощью касательной параболы, а третье неравенство с помощью касательной логарифмической функций, будет очень полезно если для доказатательств неравенств будут применятся приведенные результаты нового метода-метода отделяющих касательных.

Ключевые слова: метод отделяющих касательных, касательная прямая, касательная логарифмической функций, касательная парабола, график функций, производные функций, возрастания и убывания функций.

Summary. Currently, there are many ways to prove inequalities, about which dozens of books and hundreds of scientific articles have been written. Despite this, many participants in national and international Olympiads cannot prove inequalities. One of the new methods for proving inequalities is the method of separating tangents. In this scientific paper, two inequalities are proved using the tangent parabola, and the third inequality using the tangent logarithmic functions, it will be very useful if the results of a new method-the method of separating tangents-are applied to prove inequalities.

Keywords: method of separating tangents, tangent line, tangent logarithmic functions, tangent parabola, graph of functions, derivatives of functions, increases and decreases of functions.

Теңсіздіктерді дәлелдеудің көптеген әдістері бар. Мектеп алгебрасындағы маңызды мәселелердің бірі – теңсіздіктер. Теңсіздіктерді дәлелдеу олимпиада есептерінде және орта мектеп бағдарламасынан тыс математиканы тереңдетіп оқытуда қолдануға болады. Мектеп математика курсында теңдеулерді шешудің төрт негізгі әдістері мыналар: көбейткіштерге жіктеу, жаңа айнымалы енгізу, функцияларды байланыстыратын теңдіктен аргументтерді байланыстыратын теңдікке көшу, функциялардың графиктік әдісі. Мектеп математикасында бұл әдістер әр түрлі теңсіздікті дәлелдеуге қолданады [Дорофеев Г.В., 2000, 76].

Теңсіздіктерді шешуге қолданылатын жаңа әдіс – жанамаларды бөлу әдісі 70% Йенсен теңсіздігімен байланысты, теңсіздіктерді шешуге қолданылады, функциялардың графиктерін және оларға қатысты, көп жағдайда дәлелдердің құрылымын түсінуге, сондай-ақ ерекше дәлелдердің бар-жоғын анықтауға көмектеседі, үйірме сабақтарына да, әртүрлі халықаралық олимпиадаларда септігін тигізуі мүмкін. [Chetkovski Z., 2012] кітапта 485 теңсіздіктің 101 түрінен, оның ішінде біздің ұсыныстарымыздың көмегімен 74 теңсіздікті дәлелдеуге болады [Ибатулин И.Ж, Лепес А.Н., 2014, 4 б]. Жақынғы жылдары осы жаңа әдіс – жанамаларды ажырату әдісі аясында шетелдік басылымдарда мақала жарияланды [Ibatulin I.Zh., Lepes A.N.]. Қытайда қолданыс тауып, бірнеше авторлар осы турасында сайыттарда мақалалар жазды, әрі жоғарғы мектепке емтихан тапсырушы оқушыларға пысықтау материалы ретінде оқулықтарға кірістірілген [Hu

Guiping., 2018]. Олимпиадада неге қатысушылардың аз пайызы теңсіздікті дәлелдейді? Теңсіздікті дәлелдеудің классикалық әдістерінен басқа шығар жол барма? Көкейтесті болған сұраққа ғылыми жетекшіммен іздену нәтижесінде, бірнеше есепке жүйелі түрде дәлелдеу алып барылып, оқырмандар назарына ұсынылды [Омаров Ж.А., Жұмаш Г.].

Бұл ғылыми мақалада екі теңсіздік парабола жанамасы, ал үшінші теңсіздік логарифмдік функциясы жанамасы көмегімен дәлелденген.

1-Мысал:

Оң $a_1, a_2, \ldots a_n$ сандары

$$a_1^2 + a_2^2 + \cdots + a_n^2 = n \qquad (1)$$

шартын қанағаттандырсын сонда

$$\frac{1}{5-a_1} + \frac{1}{5-a_2} + \cdots + \frac{1}{5-a_n} \le \frac{n}{4} \qquad (2)$$

теңсіздігін дәлелдеу керек

Дәлелдеуі: $f(x)=\frac{1}{5-x}$, $x \in (0,2)$ функциясын қарастырамыз.

Алдымен мына есепті шығарып алайық $y(x) = k.x^2 + m$ функциясының арасынан $f(1) = y(1), f'(1) = y'(1)$ және $x \in (0,2)$ үшін

$f(x) \le y(x)$ шартын қанағаттандыратын $y(x)$ функциясын таңдап алайық.

Дәлелдеуі: $f(1) = \frac{1}{5-1} = \frac{1}{4}$, $y(1) = k.1^2 + m = k + m$, осыдан

$\frac{1}{4} = k + m$ болуы керек.

$$f'(x) = [(5-x)^{-1}]' = -1.(5-X)^{-1-1}.(-1) = \frac{1}{(5-x)^2}$$

$f'(1) = \frac{1}{(5-1)^2} = \frac{1}{16}$, $y'(x) = 2.k.x$,

$y'(1) = 2k$, осыдан $\frac{1}{16} = 2k$,

Сонда $k = \frac{1}{32}$ $\frac{1}{32} + m = \frac{1}{4}$, $m = \frac{1}{4} - \frac{1}{32} = \frac{7}{32}$

Енді барлық $x \in (0,2)$ үшін $f(x) \le y(x)$ есебін көрсету жеткілікті (1 сурет).

яғни

$$\frac{1}{5-x} \le \frac{x^2+7}{32} \qquad (3)$$

әрине (3) теңсіздік мына тесіздікке эквивалентті:

$$(x-1)^2.(x-3) \le 0,$$

Бұл жоғарыда көрсетілген $x \in (0,2)$ үшін шарты үшін орындалады.

Енді есептің шартына сәйкес (3) теңсіздікті n рет қолдану арқылы және (1) шартты пайдаланып (2) теңсіздікті аламыз:

$$\frac{1}{5-a_1} + \frac{1}{5-a_2} + \cdots + \frac{1}{5-a_n} \le \frac{a_1^2+7}{32} + \frac{a_2^2+7}{32} + \cdots + \frac{a_n^2+7}{32} =$$

$$= \frac{a_1^2 + a_2^2 + a_n^2 + 7.n}{32} = \frac{8n}{32} = \frac{n}{4}$$

$n = 4$ жағдайында жоғарғы (2) теңсіздік [Петраков И.С., 1982, 64 б] есепті аламыз.



1 сурет

2-Мысал:

$a_1 > 0, a_2 > 0, \dots, a_n > 0$ сонымен бірге

$$a_1^2 + a_2^2 + \cdots + a_n^2 = n \qquad (4)$$

шартымен берілсін сонда

$$\frac{1}{2-a_1} + \frac{1}{2-a_2} + \cdots + \frac{1}{2-a_n} \geq n \qquad (5)$$

болатынын дәлелдеу керек.

Дәлелдеуі: $f(x) = \frac{1}{2-x}$, $y(x) = k.x^2 + m$, $x \in (0, \sqrt{3})$ деп алайық.

$a_1 = 1, a_2 = 1, \dots, a_n = 1$ болғанда біздің теңсіздік теңдікке айналатынын көреміз.

k мен m сандары $f(1) = y(1), f'(1) = y'(1)$ шартынан таңдап аламыз.

$f'(x) = [(2-x)^{-1}]' = -1.(2-X)^{-1-1} = \frac{1}{(2-x)^2}$, $y'(x) = 2.k.x$,

$$f(1) = 1, y(1) = k + m,$$
$$f'(1) = 1, y'(1) = 2k \text{ осыдан}$$

$$\begin{cases} 1 = k + m \\ 1 = 2k \end{cases}$$

$k = \frac{1}{2}$, $m = \frac{1}{2}$ және $y(x) = \frac{x^2+1}{2}$

Ары қарай

$$\frac{1}{2-x} \geq \frac{x^2+1}{2} \qquad (6)$$

(6)теңсіздігінің $x.(x-1)^2 \geq 0$ теңсіздігіне эквивалентті екенінен пайдаланып (6)теңсіздікті n рет қолдану арқылы және (4) шартты пайдаланып есепті жалғастырамыз. (2 сурет).

$$\frac{1}{2-a_1} + \frac{1}{2-a_2} + \cdots + \frac{1}{2-a_n} \geq \frac{a_1^2+1}{2} + \frac{a_2^2+1}{2} + \cdots + \frac{a_n^2+1}{2} = \frac{a_1^2+a_2^2+\cdots+a_n^2+n}{2} = \frac{n+n}{2} = n$$

Осыны дәлелдеу керек болатын.

$n = 3$ жағдайында жоғарғы (5) теңсіздік [Ибатулин И.Ж, Лепес А.Н., 2014 64 б] есебі алынды.



2 сурет

3-Мысал:

$a_1 > 0, a_2 > 0, \dots, a_n > 0$ сандары

$$a_1.a_2.\dots.a_n = 1 \qquad (7)$$

шартымен берілсін сонда

$$\frac{a_1}{a_1^2+2} + \frac{a_2}{a_2^2+2} + \dots + \frac{a_n}{a_n^2+2} \le \frac{n}{3} \qquad (8)$$

теңсіздігін дәлелдеу керек.

Дәлелдеуі: $f(x) = \frac{x}{x^2+2}$, $y(x) = k.ln1 + m, x > 0$ функциясын қарастырайық. k мен m сандары $f(1) = y(1), f'(1) = y'(1)$ шартынан таңдап аламыз.

$f(1) = \frac{1}{1^2+2} = \frac{1}{3}, y(x) = k.ln1 + m = m$ екені көрінеді, ары қарай:

$$f'(x) = \left(\frac{x}{x^2+2}\right)' = \frac{1.(x^2+2) - 2x.x}{(x^2+2)^2} = \frac{2-x^2}{(x^2+2)^2}$$

$f'(x) = k.\frac{1}{x} = \frac{k}{x}$ болғандықтан

$f'(1) = \frac{2-1^2}{(1^2+2)^2} = \frac{1}{9}$, $y'(1) = k$ сонымен $m = \frac{1}{3}$, $k = \frac{1}{9}$ екенін аламыз.

Осыдан $y(x) = \frac{1}{9}lnx + \frac{1}{3} = \frac{lnx+3}{9}$ енді $f(x)$ бен $y(x)$ функциясының айырмасы

$h(x) = \frac{x}{x^2+2} - \frac{lnx+3}{9}$, $x > 0$,

Әрбір $x \ge \frac{2}{7}$ үшін $x^3 + 10x^2 + 14\left(x - \frac{2}{7}\right) > 0$ орындалатындықтан

$h'(x) = \frac{2-x^2}{(x^2+2)^2} - \frac{1}{9x} = -\frac{(x-1).(x^3+10x^2+14x-4)}{9x.(x^2+2)^2}$ туындысы $\left[\frac{2}{7}, +\infty\right)$ арасында тек бір ғана

$x_0 = 1$ нүктесінде нөлге айналады.

Енді $h(1) = 0, h = \left(\frac{2}{7}\right) = -\frac{10}{51} + \frac{ln\frac{2}{7}}{9} < 0$ екенін ескеріп және $[1, +\infty)$ аралығында h функциясының кемитінін ескріп

$$\frac{x}{x^2+2} \le \frac{lnx}{9} + \frac{1}{3} \qquad (9)$$

Теңсіздігін аламыз (3 сурет) [Ибатулин И.Ж, Лепес А.Н., 2014, 74 6].

Осында (7) шарты бойынша (8) теңсіздікті аламыз.

$$\frac{a_1}{a_1^2+2} + \frac{a_2}{a_2^2+2} + \dots + \frac{a_n}{a_n^2+2} \le \frac{n}{3}$$

2) $a_1 < \frac{2}{7}$ болсын

$f(x) = \frac{2-x^2}{(x^2+2)^2} = \frac{(\sqrt{2}-x).(\sqrt{2}+x)}{(x^2+2)^2}$ екенін көреміз. Осыдан $(0, \sqrt{2})$ аралығында $f(x)$ функциясы өседі, ал $(\sqrt{2}, \infty +)$ аралығында кемиді. Сонда

Max $f(x) = f\left(\frac{2}{7}\right) = \frac{7}{51}$, Max $f(x) = f(\sqrt{2}) = \frac{1}{2\sqrt{2}}$,

$(0, \frac{2}{7})$ $(0, +\infty)$

Осыдан, $f(a_1) + f(a_2) + \dots + f(a_n) \le \frac{7}{51} + \frac{1}{2\sqrt{2}} + \dots + \frac{1}{2\sqrt{2}}$, енді $\frac{7}{51} < \frac{1}{3}$ және

$\frac{1}{2\sqrt{2}} < \frac{1}{3}$ екенін ескеріп $f(a_1) + f(a_2) + \dots + f(a_n) \le \frac{1}{3} + (n-1)\frac{1}{3} = \frac{n}{3}$ болатынын көреміз.

Дербес жағдайда яғни $n = 3$, болғанда (8) теңсіздіктен алынды [2; 74].



3 сурет

Заман талабы өзгерген сайын, адам санасы өсіп, күн сайын білім жаңаланып, жаңа технологиялар пайда болып, олардың көмегімен қиял ғажайып дүниелерді іске асыруда, математика ғылымы барлық ғылымның саласымен тығыз қарым қатынаста. Ол бір түрлі білімдік жүйе әрі берік логикалы ой қорыту арқылы қалыптасқан, ақиқат дүние жөніндегі кеңістік форма және сандық тәуелділік пен ой қорыту формасы туралы теорияланған білімнің жиынтығы. Адамдардың «ақиқат дүниенің кеңістік формалары мен сандық тәуелділігі» жөніндгі танымдарын бейнелеп қана қоймай, оның үстіне адамдардың «ой қорыту формасы» туралы танымдарын да бейнелейді.

Қорыта келгенде жанамаларды ажырату әдісі:

- Жаңа типтегі теңсіздіктерді құрастыру үшін пайдасы тиуі мүмкін.
- Дәстүрлі алгебралықтарға геометриялық және дифференциалдық ойлауларына көмек ретінде жәрдемдеседі.

Сондықтанада жаңа мәселелер барсында, математикада жүйрік ойыды , есептерді шешу тәсілінің барынша оңай әдісін шешуге бағытталған. Қазіргі заман математика ғылымының өте кең, жанжақты тараған дамыған кезеңі. Ал талапқа сай математикалық білімімді көтеру үшін мұғалімдер, студеніттер, оқушылар әрқайсысының үлкен ізденісте жүруі шарт. Қазіргі уақытта білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат- еліміздегі білім беруді халықаралық деңгейге білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ. Сондықтан, жоғарыдағы келтірілген есептер, университеттегі студеніттерге, оқушыларға математика пәнінен олимпиадалық есептерге дайындық ретінде қарастыруға болады деп ойлаймын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Дорофеев Г.В., Математика для 9 класса средней школы. – М.: Дрофа, 2000. -7с.
2. Ибатулин И.Ж., Лепес А.Н. Альтернативные доказательства 100 неравенств: метод отделяющих касательных. Санкт – Петербург: Реноме, 2014. – С. 64-74.
3. Петраков И.С. Математические олимпиады школьников. – М.: Просвещение, 1982. - 64б.
4. Chetkovski Z. Inequalities. Theorems, techniques and Problems. – Verlag Berlin Heidelberg: Springer, 2012.
5. Ibatulin I.Zh., Lepes A.N. Using tangent lines to prove inequalities (part II). Mathematical Excalibur. 2013-2014. Vol.18 No.4. 6 pages, г. Гонконг, Китай.
6. Hu Guiping. The tangent method proves the condition inequality. China-Gancu, 2018. https://wenku.baidu.com/view/
7. Омаров Ж.А., Жұмаш Г. Кейбір теңсіздіктерді жанамаларды ажырату әдісімен шешу. Қазақстан республикасы Халықаралық ғылыми журнал-қосымшасы, «Ізденіс», – Алматы, № 1(1) 2019. – С. 270-273.

МРНТИ 14.07.01

Исабаева Сулу Нагашыбаевна
п.ғ.к., қауымд.профессор,
Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Абишева Нурзия Магазовна
п.ғ.к., доцент м.а.,
Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

БІЛІМ БЕРУДЕ 4К МОДЕЛІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ РӨЛІ

Түйін: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында «Білім беру ісінде 4К моделіне: шығармашылықты дамыту, сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас дағдылары және командалық жұмысқа қабілеттілігіне басты назар аударылуда» деп көрсеткен. Мақалада проблемалық әдіс осы модельді жүзеге асырудың ең маңызды әдістерінің бірі болып табылады. Проблемалық оқытуға негізделген оқыту - проблемалық жағдайларды ұйымдастыру, проблемаларды шешу, проблемаларды шешуде студенттерге қажетті көмек көрсету, осы шешімдерді тексеру және, ақырында, алынған білімнің жүйеленуі мен топтасуы үдерісінің басшылығы сияқты іс-әрекеттердің жиынтығы. Проблемаға бағдарланған оқыту, басқа ешкімге қарағанда, білім алушылардың қажетті білім жүйесі мен дағдыларын меңгеруіне ғана емес, олардың шығармашылық дамуының жоғары деңгейіне қол жеткізуге, білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеу мен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Бұл міндеттерді проблемалық оқыту процесінде айтарлықтай жетістіктермен жүзеге асыруға болады, өйткені студенттер оқу материалын іздеу жұмыстарында, проблемалық-танымдық тапсырмаларды шешу процесінде белсенді меңгереді. Проблемалық оқытудың тағы бір маңызды мақсаты ақыл-ой іс-әрекетінің ерекше стилі, сыни ойлауды қалыптастырудағы рөлі де айтарлықтай.

Түйінді сөздер: проблемалық оқыту, сыни ойлау, командалық жұмыс, қарым-қатынас қабілеттілігі, өзбетімен оқу.

Резюме. **В Послании первого Президента Республики Казахстан** Н. Назарбаева отмечается «Акценты в образовании смещаются в сторону модели 4К: развития креативности, критического мышления, коммуникабельности и умения работать в команде». В статье рассматривается проблемный метод как один из важнейших методов реализации этой модели. Проблемное обучение - это совокупность таких действий как организация проблемных ситуаций, формулирование проблем, оказание ученикам необходимой помощи в решении проблем, проверка этих решений и, наконец, руководство процессом систематизации и закрепления приобретенных знаний. Проблемное обучение, в отличие от любого другого, способствует не только приобретению учащимися необходимой системы знаний, умений и навыков, но и достижению высокого уровня их креативного развития, формированию у них способности к самообучению, самообразованию и коммуникабельности. Эти задачи могут быть реализованы с большим успехом именно в процессе проблемного обучения, поскольку усвоение учебного материала происходит в ходе активной поисковой деятельности учащихся, в процессе решения ими системы проблемно-познавательных задач. Нужно отметить еще одну из важных целей проблемного обучения: формирование особого стиля умственной деятельности, критического мышления.

Ключевые слова: проблемное обучение, критическое мышление, работа в команде, коммуникабельность, самообучение.

Summary. In the Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev, "Accents in education are shifting towards the 4K model: development of creativity, critical thinking, communication skills and ability to work in a team". The article discusses the problem method as one of the most important methods for implementing this model. Problem-based learning is a combination of such actions as the organization of problem situations, the formulation of problems, the provision of necessary assistance to students in solving problems, the verification of these solutions and, finally, the guidance of the process of systematization and consolidation of acquired knowledge. Problem-based learning, unlike any other, contributes not only to the acquisition by students of the necessary system of knowledge and skills, but also to the achievement of a high level of their creative development, the formation of their ability to learn, self-educate and communicate. These tasks can be realized with great success precisely in the process of problem-based learning, since learning material is learned during the active search activity of students,

in the process of solving the problem-cognitive tasks system. It is necessary to note one of the important goals of problem-based learning: the formation of a special style of mental activity, critical thinking.

Keywords: problem-based learning, critical thinking, teamwork, communication skills, self-study.

КІРІСПЕ

Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда» деп айтылған [Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жолдауы, 2018]. Мұндай талаптарға қол жеткізуде жоғары білім беру мекемелерінде инновациялық және жаңа ой, идея туғызуға мүмкіндік беретін оқыту әдістерін қолдану қажет. Осындай педагогикалық үдерісте студент тұлғасының субъектілі позициясын өзектілеудің тәсілдерінің бірі ретінде проблемалық әдісті қолдануды ұсынамыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Проблемалық әдісті қолдану, студенттің оқыту үдерісінде алған білімін, тек білумен ғана шектелмей, оларды қолдану мүмкіндігін қалыптастыруға жағдай жасайды. Проблемалық әдістің нәтижесінде құрылатын эмоционалды резонанс, студенттің кез келген пән бойынша қажетті білім, білік, дағдыларды меңгеруіне деген құндылық бағдарлармен қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқытуды зерттеуге келесі педагогтар мен психологтардың жұмыстары арналған: Ю.К.Бабанский, З.И.Калмыкова, Т.В.Кудрявцев, И.Я.Лернер, В.Н.Максимова, А.М.Матюшкин, М.И.Махмутов, Т.И.Шамова, Ш.Т.Таубаева және т.б [Бабанский Ю.К., 1983, б. 36].

М.И.Махмутов проблемалық оқытуды 20-жылдардан бастап кеңестік дидактика ғылымында жақсы танымал зерттеу әдісінің басқаша аталуы деп санауға болмайтынын атап көрсетті. Оқытудағы проблемалық тәсіл кең категория болып саналады. Ол зерттеу әдісін проблемалықты жүзеге асырудың бір факторы ретінде қамтиды. Проблемалық тәсіл шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мәселелерімен тығыз байланысты болады. Сондықтан, ол кең тараған оқыту түрі болып саналады [Таубаева Ш.Т., 2007, б. 61-66].

Проблемалық тәсіл біздің педагогикалық тәжірибеге түсіндірмелі-иллюстрациялық оқытуға альтернатива ретінде, 60-70-жылдары белсенді енгізіле бастады. Біз ойлаудың продуктивті және репродуктивті типтерінің үйлесуімен анықталатын, студенттердің ақыл-ой әрекетінің сипатын ескеруді қажет деп санаймыз. Өз кезегінде, проблемалық оқытудың рөлін асыруға, кемітуге болмайды, оқытудың аталған түрі түсіндірмелі-иллюстрациялық әдіспен үйлескен жағдайда ғана, позитивті рөл атқарады. Оқытудағы проблемалық тәсіл мен түсіндірмелі-иллюстрациялық әдістің арасындағы айырмашылықтар, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың мақсаты мен принциптерінен тұрады. Егер түсіндірмелі-иллюстрациялық оқытудың мақсаты, студенттердің ғылыми білім, білік, дағдыларды меңгеруі болып саналса, онда проблемалық оқытудың мақсаты – ғылыми білімді меңгеру ғана емес, сонымен бірге ойлау үдерістерін қолдау, танымдық белсенділікті жан-жақты дамыту болып табылады. Проблемалық оқытуды жүзеге асыруда, студенттер оқу-танымдық іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолдану бойынша дайын нұсқауларды алмайды, оларды ізденістік әрекеттің көмегі арқылы алады.

В.Оконь білім алушылардың проблеманы шешу үдерісі, үш фазада жүзеге асырылады деп санайды: проблемалық ситуацияны құру; шешу болжамдарын құрастыру; алынған ақпаратты жүйелеу арқылы шешімді тексеру. М.И.Махмутовтың пікірі бойынша, ақыл-ой операцияларының толық циклының бірнеше кезеңдері бар: 1) проблемалық ситуацияның пайда болуы; 2) қиындық мәнін саналау және проблеманы қою; 3) шешімді болжам немесе ұсыныстар арқылы тәсілін табу және болжамды негіздеу; 4) болжамды дәлелдеу; 5) проблеманы шешудің дұрыстығын тексеру [Оконь В., 2012, б.55].

Проблемалық оқыту оқытушының іс-әрекетінің келесі мазмұнын қамтиды: проблема қою, проблемалық ситуацияны құру, проблеманы шешу үшін қажетті жағдайларды ұйымдастыру, алайда аталған оқыту түрі, оның дәстүрлі әдістері сияқты, тұжырым және жалпылау жасамайды. Оқытушының ақпараттық технологиялар туралы хабарлаған білімдерінің негізінде, студенттер өз бетімен тұжырымдар және жалпылау жасайды, қойылған сұраққа жауап іздейді және проблеманы шешудің жолын іздейді.

Көп жағдайда, оқытушылар проблемалық оқытуды сұрақтар мен жауаптар әдісімен ұқсастырады. Әрине, сауатты түрде ақпараттық технология туралы қойылған сұрақтар – проблемалық оқытудың маңызды элементі болып саналады. Алайда, оларды ұқсастырмау қажет, себебі проблемалық оқытудың мәні сұрақтар мен жауаптардан тұрмайды, ол проблемалық ситуацияларды құрудан, оларды шешудегі студенттердің өзбетінділігін дамытудан, проблеманы шешудің жолын іздеуден, осы шешімнің дұрыстығын тексеруден тұрады. Ақпараттық технология туралы проблемалық тапсырманы студенттерді шешуі бойынша жұмысы, оқытушының бір сұрағынсыз орындалуы мүмкін, алайда білім алушылардың проблемалық тапсырманы орындау барысында қиындықтарын азайту мақсатында, оқытушының сұрақтары әрдайым дұрыс болып саналады.

Проблемалық оқытудың басты міндеті – студенттердің зейінін туындату және танымдық белсенділіктерін дамыту. Бұндай нәтижеге оқы-

тушының проблеманы қойып және шешкен жағдайында жетуге болады. Егер студент ақпараттық технология туралы проблеманы өзі қойып, оны өзі шешсе, алынатын нәтиженің деңгейі жоғары болады. Студенттердің белсенді өзбетінділігіне деген ұмтылысын және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін, олардың талдау, біріктіру, салыстыру, абстракциялау, нақтылау, жалпылау, жіктеу, жүйелеу және т.б. сияқты интеллектуалды операциялар дағдыларын қалыптастыру қажет.

Проблемалық ситуацияларды абсолюттеуге болмайды, кейде оларды дұрыс құрмау, оқыту үдерісіне жағымсыз әсер етуі және танымдық белсенділіктің жоғалуына әкелуі мүмкін. Студенттің проблеманың негізінде болатын қарама-қайшылықтарды шеше алмаған жағдайында, жағымсыз немесе теріс нәтиже болады.

Әрбір проблемалық ситуацияның типі және құрылымы көптеген факторларға тәуелді болады: студенттердің ақпараттануы, белсенділігі; олардың өзара және оқытушымен өзара қатынастары; студенттер ұжымы және осы ұжымның әрбір мүшесі үшін, проблемалық ситуацияның негізі болып табылатын қарама-қайшылықтардың тұлғалық мәні. Бұндай жағдайда оқытушыдан студенттердің субъектілі позициясының дамуын қамтамасыз ететін, олардың танымдық үдерісі мен танымдық белсенділігін арттыру мақсатында, олардың санасында әрбір проблемалық ситуацияның негізінде болатын, қарама-қайшылықтарды анықтау және күшейтуге арналған дидактикалық тәсілдерді құруды талап етеді.

Тұлғаның субъектілі позициясы студенттердің өз бетімен алынған білімді стандартты емес ситуацияларда және тәжірибеде қолдануда көрінеді. М.И.Махмутов өзбетінділіктің төрт деңгейін анықтайды:

1. Өзбетінділік емес белсенділік деңгейі (негізінен студенттерді ң репродуктивті іс-әрекетінде орын алады);

2. Жартылай өзбетінділік деңгейі (мұғалім проблеманы өзі қояды, ал студенттер алынған білімді қолданып, оны шешудің тәсілдерін іздейді);

3. Өзбетінділік белсенділік деңгейі (студент орташа күрделілік деңгейіндегі проблемалық тапсырманы орындай отырып, оқулықпен, мұғалімнің аз шамадағы көмегі арқылы жұмыс істейді);

4. Шығармашылық белсенділік деңгейі (студенттердің өзбетінділігінің жоғары деңгейі: болжамды логикалық талдау, оқу проблемасын шешудің жаңа тәсілін табу.

Оқу-танымдық іс-әрекетте студенттердің ақпараттық технологияларды қолдану үдерісінде, олардың субъектілі позициясы өзектіленетін проблемалық ситуацияны құрудың тәсілдері мен ережелері туралы мәселе маңызды болып табылады.

М.И.Махмутов оқу проблемасын қоюдың дидактикалық ережелерін қарастырады. Ғалым мұғалімнің оқытылатын оқу материалымен байланысты, бұрын меңгерген білімдер тобын алдын ала өзектілемей, оқу проблемасын қоймау керек; ұжымның бұрын шешкен проблемаларын өз бетімен шешу үшін, әлсіз студенттердің алдына екінші рет қоюға қолдануға болады деп санайды. Автор проблемалық ситуацияны талдау және проблеманы қою барысында, студент таныс еместі таныстан айыра білу тәсілдерін үйренуі керектігін, мұғалім оқушылар үшін қолжетерлік проблемаларды қою қажеттілігін, оқушының сұрақтарды қайта құрастырудың тәсілдері мен ережелерін білу керектігін, студенттердің өз бетімен шешуі үшін мүмкін жағдайлар анықталған жағдайда, оқу проблемасы қойылуы керектігін атап көрсетеді .

Ғалымдар аталған проблеманы теориялық және практикалық тұрғыдан қарастыра отырып, проблемалық ситуацияларды құрудың келесі тәсілдерін анықтайды: 1) студенттерді құбылыстарды, деректерді, олардың арасындағы сыртқы сәйкессіздіктерді шығармашылық түсіндіруге ынталандыру; 2) студенттердің практикалық тапсырмаларды орындауда туындайтын, оқу және өмірлік ситуацияларды қолдану; 3) проблеманы түсіндіруге немесе оны практикалық қолдану жолдарын іздеуге, проблемалы оқу тапсырмаларын қою; 4) студенттерді деректер туралы ғылыми түсініктер мен өмірлік көріністер арасындағы қарама-қайшылықтарды анықтайтын, шындықтың деректері мен құбылыстарын талдауға ынталандыру; 5) болжамды ұсыну, тұжырымдар құрастыру және оларды тәжірибелік тексеру; 6) нәтижесінде проблемалық ситуация пайда болатын, жаңа деректерді алдын-ала жалпылауға студенттерді ынталандыру; 7) проблемалық ситуацияның пайда болуына ықпал ететін, құбылыстарды, деректерді, әрекеттерді салыстыруға студенттерді итермелеу; 8) проблеманы қоюға әкелетін және түсініксіз сипаты бар (бұрынғы білімнің жеткіліксіздігінен) деректермен студенттерді таныстыру; 9) пәнаралық байланыстарды ұйымдастыру; 10) тапсырмаларды нұсқалау, сұрақтарды қайта құрастыру.

Қорытынды

Сонымен, проблемалық ситуацияларды құрудың келесі ережелерін оқыту үдерісінде басшылыққа алу болады: 1) студенттердің жаңа білім алуына мүмкіндік беретін тапсырмаларды қою; 2) студенттерге ұсынылатын проблемалық тапсырма оның интеллектуалды мүмкіндіктеріне сәйкес келуі керек (қиындық дәрежесі оқу материалының жаңашылдық дәрежесі мен оның жалпыламалығы тұрғысында қарастыруды талап етеді); 3) проблемалық тапсырма түсіндіруге берілетін проблемалық материалдың алдында болуы керек; 4) проблемалық тапсырма ретінде оқу мәселелері, тапсырмалар, практикалық әрекеттер алынуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 5 қазан, 2018 ж.
2. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan.
3. Педагогика/Под редакцией Ю.К. Бабанского. «Просвещение», Москва, 1983 г.
4. Таубаева Ш.Т. Проблема определения методов педагогического исследования / // Этнопедагогика в системе образования. - 2007. - 5. - с.61-66.
5. Оконь В. Проблемное обучение как средство формирования межпредметных компетенций выпускника /Фестиваль педагогических идей. – Москва. - 2012.

ӘОЖ 371.33
МРНТИ 14.85

Исабаева Сулу Нагашыбаевна
п.ғ.к., қауымд.профессор,
Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Тюлепбердинова Гульнур Алпысовна
ф-м.ғ.к., қауымд. профессор м.а.,
Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ЖОҒАРЫ СЫНЫПТА ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін. Мақалада жоғары сыныпта информатиканы оқушылардың кәсіби бағыттылығына байланысты оқытудың маңыздылығы қарастырылған. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларының информатика пәні бойынша білім және білік дәрежесі түрлі деңгейде. Бұл олардың қабілеттері мен қызығушылығынан тәуелді және компьютерді еркін меңгеруге мүмкіндік деңгейінің болуына да байланысты. Сондықтан оқыту үдерісінде оқу материалдарын жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған, сонымен қатар оқушылардың оқу танымдық іс-әрекетке қатысуына қарай түрде беру қажет.

Мұндағы басты мақсат – оқу материалын толыққанды игермеген оқушыларға көмектесу және оқуға қызығушылығын арттыруға, сонымен қатар жоғары сынып оқушыларының болашақ мамандығын көрнекі елестете білуге мүмкіндік беру. Бұл мақсатқа қол жеткізуде оқушылардың кәсіби бағыттылығына негізделген тұлғаға-бағдарланған оқыту әдісін қолдану қажет. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған тапсырмалар жүйесі арнайы талаптарға жауап беруі тиіс және өмірмен байланысы бар практикалық маңызды болуы және информатика пәні бойынша материалды жақсы меңгеруді қамтамасыз етуі қажет. Егер аталған талаптарға сәйкес, тапсырмалар мен есептер жүйесін сауатты саралап және іріктеп алатын болсақ, онда оқушылардың информатика пәні бойынша жинақтаған білім деңгейінің көрсеткішінің сапасы және оқу үдерісінің тиімділігі артады.

Түйінді сөздер: информатика, саралап оқыту, кәсіби бағыт, тапсырма, кәсіби бағытталған тапсырмалар, оқыту әдістемесі, кәсіби бағыттылық.

Резюме. В статье рассматриваются возможности обучение информатике с учетом профессиональной ориентации старшеклассников.

Ученики старших классов имеют разный уровень знаний и умений, навыки по информатике. Это зависит от того, есть ли у них способности и личная заинтересованность. Поэтому в обучении необходимо наличие дифференцированного представления учебного материала, ориентированного на профессиональный выбор старшеклассника и способов включенности учеников в учебную деятельность. Главная задача – помочь ученику, недостаточно владеющему материалом и дать возможность раскрыться продвинутому, а так же наглядной демонстрации будущей профессии старшеклассников. Для того чтобы ее реализовать необходимо на уроках информатики применять технологию индивидуально-ориентированного способа обучения, ориентированного на профессиональный выбор старшеклассников.

Система задач и заданий, дифференцированных в зависимости от профессиональной ориентации старшеклассников должна отвечать определенным требованиям, которые способствуют лучшему усвоению не только материала по информатике, но и имеют огромное практическое значение и связь с жизнью. Если грамотно подобрать такую систему задач и заданий, тогда учебный процесс и качество полученных знаний у учеников на уроке информатике значительно увеличится. Данную систему заданий необходимо разрабатывать учителю по информатике т.к. представленные в учебниках задачи и задания не дифференцированы в зависимости от профессиональной ориентации старшеклассников.

Ключевые слова: информатика, дифференциальное обучение, задание, профессионально ориентированные задачи, методика обучения, профессиональная ориентация.

Summary. The article discusses the possibilities of teaching computer science, taking into account the professional orientation of students.

The level of knowledge and competencies of high school students in computer science at different

levels. It depends on their abilities and interests, as well as on the degree of mastery of the computer. Therefore, the educational process should be based on differentiated teaching materials of senior pupils depending on their professional orientation, as well as on the participation of senior pupils in educational activities.

The main goal of the article is to help students who have not mastered the educational material, increase their interest in learning and visualize the future profession of high school students. To achieve this goal, it is necessary to use the method of a personality-oriented approach based on the professional orientation of students. In addition, the system of differentiated tasks, depending on the professional orientation of high school students, must meet certain requirements that contribute to better learning of educational materials on the subject, as well as communication with everyday life. If you select a system of tasks in accordance with the above requirements, the quality of knowledge acquired by high school students in the subject of computer science, the effectiveness of the educational process are increased.

Keywords: computer science, differential education, task, professionally oriented tasks, teaching methods, vocational orientation.

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясында **«Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.** Бүкіл ел бойынша ғылыми-зерттеушілік және қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру, ... кәсіпкерлікке бағдарланған оқу бағдарламаларын, білім беру курстарын құру» деп көрсетілгендей қазіргі таңда мектепке білім беру мен тәрбиелеудің сапасын арттыру, теориялық негіздерін нақты меңгеру, әрбір пәнді жоғары деңгейде кәсіби бағытта оқыту міндеттері қойылады [www.akorda.kz/.../kazakstan-respublikasynyn].

Қазіргі таңда мектепке білім беру мен тәрбиелеудің сапасын арттырумен қатар, әрбір оқушының жас және жеке ерекшеліктері, сонымен қатар болашақ кәсіби бағыттылығы ескерілмейтін оқытудың дәстүрлі тәсілдері ығыстырылуда. Жаңартылған білім беру жағдайында жаңа типті білім беру мекемелері моделін дайындау, жаңа оқулықтар мен оқыту бағдарламасын, тапсырмалар, бақылау жүйесін, оқытудың жаңа әдістерін қолдануды қажет етеді. Мысалы, информатика пәнін алатын болсақ, мектептерді жаңа деңгейге жылжыту жағдайындағы жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде информатиканы оқытудың жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына негізделген сараланған іріктелген тапсырмаларды дайындауды қажет етеді.

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын анықтауға арналған психологиялық тесттер мен арнайы әдістемелер, тапсырмалар көмегімен ерекшелеуе болады. Алайда, информатика мұғалімі жоғары сыныпқа арналған информатиканы оқыту үдерісін сауатты және ұтымды ұйымдастыра білуі керек. Аталған мәселені шешу үшін информатика мұғалімі жоғары сынып оқушыларының кәсіби кәсіби таңдауына сәйкесінше сараланған және іріктелген есептер мен тапсырмаларды жасаудың талаптарын білуі қажет.

Бірқатар ғалымдар (А.В.Брушлинский, Ю.Н.Кулюткин, Л.М.Фридман) тапсырмалар ұғымына берілген анықтамаларында оның маңыздылығы проблемалық жағдайдың туындауымен байланыстырып түсіндіреді [Брушлинский А.В., 1970, 192б]. сонымен қатар, Г.А. Балл тапсырмағы келесідей анықтама келтіреді: «Жалпы түрде тапсырма – бұл түпнұсқасы және тапсырма жағдайын талап ететін үлгі тәрізді міндетті компонеттерден тұратын жүйе». Ол тапсырманы ішкі және сыртқы деп екіге бөліп жіктейді. Сыртқыдан ішкі тапсырмаға көшу тапсырмадан тыс берілетін тұлғаның үрдістерді қабылдауы орын алғанда жүзеге асырылады, сондықтан сыртқы тапсырма мазмұны субъектінің қойылымы, мотиві және мақсатынан, сонымен қатар онда бар білімнен, ол меңгерген іс-әрекет тәсілдерінен тәуелді болып табылады [Балл Г.А., 1990, 184б]. А.Н. Леонтьев пайымдауынша, тапсырма сұрақта қалыптасатын талаптарды (мақсат), шарттарды (белгілі) және ізделіндіні (белгісіз) қамтиды. Бұл элементтер арасында арнайы байланыстар мен тәуелділіктер бар, оның негізінде ізденіс және белгісіз элементтерді белгісіздер арқылы анықтау жүзеге асырылады [Леонтьев А.Н., 1990, 192б].

Б.М. Бим-Бад пікірінше, тапсырма мұғалімнің оқушыларға берген нұсқауының түрі, онда қандай да бір оқу (теориялық және практикалық) әрекеттерді орындау талаптары қамтылады. Кейбір тапсырмалар білім мен әрекетті белсендіруді, енді біреулері бұрыннан білетін білімдерін белсендіруді жүзеге асырады, екі қыызметті де жүзеге асыратын тапсырмалар да жоқ емес. Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде тапсырмалар түрліше жалпы дидактикалық және дербес әдістемелік жіктеледі, алайда бірыңғай жіктеу жүйесі келтірілмеген [Бим-Бад Б.М., 2002, 89б]. Ю.Н. Кулюткин пікірінше, «тапсырма – бұл кез келген бір нақты мәселелік жағдаяттың моделі, сондай-ақ онда педагогикалық әрекеттің мақсатына жету жолындағы пайда болған қарамақайшылықтарды жою тәсілі мен құралдары келтірілген» [Кулюткин Ю.Н., 1978, 76б]. Жоғарыда келтірілген анықтамалардың информатика пәні үшін де маңызы зор. Біріншіден, информатика мұғалімі кәсіби іс-әрекеті барысында кездескен кез келген тапсырманың түпнұсқа ақпараттары

оқу бағдарламасы мазмұнында, сонымен қатар оқу және әдістемелік әдебиет көздерінде берілген, екіншіден әрбір информатика мұғалімінің қолында оқу және көрнекі құралдары, бақылаудан алынған талдау нәтижесі, әдістемелік ұсыныстар, оқушылардың қабілеттері мен бейімділіктері және пән бойынша дайындық деңгейі туралы ақпараттар бар.

Жалпы алғанда, тапсырмалар материалды оқып-үйрену, меңгерген материалды бекіту, меңгерген материалды тексеру болып бөлінеді. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған тапсырмалар жүйесін жасауда информатика бойынша әдістемелік негізделген, оқытудың арнайы нәтижесіне жетуді қамтамасыз ететін оқу тапсырмалар жиынтығы құрауы тиіс. Бұдан, информатика бойынша жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған практикалық тапсырмалар жүйесі төмендегідей болуы тиіс:

1. Информатика бойынша оқу бағдарламасына сәйкес;

2. Оқытудың түрлі әдістерімен үйлесімділікте қолданылуы;

3. Толықтырылатын және артық мәліметтері бар тапсырмаларды қамтуы;

4. Орындалу формасы әрқилы;

5. Қажетті деңгейдегі өзбетінділік жұмысты қамтамасыз етуі;

6. Оқушының жеке қабілеттерін ескеруі;

7. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын есепке алуы.

Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларының информатика пәні бойынша білім және білік дәрежесі түрлі деңгейде. Бұл олардың қабілеттері мен қызығушылығынан тәуелді және компьютерді еркін меңгеруге мүмкіндік деңгейінің болуына да байланысты. Сондықтан оқыту үдерісінде оқу материалдарын жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған, сонымен қатар оқушылардың оқу танымдық іс-әрекетке қатысуына қарай түрде беру қажет.

Мұндағы басты мақсат – оқу материалын толыққанды игермеген оқушыларға көмектесу және оқуға қызығушылығын арттыруға, сонымен қатар жоғары сынып оқушыларының болашақ мамандығын көрнекі елестете білуге мүмкіндік беру. Бұл мақсатқа қол жеткізуде оқушылардың кәсіби бағыттылығына негізделген тұлғаға-бағдарланған оқыту технологиясын қолдану қажет. Бұл әдістің негізгі міндеттері:

1. Пәнді оқып-үйренуде оқушылардың өзін танып білуге көмектесетін ішкі психофизиологиялық ресурстарын анықтау;

2. Сабақта оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің дербестік дәрежесін анықтау;

3. Информатика сабағында, арнайы қосымша сабақтарда, сыныптан тыс жұмыстарда саралап оқытуды жүзеге асыру;

4. Информатика пәні бойынша жаңа бағдарламаларды ендіру мен жетілдіру, және осы пәннен дидактикалық құралдарды дайындау;

5. Оқушылардың оқу үрдісінде, үйде тапсырма орындау кезінде өзбетінділік жұмыс істеу деңгейін, танымдық іс-әрекетін информатика сабағында және өмірде ұйымдастыру мен басқару білігі мен дағдысын дамыту;

6. Оқушыларда цифрлық сауаттылығын дамыту;

7. Информатика сабағында оқытуды саралауды жүзеге асыру, оқушыларға олардың кәсіби бағыттылығына тәуелді тапсырмаларды ұсыну.

Қорыта айтқанда, жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған тапсырмаларды жасауға керекті шарттар:

1. Тапсырмалар мазмұны оқушыларға бұрыннан таныс білімді қамтумен қатар, кәсіби бағыттылығына сәйкес мазмұнға құрастырылуы тиіс.

2. Тапсырмалар кілттік білімді тексерге арналған болуы тиіс.

3. Тапсырма мен жауаптың бірлігі жүзеге асырылуы тиіс, яғни оқушыларға жауапты қандай формада беру қажеттілігін көрсету керек.

4. Тапсырманың ерекшелігі, бұл тапсырманы орындау нәтижесі жалпы эрудицияны, сонымен қатар оқушының кәсіби бағыттылығына қызығушылығына бағдарланумен қатар, меңгерген тақырып бойынша кілттік білім, білік, дағдыны тексеруді жүзеге асыруы керек.

5. Тапсырма саралаушы бағытта құрастырылуы тиіс.

Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған тапсырмаларды информатика сабағында оқушыларға беруде келесідей әдістер ұсынылады: Дайындалған тапсырмалар бір немесе бірнеше топтарға түрлі мамандық атауларына байланысты біріктіріледі. Мысалы, медицина, экономика, техника, гуманитарлық, жаратылыстану және т.б. Тапсырмаларды топқа іріктеуге келесідей талаптар қойылады:

1) Репрезентативтілігі, яғни білімді бақылау оқытылатын пәнді немесе пәннің бір тарауын толықтай жеткілікті қамтиды.

2) Бірыңғайлығы, әрбір оқушыға мазмұны мен күрделілігі тұрғысынан бірдей, тек кәсіби бағыты бойынша айырмашылығы бар тапсырмалар ұсынылады.

3) Рандомизация, яғни екі оқушыға бірдей тапсырмалар жиынтығы ұсынылмайды.

Бұл тұрғыдан алғанда, тапсырманың бірыңғайлығы талаптарын қамтамасыз ету үшін мұғалім тапсырмаларды оқушылардың кәсіби бағыттылығына тәуелді бірыңғай жиынтыққа біріктіріп алуы қажет.

Қорыта келе, жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған тап-

сырмалар жүйесі арнайы талаптарға жауап беруі тиіс және өмірмен байланысы бар практикалық маңызды болуы және информатика пәні бойынша материалды жақсы меңгеруді қамтамасыз етуі қажет. Егер аталған талаптарға сәйкес, тапсырмалар мен есептер жүйесін сауатты саралап және іріктеп алатын болсақ, онда оқушылардың информатика пәні бойынша жинақтаған білім деңгейінің көрсеткішінің сапасы және оқу үдерісінің тиімділігі артады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясы. www.akorda.kz/.../kazakstan-respublikasynyn.
2. Брушлинский А.В. Психология мышления и кибернетика.- М.: Мысль, 1970. С. 192.
3. Кулюткин Ю.Н. Педагогическая задача. Творческая направленность деятельности педагога.- Л. – 1978. С. 76.
4. Фридман Л.М. Логико-психологический анализ школьных учебных задач. - М.: Педагогика. 1977. С. 207.
5. Балл Г.А. Теория учебных задач.- М.: Педагогика, 1990. С. 184.
6. А.Н. Леонтьев. Индивидуализация и дифференциация обучения. - М.: Педагогика, 1990. С. 192.
7. Б.М. Бим-Бад «Педагогический энциклопедический словарь». М., 2002 г. с.89-90

ӘОЖ 378.14
МҒМАР 14.01.19

Исаев Мұхтар Сейтханулы
PhD (философия докторы),
«Әлеуметтік ғылымдар» факультеті,
Қоғамдық ғылымдар кафедрасы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Данияров Талғат Әбубәкіруллы
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
«Гуманитарлық ғылымдар» факультеті,
«Педагогикалық ғылымдар» кафедрасы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БІЛІМ ҚАЙ ЖЕРДЕ БЕРІЛУІ КЕРЕКТІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Түйін. Бұл ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты қоғамның сабақтастығын сақтауда өте маңызды қызмет атқаратын құндылықтық білімнің қай жерде берілуі керектігіне және неліктен сол жерде берілуі көп пайдалы болатындығына байланысты көзқарастарды ғылыми айналымға шығарып талдау. Осы мақсатта 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының түрлі 30 мектебінде қызмет атқаратын 257 мұғаліміне «Жартылай құрылымды сұхбат» жүргізілді. Ғылыми жұмыста сапалы зерттеу әдістерінің бірі феноменологиялық тәсіл қолданылды. Ғылыми зерттеудің сенімділігі Милль және Хаберманның формуласын (сенімділік=көзқарастар жиынтығы/көзқарастар жиынтығы + көзқарастар әртүрлілігі) қолдана отырып шығарылды. Бұл ғылыми зерттеу жұмысының сенімділік көрсеткіші 0,87 болып есептелді. Шығарылған нәтижелер бойынша мектеп мұғалімдерінің көпшілігі (n=166) құндылықтық білімнің мектеп пен әлеуметтік ортаға қарағанда отбасыда көбірек берілуі керектігіне сенім білдірді. Сондай-ақ, мектеп мұғалімдері отбасыда берілген құндылықтық білім мектепте және әлеуметтік ортада қолдау табуы тиістігін дұрыс деп тапты.

Түйінді сөздер: Құндылықтық білім беру, мектеп мұғалімі, отбасы, мектеп, әлеуметтік орта

Резюме. Цель этого исследования - проанализировать подходы к тому, где следует дать ценностное образование и почему наиболее полезно сохранить преемственность общества. С этой целью в 2019-2020 учебном году было проведено частично структурированное интервью для 257 учителей в 30 различных школах Республики Казахстан. Одним из методов качественного исследования является феноменологический подход. Целью феноменологического исследования является выявление того, как различные явления можно понимать в разных ракурсах, и, как следствие, систематическая классификация различных концепций в соответствии с общими взглядами. Достоверность исследования была получена с использованием формулы Миллера и Хабермана (надежность = набор взглядов / набор взглядов + разнообразие взглядов). Индекс надежности для этого научного исследования был рассчитан 0,87. Показатели также были получены с использованием качественных методов исследования. Основываясь на полученных результатах, большинство школьных учителей (n = 166) полагали, что ценностное образование должно быть обеспечено в семье больше, чем в школе и социальной среде. Школьные учителя также утверждали, что ценностное образование, ориентированное на семью, должно поддерживаться в школе и в социальной среде.

Ключевые слова: ценность образования, школьный учитель, семья, школа, социальная среда.

Summary. The purpose of this research is to reveal the value of education which has an important place in ensuring the continuity of the community where should be taught and especially to uncover the views on why it should be taught there could be beneficial. In accordance with this purpose, in 2014-2015 academic year, "Semi-Structured Interview" was made. with a total of 257 teachers who work in 30 primary schools close to the center of Isparta province. In the study, from qualitative research methods phenomenological approach (phenomenon science) has been used. The purpose of phenomenological research is to explain how qualitatively different conceptions of the phenomenons are understood, and as a result of this according to the categories it is aimed to separate the various phenomena systematically. The reliability of the research was calculated by using Miles and Huberman's formula (Reliability = consensus / consensus + disagreement). For this study the reliability of coefficient was calculated as 0.87. Then the data were analyzed by using content analysis in qualitative research techniques. According to the findings, the majority of the primary school teachers (n = 166) believe that values education should be given only in family. Most of the other primary school teachers believe that next to the value of education in to the

families it also should be supported by schools and society.

Keywords: Value Education, Primary School Teacher, Family, School, Environment.

Құндылықтарды оқыту соңғы жылдары өте маңызды мәселе ретінде көп қарастырылатын тақырып жағдайына келіп отыр. Себебі, бір қоғамның сабақтастығы мен бейбітшілігін сақтауда құндылықтар өте маңызды роль атқарады. Қоғамдағы адамдардың бірге және қауіпсіз өмір сүруі үшін жеке адам құндылықтарының қорғау, бір нәрсемен қамтамасыз ету сынды қызметтері бар. Қоғам мүшелері ретінде адамдарға жүктелген мұндай міндеттерді қажетті деңгейде атқармаса, қоғамдағы шиеленістер мен толқулар әр заман көрініс беріп отырады.

Құндылықтардың адам бойына сіңірілуі отбасыда басталады, дегенмен мектеп оны ары қарай жалғастыру тұрғысынан өте үлкен маңызға ие. Құндылықтық білім беру отбасыда басталып, тұлға өмірінің соңына дейін жалғасатын бір процесс болғандықтан, оның қандай білім беру деңгейінде, қай сыныпта және қандай өлшемде берілу керектігінің маңыздылығы жоғары. Сонымен қатар, баланың қандай құндылықтарды отбасы, мектеп әлеуметтік орта тарапынан меңгеретіндігін анықтаудың қажеттілігі туындап отыр.

Бала негізгі білімді белгілі бір жасқа келгенге дейін өзінің ортасы болып табылатын ата анасынан үйренеді. Отбасы балаға кішкентай жасынан бастап сенімділік пен жауапкершілік қасиеттерін сіңіреді. Сондай-ақ, отбасы баланың қоғаммен үйлесімде және өз өзіне сенімді болуы үшін де қажетті [Saygin A. G., 2016, 12 б]. Сондықтан, құндылықтар қоғамның тұрақтылығы мен жүйелілігін сақтауда өте үлкен маңызға ие.

Жеке тұлғаға өсіп жетілетін ортасында өзіне таңдау жасау және жасаған таңдауының нәтижелеріне жауапты болу мүмкіндігі берілмесе, жауапкершілік қасиеті қалыптаспайды. Жас балалардың жауапкершілік қасиетінің ең басты болуымен бірге, басқа да құндылықтарды өз бойында қалыптастыруында ата анасының үлкен ықпалы бар. Өзінің өмір сүру жауапкершілігін мойнына алмаған және өмірден алған орнында басқа адамдарды сырттай қарап сынға алушы ата аналар балаларының да өз бетінше өмір сүруіне кедергі келтіреді. Дәл осы жағдайға қарама қарсы өмірді қандай болса, сол күйінде қабылдайтын, эмоциялық жағдайларын жасырмайтын және айналасындағы әртүрлі оқиғалар мен құбылыстарға қорықпастан қарым-қатынас жасайтын ата аналардың балалары өмірге тиімді түрде қарым қатынас жасауды қорқынышты жағдай ретінде қабылдамайды [Saygin A. G., 2016, 12 б].

Отбасыда балаға құндылықтар қалыптастыруда ата ананың есінде сақтауы керек міндеттердің бірі балаға қарсы аса қатты немесе өте жұмсақ қарым қатынаста болмау керектігінде. Себебі, әке немесе ана қысымы баланың төзімділігін, яғни бағыныштылығын арттыратындығы сынды істі қалай атқарса, солай атқаруына мүмкіндік беру балаға жауапкершіліксіздік және ерке күйде қалу дағдысын қалыптастыруы мүмкін. Сондай-ақ, баланың ішкі қалаулары мен мақсаттарына сәйкес өзін сынап көруіне мүмкіндік берілген кезде бала өзінің өмірі мен қалауларынан жауапкершілік сезіне бастайды. Құндылықтар адамда туа бітті қалыптаспайды, өсе келе меңгеріледі. Сондықтан, тұлғаның белгілі бір құндылықтарды айқындап, қабылдай білуі, жаңа құндылықтар жаратуы және оны игеруі білім беру процесінің нәтижесі. Сондықтан, білім берудің мақсаты қоғам құндылықтары жүйесін тұлға бойына сіңіру болып табылады.

Құндылықтық білім беруде отбасының негізге алуы керек келесі мәселе ата ананың балаларына қарым қатынасындағы махаббатының өлшемін анықтап алуына байланысты. Ата ана бала тарапынан дұрыс түсінілмей қалуына байланысты қорытынды шығара отырып, оның әрбір іс-әрекетін теріске шығара бермеуі қажет. Бұл мәселеде еш уақытта өлшем ойдан шығарылмауы қажет. Сезім мен ойлауымыз арасында белгіленген бір деңгей қалыптастырылғаны жөн. Өйткені, бұл баланың тұлға ретінде дамуы мен құндылықтарды меңгеруінде өте маңызды орын алады [Yilmaz M., Ömer F. Y., 2017, 76 б].

Мектеп - отбасыдан кейінгі ең маңызды білім беру ұйымы. Мектеп отбасы сынды табиғи құрылымға қарағанда, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асыру үшін құрылған әлеуметтік субъектthe opinions of primary school teachers and pre-school teachers on value education were evaluated. The population of the study constitutes 260 primary school teachers and pre-school teachers in the Bartın city center. The sample consists 80 primary school teachers and pre-school teachers, which are chosen by randomly sampling method. Survey model was used in the research. It was used data collection tool "Activities used in value education and scale of opinions on value education" developed by Akbaş (2004. Бала бірнеше міндеттер мен дағдыларды отбасында меңгергеніне қарамастан, оның ары қарай жалпы дамуын бұл ортада жүзеге асыра алмайды. Себебі, бала отбасы ортасынан кейін түрлі топтарға, яғни, мектеп, ойын, кәсіп сияқты орталарға қатысады және одан кейінгі дамуын осы топтарда өткізетін болады. Бұдан мектепке дейінгі білім беру құрылымы саналатын отбасының міндеті баланы мектепке әзірлеу екендігі келіп шығады. Баланың дене бітімі, ойлау қабілеті мен сезімдік, моралдық дамуының қалыпқа түсуі отбасыда жүзеге асады. Қазіргі кезеңде бүкіл әлем бойынша ең қауіпті өзгерген ойлардың бірі әркімнің әртүрлі адамгершілік принциптерді жоғары санауы болып отыр. Сол принциптерге сәйкес әрбір адам өз нормалары мен құндылық-

тарын айқындауда.

Бұл жағдай қоғамдағы әлеуметтік бірліктің қалыптасуына және бір ұйым ішінде өмір сүруіне кедергі келтіруде [Zhumadullaeva A. A., Konyrbaeva S. S., Duanbaeva B. C., Kasymbekov Z. A., Daniyarov T. A., Isaev M. S., 2016, 5 б]. Міне, осы жағдайларға байланысты әлемнің әр елдерінде жүргізілген ғылыми зерттеулер құндылықтық білім берудің не себепті қажет екендігін көрсетіп отыр. Мәселен, Ликонаның [Lickona T., 1997, 45 б] жүргізген ғылыми зерттеуінде мектеп оқушысының аптада орташа 30 сағатын теледидар алдында өткізетіні және 16 жасына дейін оның шамамен 200 000 зорлық-зомбылық жасағаны және 18 жасына дейін 40 000 жуық жыныстық құмарлыққа ынталанған оқиғаның куәсі болатындығын айтады. Осы мәселе зардаптарының алдын алу мақсатында балаларға қандай құндылықтық білім қай жерде берілуі қажет және қандай құндылықтар сол жерде енгізілсе пайдалы болатындығын анықтау қажет.

Сонымен қатар, мектеп отбасыда қалыптасқан кейбір кемшіліктер мен қателіктерді түзету де жауапкершілік алады. Сондықтан, мектеп пен мұғалімнің жауапкершіліктері өте жоғары. Бұл жерде ең маңызды мәселе де жауапкершілікті және тұлға болып қалыптасқан адамдарды жетілдіру болып табылады.

Негізгі құндылықтардың балаларға меңгертілуінде отбасы мен мектеп ең бірінші жауапкершілікте. Дегенмен, отбасы мен мектеп бұл мәселе бойынша міндеттерін орындау барысында қоршаған ортаны, қоғамды, салт-дәстүрлерді, діни сенімді,әлеуметтік нормаларды әрдайым есте сақтауы тиіс.

Адамдар өздерінің және қоғамның құндылықтарымен қалыптасқан ортасында өмір сүруге талпыныс жасайды. Адамдар өздері ие құндылықтарды басқалармен өзара қарым-қатынас әсерінен өзгертуі мүмкін. Бұл процес барысында мектеп өмірі өте маңызды. Себебі, адамдардың құндылықтарды меңгеру процесінің маңызды бір бөлігін мектеп өмірі құрайды. Сонымен қатар, мектеп құндылықтарға негізделіп құрылған өмір сүру және білім алу алаңы болып табылады.

Осы себептерден бұл ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты құндылықтық білім қай жерде берілуі керектігін және неліктен ол жерде берілуі пайдалы болатындығына байланысты көзқарастар анықтау. Сондықтан, ғылыми жұмыс анықталған дәлелдер негізінде құндылықтық білім беруді жоспарлағанда жол көрсетуші болып, қоғамның бұл мәселе бойынша мәліметінің болуын арттырады.

Зерттеу жұмысында сапалы зерттеу үлгісіне сәйкес феноменологиялық талдау әдісі қолданылды. Мұндай зерттеулер жеке адамдардың кездесетін жағдайларымен байланысты не түсінетіндігін және ойларының қандай екендігіне қарай жүргізіледі [Ashworth P., Lucas U., 1998, 62 б]. Бұл зерттеу жұмысында сынып мұғалімдерінің көзқарастарына қарай құндылықтық білім қай жерде берілуі керектігі және неге сол жерде берілуінің пайдалы болатындығына қатысты түсініктерін анықтау үшін феноменологиялық әдіс таңдап алынды.

Қарастырылатын нысан өзіндік тұрғыда, дәл сол күйінше анықталады. Оларды қандай да бір тәсілмен ауыстыруға, әсер етуге жол берілмейді. Мұндай мақсаттағы ғылыми зерттеу әдісі бәріне ортақ жалпы бір қорытындыға келу мақсатымен саны жағынан көп мөлшерлі адамдардан тұратын топтың бәріне немесе оның бір бөлігіне үлгі ретінде жүргізіледі. Мәселені толығымен ашу міндетіне сәйкес талдау, салыстыру, қарсы қою, философиялық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді жалпылау, сұхбат, анкета жүргізу, статистикалық өңдеу, жинақталған нәтижелерді қорытындылап жалпылау әдістері пайдаланылды [Zhumadullaeva A. A., Konyrbaeva S. S., Duanbaeva B. C., Kasymbekov Z. A., Daniyarov T. A., Isaev M. S., 2016, 5 б].

Бұл зерттеу жұмысы 2019-2020 оқу жылында Қазақстанның 30 мектебінде бастауыш сыныптарға сабақ беретін 257 мұғалімнің қатысуымен жүзеге асырылды. Зерттеу қатысушылардың өз қалауларымен жүргізіліп, олардың жеке мәліметтері құпия сақталды. Қатысушылардың жынысы, жұмыс өтілі және сабақ беретін сынып түрі әртүрлі болды. Зерттеушінің зерттеуде дерек көзі болып табылатын тұлғаларды жеткілікті тануы зерттеудің сыртқы сенімділігін арттырады. Қатысушыларға тиесілі жеке мәліметтер 1–кестеде берілді.

Жынысы	Ер		Әйел	
	118		139	
Жұмыс	0-5 жыл	6-10 жыл	11-15 жыл	16 жылдан көп
	41	67	80	69
Сабақ беретін сыныбы	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
	63	47	84	63

Зерттеу жұмысындағы деректердің барлығы зерттеушілер тарапынан құрастырылған және «Құндылықтық білім .... (жерде) берілуі керек деп ойлаймын. Өйткені бұл жерде жүргізілсе .... тұрғысынан өте пайдалы болады деп есептеймін.» сөйлемін толықтыратын 1 сұрақтан тұратын «Жартылай құрылымды көзқарас формасы» арқылы жүзеге асырылды. Жартылай құрылымды көзқарас әдісі белгілі бір деңгейде стандарттылығы және икемділігі негізінде білім беру саласындағы зерттеулерде өте тиімді әдіс екендігін көрсеткен. Бұл форманың әзірленуі кезінде ең

алдымен осыған байланысты әдебиеттер зерттеліп, алынған білім нәтижелері арқылы өтінім алдындағы сұхбат сұрақтары белгіленді. Форма үшін мамандардың сараптамалық қорытындысы алынып, жүргізілген кері байланыстардан кейін 20 адаммен жасалған сұхбат нәтижесінде сұрақтардың көпшілігі алынып тасталды және 1 сауалнамадан тұратын форма дайындалды.

Сенімділігін арттыру үшін әдіс қалай қолданылғандығының анық жағдайда көрсетілуі және осы арқылы басқа зерттеушілердің бұл әдісті ұқсас түрде қолдана алуы алдын ала қарастырылған [Silverman D., 2000, 28 б]. Зерттеушілердің қарастырған тәсілдерін анық түрде баяндауы, ғылыми зерттеудің сыртқы сенімділігін, зерттеу нәтижелерін өз көзқарастарымен оқырманды сендіруге талпынуы зерттеудің ішкі сенімділігін де арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, деректердің дәл берілуі зерттеудің ішкі сенімділігін арттыруда маңызды орын алды [Robson C., 2002, 125 б]. Ғылыми зерттеудің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатымен 3 маманнан кеңес алынды. Салыстыруларда көзқарас ұқсастығы мен көзқарас келіспеушілік айырмашылығы мөлшері анықталып, зерттеудің сенімділігі Милль және Хаберманның [Miles M. B., Huberman A. M., Saldaña J., 1994, 28 б.] формуласы (Сенімділік = көзқарас ұқсастығы / көзқарас ұқсастығы+көзқарас келіспеушілік айырмашылығы) қолданылып есептелді. Бұл зерттеуге ерекше қолданылған сенімділік жұмысы негізінде 0,87 шамасындағы салыстырып тексеру (сенімділік) нәтижесі алынды.

Қатысушылардың көзқарастары бойынша құндылықтық білім қай жерде берілуі керектігі және неліктен сол жерде берілуі пайдалы болатындығын анықтау мақсатында жүргізілген ғылыми зерттеуде мектеп мұғалімдерінің толтырған сұхбат формасынан жинақталған жауаптарды зерделей келе төмендегідей қорытындылар жасалды:

2 Кесте: Қатысушылардың көзқарастары бойынша құндылықтық білім қай жерде берілуі керектігіне байланысты нәтижелер

Қай жерде берілуі керектігі	Жиілік
Отбасы	166
Отбасы және мектеп	37
Барлық жерде	15
Мектеп	11
Отбасы, Мектеп, Әлеуметтік орта	10
Әлеуметтік орта	9
Отбасы және әлеуметтік орта	8
Отбасы, мектеп, медиа	1

2 кестеде мектеп мұғалімдерінің құндылықтық білім қай жерде берілуі керектігіне байланысты көзқарастарынан жинақталған жауаптардың жиілік мөлшері көрсетілді. Мектеп мұғалімдері құндылықтық білімнің ең көп отбасыда (n=166) берілуі керек деп есептейді. Басқа құндылықтар берілуі керек жерлерге назар аударғанда да отбасыға көбірек сенім білдіреді. Сонымен қатар, берілген жауаптар құндылықтық білім берілетін ең негізгі жер отбасы екендігін, оған мектеп пен әлеуметтік орта сүйеу болуы керектігін көрсетті. Отбасыда ең жақсы негіздер қаланғанымен, кейін келе мектеп пен әлеуметтік ортада қолдау көріп сүйемелденбеген құндылықтар жеткілікті түрде сақталмайды. Бұл жағдай тұлғада тұрақсыздық қасиетіне жол ашатындығы үшін құндылықтардың меңгерілуін қиындатады.

3 кесте: Құндылықтық білімнің неге ең көп отбасыда берілуі керектігіне байланысты көрсеткіштер

Неге отбасыда берілуі керек?	Жиілік
Ықпалдар мен әсерлерге ашық кезең болғандығы тұрғысынан	103
Өзара ықпал мен әлеуметенуге байланысты қажеттілік тұрғысынан	33
Тұлға дамуының ең негізгі ортасы ретінде	30

3 кестеде сынып мұғалімдерінің көзқарастары бойынша құндылықтық білім не себепті ең көп отбасыда берілуі керектігіне байланысты жиілік өлшемдері көрсетілген. Кестеде көрсетілгеніндей отбасы ортасының балаға құндылықтық білім берілетін алғашқы және негізгі жер болуына байланысты маңызды себептер жатыр. Ең маңыздысы отбасыда өтетін баланың алғашқы жылдар «ықпал-әсерлерге ашық кезеңі» (n=103) болып табылады. Бала өмірінің алғашқы жылдары тұлғалық дамуында сыни жылдар екендігі белгілі. Бала ықпал-әсерлерге өте ашық болатын бұл кезеңде отбасыға құндылықтық білім беру тұрғысында маңызды міндеттер жүктеледі. Бала алғашқы және дұрыс құндылықтарды отбасыда меңгеруі үшін ата-ананың бұл кезеңде қалыптастыратын үлгі моделі өте маңызды болып табылады.

Бала өмірінің алғашқы кезеңінде отбасы құндылық ретінде не ұсынса соны қабылдайды. Бала қабылдаған құндылықтар оның өмірінің кейінгі кезеңінде меңгерілетін құндылықтармен бір бағдарда болмайтын болса, бала үнемі жүйесіз адасушылық жағдайында болады және басқа құндылықтарды меңгеруі қиындайды. Сонымен қатар, отбасы ортасының балалар үшін ықпал-әсерлерге ашық болатын кезеңі болуымен бірге, әлеуметтік өзара қарым қатынастың басталу орны (n=33) және тұлғалық даму жері (n=30) болуы да құндылықтық білімнің отбасыда берілуі керектігіне байланысты негізгі себептердің бірі болып табылады. Осыған орай, баланың тұлғалық қалыптасу орны, алғашқы әлеуметтік орта және балаға байланысты қалаған мінез-құлық өзгерістерін жүзеге асыра алатын сыни кезең болғандықтан отбасыны құндылықтық білім берілетін ең тиімді орта деп айтуымызға болады.

4 кесте: Құндылықтық білімнің отбасыда «ықпал-әсерлерге ашық болған кезең тұрғысынан» берілуі керектігіне байланысты көрсеткіштер

Сипаттамалар	Жиілік
Алғашқы ең маңызды жер	2
Алғашқы орта	1
Ең маңызды ролге ие	6
Нені көрсе соны үйренеді	10
Айтылған нәрсені тез қабылдайды	1
Бақылаудың ең көп болатындығы	1
Шынайылық	1
Адам сүйгенінен жақсы үйренеді	1
Алғашқы негіз қаланатын жер	3
Алғашқы білім беретін ұя	7
Алғашқы жауапкершілік орны	8
Ең ықпалды-әсерлі жер	12
Алғашқы өмір сүру орны	2
Ең сенімді, қауіпсіз жер	3
Алғашқы кездескен орта	1
Ең алғаш танитын орта	1
Ең көп құндылықтар берілетін орта	1
Білім беру басталатын орта	6
Алғаш отырғызылатын жер	1
Өмірінің басталатын жері	9
Алғашқы адал жері	1
Алғаш көздерін ашқан жер	2
Ең көп қажеттілігі болған жер	6
Алғаш ұсыныс-кеңес алған жері	1
Сыни кезең	16

4 кестеде сынып мұғалімдерінің көзқарастары бойынша құндылықтық білім берудің отбасыда «ықпал-әсерлерге ашық кезең тұрғысынан» неге берілуі керектігіне байланысты көрсеткіштер берілген. Кестеде көрсетілгендей отбасы алғашқы жылдары баланың құндылықтық білімі үшін ықпал-әсерлерге ең көп ашық орын екендігі көрінеді. Әсіресе, отбасы ортасының сыни кезең (n=16), ең ықпалды-әсерлі жер (n=12) және нені көрсе соны үйренеді (n=10) сипаттамалары бала өсіп жетілген ортасында құндылықтық білімнің негіздері қаланатын жер тұрғысынан маңызды болып келеді.

Басқа сипаттамаларды саралайтын болсақ, алғашқы орта, алғашқы маңызды жер, алғашқы негіз қаланатын жер, алғашқы білім берілетін жер, алғашқы жауапкершілік орны, алғашқы өмір сүру ортасы, алғашқы кездесетін ортасы, ең алғаш танитын орта, алғашқы адал жер, алғаш көздерін ашқан жер, алғаш ұсыныс-кеңес алған жер сынды сипаттамалар назар аударады. Бұл жағдай құндылықтық білім беру үшін ғана емес басқа да бірнеше бағыттарда отбасы ортасы балаға меңгертілетін қасиеттер тұрғысынан негіз қалауға ыңғайлы орта екендігін көрсеттті.

5 кесте: Құндылықтық білімнің отбасыда «Өзара ықпал мен әлеуметенуге байланысты қажеттілік тұрғысынан» берілуі керектігіне байланысты көрсеткіштер

Сипаттамалар	Жиілік
Ең көп болатын орта	3
Ең көп өзара ықалда болатын жер	9
Ең көп уақыт өткізетін жер	8
Ең көп бірлікте (жақын байланыста) болатындығы үшін	9
Ең жақын орта	1
Әртүрлі өзара қарым қатынастарды жүзеге асыру орны	1
Сәйкестігі үшін	1
Әртүрлі көзқарастар бойынша пікіралмасатын жер	1

5 кестеде сынып мұғалімдерінің көзқарастары бойынша құндылықтық білім отбасыда өзара ықпал мен әлеуметтенуге байланысты қажеттілік тұрғысынан неге берілуі керектігіне байланысты жиілік көрсеткіштері берілді. Кестеде көрсетілгеніндей отбасының бала өмірінің алғашқы жылдарында құндылықтық білімді меңгеруі үшін әлеуметтік орта және өзара әсерлену орны екендігін көрсетеді. Әсіресе, отбасы ортасының ең көп өзара ықалда болатын жер (n=9), ең көп бірлікте (жақын байланыста) болатындығы үшін (n=9) және көп уақыт өткізетін жер (n=8) ретінде сипатталуы, бала өсіп жетілуінің алғашқы әлеуметтік ортасының құндылықтық білімнің меңгертілуі тұрғысынан маңызға ие екендігі мағынасына келеді.

6 кесте: Құндылықтық білімнің отбасыда «Тұлға дамуының ең негізгі ортасы ретінде» берілуі керектігіне байланысты көрсеткіштер

Сипаттамалар	Жиілік
Түр берілетін орта	13
Тұлғалық дамудың басталуы	2
Тұрақты болғандықтан	1
Өзгеріс болатындықтан	1
Түсіну жүретіндіктен	1
Нәтижелі болатындықтан	3
Мейірім мен сүйіспеншілік ортасы болғандықтан	4
Үздіксіздік себебінен	5

6 кестеде сынып мұғалімдерінің көзқарастары бойынша құндылықтық білімнің отбасыда «Тұлға дамуының ең негізгі ортасы ретінде» берілуі керектігіне байланысты жиілік көрсеткіштері берілді. Кестеде көрсетілгендей отбасыда бала-

ға құндылықтық білім беру кезеңінде тұлғалық қалыптасуы мен дамуы үшін сәйкес келетіндігі көрінеді. Әсіресе, отбасы ортасының тұлғалық даму тұрғысынан түр берілетін орта (n=8) ретінде қабылдануы баланың келешекте меңгеретін құндылықтарды анықтауы және дамуы тұрғысынан маңызды екендігі қорытындысына келеді.

Құндылықтық білім қай жерде берілуі керектігі және неліктен сол жерде берілгені пайдалы болатындығын анықтау мақсатымен мұғалімдердің көзқарастарына сүйеніп алсған көрсеткіштерден мынадай қорытындылар шығарылды:

Құндылықтық білім қай жерде берілуі және қалай берілуі керектігі сынды сұрақтар соңғы кезде көп пікірталас тудыратын мәселе жағдайына келіп отыр. Сондықтан, білім беру саласында құндылыққа бағдарланған түрлі зерттеу жұмыстарының артқандығы көрінеді. Құндылықтардың қай жерде берілгендігі маңызды болуымен бірге, балаға берілетін құндылықтық білімнің қаншалықты меңгертілгендігі де негізгі мәселе.

Бұл ғылыми зерттеу жұмысында мектеп мұғалімдерінің көзқарастарынан алынған көрсеткіштер бойынша құндылықтық білімнің ең көп отбасыда берілуінің балаға пайдалы болатындығына сенуге болады. Сонымен қатар, отбасымен бірге мектеп [Suh B. K., Traiger J., 1999, 145 б] пен қоғамда [Maslovaty N., 2003, 127 б] құндылықтық білім берілетін маңызды жерлер екендігі анықталған. Осыған орай, отбасы, мектеп және қоғам құрамдастары жеке тұрғыда еш уақытта нәтижелі болмайды [Hammack F. M., 2004, 58 б]. Адам сезімталдығы себебінен өзі кездескен қандайда бір оқиға немесе ортасынан әсерлену қасиетіне ие. Сондықтан, отбасыда берілген құндылық мектепте [Jackson P. W., 1998, 192 б] толығады және қоғамда белгілі бір мінез-құлық түрін кездестірген жағдайда түсіністікпен қарай алады. Отбасы құндылықтық білім берілетін алғашқы құрылым болуымен жеке тұрғыда жеткілікті болмайды. Себебі, сабақтастықты сақтау және жаңа білімдерді меңгерту тұрғысынан мектеп [Dickinson D. J., 1990, 14 б] бітіргеннен кейін өмірбойы меңгерген құндылықтарды сақтап, бағдар ететін қоғам өзгерістері маңызды орын алады.

Ата-ана тарапынан меңгертілмеген құндылықтардың кейбірін сынып мұғалімі тез арада игерте алады. Сондықтан, құндылықтық білім беруде сынып мұғалімдеріне міндеттер жүктеледі. Мектепке дейінгі кезеңде отбасы ортасында құндылықтарға байланысты негіздер қалыптасады [Lovat T., Clement N., 2008, 68 б]. Осы кезеңнен кейін бала құндылықтарында өзгерістер болса да, негіздер маңызды роль атқарып, одан кейінгі кезеңде басқа құндылықтардың меңгерілуі қиындайды [Anania I., 2010, 151 б]. Сол себепті, құндылықтық білім беруде отбасы мен мектеп кезеңіндегі білім беру мен тәрбиенің маңыздылығы жоғары болады. Бала сүйіспеншілік, құрмет көрсету, бірлесіп жұмыстар атқару, жауапкершілік, адамгершілік, көмектесу, бөлісу, сүйеніш болу сынды құндылықтарды бойына сіңіретін болса, баланың тұлғалық дамуы да осы құндылықтармен әсерленіп, оларды іс-әрекетінде қолданады және мінез-құлығының бір бөлігі етіп қалыптасуына игі ықпал етеді. Қоғамдық және моралдьдық құндылықтардың қалыптасуы кезеңінде сапалы және салауатты біліммен қамтамасыз ету [Daniyarov T. A., Issayev M. S., Zhumadullaeva A. A., Utebayeva A. T., Bazarbayev K. K., 2018, 244 б] нәтиже беретін болады.

Сонымен қатар, ең көп құндылықтар отбасыда берілуі керектігіне байланысты шарттар зерттелгенде ең көп әсерлер мен ықпалдарға ашық орта отбасы екендігі көрінді. Бұл жағдай балалар өмірінің алғашқы жылдарында тұлға түрін қалыптастыру үшін өте иілгіш, тиімді кезең екендігін көрсетеді. Мұны нақтылай түсетін болсақ, дұрыс, жетілген, көркем қасиеттерді меңгеріп шығу үшін отбасының негізгі екендігін көрсетеді. Дәлірек айтқанда, отбасы ортасы баланың әлеуметтік және әсерлену ортасы болуы, кісілік пен тұлғалық қалыптасудың алғашқы қадамдары жасалатын жылдар болуы тұрғысынан да маңызға ие. Құндылықтарды меңгертуде үйретін оқытушы кісінің қажетті құндылықтарды толық меңгерген болып, балалар оны модель ретінде қабылдап, іс-әрекетінде негізге алуы құндылықтық білім беруді жеңілдетеді [Kirschenbaum, H. A., 2019, 46 б].

Отбасы ортасы құндылықтық білім берілетін ең маңызды жер болуымен бірге, жекелей тұрғыда жеткілікті болмайды деуге болады [Әтемова Қ.Т., 1998, 49 б].

Сондықтан бала шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, кемелденіп азамат болып қалыптасқанға дейінгі жан-жақты тәрбие беруді үйымдастыру, жүзеге асыру отбасынан басталып, кейін мектептегі тәрбие мекемелерінде жүзеге асады. Мүндағы тәрбиелік шаралар рухани - адамгершілік құндылықтар арқылы салауатты өмір сүруге дағдысын қалыптастыруда үлкен орын алады. Өйткені, балалар отбасында қаншалықты болса, мектепте де сонша уақыт өткізеді [Қаплиева А.Қ., 1993, 61 б].

Мектеп және қоғам арқылы толықтырылмаған отбасы ортасында берілген құндылықтық білім толық емес. Бірақ, бала өмір сүретін кезең ерекшелігінің қажеттіліктері көптеген құндылықтарды меңгеруі тұрғысынан отбасы ортасы әсерлі және ықпалды қолданылуы керек [Жарықбаев Қ., Қалиев С., 1994, 25 б]. Өте үлкен жылдамдықпен дамуда және өзгеріске толы қоғамда құндылықтар ең көп отбасы да беріліп, мектеп пен әлеуметтік ортада толықтырылуы кезеңінде неліктен осы жерлерде берілген құндылық пайдалы болатындығына сәйкес әдістер қолданылуы керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Saygin A. G. Seeking a Better Future in Education: International Symposium On Education Of Skills, Morals And Values In Turkey From The Past To The Present (Issue April 2015). Türkiye Diyanet Vakfı Yayın Matbaacılık ve Tic. İşletmesi Serhat. - 2016. – 258 s.

2 Yilmaz M., Ömer F. Y.., Opinions of Primary School and Pre-School Teachers about Value Education // Bartin University Journal of Faculty of Education, - 2017. 6(2), - 737–748 p.

3 Zhumadullaeva A. A., Konyrbaeva S. S., Duanbaeva B. C., Kasymbekov Z. A., Daniyarov T. A., Isaev M. S. Applying the findings of scientific and pedagogical research in values education //Mathematics Education, - 2016. 11(5).

4 Lickona T. Educating for character: A comprehensive approach. In The construction of children's character. - 1997.

5 Ashworth P., Lucas U. What is the 'World' of Phenomenography? //Scandinavian Journal of Educational Research, - 1998. - 42(4), 415–431 p.

6 Silverman D. Doing qualitative research: A practical handbook. Sage. - 2000.

7 Robson C. Real World Research. 2nd. In Edition. Blackwell Publishing. Malden. - 2002.

8 Miles M. B., Huberman A. M., Saldaña J., (n.d.). Qualitative Data Analysis. – 1994, - 221 p.

9 Suh B. K. Traiger J. Teach ing values through elementary social studies and literature curricula //Education, - 1999. - 119(4).

10 Maslovaty N. The Placement of Moral Contents: Priorities and Stuctures of the Belief System of Teachers and High School Students //Educational Research and Evaluation, - 2003. - 9.

11 Hammack F. M. Trust in Schools: A Core Resource for Improvement. - 2004. - 95(November), 132–134 p.

12 Jackson P. W. - Boostrom , R. E. - Hansen, D. T. The Moral Life of Schools. Jossey-Bass. - 1998.

13 Dickinson D. J. The relationship between ratings of teacher performance and student learning. Contemporary Educational Psychology, - 1990. - 15(2), 142–151.

14 Halstead J. M., Taylor, M. J. Learning and Teaching about Values: A review of recent research //Cambridge Journal of Education, - 2000. - 30(2), 169–202.

15 Lovat T., Clement N. Quality teaching and values education: coalescing for effective learning. Journal of Moral Education, - 2008. - 37(1), 1–16 p.

16 Anania I. A study of the development and implementation of effective values education initiatives in schools. In A study of the development and implementation of effective values education initiatives in schools. - 2010.

17 Daniyarov T. A., Issayev M. S., Zhumadullaeva A. A., Utebayeva A. T., Bazarbayev K. K., Influence of tatars for the kazakh cultural life and development of the kazakh jajid education. Bulletin of National Academy of Sciences of The Republic of Kazakhstan, - 2018. - 3(373), 244–253 p.

18 Kirschenbaum, H. A Comprehensive Model For Values Education And Moral Education. Tạp Chí Nghiên Cứu Dân Tộc. - 2019.

19 Әтемова Қ.Т. Оқушыларда гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы. // пед. гыл. канд.., дисс.., авторефер. Алматы, 1998, 21 б.

20 Қаплиева А.Қ., Оқушылардың салауатты өмір сүру дағдыларын рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптастыру, // пед. гыл. канд.., дисс.., - Алматы, - 1993, - 142 с.

21 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбие тарихы. - Алматы, - 1994, -232 б.

УДК: 14.07.05

Кадирбаева Дидар Артықбайқызы
п.ғ.к., доцент
Биология-география факультеті,
География кафедрасы
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Халық тәрбиесінің ең негізгі мақсаты мен міндеті, жан–жақты жетілген азамат тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарымыз арқылы балаға ақыл–ой, адамгершілік, әсемдік, денсаулық, еңбек тәрбиелерін беру, мінез–құлық дағдыларын қалыптастыру. Географиялық білім-адамның қоршаған ортаны танып, үйренумен негізделеді. Осы орайда адамзат тіршілігі үшін ең маңызды табиғат құбылысы – ауа райын болжау. Ауа райын болжау барлық халықта өз дәстүріне негізделген. Бірақ, ғылыми астары бір-біріне ұқсас келеді. Қазақ халқының ауа райын болжауы атадан балаға мұра ретінде қазіргі уақытқа дейін бағаланып келе жатқан дәстүрдің бірі. Бұл, өзіндік ерекшелігі мен тәрбиелік мәні зор дәстүрдің бірі және тәрбие құралы деп санауға болады

Түйінді сөздер: метеорология, атмосфера, ландшафт, үркер, мизам, сүмбле, астроном, күнтізбе.

Аннотация. Основная цель и задача государственного образования - воспитать всесторонне развитого гражданина, дать ребенку умственные, нравственные навыки, красоту, здоровье, трудовое воспитание, поведенческие навыки на основе наших национальных ценностей. Географические знания основаны на знании и изучении среды обитания человека. В связи с этим важнейшим природным явлением для жизни человека является прогноз погоды. Прогноз погоды основан на традициях всех народов. Но научная база аналогична. Прогнозирование погоды казахского народа является одной из традиций, которая до сих пор ценится как наследство от отца к сыну. Его можно рассматривать как один из традиций и образовательных инструментов, который имеет свои особенности и образовательную ценность.

Ключевые слова: метеорология, атмосфера, ландшафт, үркер, мизам, сумбур, астроном, календарь.

Summary. The main goal and task of public education is to educate a comprehensively developed citizen, to give the child mental, moral, beauty, health, labor education, and behavioral skills based on our national values. Geographical knowledge is based on knowledge and study of the human environment. In this regard, the most important natural phenomenon for human life is the weather forecast. The weather forecast is based on the traditions of all nations. But the scientific basis is similar. Weather forecasting of the Kazakh people is one of the traditions that is still valued as an inheritance from father to son. It can be considered as one of the traditions and educational tools, which has its own characteristics and educational value.

Keywords: meteorology, atmosphere, landscape, urker, misam, confusion, astronomer, calendar.

Қазақстан үкіметі қабылдаған «Білім туралы» Заңның «Білім жүйесі» аталатын екінші бөлімінде «білім беру жүйесінің басты міндеттері: Қазақстан Республикасына шын берілген, адал патриот азамат даярлау... олар мемлекеттік белгілердің мәні мен маңызын терең түсінген, халықтық дәстүрлерді қастерлейтін... халықтар достығының негізінде тәрбиеленген, халық, отан, отбасы алдындағы жеке бастың міндеттері мен құқықтарын сезінген... Қазақстанда тіршілік етуші қазақ халқы мен басқа да халықтардың тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қадір тұтып игеруге пейілді азамат болуы керек» делінген [Назарбаев Н.Ә., 1997].

Халық құндылықтарының бірі – оның мекені, сол мекеннің географиялық ландшафтысы. Географиялық детерминизм бойынша адамның өмір сүруі, шаруашылығы, оның психикасының қалыптасып дамуы, бет-бейнесіндегі ерекшеліктері, мінез-құлқы сол жердің географиялық ландшафтысына байланысты болады. Ұлттық тәрбие ана тілін, елінің тарихын, төл мәдениетін, туған жерін, халқының ертедегі тұрмыс-тіршілігін оқып, үйренуден басталады. Мектептің оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасының тәрбиеде алатын орны мен маңыздылығын студенттерге үйретіп, болашақ мұғалімдерге география пәні арқылы этнопедагогикалық білім беріп, ұлттық тәрбие, ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, ұлтжанды азамат тәрбиелеп шығаруға даярлаудың қажеттілігі туып отыр. Осы орайда, жоғары оқу орны жағдайында студенттердің қоршаған табиғи орта мен құбылыстары туралы түсініктерін дұрыс қалыптастыруда халықтық педагогика материалдарын ғылыми теориялық-әдістемелік қағидалармен ұштастыру көкейкесті мәселеге ай-

налып отыр. Қоршаған орта, ауа райының күйі, аспан әлемі, жер-су атаулары туралы географиялық білім беру арқылы болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығын қалыптастыру – тұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі.

Ұлағатты ұстаздық ісін қастерлей біліп, педагогика ғылымын терең зерттеген М.Жұмабаев педагогика ғылымын халық педагогикасымен ұштастыра отырып, ұлттық тәрбиенің ғылыми негіздерін жасады. Ол: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы — ұлт тәрбиесі», әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесін баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті», — дейді. Адамзатың тіршілігі табиғатпен тығыз байланысты, оны қадірлеп, қастерлеп ұстай білу керек. Бұл-табиғи ортаны дұрыс танып білуден басталады. М.Жұмабаев «Географияны оқытуды туған ауылыңнан баста»,- деген қанатты сөзі бар [Жұмабаев М., 1992].

Адам табиғаттың бір бөлшегі, барлық тұрмыс-тіршілігі географиялық ортамен тығыз байланысты. Қажетін табиғат компоненттерімен қанағаттандыратын адамзат өзі өмір сүріп отырған ортаның барлық жай-күйін білуді мақсат тұтқан.

Географиялық орта — адамды қоршаған табиғат, қоғамдық өмірдің қажетті әрі тұрақты шарты, географиялық қабықтың бір бөлігі. Географиялық орта түсінігі табиғаттың қоғам өміріне әсер ететін құбылыстары мен процестерін де қамтиды. Географиялық Орта — қоғам дамуының материалдық қайнар көзі. Адамзат қоғамы табиғатты өзгертетін сыртқы фактор бола тұра, осы өзгерістер жүретін географиялық ортаның айрықша құрамдас бөлігі болып есептеледі. Сондықтан географиялық ортаның қоғамдық элементтері мен табиғи элементтерінің қарама-қайшылықтары қоғамдық өндірісті дамытушы фактор ретінде айқындалады. Адамзат тіршілігін табиғат пен қоғамның ұдайы өзара әрекеттесуі ретінде бағалауға болады. Адамзат өз әрекеті нәтижесінде табиғи ортаға тән емес жаңа элементтерді (қалалар мен жолдар, егістіктер мен бау-бақшалар, бөгендер мен каналдар, т.б.) географиялық ортаның құрамына енгізеді. Қоғамның табиғи ортаға әсері қарқындаған сайын географиялық ортаның біртұтастығы да арта түседі. "Адамданған табиғат" ретіндегі географиялық ортаның күрделі сипаты оны танып-білу процесін де күрделендіре түседі. Бұл таным процесі географиялық ортаның үш құрамдас бөлігі (өлі табиғат, тірі табиғат және адамзат қоғамы) арасындағы аса маңызды сапалық айырмашылықтар мен ортақ заңдылықтарды және олардың жеке ерекшеліктерін ескергенде ғана мүмкін болады [Жекулин В.С., 1989].

Адамзаттың тіршілігі өмір сүрген ортаға, табиғат болмысы мен құбылысына, төңіректегі жан-жануарлар, жәндік-мақұлықтар мен өсімдік әлеміне тығыз байланысты. Ертеде, ғылым мен техника дамымаған заманда, Құдайдан өзге сенері жоқ халық қарапайым күнкөрісі мен шаруашылығын қоршаған ортаның қилы-қилы жағдайына сәйкестіре қалыптастырып жүргізу мақсатында көп ізденіп, тиісті қаракет жасаған. Шаруа адамына егін егіп, өнімін молайту және төкпей-шашпай мезгілінде жинап алу, малды шығынсыз, жатқа ұшыратпай бағып өсіру, қауіп-қатерсіз сапар шегу, тағы басқа да тіршілік проблемалары жергілікті жердегі ауа райы құбылыстарын алдын-ала болжап білуді қажет етті. Ол үшін, бір жағынан, ауы райының өзгермелігі қалай, не себепті, қандай ізділікте жүретіні зерттелсе, екінші жағынан, ондай өзгеріс болар алдында үй және түз хайуандары, жәндік-мақұлықтар қандай әрекет — құлық танытатынын байқау керек еді. Ғасырлар бойы осы бағытта жүргізілген оңды, кейде сәтсіз бақылау, зерттеу ауа райы құбылыстарын болжаудың халықтық жүйесін жасақтатуға мүмкіндік берді.

Ауа райы — атмосфераның жергілікті жердегі белгілі бір уақытта немесе уақыт аралығында (тәулік, ай) байқалатын құбылмалы жағдайы. Ол көбіне атмосфераның төменгі тропосфера қабатының күйімен сипаттайды. Ауа райын өзгертетін негізгі процестер осы қабатта дамиды. Ауа райы метеорологиялық өлшемдермен (температура, қысым, жел, ауа ылғалд., бұлттылық, атмосфералық жауын-шашын) және атмосфералық құбылыстармен (тұман, найзағай, боран, дауыл т.б.) сипатталады. Жер бетіндегі Ауа райының өзгеруі тіршілікке, табиғатқа елеулі ықпал жасайды. Ауа райының көп жылдық режимі климат деп аталады [Неклюкова Н.П., 1980].

Ауа райын болжау – ауа райын алдын ала ғылыми негізде анықтау. Алдымен синоптиктік процестер (ауа массалары, антициклон, атмосфера. шебі, т.б.) анықталады, соның негізінде атмосфералық құбылыстар (жауын-шашын, тұман, боран, т.б.) болжанады. Уақыт ұзақтығына байланысты Ауа райын болжау өте қысқа 1 – 2 тәулікке, орта 3 – 10 тәулікке, ұзақ бірнеше айға дейін және өте ұзақ бір жылдан астам мерзімдік болып бөлінеді. Ауа райын болжау үшін қысым және топография карталары, ғарыштық түсірімдер, т.б. мәліметтер қолданылады [Максоковский В.П., 2009].

Ерте уақытта ауа райын анықтайтын арнай метеорологиялық құралдар, білікті маман-синоптиктер болмаса да, дала ғұламалары қоршаған ортаның жай күйі, ауа райын болжау мәліметтері болды. Бұл мәліметтер табиғатпен байланысты шаруашылықты жүргізу, көші қон мәселелерін шешу үшін қажет болды. Ауа райын алдын ала болжаудың тәжірибеде ақталған халықтық нұсқалары баршылық. Олар әлі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Әрине, нақтылы тұста кейбір ауытқулар болуы мүмкін. Өйткені, соңғы жылдары республиканың барлық аймақтарында қалыпты

экология өзгерді. Әуе кеңістігі ластанды, өзен-көл сулары тартылды, жер асты сулары кермектенуде. Ондаған өсімдік тұқымын жойды. Топырақ эрозиясы біраз жер көлемін шарпыды. Мұның бәрі қай аймақта болса да, ауа райының қалыптасқан табиғи сипатына қолайсыз өзгерістер енгізді. Әйткенмен, талай жылғы өмір дәлелдеген халықтық тәжірибе нұсқалары негізін сақтап қала бермек.

Құстардың ұшуын, қонуын, іс әрекеттері мен дыбыстарын зерделеп зерттеп, келер қыстың немесе жыл мезгілдерінің ауа райын болжап отырған. Мысалы: құстардың даусы анық шығып шиқылдаса-келер күн ашық болады, үндері тынса-күн күркірейді. Жыл құстары топтанып қайтса-келер қыс қатты болады, тобымен келсе-көктем ерте келеді. Құс түрлеріне байланысты да ауа райын болжау қалыптасқан: қаз бір аяғын көтеріп ұзақ тұрса не қанатын жиі қаққыласа, аяз болады. Қызыл қаз былтырғы ұясын жөндемей жұмыртқаласа — жаз құрғақ, жөндеп биіктетсе — жаз жаңбырлы, үйрек ұясын су жағасына таяу салса — жаз қуаң, судан қашық салса — жаз жауын-шашынды болады. Қарлығаш бірде төмендеп, бірде биіктеп ұшса, дауыл соғады, жер бауырлай ұшса, жаңбыр жауады не жел тұрады. Тырналар жылы жаққа қайтқаннан кейін үш апта өткенде түнде аяз тұрады, қазан айының басында көрінбесе, қыс бір ай кеш түседі, арқаға беттей ұшса, жылылықты күт, кері бағытта ұшса, күн салқындайды. Мерзімді басылым беттерінен «Құс қанат ғұмыр» деген бейнелі сөзді талай оқыдық. Осы жердегі «Құс қанаты» дегеніміз не? Әрине, бұл жыл құстарының жылы жақтан келу-кетуін меңзеп тұрғаны анық. Көктем мезгіліндегі «Құс қанаты» наурыз айының соңғы аптасына сәйкес келеді. Біздің өлкеге ең алғаш келетін құстар – қараторғайлар. Құстардың сусылдаған қанатының әсерінен күн суытып, қар жауатынын пайымдаған. Қазақтар мұны сол жылдың соңғы қары деп есептеген екен[qazaq-el.narod.ru].

Жылдың әр айы мен тоқсанында болатын ауа райындағы және табиғат өзгерістері мен құбылыстарын дала халқы әркез назарында ұстап, оған ат қойып, айдар тағып, баға беріп отырған. Мұндай жайларды үнемі қадағалап, болжап, оны күні бұрын хабарлап тұратын жұлдызшылар да болған. Жылдың он екі айындағы табиғат құбылысына байланысты халықтық қағидаларға қалыптасқан болжамдар мен оның атаулары мен реттері әдеттегідей наурыз айынан басталады. Осындай ұлттық болмысымыздың бір айнасы болған халықтық болжамдарға тоқталып кеткеніміз дұрыс болар.

Өлара – екі айдың арасы. Осы арқылы алдағы айға болжам жасалады. «Өларада жауын-шашын болса, жаңа (келесі) ай жауынды-шашынды болады» дейді халық. Бұл болжам әрқашан қатесіз келіп отырған.

Амал, жыл оны екі айда айналып соғып тұратын ыстық пен суықты, қар мен жаңбырды, жел мен боранды халық бір сөзбен амал деп атаған. Яғни жылдың әр мезгілдеріндегі табиғат құбылыстарының өткінші әрі тосын, аз уақытта болып өтетін өзгерісі мен көрінісін және оның бірнеше түрлерін айтқан. Ұлттық сандық ұғымда жеті амал бар:

1. Күннің тоқырауы
2. Қарашаның қайтуы
3. Үркердің батуы
4. Мұздың қатуы
5. Киіктің матауы
6. Қыс тоқсан
7. Ай тоғамы

Құс қанаты, Наурыз айының соңғы күндерінде жыл құстары да ұшып келе бастайды. Құстардың келуімен қар аралас жаңбыр, уық жел тұрады. Мұны ел құс қанаты деп атап, амалға жатқызған.

Аласапыран, көктемде, наурыз айында, кейде сәуір айында қар күрт еріп, жер лай болып, шаруашылыққа қиын күндер туады. Осындай жайсыз, қолайсыз мерзімді аласапыран дейді.

Бесқонақ, жыл аяғында, яғни наурыз айының 17-21 күндері аралығында, болатын жауындышашынды күндер. Бұл – әр жылы соғып өтетін суық әрі лайсаң мезгіл. Жұрт бесқонақтан қатты сақтанып, күтініп отырған.

Қызыр қамшысы, Сәуір айының орта кезінен аса бере алғаш найзағай ойнайды, жаңбыр жауады, жер бусанады, оңтүстікте жаздың жайлы күндері басталады. Осы сәттердегі найзағайдың жарқылын халық «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» деп есептейді.

Тобылғы жарған, Сәуірдің соңғы күндерінде екі-үш күнге созылатын суық жел соғады. Бұл – тобылғы бүршік жарды, яғни өсімдіктер тамыр жайды, алғашқы көк шыға бастады деген сөз.

Қызыл жұмыртқа, Мамыр айының алғашқы онкүндігінде дала (су) құстары балапанын шығара бастайды. Халық тілінде қызыл жұмыртқа деп аталатын, осы кездерде 1-2 күнге созылатын суық болады.

Құралайдың салқыны, Мамыр айының аяғында болатын суық жел. Осы желге қарсы киік өз құрайлаларын (баласын) аяқтандырып, жүгіртіп, өргізеді. Киік қанша көп болса да, олар 2-3 күн ішінде түгелдей төлдеп болады. Киіктің тағы бір айта кетерлік ерекше қасиеті оның – енелігі кез келген құралайды емізіп, бауырына ала береді. Киік құралайының далада жетім, жалғыз қалмауы осыдан.

Үркердің батуы, Маусым айының басында үркердің мүлде көрінбей кетуі. Кейде мұны үркердің жерге түсуі дейді. Осыдан кейін 40 күн шілде басталады. «Үркер жерге түспей, жер қызбайды» дейді халық жұлдызшалары мен есепшілері.

Қырық күн шілде, Маусым, шілде айында 40 күнге созылатын ыстық. Осы аптапты күндерге орай халық арасында қырық күн шілде деп аталатын халықтық күнтізбелік атау пайда болған.

Үркердің толғағы, Мал-жанға жайлы кезең,

шілде айының орта кезінде басталады. Бұл кезде үркер туалды, жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғая бастайды.

Таразының тууы, Тамыз айының ортасында ауа райы салқын тартып, қою бұлт пайда болып, алғашқы күз нышаны біліне бастайды. «Таразы туса – таң суыр» деген мәтел осындайдан шыққан.

Мизам шуақ, Қыркүйек айының екінші онкүндігінде салқын басталады, жаңбыр жауады, түнде шөп басына шық түседі. Осы кездерде күндіз шуақты күндер де болады. Далада ұзыннан-ұзақ мизамдар шұбатылады. Мұндай жылы мезгілдерді мизам шуақ деп атайды.

Сүмбіленің тууы, «Сүмбіле туса – су суыр» дейді халық қағидасы, яғни қыркүйектің соңғы онкүндігінде күз келеді, суықты күндер, жауын басталады.

Біздің халық көшпелі өмір сүру мәдениетін ұстанғандықтан, ауа райына қатты мән берген. Жүгірген аңның ізі мен құстың қандай биіктікте ұшқанына қарап-ақ көп дүниені болжаған. Соның ішінде, өз бағымындағы төрт түлік малға қатысты болжамдары да өте көп.

Бабаларымыз жылқыға ерекше көңіл бөлген. Жануар басқа малдарға қарағанда сергек болады. Сондықтан да, жылқының әр қылығы мен қимылына қарап, ауа райын алдын ала болжай алған. Жылқы топтаса шауып, кісінесіп ойнақтай бастаса, кешікпей күн суытып, ызғар жел, боран соғып, не болмаса жауын жауады деп есептеген. Егер жылқылардың жүні үрпиіп, көздері салыңқы болып, жайылуға зауқы болмаса, онда біраздан кейін күн суытып, ауа райының бұзылуына дайындала беріңіз.

Астыңыздағы атыңыз әлсін–әлсін пысқырса, жазда жел күшейіп жауын жауады деген сөз, ал қыста қар жауып, қарлы борасын болады деп болжанады. Жылқы ыққа жайылса, өздеріңіз сезіп отырғандай ызғырық жел, нөсер жауын, қарлы борасындар болады. Айғыр үйірін мойынын жерге салып жинаса, ауа райының бұзылуына дайындала беріңіз.

Жылқы малы қыста немесе көктемде кез келген жаққа қарап жайыла берсе, алда жаймашуақ күндер күтіп тұр. Сауынды биенің сүті кенет азайып кетсе, жаңбыр жауады. Соғым сойғанда сойыс жылқының бауыр қылшығы ұзын болса, сол жылғы қыста қар көп жауып, қалың болады дегенді білдірген. Жылқы малы ішін әлсін-әлсін тарта берсе, ауа райы бұзылады деп есептелінген. Қыстың күні жылқы оқыранып, ернін жыбырлатса, көп кешікпей күн жылып, қар суын ішетіндігін білдіреді деседі.

Қазақ үшін жылқыдан кейінгі қолға ұстауға ыңғайлы малдардың бірі – қой. «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір» дегенді тегін айтпаған. Енді қойға қарап, ауа райын болжау белгілеріне назар аударайық. Қой мазасызданып, астындағы қиды тұяғымен шұқылай бастаса, қарлы борасын болатындығын білдірген. Таңертең желдің бағытына қарап, мамыражай күйде күйсеп жатса, ауа райының жақсы болатындығының белгісі. Қой көп түшкірініп-пысқырына бастаса, бұл – жауын-шашынның белгісі. Кешкілік қораға қой аузына шөп тістеп кірсе, онда ол – қыстың қатты болмағының белгісі. Қыстың бастапқы күндері қой қорадан шығып, қора маңайында өз еркімен жатар болса, онда бұл – қыстың жайлы болуының белгісі.

Жайылымдағы қой тұяғымен төсін қаси берсе, алдағы қыста қардың қалың болатындығын білдірген. Күзге салым қозылар енелерінен бөлініп, отардан жиі қалғыштай бастаса, қыстың қатты болмағы, ал қозылар отар қойдың алдына шығып, оңды-солды ойнақтай бастаса, қыс жайлы болады деген болжамдар бар.

Қазақ халқы ешкіні жайсыз ауа райына төзімсіз мал ретінде санап, олардың әрекетіне қарап та көп дүниені болжаған. Ешкілер әдетінен жаңылып, тастың, үйілген тезектің биігіне шығудың орнына, ығына тұрып алатын болса, көп күттірмей жауын-шашын болады деп болжаған. Кешкі мезгілде қораға кіруге асықса, түн салқындайды. Ал, құйрығын шыбжыңдатып, көлеңке іздесе – күннің ыстық әрі шыбынды болмағы.

Бабаларымыз сиырға қарап та болжам жасаған. Таңғы мезгілде сиырлар желге бетін беріп, маңғаздана күйсеп жатса, жауын-шашынсыз, тымық күн болады. Күн бұзылардың алдында сиыр малы өрістен өз еркімен ерте қайтады. Жаңбыр жауып тұрғанда бұқа мөңіреп, өкіріп жүрсе, көп ұзамай аспан ашылады. Сауын сиырлар бұзауларына қарағыштап, қайта-қайта мөңіресе, көп кешікпей жаңбыр жауады деп есептеген.

Қазақ үшін түйенің де маңызы зор болған. Түйе бойына сеніп жылдан құр қалғанымен, ауа райын болжап беру қасиеттерінен кенде емес. Үлкендер түйелердің сезгіштік қасиеті ауа райының құбылуынан екі-үш күн ерте білінеді дейтін. Тайлақ, боталардан бөлек үлкен түйелер, атандар тайраңдар болса, бұл күннің суытатынын білдіреді. «Атан түйе ойнақтаса жұт болар» деген мақал бекер айтылмаған. Егер де, түйе малы қыста ернін жыбырлата берсе, көктемнің ерте шығады деп біліңіз. Түйеңіз ши немесе бұта түбінде төмен қарап шөгіп жатса, бұл жаз болса – жауын, қыс болса – боранның белгісі.

Адамның рухани болмысы расымен де табиғат құбылыстарын танып-білу арқылы қалыптасады. Түз тағысының табиғатқа қолдағы жануарларға қарағанда жақын жүретіндігі белгілі. Атабабамыз жабайы жан-жануарлардың әрекетін зерделеп, сол жануарлардың құпия сырларына мән беріп, өздерінше тұжырым жасаған екен.

Бізде «Тасбақа дауылы» деген ұғым бар. Қазақ тасбақаны киелі деп есептеп, киесінен қатты сескенген. Тасбақа – қыста ұйқыға кететін жаратылыс иесі. Көктемде, сәуір айында тасбақалар ұйқыларынан оянып, жер бетіне шығады. Дәл осы аралықта ауа райы өзгереді. Бұл мезгілде қатты дауыл, ызғар жел соғады. «Тасбақа дауы-

лы» дегеніміз осы. Мұның сыры – ұзақ ұйқыдан оянған тасбақаның бойынан әл кетеді. Тасбақа сауытының үстіне үйілген топырақ, құмды осы дауыл үрлеп түсіріп, ұйқыдан кейін сергуіне, өз бетінше жүре алуына септігін тигізеді деп тұжырым жасаған.

Бізге қыста ауа райының сырғымалатуы, боран соғуы заңдылық секілді көрінеді ғой. Бабаларымыз осынау табиғи құбылыстардың әрқайсысына аса қатты мән берген. Қазақта «Бөрісырғақ» деген ұғым бар. Ақпанның алғашқы он күнінен аса бере, күн бұзылып, сырғыма жүреді. Дәп осы мезгілде қасқырлар жұптасады екен. Мінеки, осындай құбылысты бақылаған дана халық бұл мезгілді «Бөрісырғақ» деп атаған.

«Құмалақ қарға батты, енді жаз шығады» деген сөзді үлкендерден талай мәрте естідім. Сөйтсем, оның мәні мынада екен. Наурыздың 14-ші жұлдызында (ескіше жыл санау бойынша бұл – бірінші наурыз) қойдың құмалағын күншуақтағы қардың бетіне қойып қоясыз. Егер, кешке қарай әлгі құмалағыңыз қарға тереңдей кіріп кетсе, онда қыстың аяқталуы жақын. Ал, құмалақ қарға түспесе, қыстың созылатындығының белгісі.

Ертеректе күн жылынса да суға түсуге үлкендер рұқсат бермеген: «Құралай әлі туған жоқ. Күн күркіремей өзенге түсуге болмайды» деп тиып тастап отыратын. «Құралайдың салқыны» – мамырдың 17-25 аралығында киіктердің жаппай лақтайтын мезгілі. Осы аралықта күн салқындап, жауын жауады. Ұшы-қиыры жоқ маң даладағы киіктер осы аралықта жаппай лақтап болады екен. Ал, киік лақтаған кезде жаңбыр жаууын үлкендер «Киік – өте кірпияз, тәкаппар жануар. Ол қой-ешкі секілді жаңа туған лақтарын жалап, жуындырып алмайды. Мұны табиғат-ананың өзі реттеп береді» деп түсіндіретін. Не десек те, салқын мезгілде туған төлдер ширығып, қатал табиғатқа төзімді болып өсетіні анық.

«Құралайдың салқыны» жайлы айтқаннан кейін «Теке бұрқылына» соқпай кете алмаймыз. Өздеріңіз сезіп отырғандай, бұл – жануарлардың маталуына байланысты ұғым. Шамамен, желтоқсан айының соңғы он күндігіне келеді. Кей аймақтарда «Теке бұрқақ» деп те айтады. Осы аралықта да күн райы бұзылып, ат құлағы көрінбес боран соғып тұрады.

Міне, біздің бабалардың жан-жануарлардың тіршілігіне қарап ауа райын болжауы – осындай. Көшпелі ел бұдан бөлек, аспан денелеріне қарап көп дүниені айқындай білген деседі [Мұхамедиұлы А., 2020].

Жыл мезгілі қазіргі күнтізбе бойынша көктем, жаз, күз, қыс деп төрт мезгілге бөлінеді. Бұл қазіргі кездегі күнтізбедегі топтастыру. Ерте кездегі қазақ есепшілері жыл мезгілін, яғни жыл он екі айды төртке бөлген. Бірақ әр мезгілдің атауы қазіргі мезгілдің атауынан өзгеше болатын. Жылтоқсан (көктем), Жазтоқсан (жаз), Желтоқсан (күз), Қыстоқсан (қыс). Жылтоқсан деп аталуы жыл сөзінің мағынасына байланысты айтылған. Көктемде – көктеуде (бірер ай), жазда – жайлауда (екі айдам астам), күзде – күзеуде немесе күзекте (бірер ай), қыста – қыстауда отыратын шаруашылық ыңғайына байланысты.

Халқымыз ертеден-ақ ауа-райын бақылаудың қарапайым әдіс, тәсілдерін білген. Ауа-райын болжай алатын бұл халық қағидалары қой мінезін жетік меңгерген, қойдың ауа-райы өзгерісін сезу қасиеттерін терең анықтай алған қазақтың өмірлік тәжірибесінен, таным-түсінігінен туындап отыр. Қойдың мінез-құлқын мен әрекетіне қарап ауа-райын болжау қағидаларының көптеп кездесетіне қарағанда, өзге түліктерден бұрын қой қазақ жерінің климатын тез сезетін, қазақтың жері мен табиғатына әбден бейімделген түлік екенін байқатады. Кешкі уақытта малдың бәрі бағытта күйсеп жатса, келер күні сол жақтан боран тұрады. Жылқы – бір жылдық, қой – жарты жылдық, сиыр 2-3 күндік өзгеріс, құбылыстарды болжай алады. Жыл басы саналған, күн мен түннің теңелген күні, яғни 22 Наурыз Ұлыстың ұлы күніндегі бақылаулар мен болжамдар дәл келіп отырған. Ұлыстың ұлы күні есепшілер таңертең Күннің шығыс көкжиектен қандай болып көрінетінін бақылауға ала отырып, байырғы тәжірибеге сүйеніп, Күннің түрліше аталуына көңіл бөлген:

— егер бұл күні таңеретең Күннің түсі күңгірт тартып, қорланып солғын көрінсе, ол жылы жауын-шашын мол болып, жер көгі құлпырып өсетін көрінеді;

— егер бұл күні таңертең Күн сары-қызыл тартып, ыстық лебі бірден бетке ұрып, шақырайып туса, ол жылы құрғақшылық болуы мүмкін. Мұндай жылдары таулы аймақтарда жиі-жиі тасқын болып, шалғынды далада өрт қаупі пайда болады;

— егер бұл күні таңертең Күн сәулесі жан-жаққа шашағын төге шашырап, рауандап атса – ол жылы жанға жайлы, молшылық жылы болады [Жүністегі К., 2006].

Есепшілер бұл Күн белсенділігін он бір, он төрт жылда бір рет қайталанып отыратын кезеңдік құбылыстарынан бақылап білген. Әдетте, ауа-райын бақылаушылар жаз есебін күн мен түннің теңелген тоғысынан бастайды. Онда ел алдымен сол түнгі төрт түлік малдың қимыл-қылығын ерекше қадағалайды. Ұлыстың ұлы күніне басқа да жаңа тоғыс айлары болады. Жаңа тоғыс айларының қарсаңындағы немесе күн мен түн теңелер сәтіндегі төрт түліктің мінез-құлқы мен әрекетіне қарап есепшілер сол жылдың қандай болмағын бақылап отырған. Мысалы, егер сол күні кеште өрістен қайтқан қой қораға алшаңдай басып кірсе, көктем ерте келеді деп жорамалдайды. Ал сол түні түйе түлігі ернін жиі жыбырлатып, жылқы оқыранып жұтынса да көктем ерте келеді екен деп есептеген. Сондай-ақ ол күні қойдың өз қорасына алшаңдай басып кіруі де көктемнің ерте туатынының белгісі. Қойдың құмалағы қар ішінде бармақ бойы батып кетсе, көктем ерте туып, жер тез қызады. Қарға тасталған құмалақ қар үстінде

тұрып қалса, көктем 40 күн кеш туады. Яғни, көктемнің «алтын күрегіне» дейін суықтар болады деп күтіледі. Осыған байланысты қазақта айтылатын мынындай сөз бар: «Ұлыс күні құмалақ қарға бармақ бойы батса, қырық күндік жерге арбамен шық. Құмалақ қар бетінде қыдырып жатса, қырық күндік жерге шанамен шық».

Егер құмалақ қарға өз бойындай батып барып тоқтаса, сол жылы жауын-шашын мол болып, жер көгі желініп біткенімен, тез бой көтеріп отырады. Яғни, жердің ылғалы қара күзге дейін сақталады. Қыстың соңғы кездері жылқы ықылықтап, жабағылар ішін тартса, көп кешікпей қар суын ішіп, көктем ерте туады екен. Ал, көктемде қорадағы қойлар жайылымнан келген соң түнде жалаңдап тұрса, онда ол жылы құрғақшылық болады. Егер ауа-райын болжаушылар сол арқылы жазда шөптің қалай шығатынын білмек болса, онда шолпан жұлдыздың тууына қарайды. Жаңа тоғыстың бастапқы күндері тұманды болып басталса, жаз жаңбырлы болады. Бұл – құт белгісі. Ол жылы шөп шүйгін болып, төрт түлік тез қонданады және сол жылғы қыстан мал басы аман шығады деп күтіледі. Егер жаңа тоғыста көлшіктегі құрбақаның құрқылдаған даусы естілсе, алдағы күндер тез жылынып, ауа-райы малға да, жанға да жайлы болады. Жаңа тоғыста Шідер-Үшарқар-Таразы шоқжұлдызы көкте биік тұрса, онда жаз айлары жаңбырлы болып, шөп шүйгін болады. Сондай-ақ, бұл күні «қойшының қоңыр жұлдызы» Шолпан жарқырап туса, ол да келер жылдың жайлы болатындығының белгісі. «Қой үстіне бозторғай жұмытқалаған кез» деп осындай жылдарды атаған. Шолпан ерекше жарқырап туса, онда жазда шөп мол шығады. Ал шолпан шұнтиып туса, шөп маңдымды шықпайды деп тұжырымдаған. Бұдан басқа бұлақ- бастау көзі, өзен-көл деңгейі және жер асты суларының азайып-көбеюіне қарап та жаздың қандай болатындығын болжаған. Торғайлар суға шомылса, сиырлар сәске болмай оқыраласа күн жауады деп жорамалдайды.

Қой жүні қобырап, дымқыл тартып тұрса, кешікпей жауын-шашын болады. Қой пысқырынса, бұлттанып іле-шала жауын-шашын келеді. Қозылақ секендеп ойнақшыса, жауын жауады. Егер қойлар сілкініп, сүйкенсе, маңырап, шуылдаса, жауын басылып, күннің көзі шығады. Бақа, балықтардың мінезі де ауа-райы туралы сөйлеп береді. Саз, балшық, батпақ бақалары кешқұрым ұзақ уақыт бақылдаса, ертеңгі ауа-райы жақсы болады. Олар судан алыстап бақылдаса, ауа-райының жылынуының белгісі. Егер бақалар судан, шалшықтан тұмсықтарының ұшын ғана шығарып бақылдаса, ауа-райынының бұзылатын білдірген. Бақалар бақылдап шуласа, ауа-райының жақсаруының ишарасы. Балықтар су бетіне шығып, шоршып ойнай бастаса – жауынның белгісі. Тауық жерге аунап қанатын қағып тазалана бастаса, жаңбыр жауады. Жаңбыр сіркіреп тұрғанда тауықтар далада жем іздеп жүрсе, онда ақ жаңбыр болады, яғни ұзаққа созылады. Қыста қаздар қаңқылдаса, жылы болады, аяқтарын бауырына тығып жатып алса күн суытады немесе боран болады. Далада көкектің «қу-қу» даусын жиі естісеңіз алдағы күндер ашық болады. Шағалалар өзен, теңіз бетінде ұшып жүрсе, күн ашық болады. Егер жиекте жүрсе, күннің бұзылатындығын белгісі.

Қазақ халқы құмырсқа, қоңыз, құрттардың мінез-қылықтарымен де ауа-райының өзгерісін алдын-ала болжай білген. Қатты жел дауыл алдында құмырсқалар әбігерленіп, мазасыздана бастайды. Көктемде қар еріген кезде құмырсқа үйіндісінің теріскей жағынан бастап ерісе, жаз жылы, ұзақ, жайдарлы болады, ал алдымен ерісе, салқын жаздың келгенін білдіретін болған. Егер ауа-райын болжаушылар сол арқылы жазда шөптің қалай шығатынын білмек болса, онда шолпан жұлдызының тууына қарайды. Мысалы, шолпан ерекше жарқырап туса, онда жазда шөп мол шығады. Ал шолпан шонтиып туса, шөп мандымды шықпайды деп тұжырымдайды. Бұдан басқа бұлақ-бастау көзі, өзен-көл деңгейі және жер асты суларының азайып-көбеюіне қарап та жаздың қандай болатындығына кесім жасап отырады. Торғайлар суға шомылса, сиырлар сәске болмай оқыраласа күн жауады деп жорамалдайды. Сиыр танауын тартып, мүйізін шайқаса, дауыл немесе боран болады. Сонымен қатар, торғайлар арқылы да ауа-райының өзгерісін алдын-ала болажаған. Киік топ-топ болып басқа жаққа бет алса, онда ауа-райы қатты бұзылып, суық болады деген сөз. Сиыр танауын тартып, мүйізін шайқаса, дауыл немесе боран болады. Мұсылман дінді қазақтар айды киелі деп табынатын да дәстүр болған. Ай арқылы халық ауа-райын алдын-ала болжаған. Ай шалқасынан туса, онда сол айда күн жайсыз, суық болады, яғни шаруашылыққа ауа-райы қолайсыз болады, ал ай енкіш, еңкейіп туса, онда сол айда күн жылы, жайлы болады дейді. Ай туғанда бұрынғысынан үлкендеу көрінсе, сәулесі қызғылт болса, жауын жауатынның белгісі.

Қыркүйектегі ауа-райына қарап, алдағы қыстың қандай болатынын болжаған. Бұл айдағы шуақты, тымық күндер мизам шуағы деп аталатын. Шуақты күндер көп болса, алдағы қыс жұмсақ, жайлы болады деп күткен. Бұл айда желісі сағыммен шұбатылып, мизам ұшады. Ауа-райын бақылаушылар қыс есебіне күн мен түннің теңелген екінші тұсы – қазаннан бастап бақылау жүргізеді, мұнда да жан-жануарлар мен табиғат құбылыстарына ерекше назар аударады. Мысалы, 22 қазан күні мал бір жағына ықтап, жайсыз жатып, мазасызданып шықса, онда, сол жылғы қыс қатты болады. Ал түйе сол күні басын құбылаға қаратып, төрт ағын төрт жаққа жіберіп жайылып жатып ұйықтаса, онда қыс өте жайлы болады деп тұжырымдаған. Егер биелер суық күзде құлын тастаса, қойлар өрістен қайтқанда ауыздарына шөп тістеп қайтса, қыс өте қатты болады. Ал егер күзде кейбір ағаштар гүлдесе, қыс жай түседі деп

топшалаған Тышқан ін қазғанда топырағын алысқа тастаса, қыс жайлы болады, ін аузына тастаса, қыс қатты болады. Тышқан інін суға жақын қазса, сол жылы құрғақшылық, ал алыс қазса, жауын-шашын көп болады. Күзде тышқан биікке шығып шиқылдаса, ұзамай қар жауады. Егер тышқандар шөбін биік жинаса, қар көп жауатынның белгісі, шөптің үстіне тас жауып, қасында күзет отырса, онда жел соғатынды білдіреді, ал шөпті аз жинаса жайдары, жылы қыс болатынның нышаны. Қыста торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенет қатты суытады. Егер қой тұяғымен төсін қаситын болса, қыс боранды болады. Күзде, қыста өріске шығардың алдында қойлар секіріп, ойнақшып, бірін-бірі қуалап, сүзісуі жиі байқалса, кешікпей қатты суытып қыс түседі. Қысты басында қорадағы қойлар жиектеп шашырай жайылса, ауа-райы жұмсақ, жайлы болсақ. Қыста қаздар қаңқылдаса, жылы болады, аяқтарын бауырына тығып жатып алса күн суытады немесе боран болады. Күн құлақтанып шықса не боран, не аяз болады. Күн құлақтанып бататын болса, ауа райы жылынуға тиісті. Қазақтың «Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешке күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан» деген мақал осыдан айтылса керек. Егер қыс айларында бұлт желге қарай көшсе, кешікпей қар жауады. Егер бұлт ортасынан ыдыраса ауа-райының бұзылайын дегені, ал ол шетінен көтерілсе ауа-райының оңалуға бет алғаны. Есепшілердің міндетіне тек аспан денелері бойынша уақыт мөлшерін анықтау немесе жан-жануардың мінез-құлқын бақылап, ауа-райын болжау ғана кірмей, төрт түлікке жұғымды шөптерді талғап жегізіп отыру міндеті де қосымша жүктелген. Қорытып айтқанда, ауа-райын бақылаушылар бір жылды алты ай жаз, алты ай қыс деп екіге бөліп қарайды, яғни, «үркерлі айдың бәрі қыс» деп сүмбіле туып, үркер көрінген уақытты түгел «қыс», ал үркер төмен түсіп, таразы туғанға дейінгі аралықты «жаз» деп есептеген. Қазақ халқы табиғат құбылыстарын бақылай отырып, көпжылдық тәжірибелерін қорытып, ауа-райын болжап астрономиялық түсініктері мен білімдерін жинаған [Әбілова З., Қалиева Қ., 1999].

Халқымыз табиғат тылсымын ерте заманнан-ақ түсініп, оны өзінің тұрмыс-тіршілігіне арқау етіп, қолдана білген. Солардың бірі – халықтың ауа райын болжау тәсілдері. Қысы-жазы далалық өмірде тіршілік еткен халқымыз өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең білгендігі сондай, айсыз түнде жұлдызға қарап жол тауып, құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілігіне зер салып, ауа райын күні бұрын болжап, ерте қам жасап отырған. Қазақтардың ауа-райына байланысты болжамдары ерте заманнан бері табиғатқа етене жақын өскен, табиғаттағы болып жататын құбылыстарға назар аударып, тіршілік тірегі болған дәстүрлі шаруашылығын соған сәйкестендіріп жүргізген. Қазақ халқы ауа-райын алдын-ала болжауға адамнан бастап, жан-жануар, аң-құс, балық әртүрлі жәндіктердің қылықтары, сол сияқты табиғаттағы ағаш, өсімдіктер, табиғи құбылыстар және т.б. арқылы бақылаған. Қазақ халқында ерте кезден ауа-райын алдын ала бақылап, мал-жанын түрлі апаттарға бермейтін астроном – есепшілер де өте көп болған. Осындай есепшілерді әр ауыл, әр тайпа адамдары жиі іздеп барып, одан сол жылғы табиғатта қандай өзгерістер болатынын және жауын-шашының, ыстық-суықтың қай деңгейде болатындығын сұрап біліп, соған сәйкес мал-жандардың жағдайларын ерте бастан жасап, түрлі апаттардан сақтанып отырған. Қазақ ауа райын болжаушылары ауа райын бақылап, күн есептеудің дәстүрлі әдістерін құпия ұстап, оны атадан балаға мұра етіп қалдырған. Сонымен де олар аспан денелері мен табиғат құбылыстарын бақылап, естелікке алып отыруымен бірге, өз кезегінде мал-жанға қолайлы жаңа өріс, ел-жұртқа жайлы құтты қоныс таңдауда да шешуші рөл атқарып келген.

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуі тиіс» деген М.Жұмабаевтың қанатты сөздері бар. Жастарды ұлттық қазынамыз-төл дәстүріміз негізінде білім беріп, тәрбиелесек, келешекте М.Дулатов атамыздың «Мұндай балалар мектеп бітіргеннен кейін қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды, қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлттың ұлы болып қалады» деген сөзінің іске асқанын көреміз. Бұл сонау XX ғасырдың басында зиялы азаматтардың ұлт болашағын ойлап, ана тілінің табиғи тазалығы туралы, оқытылатын пәндердің бәрі ұлттық болмысымызға үйлесуі қажеттігін көрегендікпен болжап, зерделі ой тастағанын көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан — 2030. — Алматы: Білім, 1997. — 66 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. — Алматы, 1992.
3. Жекулин В.С. Введение в географию. – Ленинград, 1989.
4. Неклюкова Н.П. Жалпы Жер тану. – Алматы, 1980.
5. Максоковский В.П. Географическая картина мира. – Москва, 2009.
6. qazaq-el.narod.ru.
7. Мұхамедиұлы А.: Бабалардың ауа-райын болжауы. Орталық Қазақстан газеті. 22.03.2020.
8. Жүністегі К. Арғы да бергі ұлы жұрт. Орталық Қазақстан, 2006. – 5-6 б.
9. Әбілова З., Қалиева Қ. Этнопедагогика оқулығы. – Алматы, 1999.

Қазым Бердібек
математика мамандығының 2 курс магистранты
Жаратылыстану факультеті
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қаласы

ГРАФТАР МЕН МАТРИЦАЛАР АРАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР БАЙЛАНЫСТЫ ЗЕРТТЕУ

Түйін. Бұл ғылыми мақалада граф пен матрица арасындағы байланыс Березина Л.Ю., кітабының 130 беттегі № 8.10 есебін тікелей шешу арқылы көрсетіледі.
Түйінді сөздер: Граф, граф төбелері, граф қабырғалары, бағытталған граф, графтың іргелес матрицасы, графтың қолжетімді матрицасы, графтың арақашықтық матрицасы, графтағы бинарлық қатынас, графтағы ағаш пен орман түсінігі, изоморфты графтар мен матрицалар, матрица, эквиволенті.
Резюме. В данной научной статье связь между графом к матрицей был показан с непосредственным решением задаче № 8.10 из книги на стр.130 Березиной Л.Ю.
Ключевые слова: Граф, верины графа, ребра графа, ориентирован- ный граф, матрица смежности графа, матрица достижимости графа, матрица расстояний графа, бинарное отношение на графах, понятия деревоилес в графах, изоморфные графы и матрицы, матрица, эквивалентность.
Summary. This scientific article demonstrates the relationship between a graph and a matrix by solving the problem No. 8.10 on the page 130 of the book
Keywords: Graph, the tops of the graph , the walls of the graph, directed graph, adjacent matrix of the graph, available matrix of the graph, distance matrix of the graph, binary relation in the graph, the concept of wood and forest in the graph, isomorphic graphs and matrices, matrix, equivalence.

Графтар теориясы (ағылш. graph theory) — түйіндері нүктелер жиыны, ал түйіндердің жалғасуы (қабырға деп аталатын) парлы екі нүкте болып келетін тор түрінде бейнеленеді. Егер түйіндердің жалғасу реті айтарлықтай маңызды болса — бағытталған граф, әйтпесе бағытталмаған граф болады. Графтар информатикада кеңінен қолданылады, айталық, алгоритмдер схемасы немесе программалар бағытталған графтарға жатады.

Бағдарланбаған граф (Неориентированный граф) — төбелерді қосатын доғаларының бағыты болмайтын граф.

Бағдарланған граф (Ориентированный граф; directed graph) - әр түрлі төбелер жұбын жалғастыратын қабырғалармен бірге түйіндердің (немесе төбелердің) құр ақырғы жиыны. Әдетте, граф көрнекті формада ұсынылады, сонымен бірге төбелері нүктелермен немесе кейде ұқсастыру мақсатымен ентаңбаланған басқа мүсіндермен, ал қабырғалары сәйкес нүктелерді жалғастыратын сызықтармен кескінделеді. Егер әрбір қабырғаға бағыт көрсетілсе, онда мұндай граф бағдарланған граф деп аталады. Бұл жағдайда қабырға әр түрлі төбелердің реттелген жұбының жиынын үйымдастырады және оларды көбінесе доға деп атайды. Бағдарланған граф көрнекті түрде ұсынылған кезде әрбір доға жебелікпен жабдықталады.

КІРІСПЕ

Қазіргі күнде Графтар мен матрицаларды дәлелдеудің көптеген әдістері бар, олар жайлы ондаған кітаптар және жүздеген ғылыми мақалалар жазылған. Бірақ сондай әдістердің көп болғанына және оларды жан-жақты оқытуға қарамастан олимпиада өткізу практикасынан сол олимпиадаға қатысушылардың жартысынан азы ғана Графтар мен матрицаларды дәлелдей алатыны белгілі болды. Осыған ұқсас жағдайлар әртүрлі халқаралық олимпиадаларда да кездеседі. Бұл ғылыми мақалада графтар мен матрицалар арасындағы кейбір байланысты зерттеу көмегімен дәлелденген, осы келтірілген нәтижелерді жаңа әдіс- графтар мен матрицалар арасындағы кейбір байланысты көп қолданса нұр үстіне нұр болар еді.

Көптеген қолданбалы есептерде әртүрлі обьектілер арасындағы байланыстар жүйелері зерттеледі.Обьектілер төбелер деп аталады және нүктелермен белгіленеді, ал төбелер арасындағы байланыстар доғалар деп аталады және сәйкес нүктелер арасындағы бағыттармен белгіленеді (1-сурет)



1-сурет

Осындай жүйелер графтарды құрады. 1-суретте G графы төбелер жиыны және доғалар

жиынымен кескінделген, яғни

Графтың төбелер саны мен қабырғалар саны өскен сайын оны салу қиындай түседі. Осындай жағдайда графтарды беру және олармен жұмыс істеу үшін арнайы түрдегі кестелер қолданылады, оларды матрицалар деп атайды. Графтың матрицалық эквиволенті электронды есептеу матрацаларында графтармен жұмыс істегенде қолданылады. Екінші жағынан графтар матрицаларға амалдар оның ішінде көбейту амалын табиғи енгізуге көмектеседі.

Графтың матрицасы

өлшемді матрица деп жолдармен бағаналардан тұратын элнментті кестені айтады. Мысалы, мына матрицада

$$M = \begin{pmatrix} b_{11} & b_{12} & b_{13} & b_{14} \\ b_{21} & b_{22} & b_{23} & b_{24} \\ b_{31} & b_{32} & b_{33} & b_{34} \end{pmatrix} \quad (1)$$

яғни осы матрицадағы элементтер үш жол мен төрт бағанада орналасады. (1) түрдегі матрицаны қысқаша былай жазуға болады: 2- суретте кескінделген жеті элементті графқа сәйкес келетін матрицаны құрастырамыз. Ол үшін әрбір төбесіне нөмірлі жол мен бағаналы сәйкес қоямыз,- мұнда



2-Сурет

Осындай матрица Г графының іргелестік матрицасы деп аталады және оны М(Г) арқылы белгілейді.

Енді 2-суретке сәйкес келетін іргелестік матрицасын анықтайық (3-сурет)

$$\mathrm{M}(\Gamma) = \begin{array}{c} \\ B_0 \\ B_1 \\ B_2 \\ B_3 \\ B_4 \\ B_5 \\ B_n \end{array} \begin{array}{c} \begin{array}{ccccccc} B_0 & B_1 & B_2 & B_3 & B_4 & B_5 & B_n \end{array} \\ \begin{bmatrix} 0 & 1 & 0 & 1 & 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 1 & 1 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 1 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 0 & 1 & 1 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \end{bmatrix} \end{array}$$

3-сурет

Кез-келген графты іргелестік матрицасымен беруге болады. Нольдер мен бірлерден тұратын кез-келген квадратты матрицаны кейбір графтың іргелестік матрицасы ретінде қарастыруға болады. Және соның көмегімен сәйкес графты салуға болады. Іргелестік матрица көмегімен граф туралы ақпаратты графтың суретінсіз сақтауға болады, оны «есептеу машинасының миына » беруге болады.

ЕСЕП ([4], №8.10 ;130 бет).А мен В матрицасының көбейтіндісін табыңдар, егер

$$A = \begin{pmatrix} 1 & 0 & 1 & 0 \\ 2 & 1 & 2 & 1 \end{pmatrix}, \quad B = \begin{pmatrix} 1 & 0 & 1 & 0 & 1 \\ 2 & 0 & 1 & 0 & 2 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 1 \\ 1 & 0 & 1 & 0 & 1 \end{pmatrix}'$$

болса. Осы есепті сәйкес графтардың суреттерімен, мысалы, үш мемлекет қалалары арасындағы байланыстар сызбасымен кескіндеңдер.

Шешуі: Қандай да 3 мемлекеттің кейбір қалалары 2 түрлі транспортпен байланыссын: Әуе арқылы және автобустар арқылы. I-ші мемлекеттің қалалары мен II-ші мемлекеттің қалалары арасындағы А матрицасымен, мұндағы элементтері транспорттық байланыс схемалы қалаларын байланыстыратын транспорттардың түрлерінің көрсетуі II-ші мемлекеттің қалаларымен III-ші мемлекеттің қалалары арасындағы жоғарыға ұқсас схема В матрицасынан берілген екі қаланың арасын транспорттардың қай түрлері байланыстыратыны бізге қажеті жоқ. I-ші мен III-ші мемлекеттер қалалары арасында тікелей байланыс жоқ. [Омаров Ж.А. 2013 ж. 12 б.]

$$A = \begin{array}{c} \\ x_1 \\ x_2 \end{array} \begin{array}{c} \begin{array}{cccc} y_1 & y_2 & y_3 & y_4 \end{array} \\ \begin{pmatrix} 1 & 0 & 1 & 0 \\ 2 & 1 & 2 & 1 \end{pmatrix} \end{array}$$

$$\mathrm{B} = \begin{array}{c} \\ y_1 \\ y_2 \\ y_3 \\ y_4 \end{array} \begin{array}{c} \begin{array}{ccccc} z_1 & z_2 & z_3 & z_4 & z_5 \end{array} \\ \begin{pmatrix} 1 & 0 & 1 & 0 & 1 \\ 2 & 0 & 1 & 0 & 2 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 1 & 0 & 1 & 0 & 1 \end{pmatrix} \end{array}$$

Сонда I-ші мемлекеттің әрбір қаласын III-ші мемлекеттің әрбір қаласымен (әрине, II-ші мемлекеттің қалалары арқылы өтетін) байланыстыратын әртүрлі маршруттар санын анықтау керек. Сонымен, берілген А мен В матрицалары бойынша матрицасының элементтерін анықтау қажет, яғни:

Екі матрицаны көбейту ережесіне сәйкес С матрицасының элементтері былай анықталады:

$$\begin{aligned} c_{11} &= a_{11}b_{11} + a_{12}b_{21} + a_{13}b_{31} + a_{14}b_{41}, \\ c_{12} &= a_{11}b_{12} + a_{12}b_{22} + a_{13}b_{32} + a_{14}b_{42}, \\ c_{13} &= a_{11}b_{13} + a_{12}b_{23} + a_{13}b_{33} + a_{14}b_{43}, \\ c_{14} &= a_{11}b_{14} + a_{12}b_{24} + a_{13}b_{34} + a_{14}b_{44}, \\ c_{15} &= a_{11}b_{15} + a_{12}b_{25} + a_{13}b_{35} + a_{14}b_{45}, \\ c_{21} &= a_{21}b_{11} + a_{22}b_{21} + a_{23}b_{31} + a_{24}b_{41}, \\ c_{22} &= a_{21}b_{12} + a_{22}b_{22} + a_{23}b_{32} + a_{24}b_{42}, \\ c_{23} &= a_{21}b_{13} + a_{22}b_{23} + a_{23}b_{33} + a_{24}b_{43}, \\ c_{24} &= a_{21}b_{14} + a_{22}b_{24} + a_{23}b_{34} + a_{24}b_{44}, \\ c_{25} &= a_{21}b_{15} + a_{22}b_{25} + a_{23}b_{35} + a_{24}b_{45}. \end{aligned}$$

Сонымен,

$$C=\begin{array}{c} \\ x_1 \\ x_2 \end{array}\begin{array}{c} \begin{array}{ccccc} Z_1 & Z_2 & Z_3 & Z_4 & Z_5 \end{array} \\ \begin{pmatrix} 1 & 0 & 1 & 0 & 2 \\ 5 & 0 & 4 & 0 & 7 \end{pmatrix} \end{array}$$

Осы С матрицасынан I мемлекеттің қалаларын III-ші мемлекеттің Қалаларымен қанша маршруттармен байланысқанын анық көруге болады. Ол үшін 4 – суретке назар аударайық.



4- сурет

4- суреттен

$X_1 \to Y_1 \to Z_1$,
$X_1 \to Y_1 \to Z_3$,
$X_1 \to Y_1 \to Z_5$,
$X_1 \to Y_3 \to Z_5$,
$X_2 \to Y_1 \to Z_1$,
$X_2 \to Y_1 \to Z_1$,
$X_2 \to Y_2 \to Z_1$,
$X_2 \to Y_2 \to Z_1$,
$X_2 \to Y_4 \to Z_1$,

$X_2 \to Y_1 \to Z_3$,
$X_2 \to Y_1 \to Z_3$,
$X_2 \to Y_2 \to Z_3$,
$X_2 \to Y_4 \to Z_3$, және

$X_2 \to Y_1 \to Z_5$,
$X_2 \to Y_1 \to Z_5$,
$X_2 \to Y_2 \to Z_5$,
$X_2 \to Y_2 \to Z_5$,
$X_2 \to Y_3 \to Z_5$,
$X_2 \to Y_3 \to Z_5$,
$X_2 \to Y_4 \to Z_5$,

Яғни С матрицасын Барлық элементтерінің мағналарын түсіреміз. Мысалы, қаласынан қаласына 7 түрлі маршрут қатынайтынын көреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Биркгоф Г. Теория решеток, Пер. с англ. —М.: Наука. Главная редакция физико-математической литературы, 1984. — 568 с.
2. Гретцер Г. Общая теория решеток, М, Мир, 1982. —454 с.
3. Горбунов Виктор А. Алгебраическая теория квазимногообразии (Сибирская Школа алгебры и логики) , Новосибирск, Науч.книга,1999. —366 с
4. Березина Л.Ю., Графы и их применение, пособие для учителей, Просвещение (Москва), 1979. —143 с.
5. Оре О. ,Графы и их применение , М, Мир,1996 —174 стр.
6. Омаров Жеңіс Абдикапарович, Торлар теориясына кіріспе, Оқу құралы, Талдықорған 2013ж.

ӘОЖ: 811.512.122.39

Рахимова Айна Маратқызы
аға оқытушысы, PhD
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы

Ақажанова Алмагүл Аманжолқызы
докторант
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАСҚА ҰЛТТАРДАҒЫ БАЛАЛАР ОЙЫНДАРЫ

Түйін. Әр халықтың ұлттық мәдениеті халықтың ежелден келе жатқан өзіне тән өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі есебінде жетілетіні белгілі. Әр ұлттың өзге халықтардан ерекшеленетін құндылықтары бар. Оларға тіл, ертегілер, мақал-мәтелдер, батырлар туралы лиро-эпостар, салт-дәстүрлер, менталитет, мәдениет, өнер, тағам, қолөнер, тұрмыстық заттар, ұлттық ойындар және т. б. жатады.

Бұл мақалада автор түрлі халықтардың балалар ойындарын салыстыра отырып, олардың көптеген ұқсастықтары мен ортақ желілері бар екенін атап өтті.

Түйінді сөздер: бәйге, оның ат жарыс, көкпар, дөнен, құлын жарыс, күрес, садақ тарту, жамбы ату, көкпар, аударыспақ, қыз қуу, шабандоз, қамшыгерлік, күрес.

Резюме. Известно, что национальная культура складывается из обычаев и традиций народа, из древнего самобытного искусства. У каждой нации есть свои ценности, которые отличают их от других народов. К ним относятся язык, сказки, пословицы и поговорки, лиро-эпические эпосы о батырах, обычаи и традиции, менталитет, культура, искусство, блюда, ремесела, предметы быта, национальные игры и др.

В данной статье автор, сравнивая детские игры разных народов, отмечает, что в них множество сходств и общих линий.

Ключевые слова: байга, скачки, жеребьевка, борьба, лук, жамбы ату, кокпар, аударыспак, кыз куу, гонки, камшыгер (хорошо владеющий кнутом), борьба.

Summary. It is known that the national culture consists of the customs and traditions of people, from the ancient original art. Each nation has its own values that distinguish them from other nations. These include language, fairy tales, proverbs and sayings, lyre-epic epics about batyrs, customs and traditions, mentality, culture, art, dishes, crafts, household items, national games, etc.

In this article, the author compared different nations' games for children and noticed that they have many similarities and common lines.

Keywords: baiga, horse racing, draw, wrestling, bow, zhamby atu, kokpar, audaryspak, Kyz kuu, racing, kamshyger (well-wielding whip), wrestling.

Қай халықтың болмасын ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ойындарындағы көзделген мүдделер жеке адамның әлеуметтік белсенділігіне ғана емес, ұлттық психологиясына да әсері бар екендігі белгілі. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрі, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық рухын қайраттауға мән берілуі, халықтың данышпандығының дәлелі.

Халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдеп-дағдыларын жас ұрпақтың бойына ойын арқылы дарытып, көңіліне қондыра білу өмір қажетінен туып отыр. Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтіретін тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Өмірге шыр етіп келген нәрестенің сәбилік шағынан бастап қажетті деп танылатын адамгершілік қасиеттерді меңгерту ойынға байланысты. Ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, оның таным - түсінігін де арттырады. Ойнай білген бала өз халқының мінез-құлқынан, ой-санасынан, тұрмыс-салтынан хабар алады.

Біздің эрамызға дейінгі IY ғасырда өмір сүрген грек философы Гиппократ ойынды мәңгілікке теңеген. Келесі грек ойшылы Платон «Ойын – әрі жоғары ақыл, рахаттану, қызық және теңдесі жоқ жоғары құбылыс» деген. Бұған қоса философтар Ф.Шиллер мен Г.Спенсер «Ойын – артық күштен арылу жолы» десе, К.Гросс пен К.Бюллер «Ойын – балаларды ересек өмірге дайындайды» деген. Ал, К.Д.Ушинский «Ойын арқылы бала жан– жақты дамып жетіледі» деген екен [Едрисова Р.Ж., 80 б].

Орыс халқының ұлы педагогі К.Д. Ушинский балаға берілетін білім ең алдымен ойын арқылы іске асатынын нақтылап, оған үлкен мән берді. Ойын үстінде балалардың ұжымдық мінез-құлқы қалыптасатынын дәлелдеді. К.Д.Ушинский ойынның әлеуметтік-педагогикалық негіздерін көре білді. Өзінің пікірін дәлелдей келе ғалым былай деді: «Ойынның бала қабілетін дамытуға үлкен әсері бар, олай болса ойын баланың келешек тағдырына өз ықпалын тигізеді» [Ушинский К.Д., 1964. 27 б].

К.Д. Ушинский халықтық тәрбиенің мақсаты мен мазмұнына және тәрбие мен оқыту әдістеріне тоқтала келе ойын былай сабақтайды: «Халықтың бала тәрбиесі сол халықтың сан ғасырлық тарихымен тығыз байланысты, тәрбиенің негізін халықтың жақсы-жаман дәстүрінен іздестіру керек» деп атап өтеді [Ушинский К.Д., 1983. 18 б].

Өркениеттің өркендеуі адамның даму эволюциясында үлкен өзгерістерді алып келді. «Халық ұлт болып қалыптасу жолында өзіндік бейнесі мен әдет-ғұрпы, мәдениеті мен діні тұрғысынан ерекше даралығымен оқшауланады» деп тұжырымдаған В.В. Гориневский ұлттық ойындарға қатысты ойын былай деп сабақтайды: «Әр халық өзінің ұлттық ойынын дүниеге әкеледі. Барлық халықтың өзіндік тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін ерекше өз ойыны бар» [Гориневский В.В., 1924. 3 б].

Салыстыра қарастырсақ, әлем халықтары балаларының ойындарынан толып жатқан ұқсастықтар мен ортақ желілер табуға болады. Мұның себебі «жалпы адамзат перзентіне тән табиғи ортақ қасиеттер болғандығы» деп пайымдайды ғалымдар. Сондай-ақ, әрбір халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігін ғана танытатын сипаттар да балалар ойындарында өте мол. Бұл балалар ойындарының бастау-бұлағының қайнар көзі - сол халық өмірінде жатқандығының белгісі. Халық тұрмысының ішкі иірімдері мен дәл осылай көктей байланысып жатқан қазақ балалар ойындарына ғалымдар бағзы заманнан назар аударған. Түркі тектес халықтарға ортақ ең көне үлгісін біз М.Қашқари еңбегінен кездестіреміз [Махмуд Қашқари, 1072-1074 1т.92; 3-т.375.].

Қазақтардың көптеген ұлттық ойын түрлері атқа байланысты туған. Бұлар адамдарды ат үстінде шебер өнер көрсетуге, епті, шыдамды, төзімді болуға баулиды. Бұл қасиеттер жаугершілік заманда маңызды міндет атқарған. Ал атты күту, баптау жүздеген жылдық тәжірибесі бар өзіндік бір ғылым. Ат спортымен айналысушы адам ең алдымен атқа салт мініп жақсы жүруді меңгеруі тиіс. Қазақтың ат спортының атаулары бірнеше түрге бөлінеңін білеміз. Мысалы: бәйге, оның ат жарыс, дөнен, құлын жарыс, күрес, садақ тарту, жамбы ату, көкпар, аударыспақ, қыз қуу, сақа т.б. ойын түрлері аз өзгертілген ережемен барлық халықтарда кездеседі. Мысалы: түркмен халқының «Ат чапышыгы» қазақтың «Ат шабыс» ойынын қайталайды, яғни екі халықтың да ұлы тойларында немесе үлкен ас бергендегі бірнеше ай, жылдар бойы дайындаған жылқылар арасындағы шабыс жарысындағы ұқсастық көрінісін көреміз. Бұл ойындардың бәрі де атпен ойналатын ойын болғандықтан оларға күн ілгері зор әзірлік, дұрыс дайындық керек болды. Сол дайындықтың басы-қасында жас баладан бастап, бозбалалар мен жігіт ағалары, атбегілер мен ауыл ақсақалдары болып түгел қатысатын болған [Джикиев А., 1983. -117 б]. Бәйге - Орта Азия Республикаларын мекендеген көптеген туысқан халықтарға ортақ спорт түрінің атауы. Ол өзбектерде «пайға», қырғыздарда «чабыс» деп аталынады.

Шабандоз – бәйге атына мініп шабатын, машықты адам атауы [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1974-1986, 10т., 76 б]

Додаға түскен шабандозша Ғани да осы тартысқа қойып кетті (Ж.Арыстанов). Атқа көп шауып үйренген тақасты шабандоз баладай (Ә. Нұршайықов). Шабандоз парсы сөзі – чауандоз, мағынасы ат жүргізудің шебері, ат ойнаушы, көкпарға шабудың шебері [Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. 2005. – 103 б.].

Көкпар – бауыздап, ішек-қарнын алған малды (көбіне ешкі, лақ, серкешік) ат үстінде тартысып күш сынасатын ұлттық ойын, сайыс түрінің атауы [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1974-1986. 5т., 127]. Дәл осы топтың енді ат үстінде көкпар тартысып, теңге алысып, жеңіл сауық бастаған кезінде қалың жиын ортасына Сейіт келген (М.Әуезов). Көкпар спорт ойындарының ішіндегі ең көп тараған және танымал түрі. Ол өзінің бастауын ежелгі дәуірлерден алады. Ертеде қасқырлар малшыларға көптеген қиындықтар туғызған. Сондықтан асау да төзімді аттарға мінген ержүрек жігіттер қасқырлардың ізіне түсіп, қашан оларды өлтіргенше қуғындап отырған, қуып жетіп ұстаған соң, қасқырды өзімен бірге ала қашып, әбден жұлмалайтын болған. Осындай қуғындау келе-келе ойынға айналып кетеді. Кейінірек «Көк бөрінің» орнына ешкі алынатын болған. Қазақтар әрқашанда ержүректік, батылдық, ептілік, шапшаңдық және төзімділік, ат құлағында ойнай білу қасиеттерін дамытуға бағытталған ойындарды қоштап отырған.

Көкпар сөзінің шығу тегін зерттеушілер көк және бөрі сөздерінен шыққан көкбөрі сөзімен байланыстырады. Көне түркі тілінде М.Қашқарида, «Құтадғу білігте» - көк «көк, аспан», бөрі «қасқыр» мағынасын береді [Древнетюркский словарь. 1969. 118, 312. б]. Қырғыз тілінде көкбору /көкпөру «серке тарту, көкпар тарту» [Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. 1965. 418 б], шағатай тілінде көк бүрі «үйлену тойындағы ойын»мағынасында қолданылған. Түркмендерде бұл ұлттық ойын «Овлак чапды», «бузкаши» деп аталады екен. деп аталады. Ауғанстан-

да кең тараған «бузавиш» ойыны көкпарға өте ұқсас. Сондай-ақ, Аргентина халқының да Көкпарға ұқсас ат спорты ойыны болған [дереккөзі, электронный ресурс].

Қамшыгерлік – этнограф-тарихшы Ж.Бабалықов мынандай анықтама береді: қамшымен қорғана білетін және жауын жайратып салатын машық (мамандық) атауы [12 Бабалықов Ж. Ұлан, 2002, № 2.].

«Қамшыгерлік» сөзінің түбірі қамшы сөзі. Қамшы қазақ халқының көшпелі малшаруашылық, тіршілік жағдайына байланысты жас баладан бастап, еңкейген кәріге дейін ат-көлік мінетін ер-әйелдің бәрі ұстаған құрал-жабдығы әрі елеусіз қаруы. Ж.Бабалықовтың айтуынша, қамшыны қару ретінде пайдалану көрінгеннің қолынан келе бермейді. Қамшылы адам – сырттай қарағанда қарулы адам. Халық салтында қарапайым адамды қамшымен ұруға тиым салынған. Қамшы көбінесе ат үсті шайқастың қаруы. Қамшымен бір-ақ рет ұратын, бір ұрғанның өзінде дәл тигізетін, қамшы ұрысына шебер адамды қамшыгер деп атаған.

Қамшыгерлікке жастайынан құмартқан адам қамшыгер мамандардан қамшыны қалай ұстай білуді, ұра білуді, қарсыласын қай жерден ұрғанда есінен тандырып аттан түсіруді қапысыз білуі шарт. Жабдық немесе қару ретінде қамшыны қолдану түрлері: қамшы үйіру, қамшылай білу, қамшымен жасқау, сипай қамшылау, батыра қамшылау, орай тарту, серпе тарту, салып жіберу, тартып жіберу, тіле тарту, көсілте салу, шекесін шеруден аттандыру сияқты тіркестер қамшының қалай ұрылатынын білдіреді. Тілу, осу, сызу, көгерту, жаралау, сындыру, тесу, өлтіру – бәрі қамшымен ұрудың зардабы болып табылады.

Ж.Бабалықов Қазақстанда қамшыгерлік спорты ұмыт қалғанын, бірақ Моңғолиядағы және Қытайдағы қазақтарда әлі бар екенін айтып, бірқатар атақты қамшыгерлерді атайды. Ол қамшыгерлік машығын Қытайдың, Жапонияның «У-шу», «Каратэ» сияқты спорт түрлерімен салыстырып, оны қайта жаңғыртып, қалпына келтіруді ұсынады [Бабалықов Ж. Ұлан, 2002, № 2].

Жер шарын мекендеген барлық халықтар арасында кең тараған, екі адамның жекпе-жек бәсекесінде күш, әдіс-айла, қажыр-қайрат сынасатын дене тәрбиесінің түрі. Бұдан әлденеше ондаған мың жыл бұрын адамзаттың арғы атабабалары өздерінің жауларын жеңу үшін белгілі бір күрес тәсілдерін пайдалана білген. Ежелгі мысырлықтар, римдіктер, сақтар, ғундар, тағы басқа көптеген халықтарда күрес өнері кең тараған, ал гректер оны олимпиадалық ойындардың (б. э.д. 778 жылы) бағдарламасына енгізген. Көптеген археологиялық ескерткіштерде, тастағы таңбаларда күрес әдістері бейнеленген. Орта ғасырда күрес өнерінің әр түрі кең қанат жайған. Кей кезде балуандардың белдесуі халықаралық үлкен мәселелерді шешуде де маңызды рөл атқарған. Күрес өнері қазақ халқының арасында да кең тараған. Ойын тойларда, келін түсіру, Наурыз мейрамы, айт күндерінде, ас беру кезінде ұйымдастырылып отырған. 1802 жылы Сырым Датовтың асында күрес, бәйге, ақындар айтысы ұйымдастырылып, жеңімпаздарын анықтаған [Тәнекеев М.Т., Адамбеков Қ.І. 1994. 38,39,40 б].

Күрес өнерін осылай құрметтеген халықтың арасынан, Балуан Шолақ, Қажымұқан сияқты күш иелері шыққан. Еліміздің басқа да халықтары арасында ұлттық күрес кеңінен дамыған, грузиндерде ол «Чидаобо», азербайжандарда «Гореш», қырғыздар мен тубаларда «куреш», қазақтарда «күрес», өзбектерде «кураш», якуттарда «капсағай», түркмендерде «гөреш» деп аталған [Төтенаев Б. 1994. 37 б.]. Түркмен халқының ұлттық ойыны «Ак сунк», қазақтың жастары кезінде қызығып ойнайтын «Ақ сүйек» ойыны болып табылады. Ал қазақ баласының далада көп ойнап таратқан «Жасырынбақ» ойынын түркмен халқында «Бұқылдым» деп аталатын халық ойыны екені айтылады [Джикиев А. 1983. 117 б.].

Мәселен, «орамал тастамақ» ойынын қырғыз балалары «жоолух таштамай» деп атайды. «Жамбы ату» да – екі халыққа ортақ ойын түрі. Қырғыз халқында қазақтар тәрізді төрт түлік малға қатысты ойын түрлері көп-ақ. «Тоқты сұрамақ», «қойыма қасқыр шапты», «түйе мен бота» деген ойындар – соның көрінісі. Елімізде сан жағынан алдыңғы орындағы ұлттың бірі – татарлар. Татар балалары «сары бөрі», «орын тап», «түлкі мен тауықтар», «тап та, қуып жет» деген ойындар ойнайды. Түріктің балалары «бес тас», «тоғыз тас», «асық», «жеті керемет» сынды ойындар ойнап өседі. Байқасаңыздар, түріктердің де көп ойыны қазақтармен ұқсас келеді [дереккөзі, электронный ресурс].

Дүнген Халқының тағы бір танымал ойындары ұсақ тастармен ойналатын ойын - щуазыр («тастарды қағып алу»). Бұл біздегі бестас ойынына ұқсайды.

Щуазыр ойыны дүнген қыздарының сүйікті ойыны болса, ти щянзы (лянга) – бозбалалардың сүйікті ойынына айналған. Көне көз қариялардың айтуы бойынша, бұл ойынды үлкен жарыстар өткізіп, ересектер де ойнаған. Бұл ойында бірнеше тәсіл қолданылады. Бұл ойын да біздің ұлттық ойындарымыздың қатарынан табылады.

Өзбек халқының «кобкарэ», «кукбури», «улок» ойынының екі түрі де қазақтың көкпар ойынымен ұқсас. Ат үстіндегі ойыншылар ортаға тасталған қозыға таласып кім бірінші қозыны көтеріп алып, алдына өңгеріп алып келеді, сол жеңімпаз аталады, «кобкарэ» ойынының екінші түрінде ойын күрделене түскен, ойыншылар ортасындағы қозы нақты мәре сызығынан өткен соң жеңімпаз анықталып, ойын аяқталады [Өзбекстан мемлекеттік мұражай қоры. 5287. 95 б].

М. Майсурадзенің авторлығымен шыққан грузин халқының ұлттық ойындары туралы ең-

бегіндегі «радрабани» атты халық ойыны 4-адамның ат үстінде бір-бірімен жарыса қолдарындағы таяқпен допты жоғарыға лақтырып, ұрып ойнап, ойын соңында кім допқа ие болады сол жеңімпаз аталады. Грузин халқының бұл ойынында жылқылар бірде шауып, бірде желіп, бірде тоқтап, ойын сәтінде адам жылқы доп бір қозғалушы элементке айналады [М. Майсурадзе 1980.15 б.].

Бұл ойын ертеректе қазақтың ат үстінде ойнаған «Шөген» ойынымен ұқсас. Көпшілік болып ат үстінде жарысып ойнайтын грузин халқының келесі: «гадри», «лело» ойындары қазақтың кәдімгі ат шабысын қайталайды.

Профессор Г. Вагнер мен К. Фрейердің авторлығымен шыққан «Детские игры и развлечения» атты еңбекте орыс халқының ұлттық ойындар жинағы енгізілген. Бұл ойындар құрамындағы «жмурки» және «трубочка» ойындары қазақтың «соқыртеке» ойынын қайталайды [Вагнер Г., Фрейер К. 1921. - 27 б].

Зерттеуші И. Самбудың «Тувинские народные игры» атты ізденісіндегі «кажык», ойыны қазақтың «ақсүйек» ойынына келсе, «дөрт берге» немесе «астрагалы» ойыны қазақтың «асық ату» ойынына сәйкес келеді [Иргит Самбу. 1978. 121 б.].

С.Г. Гагиевтің авторлығымен шыққан «Осетинские национальные игры» еңбегінде осетин халқының балаларға арналған ұлттық ойындары жеке бөлім болып берілген. Ізденуші осетин халқының дәстүрлі ойындарын зерттей келе өз пікірін былай деп түйіндейді: «Қай ұлттың баласы болмасын ол ойынмен өседі, ал ұлттық қалыптасудың ертеңі ұрпақ жалғастығымен дамыса, бала өмірінің белсенді белесі ойынды халық ойындарымен ұштастыра отырып өсірсек, ол ұлттық сезімнің оянуын тездетеді. Қандай ұлты алсаңыз да өзіндік дәстүрлі халық ойыны, әдет-ғұрпы мәдени ерекшелігімен бірге негізінен алғанда біртұтастықтан, яғни тактикалық жоспарымен, сюжеттік бірлестігімен және қимыл-қозғалыс: жүгіру, лақтыру, еңбектеу, созылу, қарсыласу, секіру, күресу, жағаласу тағы да басқа әрекеттерден тұрады» деп ойын рөлін жоғары бағалайды [Гагиев С.Г. 1980.61 б].

Абхаз халық ойындарының ішіндегі қазақтың ұлттық ойынымен сәйкес келетіндері: «Джип» - /жасырынбақ/, «аркьыл» - /ақсүйек/, негізінен алып қарағанда абхаз халық ойындарының көпшілігінде таяқпен ойнайтын ойындар екендігін байқауға болады [Вахания О. 1959. 58,72 б].

Могомед Дибировтың авторлығымен шыққан «Народные игры и спорт в Дагестане» атты кітабында балаларға арналған бірнеше ойын түрлері, ойнау ережесі берілген. Дағыстандық ойындар ішінде «льабго бакиаре» ойыны, осетиндердің «балтаей хьаст», армяндардың «рез» ойыны, түркмендердің «дюзюм» ойынымен, қазақтардың «тоғызқұмалақ» ойынының ережесімен сәйкес [Дибиров М. 1968. 121 б].

Қырғыз ғалымы Х.Ф.Анаркулов ұлттық ойындар туралы көптеген ғылыми зерттеулер жүргізген, ол әр елдегі ұлттық ойындардың пайда болуына әсер етуші факторларды дәлелдеп ойын түрлерінің өзара байланысын ашады [Анаркулов Х.Ф. 2003.- С. 5.].

Д.О. Омирзаков пен М.К. Саралаевтың «Киргизские национальные виды спорта и народные игры» атты зерттеулеріндегі көптеген ойындар, мысалы: «улак тартыш» - қазақтың көкпар ойынына, «оодарыш» -қазақтың аударыспағына, қыз куумай ойыны біздің «қыз қуу» ойынымен сәйкес, «жамбы атмай» ойыны қазақтың «жамбы ату» ойынымен, «тогуз коргол» -ойыны қазақтың «тоғыз құмалақ» ойынына ұқсас [Д.О. Омирзаков., М.К. Саралаев 1981. 17,18 б].

Келесі зерттеуші В. Мальлен жазған «Народные игры Карелии» еңбегінде карел халқының балаларға арналған ұлттық ойындары ойналу тәртібімен, ережелерімен жинақталған. Олардың ішінде «кукот» (тауықтар) ойыны қазақтың қындық-сандық ойынына ұқсаса, келесі «куурувишру» ойыны қазақ балаларының «жасырынбақ» ойынын қайталайды [Мальлен В. 1987. -31,436].

Жоғарыда қарастырылған әдебиеттерге шолуды қорытындылай келе төмендегідей тұжырымдар жасауға болады: қандайда халық болмасын ұзақ ғасырларға созылған өмірдің өзгеруі, жаңаруы барысында халық ойындарының алуан түрлер мен формалары дүниеге келіп өзгеріске түсіп отырады; барлық ойындардың мақсаты жас ұрпағына ойын арқылы жақсы тәрбие беру болып табылады.

Бала болашақ иесі болғандықтан, дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын, деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғышарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К. Чуковский бала денесінің дамуы мен ой–дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуекелді екендігін атап көрсеткен.

Баланың ой өрісін, танымын дамыту барысында ұлттық ойындардың маңызының зор екендігін ұмытпауымыз қажет. Себебі, ұлттық ойындар баланы өз елін сүюге, құрметтеуге, өз және өзге ұлтты сыйлауға, патриоттық сезімді нығайтуға, салт-дәстүрлерін сақтай білуге, ұлттық идеологияны құрметтеп, өз ұлттық діліне, тіліне беріктігі мен ұлттық салт-дәстүрді сақтауға және физикалық, биологиялық тұрғыда мықты болуға үлкен септігін тигізеді. Ұлттық ойынның басқа ойындардан ерекшелігі таза ауада, яғни далада ойналатындығы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Едрисова Р.Ж. Ойын технологиясын бастауыш сыныпта пайдаланудың тиімділігі. «ШОҚАН ОҚУЛАРЫ – 18» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция МАТЕРИАЛДАРЫ 25-26 сәуір
2. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. Т.1. -М., Педагогика., 1964. б.549.
3. Ушинский К.Д. Дидактика. -Т.2. -М., Педагогика 1983. -28 б.
4. Р.Ж.Мухметова. Этнопедагогика. Оқу-әдістемелік кешен. Семей, 2013ж.
5. Гориневский В.В. Игры и развлечения. -М., -Л., 1924. -б.3. (Мендот, Элла Эрес-ооловна Использование народных тувинских игр в физическом воспитании детей 5-6 лет в сельских дошкольных образовательных учреждениях Научная библиотека диссертаций и авторефератов) Улан-Удэ 2010
6. МҚ – Махмуд Қашқари. Дивани лұғат-ит-турк. I-III тт., 1072-1074.
7. Джикиев А. Традиционные туркменские праздники, развлечения и игры /На материалах Южного и Восточного Туркменистана/. -Ашхабад: Ылым., 1983. -117б.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 тт. Алматы: Ғылым, 1974-1986.
9. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Жауапты редакторы Ш.Ш.Сарыбаев. Алматы: Арыс, 2005. – 819 б.
10. Древнетюркский словарь. Ленинград: Наука. Ленингр.отд., 1969. – 676б.
11. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. Москва: Изд.иностр и нац.словарей, 1965.
12. Дереккөзі: https://www.zharar.com/kz/national/21087-kokpar.html© www.ZHARAR.com
13. Бабалықов Ж. Қамшыгерлік – көне спорт түрі // Ұлан, 2002, № 2.
14. Тәнекеев М.Т., Адамбеков Қ.І. Қазақтың ұлттық спорт ойындары. Алматы: Қазақстан, 1994. – 34 б.
15. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қайнар, 1994. -144 б.
16. Джикиев А. Традиционные туркменские праздники, развлечения и игры /На материалах Южного и Восточного Туркменистана/. -Ашхабад: Ылым., 1983. -117б.
17. Дереккөзі: https://kopilkaurokov.ru
18. Өзбекстан мемлекеттік мұражай қоры. Р.86. Опись 1. Іс 5287. Б.136.
19. М. Майсурадзе Грузинские национальные игры в мяч. - Тбилиси., Сабчата- Сакартвело., 1980. -Б.39. -б.15.
20. Вагнер Г., Фрейер К. Детские игры и развлечения. –Книгоиздат. -М,В. Попова. -Петроград., 1921. -Б.226. -б.27.
21. Иргит Самбу. Тувинские народные игры. - Тувинское книжное издательство-Кызыл., 1978. -Б.140. -б.121.
22. Гагиев С.Г. Осетинские национальные игры. - Орджоникидзе., 1980. -Б.127.-б. 61.
23. Вахания О. Абхазские народные игры. -Сухуми., Абхазский государственный издательство., 1959. -Б.117. -б.58,72.
24. Дибиров М. Народные игры и спорт в Дагестане. -Махачкала., Дагучпедгиз., 1968. Б.158.- б.121.
25. Анаркулов Х.Ф. Кыргызские народные подвижные игры, физические упражнения и современность.- Бишкек: КГИФ, 2003.- С. 3-8.
26. Д.О. Омирзаков., М.К. Саралаев «Киргизские национальные виды спорта и народные игры» -Фрунзе., Кырғызстан., 1981. Б.32. -б.17,18,14,20,21.
27. Мальлен В. Народные игры Карелии. -Карелия., 1987. -Б.135. -б.31,43.

ӘОЖ: 371.3:001.895

Саипов Амангелді
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Кәсіптік оқыту кафедрасының профессоры,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Байбатшаева Айдайқыз Еркінбекқызы
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Узахова Айнакул Сламқызы
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының аға оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

STEAM ОҚЫТУ ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ

Түйін. Мақалада Steam оқыту тәсілі арқылы оқушының функционалды сауаттылығын дамытудың негізгі шарттары қарастырылады. STEAM білім беру, адамзат қоғамының заманауи индустриалды-цифрлы дәуірі міндеттеріне жауап береді. Қазіргі таңда ең қажетті сұранысы оқушыларға жан-жақтама білім мен дағдыны игертуі осы steam оқыту жүйесінің негізінде қарастырылады.

Түйінді сөздер: steam, технология, инженерия, сын тұрғысынан ойлау, функционалды сауаттылық.

Резюме. В статье рассматриваются основные условия развития функциональной грамотности студентов через обучение в Steam. STEAM отвечает вызовам современной цифровой эпохи в образовании человеческого общества. В настоящее время эта система обучения считается наиболее востребованным процессом обучения студентов.

Ключевые слова: steam, технология, инженерия, критическое мышление, функциональная грамотность.

Summary. The article discusses the basic conditions for the development of functional literacy of students through training on Steam. STEAM meets the challenges of the modern digital age in the education of human society. Currently, this learning system is considered the most popular process of student learning.

Key words: steam, technology, engineering, critical thinking, functional literacy.

КІРІСПЕ

Білім берудегі басқа заманауи инновациялық үдерістер сияқты, STEAM білім беру, адамзат қоғамының заманауи индустриалды-цифрлы дәуірі міндеттеріне жауап беру, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік негізді және іс жүзінде дәлелденген платформаны қабылдайды.

Бүгінгі таңда төртінші өнеркәсіптік революция қарсаңында: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да күннен-күнге өзгеріп жатыр.

STEAM білім беру, бұл - білім беру саласында «Жаратылыстану», «Математика және информатика» робототехника бойынша элективті пәндер өзгермелілігін субъектілерінің терең зерттеуді білдіреді, графикалық дизайн және басқа да оқушылардың 21-ші ғасырда табысқа және бәсекеге қабілеттіліктің қажет негізгі дағдыларын дамытуға бағытталған.

Робототехника құрастыруға, бағдарламалау, үлгілеу, 3D-жобалау және тағы басқа – бұның бәрі енді дүниежүзінің қазіргі оқушыларын қызықтырады. Бұл қызығушылықтарды жүзеге асыру үшін анағұрлым күрделі дағдылар мен құзыреттер қажет. Дағдыларды меңгеруде білу мен жасау ғана емес, сонымен қатар зерттеу және ойлап шығару

маңызы зор. Жаһандану қарсаңында ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп, оқыту тәсілі ретінде қарастырылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

STEAM – XXI ғасырға қажетті дағдыларды дамытудың жаңа жолы деп айтсақ артық болмас. Қазіргі таңда ең қажетті әрі сұранысқа ие болып отырған пәндердің бір арнада тоғыса отырып, оқушыларға жан-жақтама білім мен дағдыны игертуі де осы STEAM оқыту жүйесінің негізінде қарастырылуда. Цифрлық технологиялардың дамуы мен адам қызметінің барлығының цифрландырылуының қарқынды дамуының негізінде STEAM оқыту жүйесі өте маңызды және мән беруге тұрарлық жайт. Соның ішінде нақтырақ алсақ, жаратылыстану бағытындағы пәндермен математика пәнінің негізінде - мектепке дейінгі білім мен кәсіптік білімді қоса алғанда оқушыға қажетті дағдыларды қамтамасыз етуге болады. STEAM – ол science, technology, engineering, mathematics, art сөздерінен тұрады (ғылым, технология, инженерия, өнер, математика). Осы пәндер бір-бірімен байланысты және жылдам темппен қатар дамиды.

STEAM – әлемдік білім беру трендтердің бірі, ол оқытудың аралас орта деп түсініледі және балаға күнделікті өмірде ғылым мен өнерді бірдей қалай қолдану керектігін көрсетеді.

STEAM – оқытудың жан-жақтама біріккен тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEAM - сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату болды. Сол себепті осы тақырып аясыда көркем еңбек пәнінің негізгі ғылымдар арасында алатын ролін анықтау үшін және оқушыны өмірге ыңғайлы етіп бағыттау үшін, іс-әрекеттегі зерттеумен айналысып, зерттеу нәтижесін талдап, нәтижесін бөлісу өз міндетім деп білемін. Зерттеуге түрткі болған негізгі жайттың бірі – маман тапшылығы сезілген жағдайда таптырмас маман болу және жан-жақтама дамулары үшін қажетті дағдыларды игеру. Заманауи балалардың көпшілігі бүгінгі күні әлі жоқ мамандықтарды игеріп өседі. Болашақ мамандарға технология, ғылым мен инженерияның түрлі саласынан жан-жақты дайындық пен білімдер қажет. Жалпы зерттеу жобасымен айналысу сабақ үдерісін жақсартумен қатар ұстаздардың кәсіби дамуы үшін өте бағалы дүние. Сондықтан да осы зерттеуіміз оқушыға жан-жақтама берілетін білім мен дағдыға бағытталды.

STEAM тәсілі арқасында балалар болып жатқан құбылыстардың логикасын, олардың өзара байланысын түсіне алады, әлемді жүйелі түрде зерттеп, сонымен бірге өздерінің зеректігін дамытады, инженерлік ойлау стилі, қиын жағдайлардан шыға білу, командада жұмыс істеу дағдысы қалыптасады және менеджменттің негіздерін меңгереді, өз кезегінде олар баланың дамуын жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

Негізгі мақсаттың бірі - оқушылардың пәнаралақ байланыс жайлы түсініктерін кеңейтіп, алған білімдерін бір жүйеге келтіріп, кешенді қорыта зерттеушілік дағдыларын дамыту.

Зерттеудің міндеттері:

- Іс-әрекеттегі зерттеу үрдісінде оқушылар үшін пәндер арқылы кіріктіріле ұйымдастырған, сын тұрғысынан ойлауын дамытуға мүмкіндік беретін тапсырманы ұйымдастыру;
- Тапсырмаларды орындау барысында - оқушылардың білімдері мен дағдыларын кеңіте отырып, белгілі – бір тапсырма орындау кезінде зерттеушілік дағдыларын дамыту;
- Зерттеу үдерісі барысында деректерді жинақтап және өз тәжірибелерін жақсарту мақсатында нәтижелерді өңдеп, қолдану.

Күтілетін нәтиже: Жан-жақтама пәндер арқылы берілген білімді игере отырып, зерттеп талдай алатын, сыни тұрғыдан ойлай алатын, алған білімдерін өмірде қолдана алатын, шығармашыл тұлға қалыптастыру

Бастапқы ой-түрткі сұрақтары:

- Белгілі-бір жобаны жасауда қай пәндерден алған біліміңіз бен дағдыңыз қажет болады деп ойлайсыз?
- Белгілі-бір жобаны жасау үшін сізге қанша уақыт қажет болады?
- Жоба жасауда қай пән арқылы берілген әдіс тиімдірек деп ойлайсыз?
- Сіз шығармашылық жұмыс барысында қандай жаңалық ашар едіңіз?
- Пәнаралық байланыс негізінде өз зерттеуіңізде сіз өздігіңізбен қандай техникалармен жұмыс жасайсыз?
- Өз жобаңызды жасауда қандай жақсарту жұмысын жасар едіңіз?

Зерттеу әдістері:

- Оқушылармен жеке, жұпта және топта жұмыс істеу;
- Белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану;
- Сабақта балалардың фунционалды сауаттылығын дамыту үшін әдістерді пайдалану; физика, биология және математика пәндерімен кіріктіре ұйымдастыру т.б.
- Балалардың қажеттіліктері мен жас ерекшеліктеріне қарай тапсырма әзірлеу.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау жұмыстары. Сауалнамалар нәтижесінде зерттеудің өзектілігі анықталды. Оқушылардың өзге пәндерден алған немесе алдыңғы білімдерін қолдануда қиындықтар туындады. Мысалы: қай пәндерден оқығандығын, білімдердің таныс екендігін айтуға, еске түсіруге қиналды. Осы мә-

селе қаншалықты дәрежеде екендігін білу мақсатында эксперимент үшін арнайы сұрақтармен жаттығуға арнайы тапсырмалар берілді. Сынып ішіндегі жауаптар легі үш түрлі деңгейде анықталды. Сауалнама нәтижесі төмендегі кестедегідей болды. Осы орайда іс-әрекеттегі зерттеуге байланысты төмендегі 3 негізгі сауал аясында жұмыс жасалынды:

1. Қандай сурет ұнамды болып келеді? Не себептен?

2. Қандай сурет жағымсыз түрге енді? Неліктен?

3. Нені өзгерту қажет деп ойлайсыз? Не үшін?

Зерттеу жұмысы дұрыс жүргізіліп, өз нәтижесін берсе - әрине ол ұстаздың кәсіби алға жылжуымен қатар, сабақтың да табысты болатынының кепілі. Сабақ барысында оқушылардың жұмыс жасау дағдыларын дамытумен қатар сол арқылы қарапайым ережелерді де ұстанып, жұмыс жасап отырған оқушылар да байқалды. Ең бірінші көзделетін мақсат - оқушыға пәндер арқылы жан-жақтама білім мен дағдыны үйретіп, функционалды сауаттылығын дамыту. Содан соң ғана барып, сабақтың табыстылығы мен сапасын арттыруға күш салынды. Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім сапасын жақсарту үшін маңызды болып табылатын ең басты педагогикалық модульдерінің бірі. Аталған модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауын дамытуды саналы және сапалы оймен қабылдауын көздейді. [Жанпейісова Марал Мәденқызы, 2006,180 б].

Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктеріне сәйкес 8 - сынып биология сабағымен кіріктіріле өтіледі. «Жәндіктердің құрылысы. Образды шешім». Жәндіктердің бөлшектерін анықтап, үш тілде атауын жазып, түстерін анықтап биология пәнінде алған білімдерін өнер сабағында қолдана алды. Оқытуда маңызды шарттың бірі - балаларды жұппен немесе топпен жұмыс істеуге бейімдеу болып табылады. Осы форматта оларға ара қатынасқа түсу, ой бөлісу жеңіл әрі қызықты болады.

STEAM тәсілі арқылы мектепке дейінгі балалар болып жатқан құбылыстар логикасын, олардың өзара байланысын, психологиялық таным процестерін, қоршаған әлемді жүйелі зерттеу, сонымен бірге өздерінде зеректікті, инженерлік ойлау стилін, қиын жағдайлардан шығу жолдарын қалыптастырады. Сонымен қатар балалар менеджмент пен өзін-өзі таныстыру негіздерін меңгереді, бала дамуының жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

STEAM құзіретін балаларда жастайынан қалыптастыруға болады, ол үшін ата-аналары үй жағдайында арнайы ойындарды пайдаланып ұйымдастыра алады. Тұзды қамырдан жасалған бұйым – бұл ойыншық, бала алғашқы рет үш өлшеммен танысады: биіктік, ені мен ұзындығы. Ермексаздан жабыстыру модельдеу өнерімен бірігіп көрсету. Картоннан құрастыру балаға түрлі сенсорлық эталондарды ажырату, қиялы мен ойлауын дамытады. Сонымен бірге құрастыруға үйренеді. Жапсырмалау - шығармашылық ой-өрісін дамытады, балаларға макро- және микро кеңістікте жақсы бағытталуына көмектеседі.

LEGO – балаларға ұнайды, себебі бір элементтерден түрлі конструкция құрастыру мүмкіндігі бар. Бұл арқылы психология саласында қисынды ойлауды, қол моторикасын, ұжымдық жаттығуларды бірге орындауды, зейінді, жаңа бейнені қиялдауды дамытады. Ал егер, лего-конструкцияны жинау мен химиялық экспериментті өткізуді біріктірсе, STEAM білім беру шеңберінде көңіл аударарлық жоба шығады. Осы сынды пункттерді негізге алып, Жаңартылған білім беру мазмұны негізінде оқушылардың сынып, бөлім және пәнаралық байланыс арқылы – оқыту жүйесін жүргізу арқылы жобалар жасауға кірісіп, нақты нәтижелерге қол жеткізе алдық.

Оқушылардың да қызығушылықтары мен көзқарастарына қарай тапсырмаларды да өзгертіп, түрлендіру мақсатында тікелей тақырыпқа кіріспей, миға шабуыл ретінде сурет дәптерлерінің сыртын түрлендіре отырып, өздері туралы мәлімет беруі керек болатын.

Оқушылардың салғанына қарасақ, көпшілік оқушылар критерийлермен толық танысып шықты. Ерсайын есімді оқушы, барым да қызығушылығым да ол - математика, биология емес деді. Ондағы бейне жәндікке емес, киім киген адам образына ұқсайды, бірақ жәндіктер туралы бейнебаян көрсеткен соң, оқушы өз ойын кішкене өзгертіп, жұмыс жасай бастады. Сурет салу қабілеті де керемет емес, сондықтан оған қолдау көрсетіп, бірге жұмыс жасауды керек ететін оқушының бірі екендігі де мәлім болды.

Өнер сабағы информатика және физика пәндерімен кіріктіре өтілді. «Роботтар және олардың құрылысы». Сыныптағы дарынды оқушының бірі – Ақниет болса мүгедек жандарға көмек беретін роботтың бейнесін бейнеледі. Графикалық стилде салынған бұл сурет, өте әдемі шықты. Қызықты, өзіне тән композициялық шешімі бар. Жұмыс аяқталған соң оқушыдан жасалынған жұмысына сипаттама бер дегенде, оқушы: «Қазіргі таңда роботтың түрлері өте көп, бірақ оларды адамға пайдасы болатын етіп қана жарату керек деп ойлаймын» деп жауап берді.

Бұдан шығатын ой, оқушылар өз қиялдарымен жұмыс жасауға, қаламмен жұмыс жасауға онша бейім емес екенін көрсетті. Демек, осы зерттеу жұмысы бойынша көп жұмыс жасалғандығын көрсетсе, ол маған шабыт бере түсті. Осы зерттеу жұмысы үздіксіз жасалынып, жүргізіліп отырды. Нәтижесінде оқушылардың да ұстанымдары мен қабілеттері өзгере бастаған сияқты болды.

Зерттеу барысында оқушылар үшін ұйымдастырылған жазғы мектеп курсы да жұмыс істеді.

«STEAM» жазғы курсының бағыты: Жаратылыстану ғылымдары мен art пәндері интеграциялана жүргізілді.

Жоғарыдағы айтылғандар негізінде оқушылардың білімі мен іскерлігін бақылауды төмендегі өзара байланысқан тұйық тізбек бойынша қарастырған жөн: кәсіби оқыту мақсаты – оған жетудің бара-бар бағалау критерийі – бақылауға алынатын білім, іскерлік жиынтығы – бақылау тапсырмаларының жүйесі мен мазмұны – оларды шешуді болжамдау және бағалаудың объективтілігі – оқыту мазмұнын, мақсатын және әдістемесін реттеу [Пошаев Дәнебек Қолдасұлы, 2019, 168 б.].

Курсты жүргізудің мақсаты: Оқушылардың STEAM пәнаралық байланыс жайлы түсініктерін кеңейтіп, алған білімдерін бір жүйеге келтіріп, кешенді қорыта зерттеушілік дағдыларын дамыту.

Курс барысында жасалынатын қадамдар:

• Курс барысында балалардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға мүмкіндік жасайтындай етіп тапсырманы ұйымдастыру;

• Белгілі бір пәнаралық бейімделген тапсырмалар арқылы оқушылардың білімдері мен дағдыларын кеңіте отырып, модельдеу дағдыларын дамыту;

• Зерттеу үрдісі барысында деректерді жинақтап және өз тәжірибелерін жақсарту мақсатында нәтижелерді өңдеп, қолдану.

Қол жеткізілген нәтижелер: Жаратылыстану пәндері арқылы берілген білімді игере отырып, сыни тұрғыдан ойлай алатын, меңгерген білімдерін өмірде қолдана алатын, шығармашыл тұлға қалыптастыруға жасалған қадам.

Курс барысында тақырыпқа сай теориялық білім берілді. Аталмыш тақырып математика пәнімен және физика пәнімен өте тығыз байланысты. Шығармашылық жұмыс жасау барысында оқушылардан осы пәндерден алған білімдерін де қолдану күтілді. Клаузура – лат clausere – «құлыптау» немесе итальян сөзі klouso - «құлып» деген мағынаны береді. Оқушыны стандарттан тыс ойлауға, креативті болуға, шығармашылық қабілетін дамытуға көмектесетін оқу жаттығулары. Сонымен бірге әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін анықтауға, проблемаларды шешуде өзінің дербестігін дамытуға көмектеседі. Оқушылар өздеріне бөлінген уақытты дұрыс жұмсауы және барлық шығармашылық дағдыларын дамытуы үшін оқу-жаттығуларды толық жасауы қажет. Жұмыс барысында оқушылар сүйеніп жұмыс жасайтын талаптар да берілді.

Күнделікті сабаққа зерттеу тақырыбын кіріктіру үшін, міндетті түрде тиянақты жоспарлау керек болды, онымен шектелмей, әдіс-тәсілдерді де түрлендіріп отырдық. Сондай-ақ әрбір тапсырмаға осы зерттеу сұрағы қосылып, нәтижесі бақыланып отырылды. Бірінші зерттеу нәтижесімен салыстыру үшін нәтижелі болған жұмыстарды көрсетуді жөн көріп отырмыз.

Балалардың зерттеу барысында қаншалықты жетілгендігін бақылау үшін фото және бейне түсірілімі жүргізілді. Бейне түсірілімде біз сабақ үрдісі барысында қалт жіберген тұстарды қайта қарап, ескеруге тиісті тұстарын келесі сабақты жоспарлағанда жүзеге асыруға болады. Әр сабақтан соң, зерттеуге алған тапсырмалардың қаншалықты тиімді болғанын, сабақтағы оң және кемшілік жақтарын және зерттеу тақырыбын ашу үшін сабақпен ықпалдастырудағы әдістәсілдердің қаншалықты өз жемісін бергендігі туралы рефлексия жазып жүру тиімді болды. Балалардың тапсырманы қаншалықты білімді игеріп жатқандарын біліп отыру үшін, олардың кері байланыстарын оқытушы өзіне алып, жинақтап жүруі қажет. Балалардың жазған кері байланыстарын оқи отырып, мұғалім сабақ барысындағы осал тұстарын түзейді, жақсы қырларын дамытады. Осы арқылы оқытушы олардың қажеттіліктерін ескеруге тырысады.

Газет түтікшелерін қолданып, себет тоқу өнерімен танысу:

Математика пәнімен кіріктіріле өтілген сабағымызда қолданыстан шыққан затқа қайта өмір сыйлаумен қатар, себеттің диаметріне сай – қолданылатын материалдың шығынын есептеуді мақсат етіп алдық;

Әр сабақтан соң, балалармен сауалнама жүргізіп, бірнеше сұрақтардан тұратын жауап парақтарын да алып отырған тиімді. Зерттеу басындағы назарға алынған оқушылар екінші және үшінші тапсырмаларды алған кезде өздерін басқа қырларынан көрсете бастайды және балалар жақсы нәтиже шығара алады. Сабақ барысында жасаған жұмыстарына сәйкес бағалау үдерістері де жүреді. Ол оқушыларды ынталандырады. Балалар осындай әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындау арқылы теориялық материалдарды меңгеріп, талдап, жинақтап, зерттеп және бағалауды дамытуға мүмкіндік алды.

Бастапқы нәтиже



Соңғы нәтиже



Сабақ басталар алдында немесе сабақ соңында өтілген материалды бекіту мақсатында немесе кіріспе ретінде сыни ойлауды қажет ететін, жоғары деңгейлі сұрақтар қоюға болады.

Мұғалім:

- оқушыны тұлға деп қабылдап, оның үнін тыңдауды дағдыға айналдырды;
- Балалардың бойында сенімділік пайда болды;
- Сынды дұрыс қабылдап, соған сәйкес өзгерістер жасап отырды;
- Саралап оқыту әдісін пайдалану арқылы оқушылар өз деңгейіндегі тапсырмаларды өздігінен орындауды үйренді.

Кейбір оқушылар дайын үлгімен жұмыс жасау қалпынан шыға алмады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Балалардың өздігінен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға келесі зерттеулерімізді бағыттайтын боламыз. Зерттеу жүргізу барысында мұғалім де өз жұмысын жетілдіруге, оқушылар да әрекет-амалдарын өзгертуге ұмтылады.

Қорыта келгенде бәрі өзгереді: ойлау ерекшеліктері, сабақ беру әдістері мен тәсілдер, ең негізгісі және бастысы – өз оқушыларына деген қарым-қатынас. Бұл зерттеу үдерісі мұғалімді балалармен жақындастырады, оларды бұрынғыдан жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың сабақ барысындағы белсенділіктері артады және шығармашылықтары шыңдалады. Алдағы уақытта да бұл зерттеу өз жалғасын табады деген сенімдеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Интернет ресурс: Steam. [Электронный ресурс]. Режим доступа: http: //www.steam.com/ (дата обращения: 09.09.2017).
2. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2006 ж.– 180б.
3. Пошаев Д.Қ. және басқалар. Білім сапасын бағалаудың объективтілік және әділеттілік ұстанымдары. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Алматы. 2019. б.168-172.
4. Программа WaterSteamPro. www.wsp.ru. [Электронный ресурс]

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PHILOLOGICAL SCIENCE

УДК 34.037

Адильмуратова Рита Адильмуратовна
докторант,
Заңтану факультеті
Қазақстан Американдық еркін университеті
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы

СОТ АУДАРМАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Түйін. Құқықтық құжаттарды аудару аударма жұмысының ең талап етілетін түрлерінің бірі болып табылады. Бұл ғылыми мақалада сот ісін жүргізу процесіндегі аудармашының мәдениеті және аударма саласы бойынша лингвистикалық, мәдениеттанулық және құқықтық топтардағы пролемалар зерттеледі. Аудармашының кәсіби этикасы және құқықтық аударма мәдениеті туралы айтылады.

Түйінді сөздер: сот аудармашысы, құқықтық аударма, сот ісін жүргізу тілі, кәсіби мінез- құлық, қылмыстық іс жүргізу.

Резюме. Юридический перевод и перевод правовых документов является одним из наиболее востребованных видов перевода. В научной статье рассматриваются вопросы о культуре судебного переводчика и изучаются проблемы в лингвистических, культурологических и правовых группах в области перевода. Речь идет о профессиональной этике переводчика и культуре правового перевода.

Ключевые слова: судебный переводчик, правовой перевод, язык судопроизводства, профессиональная этика, уголовное судопроизводство

Summary. Legal translation and translation of legal documents is one of the most popular types of translation. The scientific article deals with questions about the culture of a court translator and examines problems in linguistic, cultural and legal groups in the field of translation. This is about the professional ethics of the translator and the culture of legal translation.

Keywords: court interpreter, legal translation, language of legal proceedings, professional behavior, criminal proceedings.

Сот ісін жүргізуде аударма мәселелеріне қатысты практикалық проблемалар туралы сөз қозғамас бұрын осы терминнің мағынасын ашып алған жөн. Жалпы, еліміздің заңнамасында «Сот аудармасы» ұғымы қарастырылмаған. Ал аударматану ғылымында «құқықтық аударма» ұғымы тілдік және тілдік емес білімдердің үйлесімі болуы тиіс және филолог ғалымдардың зерттеуін қажет ететін арнайы аударма түрлерінің бірі болып табылады.

«Сот аудармасы» терминінің сөзбе-сөз мағынасын сот үшін аударма деп түсінуге болады және бұл мағына «құқықтық аударма» дегенге қарағанда анағұрлым кеңірек. Өйткені, жалпы қарым-қатынас тілін меңгермеген процестік қатынас субъектілерінің арасындағы тілдік қатынастың бір түрі бола тұра, мұнда заң саласындағы ғана емес, кез келген ғылым саласының, қызмет және қоғамдық қатынастардағы аударма қамтылуы мүмкін. Сол себепті, сот аудармасы ұғымын «Іс бойынша жүзеге асырылатын және процестік формасы бар заңдық аударма» деп тануға болмайды [Обидина Л.Б., 557 б].

Осылайша, сот аудармашысының қызметі және осы қызметтің мәдениетін сот және сотқа дейінгі қылмыстық процестің өзге де қатысушыларының жалпы мәдениеті контексінде тікелей көрсететін проблемалық мәселелер болып табылады.

Осы мақалада зерттелетін проблемалардың үш тобын қарастырып көрелік, яғни лингвистикалық, мәдениеттанулық және құқықтық (сот ісін

жүргізулік) топтар.

Бірінші топқа лингвистер (филологтар, аудармашылар) мен заңгерлер арасында өзара әрекеттестіктің, өзара түсінушіліктің болмауы. Бұл мәселені заң ғылымының әзірлемелері мен лингвистиканың практикалық жетістіктері, бірінші кезекте, аударматану тарапынан толық елемеушіліктен көрініс табады.

Бұл біздің сотқа дейінгі және сот аудармасы туралы нормаларды қамтитын іс жүргізу кодекстерінен көрінеді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 81- бабына сәйкес аударма жасау үшін білу қажет тілді меңгерген және күдікті, айыпталушы, сотталушы, олардың қорғаушылары не жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар және өзге де процеске қатысушылар іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмеген жағдайларда, сол сияқты жазбаша құжаттарды аудару үшін тергеу және сот әрекеттеріне қатысуға тартылған, іске мүдделі емес адам аудармашы ретінде шақырылады [ҚР Қылмыстық процестік кодексі, 2014].

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 14- бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады. Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарыммен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы. Егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшының өз өкілі талап қою арызы (арыз) берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады. Іс жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға сотта ана тілінде немесе өздері білетін басқа да тілде мәлімдеме жасау, түсініктер мен айғақтар беру, өтінішхаттар беру, шағымдар жасау, сот актілеріне дау айту, іс материалдарымен танысу, сөз сөйлеу; Кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі. Сот азаматтық сот ісін жүргізуде сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдарға заң бойынша оларға қажетті іс материалдарының аудармасын тегін қамтамасыз етеді. Сот іске қатысатын адамдарға сотта сөйлейтіндердің басқа тілде сөйлейтін бөлігін сот ісін жүргізу тіліне аударуды тегін қамтамасыз етеді. Іске қатысатын және сот ісін жүргізу тілін білмейтін, істегі құжаттарды беру туралы жазбаша түрде өтініш берген адамға сот құжаттары өзінің ана тіліне немесе ол білетін басқа тілге аударылып табыс етіледі. Істі сот талқылауына дайындау аяқталғаннан кейін тараптар мен іске қатысатын басқа да адамдар ұсынатын, сот ісін жүргізу тілінде дайындалмаған құжаттарға сот ісін жүргізу тіліне аудармасы қоса берілуге тиіс [ҚР Азаматтық процесті кодексі, 2015].

Дегенмен, сот аудармасына қатысты аталған нормалар лингвистика ережелеріне сәйкес келмейді, өйткені аудармашы өз сөзінде кем дегенде екі тілді қатар қолданады. Бұл аударма ғылымында «билингвизм» деп аталады. Аталған іс жүргізу заңдарының мәтінінде аудармашы нақты қай тілден қай тілге аударылатыны туралы анық белгіленбеген, тек сот ісін жүргізу тілі және тараптар меңгермеген тіл деп көрсетіледі, яғни аудармашы, біріншіден, сот ісін жүргізу тілін және екіншіден, процеске қатысушыларды өз тілі ретінде таңдап алған тілді еркін меңгеруі тиіс.

Лингвистикалық (аударматану) әдебиеттерде қызу талқыланып жүрген аударма толықтығы мен дәлдігі проблемасын қарастырайық. Аудармашы аударма жасаған кезде ешқандай өзгерістер, кемшіліктер, яғни, аудармашы аударманы қандай да бір өзгерістерсіз, бос орынсыз немесе басқа сөзді қоспай қамтамасыз етуі, қандай да бір өзінің түсіндірмелерін немесе түсініктемелерін енгізбеуі, бірінші тұлғадан және т.б. аударуы тиіс, бірақ бұл талап аударманың барлық түрлеріне қатысты емес екенін атап өткен жөн. Бұл жерде сот аудармасы туралы айтылғандықтан, көркем аудармада бұл талап қолданылмайды [Обидина Л.Б. 566 б].

Қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылатын аудармашылармен жеке сөйлескен кезде белгілі болғандай, судьялар әдетте сотта берілген жауаптарды, т.с.с. сөзбе-сөз аударуды талап етеді, өйткені, заң тұрғысынан қарағанда сотқа дұрыс әрі нақты дәлелдемелер қажет.

Заң әдебиеттерінде одан да көп ұстанымдар бар, атап айтқанда аудармашы сот отырысында айтылған мән-жайларды іске қатыстылығы тұрғысынан ғана сөзбе-сөз аударуы қажет, басқа жағдайларда негізгі мән-мағынасын аударған жеткілікті. Алайда аудармашының ұстанымдары - аударманың сөзбе-сөздігі туралы талап судьяларды, процеске қатысушы басқа тараптарды жаңылыстыруы болып табылады, өйткені сөзбе-сөз жасалған аударма сөйлеу ақпаратының мағынасын елеулі түрде жоққа шығаруы мүмкін.

Сонымен қатар, сөзбе-сөз жасалған аударма аудармашыны белгілі бір аударма машинасына, мәтінді автоматты түрде компьютерлік бағдарламаға айналдырады. Мұндай аударманың нәтижесінде даулы жағдайлар, сот процесіне қатысушылар арасындағы өзара түсініспеушілік туындайды [Ларин А.А., Обидина Л.Б.. 144 б].

Кез келген тілде ұлттық ерекшеліктердің, мәдениеттердің, менталитеттің, дәстүрлердің және т. б. айырмашылықтарына байланысты әр түрлі

сөздер бар екенін ескеру керек, мысалы бір ғана «көз» деген сөздің мағынасы кең, «источник дохода» деген сөз тіркесі «табыс көзі, бұлақ көзі» деп аударылса, сол сияқты «отвод, самоотвод» сөздері «бас тарту, өздігінен бас тарту» деп аударылады. ал «оскорбление, надругательство, издевательство» деген термин сөздерін аударудың да өз ерекшелігі бар. Ал заңгерлік мамандығы жоқ филолог мамандарға заң терминдерін аудару қиындық келтіретіні анық.

Бұл жағдайда адамдарға түсіндіру, бейтараптандыру, олардың арасындағы мәдени айырмашылықтарды жеңілдету үшін аудармашы дұрыс аударма жасауға міндетті. Қылмыстық процеске оның қатысуы сот ісін жүргізу тілін білмейтін адам мен құқық қорғау органдарының өкілі арасында байланыс орнатуға ықпал етеді. Әлеуметтік-мәдени келіспеушіліктер мен түсіністеушіліктердің болуы тергеу әрекеті немесе сот отырысы кезіндегі коммуникативтік жағдайды күрделендіруі мүмкін.

Кейде бұл қиындықтарды шешу үшін аудармашының нақты түсініктемесі қажет. Алайда, аудармашы кеңес берушіге айналмауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты баспасөз қызметінің ақпараты бойынша 2019 жылдың бірінші жартысында мемлекеттік тілде қаралған қылмыстық істер саны 19 пайызды құраған, ал 2018 жылдың дәл осы кезеңінде 17,5 пайызды құраған екен. Яғни, сот ісін жүргізу тілі әлі де ресми тіл - орыс тілінде көп жүргізілетінін көруге болады. Бұл арада аудармашының ролі де орасан зор екенін байқаймыз [http://sud.gov.kz.].

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, тарихи отанына қайтып келген оралмандарға қатысты да істер қаралады. Түрік тілі аудармашысының қатысуымен иммиграциялық ережелерді бұзу туралы істі қарағаң сотта болған оқиғаны мысал ретінде келтіруге болады. Судья мен құқық бұзушының диалогы барысында аудармашы түрік тілінде клиентке әлденені айтып, түсіндіре бастайды. Судья аудармашыны үзіп, оның артық сөйлегенін түсіне отырып, одан бұл туралы сұраған кезде аудармашы заңның кейбір ережелерін түсіндіргенін айтқан. Судья барлық қажетті түсініктемелер оларға жеке берілетіндігін және бұл аудармашының міндетіне кірмейтіндігін уақытылы байқап, ескерту жасаған.

Сот аудармашысының рөлін атап өте отырып, ол жай ғана қызмет көрсетіп қана қоймай, қылмыстық істер бойынша іс жүргізу процесінде көмек көрсетіп, сондай-ақ сот ісін жүргізу тілін білмейтін дара тұлға мен процестің өзге де қатысушылары арасындағы теңсіздікті жоюға ықпал етеді, бұл адамға айғақтар мен түсініктемелер беруге, өтініштер мен шағымдар мәлімдеуге өз құқықтарын белсенді іске асыруға көмектеседі. Осы мағынада лингвистикалық проблемалар құқықтық маңызға ие болады.

Екінші топтың мәселесі – мәдени –этикалық, бірінші кезекте аудармашының сот ісін жүргізудегі мінез-құлық этикасын атап өту керек. Бұл мәселеге дәстүрлі аударма әдебиеттерінде көп көңіл бөлінеді, осы мәселеге қатысты көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді, аудармашылардың, соның ішінде сот аудармашыларының кәсіби мінез-құлқының ережелерін әзірлеуге де әрекет жасалды.

Аудармашы өзі жасаған аудармаға жеке пікір енгізбейді және өзінің хабарламаға деген көзқарасын білдірмейді, бейтарап ұстанымды сақтауға міндетті. Егер диалог жоғары деңгейде болса, аудармашы, жоба авторларының пікірінше, оның сөзі тілді меңгермеген адамға анық естілетіндей, бірақ сот процесіне кедергі келтірмейтіндей болуы тиіс.

Ал объективтілік талабын қарастыратын болсақ, аударманың толықтығы мен дәлдігі талабымен тығыз байланысты, өйткені бейтарап позицияны сақтай отырып, аудармашы тараптардың хабарламаларын барынша дәл беруге ұмтылады. Аудармашының тәуелсіздігіне келетін болсақ, біздің ойымызша, бұл қызмет принципі сот ісін жүргізу жағдайында өте ерекше орын алады [Обидина Л.Б., 560 б].

Аударма практикасына сүйенетін болсақ, ұсталған құқық бұзушы немесе адам қылмысына күдікті ретінде жерлес немесе таныс аудармашының тарапынан қолдау табуға ұмтылатын өзге адам болуы мүмкін, оның тарапынан нақты көмек; сонымен бірге аудармашы қысым жасауы, кейде полиция немесе судья тарапынан анық сенімсіздік көрсететін жағдайлар болуы мүмкін.

Бірақ заң бұзушылар ғана емес, билік органдарымен даулы жағдайға тап болатын шетелдіктер көп жағдайда өздері уақытша тұрып жатқан мемлекетте түсініспеушілікке ұшырайды, бірақ олар аудармашыға сенеді. Осы тұрғыдан алғанда Ә.Бөкейхановтың «Аударма шеберлігі» еңбегі аудармашылық қауымдастықта жоғары бағаланды.

Қалай болғанда да, аудармашының тәуелсіздігі оның сенімсіздік пен алаламаушылықты білдіретін мінез-құлқын білдіреді. Оның мінез-құлқында тергеу (сот) әрекетіне қатысушылармен әдепсіз қарым-қатынас жасауға жол берілмейді (мысалы, сөйлеушіге теріс қарап тұру), оның сөзі «паразит» сөздерден немесе дыбыстардан тыс түсінікті болуы тиіс.

Сонымен бірге Г.Ш.Анайбаеваның мақаласында қызметкердің сөйлеу мәдениеті - оның өзіндік визит карточкасы. Тіл мәдениеті бойынша адамдар адамның ақыл-ойы мен эрудициясы, оның әдептілігі, тәрбиелігі, тактикасы туралы түсінік қалыптасатыны туралы айтқан [Анайбаева Г.Ш., 2016, 33 б].

Үшінші топтың құқықтық, іс жүргізу сипатындағы проблемаларын талдау мәселелерін қарастыра отырып, жоғарыда қаралған кейбір лингвистикалық және мәдениеттанулық проблемалар құқық мәселелерімен тығыз байланысып

жатқандығын атап өткен жөн. Мысалы, аудармашының тәуелсіздік пен құзыреттілік сияқты кәсіби этикасының маңызды принциптері сот ісін жүргізу жағдайында сот аудармашысының мәртебесі заңды түрде анықталғанда, мұндай аудармашыларды іріктеу және арнайы даярлау (лингвистикалық, сондай-ақ заңдық), аттестаттау және олардың біліктілігін арттыру және т.б. мәселелері шешілгенде ғана нақты қамтамасыз етілуі мүмкін.

Құқықтық ақпаратты аудару және құқықтық аударма мәдениеті өте күрделі мәселе. Заң терминдерін аудару мәселесі заңгер мен лингвистердің зерттеу нысаны болған жөн, бұл ретте, заң терминологиясының құқықтық аударма техникасымен жүйелі байланыс жасалуын есепке алу қажет.

«Дұрыс аударма жасау үлкен өнер. Тілдің нәзік сырларын білмей аудару мазмұнды жүдетеді, шығарманың екпінін, ішкі тынысын тарылтады», - деген Б. Момышұлының нақыл сөзі тек көркем аудармаға ғана емес, сот аудармашысына да қатысты. сол себепті, аударма мәдениеті әлі де терең зерттеуді талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Обидина Л.Б. «Культура судебного перевода: проблемы практики» // - М.: Юридическая техника, 2016. №10, - С.557-563.
2. ҚР Қылмыстық процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.// «Әділет» ақпараттық жүйесі.
3. ҚР Азаматтық процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // «Әділет» ақпараттық жүйесі.
4. Ларин А.А., Обидина Л.Б. Участие переводчика в суде и на досудебных стадиях процесса: проблемы и пути их решения. // Вестник Нижегородского университета им.Н.И.Лобачевского, 2016. № 3. – С.143-147.
5. Судьи обсудили вопросы применения государственного языка в судопроизводстве // http://sud.gov.kz.
6. Анайбаева Г.Ш. «О роли речевой культуры сотрудников органов» внутренних дел Костанайская академия МВД РК им.Ш.Кабылбаева. // Ғылым Халықаралық ғылыми журнал 1 (48) 2016 наурыз. - С.31-35.

УДК 81›1.001

Ахметова Жанат Бакытхановна,
Магистр, старший преподаватель
кафедры «Авиационный английский язык»
Академия гражданской авиации
Алматы, Казахстан

СЕМАНТИКО-СТИЛИСТИЧЕСКОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КАЗАХИЗМОВ В ПРЕССЕ

Түйін. Бұл мақалада орыс тілді баспасөзде қазақ тіліндегі сөздердің қолданылуы қарастырылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында тілдік бірліктерді таңдауға ықпал ететін факторлар келтірілген. Лексикалық бірліктерді талдау көрсеткендей, орыс тілді газеттерде қазақ тіліндегі сөздерді қолдану-дың ерекшелігі – қазақстандық қоғам өміріндегі терең өзгерістермен, Қазақстанның егемендік алуымен байланысты

Түйінді сөздер: қазақ тіліндегі сөздер, ұлттық салт-дәстүрлер, орыс тілді газеттер, мәдениет.

Резюме. В данной статье рассматриваются вопросы использования казахизмов в русскоязычной прессе. Перечисляются факторы, способствующие выбору вариантов языковых единиц в СМИ. Анализ лексических единиц показал, что оособенностью употребления казахизмов в русскоязычных газетах является связь с глубинными изменениями в жизни казахстанского общества, обретение Казахстаном суверенитета.

Ключевые слова: казахизмы, национальные традиций и обряды, русскоязычные газеты, культура.

Summary. This article deals with the usage of Kazakhisms in the Russian-language press. The factors contributing to the choice of language unit variants in the media are listed. The analysis of lexical units showed that the special feature of the use of Kazakhisms in Russian-speaking newspapers is the connection with profound changes in the life of Kazakh society, the acquisition of sovereignty by Kazakhstan.

Key words: Kazakhisms, national traditions and rites, Russian-language newspapers, culture.

ВВЕДЕНИЕ

Проблема функционирования русского языка в Казахстане сегодня рассматривается многоаспектно: в синхронии и диахронии, с учетом социальной стратификации, национальной принадлежности пользователей языка, различных регистров и стилей речи. Функционирование следует понимать как выполнение языком различных функций в разных сферах общения и разными слоями общества. Следовательно, выбор вариантов языковых единиц обусловлен национально-культурно-социальными факторами. В двуязычном обществе разновидность речи расширяется за счет средств второго языка.

В Казахстане за годы независимости изменился коллектив носителей русского языка – социальный субстрат. С 1979 года на 10% уменьшилось русскоязычное население, однако, русскоговорящих в республике по-прежнему подавляющее большинство. Это представители разных национальностей, для многих из которых русский язык является родным и языком межнационального общения. Не имея статуса государственного, он продолжает доминировать в большинстве сфер общения, в том числе и в такой важной, формирующей речевые навыки, как средства массовой информации.

Коренные изменения общественно-политического строя в Республике Казахстан в последние годы не могли не отразиться в языковой политике казахстанской прессы.

Длительные лингвистические контакты между русскими и казахами, а также развившееся в некоторой части русских, живущих в Казахстане двуязычие, привели к тому, что в язык республиканской русскоязычной прессы стало проникать и осваиваться значительное количество казахских слов.

Демократизация общества, переоценка ценностей поспособствовали возникновению множества инноваций в языке средств массовой информации.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Ученые-лингвисты отмечают, что в сфере прессы в настоящее время формируются новые черты языковой системы, протекают интересные процессы, которые нельзя квалифицировать однозначно, т.е. либо как позитивные, либо как негативные [Жумагулова В.И., 2000, с. 101]. Эти наблюдения в полной мере можно отнести к казахстанской русскоязычной прессе.

Особенностью употребления казахизмов в русскоязычных газетах является связь с глубинными изменениями в жизни казахстанского общества, обретение Казахстаном суверенитета.

Так, стремительное возрождение духовно-культурных ценностей казахского народа вызвало интерес к национальным традициям и обрядам и связанным с ними номинативным единицам. Все это выразилось в быстром распространении их в разговорной речи и в языке русскоязычной прессы. Названия традиций и обрядов казахского народа в текстах русскоязычных газет почти всегда даются с переводом. Сопровождая в тексте развернутыми толкованиями или необходимыми комментариями название того или иного обряда, ритуального действия, традиции, автор стремится познакомить читателя не только с деталями быта и культуры, но и с особенностями социального устройства казахского общества. Ср.:

Запоминающимся стало выступление районного отдела юстиции, ими был показан **национальный обряд тусау кесер** (Огни Алатау, 24 марта 2015 г., с. 2); А приглашать на **согым басы** – *обязательная* **традиция.** Приглашают аксакалов, соседей отведать сочное, молодое мясо согым (Казахстанская правда, 2016 г., №54); Еще одно **ритуальное действо** – **вынос джигитами тайказана** (Огни Алатау, 24 марта 2017 г., с. 1); Инсценированная Алматинским областным департаментом образования **традиционная мушайра** – **конкурс юных акынов,** проводится уже четвертый раз (Огни Алатау, 19 марта 2015 г., с. 7); В одной из юрт проходил реальный **свадебный обряд** – **«беташар»** (Новое поколение, 25 марта 2015 г., №12, с. 2); Девушки приглашали своих джигитов и угощали их специально приготовленным по этому случаю **традиционным блюдом «ұйқы ашар»** из свежего мяса и молозива, придающих силу и помогающих одерживать победу на скачках и других спортивных состязаниях (Новое поколение, 25 марта 2016 г., №12, с. 15).

Следует отметить, что в эпоху коренных преобразований в жизни общества все языковые процессы необычайно ускоряются. Особенно это заметно при рассмотрении семантико-стилистического закрепления казахизмов в прессе.

В публикациях современных русскоязычных газет заметна тенденция к включению в лексический состав казахского языка архаизмов и историзмов, которые в течение быстрого промежутка времени стали освоенными и общеупотребительными в двух языках.

Возвращению в узус лексики, бывшей неупотребительной, способствует установка социума на возрождение части духовных традиций, культурных ценностей и общественных реалий, утраченных в ходе истории. При этом лексические историзмы и архаизмы, выступающие в функции номинаций новых реалий современной жизни, в основном используются для заполнения возникающих референциальных лакун.

Определенное значение имеет такой социокультурный и концептуальный фактор, как переосмысление исторического пути и ситуация выбора дальнейшего пути развития страны. Отсутствие четкой социальной ориентации позволяет обращаться к прецедентам в истории, вводит в публицистический узус «историческую тему» [Какорина Е.В. 2000, с. 68].

Ученые, исследовавшие особенности функционирования архаичной лексики в языке средств массовой информации, отметили их стилистически осложненное использование на современном этапе развития страны. Большинство устаревших слов (хан, мырза, туленгут, байбише и т.п.) употребляются в качестве «стилевых доминант в различных стилистических фигурах и тропах, в сильной стилистической позиции (на уровне текста) в заголовке, зачине, кульминации, концовке» [Жумагулова В.И., 2000, с. 110]. Ср.:

«Тілдік одақ» – ұғым, термин ғана емес, тарихи категория. Сондықтан да бұл категорияны тіл тарихына да мақсатты түрде қолдану керек. Мәселен, көне, орта, әсіресе орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерін қазіргі түркі тілдері әрқайсысы өзіне тартады, иеленіп алғандар да бар. Ортақ екенін білсе де мойындағысы келмейді. Қайта ескерткіштерден өз элементтерін көбірек тауып, дәлелдей түскісі келеді. Аталған ескерткіштерде қыпшақ та, қарлұқ та, оғыз да, кейде бұлғар да элементтері бар. Ол элементтер түркі тайпаларын біріктірген мемлекеттердің осылардың біреуінде ғана (басымырақ, жиірек, көбірек пайдаланылғандары болған) сөйледі, жазды деген сөз емес, барлығын тұтас қолданған, яғни экстралингвистикалық фактор негізінде болса да бірге, одақтасып пайдаланған. Түркілер туыс тілдерді ғана емес, араб, парсы тілдерін де параллель қолданғаны белгілі. Оған дәлел: Қарахан мемлекетінде тіпті үш дін, үш жазу, үш тіл болған. Демек тілдік одақ Балқанда ғана емес, түркілер елінде де болды деген тұжырым жасауға жетелейді...

Тіл атаулының басқа тілдермен, тілдік жазба ескерткіштермен қатыстылығын қарастырудағы басты мақсат – олардың өзара қатыстылығын, байланысын анықтау. Қатыстылығын анықтаудағы міндет – олардың тектестігін, туыс-туыс еместігін айқындау. Тілдер мен тілдердің, тілдер мен ескерткіштердің және ескерткіштер мен ескерткіштердің тектік байланысын айқындау үшін негізінен сипаттама, тарихи және типологиялық әдістер қолданылып, тілдің, тілдердің (ескерткіш, ескерткіштердің) фонетикалық, лексикалық және грамматикалық бірліктері салыстырылады, салғастырылады. Ал тілдердің (ескерткіштердің) тектестігі мен туыстығын айқындауда Расмус Раск «Происхождение исландского языка» атты еңбегінде: «Халықтардың пайда болуы мен олардың туыстық байланысын тануда тілден артық құрал жоқ. Тілдерді салыстыра зерттеуде тілдің ең сенімді саласы – грамматика, өйткені тілдердегі сөздер бір-бірімен ауысқанмен, жіктік, септік жалғауларының ауысуы мүмкін емес» [Жалмаханов Ш.Ш., 1999, 88 б] дегеніндей, тілдің ең сенімді элементі грамматикалық көрсеткіштер, нақтырақ айтқанда, көмекші морфемалар. Демек тілдегі дыбыстар мен сөздер түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсерінен өзгере, ауыса беруі мүмкін, ал жалғаулар мен жұрнақтар туыс тілдердің өзінде де өзгермейді, ауыспайды. Сондықтан да түркі тілдерінің қазіргі жіктелуіне сай Замахшари сөздігіндегі қарлұқ, қыпшақ және оғыз бұтақтарына тән көмекші морфемаларды қазіргі қазақ тілінің морфемалық бірліктерімен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жеке-жеке талдаймыз. Бұған дейінгі тараушада атап өткеніміздей, түркі тілінің үш бұтағына қатысты белгілердің болуы сөздіктің олардың бір-бірінен толық жіктеліп болмаған дәуірінде құрастырылуына байланысты [Березин Ф.М., 1975, 284 б]. Бұл тұжырымдарды көмекші морфемалар дерегімен нақты дәлелдеу керек болады.

Салыстырмалы-тарихи талдау сыртқы реконструкция және типтік модификация мен тілдік универсалиялар деген әдістерді қолдану арқылы жүргізілетіні белгілі. Біз ізденісіміздің мақсатына орай сыртқы реконструкция әдісін қолданамыз. Көмекші морфемаларды дәстүрлі түрде жалғау, жұрнаққа, жалғауды көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғауларға, жұрнақтарды сөз тудырушы, сөз түрлендіруші деп бөліп аламыз.

Сөздікте қазіргі қазақ тіліндегі *септік жалғауларынан* ілік септігінің –дың, -ның, -нің, барыс септігінің –қа, -ке, -ға, табыс септігінен –ды, -ді, -ны, -ні, жатыс септігінің –да, -де жалғаулары кездеседі.Ал сөздіктегі шығыс септігінің –дын, мен жалғаулары қазіргі қазақ тілінде кездеспейді. Жазба ескерткіште көмектес септігінің жалғауы мүлдем жоқ. *Көптік жалғауының* -лар, -лер формалары екі салыстыру нысанында да бар. *Жіктік жалғаудың* I жағының -м, -ым, -ім, II жақтың -ың, -ің, III жақтың -ды, -ді, -ты, -ті, көпше түрдің III жағындағы -іміз бар. Тәуелдік жалғаулары III жақта да, жекеше-көпше түрлерде де сөздік пен қазақ тілінде еш өзгешелік жоқ.

Замахшари сөздігіндегі *зат есімнен зат есім жасайтын* бір ғана -кек жұрнағы сәйкес болса, *басқа сөз таптарынан зат есім жасайтын* сөздіктегі 42 жұрнақтың (дыбыстық варианттарын қоса есептегенде) 16-сы (-гіш, -ек,

-қ, -лық, -лік, -ма, -мақ, -рақ, -ік, -сіз, -тық, -шы+лылық, -ық, -ім, -іш, -хана) қазіргі қазақ тілінде грамматикалық қызметін атқарып тұр.

Ескерткіштегі 25 сын есім жасайтын жұрнақтың (-ғач, -дыр, -ді, -ек, -ер, -қа+ра, -қач, -лү, -лүк, -лық, -рақ, -ры, -суз, -тыр, -ті, -үқ, -ум, -чақ, -чы, -шы, -ы, -ық, -ым, -і) қазіргі қазақ тілінде 11-і (-ды, -ек, -ер, -лық, -рақ, -сыз, -шы, -ы, -ық, -ым, -і)кездеседі. Қазіргі қазақ тілінде кездеспейді дегендердің көбі қазіргі жұрнақтардың дыбыстық вариациялары (-лүк, -суз, -ум, -чы), ал сын есімнің салым\стырмалы шырайының –рақ жұрнағы сөздікте де, қазақ тілінде де бар.

9 *сан есімнің* жұрнағының (-мыш, -нчі, -інчі, -лүк, -лық, -лік, -чі, -ік, -іш) екеуі ғана (-лық, лік) қазақ тілінде болғанмен, сөздіктің кезінде жазылуы мен оқылуында болған ерекшеліктер мен қателіктердің болатынын ескерсек, жазба мұраның дыбыстық өзгерістегі қосымшаларының бәрі дерлік тілімізге жат емес.

Барлық тілдердегі секілді грамматикалық тұлғаға бай да күрделі категория – *етістік*, сондықтан да етістіктің көмекші морфемаларын басқа сөз таптарынан етістік жасайтын, есімше, көсемше, тұйық етістік, болымсыз етістік, етіс, рай және шақ жұрнақтары деп саралап талдаймыз.

Мәселен, Замахшари еңбегінде басқа сөз таптарынан етістік жасайтын 26 жұрнақтың (-а+ш, -гар, -ге, -да, -де, -ды, -ді, -кі+т, -ла, -ле, -ма, -не, -пү, -пі, -р, -ра, -ре, -се, -т,-та, -уғ, -уқ, -і, -ік, -ір, -іт) жартысына жуығы (-да, -де, -ды, -ді, -ла, -ле, -ма, -і, -ік, -ір, -іт – барлығы 11 жұрнақ) қазақ тілінде грамматикалық мағыналар жасайды. Есімшеде (-ген, -ған, -кен, -күн, -қан, -мек – барлығы 6 жұрнақ) қазақ тілінде –күн деген жұрнақтан басқа қалған 5 жұрнақта еш өзгеріс жоқ. Көсемшенің де 8 жұрнағының (-а, -й, -е, -ей, -п, -үп, -ып, -іп) –ей, -үп деген екі жұрнақтан басқа біздің тілімізде әлі күнге дейін қызмет етіп келеді.Тұйық етістіктің негізі –у жұрнағының алдына –гү, -ғу, -кі, -ку, -қу болып, г, ғ, к, қ дәнекер дыбыстарының жалғануы түбір сөздің соңғы буыны мен дыбысына байланысты, бұл – негізінен қарлұқ, оғыз тілдеріне тән құбылыс. Етістіктің болымсыз түрін жасайтын –ма, -ме, -с жұрнақтардың екі нысанда да өзгешелігі жоқ. Етіс түрлеріне қарай жіктегенде, өздік етіс жұрнағы –н ғана болса, өзгелік етіс сөздікте 15 түрлі (-гүз, -дур, -кер, -күр, -қуз, -қур, -н, -т, -тур, -түр, -ур, -үр, -ын, -ыт) бар да, қазақ тіліндегі нақ дыбыстық нұсқасы болмағанмен, -т жұрнағынан басқа –гүз, -дур, -дүр, -қуз, -тур, -түр болып келетін жұрнақтарының айтылу және жазылу ерекшеліктерін ескерсек, 7 жұрнақ сәйкес келуі заңды деуге негіз бар. Ырықсыз етіс (сөздікте: -ал, -ар, -ул, -үл, -ыл, -іл; қазақ тілінде: -ыл, -іл), ортақ етіс (сөздікте: -еш, -ш, -уш, -үш, -ч, -ыш, -іш; қазақ тілінде -с) жұрнақтары қазақ тілінде жұрнақтың негізгі тұлғасына (-л, -р; ш) дәнекер дыбыстары түрленіп (-а, -у, -ү, -ы, -і; -е, -у, -ү, -ы, і) жалғанбайтын болғандықтан, саны жағынан әлдеқайда аз (етіс жұрнақтары сөздікте 29, қазақ тілінде 4-еу ғана). Рай түрлерін салыстырсақ, бұйрық рай сөздікте –гіл, -гін, сун, -сүн, -сын, -т болса, қазақшада -гін, -сын, -т, қалау рай сөздікте –ғай, -з, қазақ тілінде -ғай, шартты рай жұрнағы екі нысанда да -са жұрнағымен беріледі.шақ жұрнақтары өткен шақта -ді, -мыш, -міш, -ун, -ді, -мыш, -міш, келер шақта -ер, -з, -мақ, -мек, -р, -ур, -үр, -р, -ер, -мақ, -мек. Етістікке тән жұрнақтар бойынша түйін ой «Мукаддимат әл-әдәбта» етістіктің 99 жұрнағы болса, оның қазақ тілінде 42-сінің болуы, дыбыстық вариацияларын қосқанда бұдан да көп сәйкестіктің байқалуы – кейінгі тарихи дәуірлерде қыпшақ, қарлұқ және оғыз болып бөлінген туыс тілдердің тарихи тамырластығының, динамикалық өзгерісінің нәтижесі. Замахшари еңбегінің деректері *үстеу* жұрнақтары бай: -ге, -ғы, -да, -де, -дуз, -дүз, -е+ли, -кі, -ле, -лық, -ік, -ч, -ча, -че, -чук, ал біздің тілімізде: -ғы, -да, де, -дүз, -кі, -ле, -лық болып, жартысы ғана пайдаланылады.

Ал жалпы Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігінде барлығы 244 жұрнақтың қазіргі қазақ тілінде 111 жұрнақтың болуы, көмекші грамматикалық формалардың жартысының қазақ тілінде сақталуы – олардың тарихи төркіндестіктің толық дәлелі.

Түйіндей келгенде, 1) қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын қосымшалардың басым көбінің ерекшелігі дыбыстық құрамында ғана, ал грамматикалық қызметтерінде өзгешелік жоқ;

2) Замахшари еңбегі тұтас мәтіндерден тұратын туынды емес, сөздік болғандықтан, грамматикалық көмекші формалардың бәрі қамтылған деген тұжырым жасауға болмайды.

Омоним – фонетикалық-графикалық, полисемия – лексикалық-семантикалық құбылыс, сондықтан да ескерткіштерді танып-білуде тарихи жазбалардың қай кезеңде, қандай тілде жазылғаны, түпнұсқаны немесе көшірмені кім, қалай жасады деген сауалдарға жауап беру қажет. Бұл сұрақтарға толық, анық жауап алу жазба ескерткіштер бірнеше ғасырдың мұрасы болғандықтан, қиын немесе мүмкін емес. Ескерткіштің тасқа, қағазға түскен, түсірілген кезеңнің орфографиясы мен орфоэпиялық приниципті қазіргі талаптармен сәйкес еместігі немесе қолданыстағыдай болмағандықтан, сөздердің дыбыстық, буындық құрамы туралы түйінді пікір жасау да, тұжырым айту да күрделі. Мәселен, Замахшари сөздігінде сөздердің көңүл, йүгүр, йумур, йолуғ болып жазылып және оқылуы қазіргі қазақ тілінің айтылу (орфография) заңына сай келеді. Мұндай пікірді жалпы сөздік материалындағы лексика, фонетика, морфология және синтаксис туралы да айтуға болады. Бұл мәселелердің бәрінің әз-Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігіне де қатысы бар. Оны көрнекті түрколог Э.Н. Наджип «Мукаддимат аль-адаб» аз-Замахшари. Лексико-грамматические заметки» атты мақаласында санамалап айтқан. Онда Наджип 1938 жылы Н.Н. Поппе сөздікті дефектілі тізім бойынша шығарған, Поппе түрколог болмағандықтан, өзіне дейінгі көшірушілердің қателері мен нақты емес тұстарын түзетпеген, қайта дұрыс оқымаудың кесірінен жаңа қателерді жамаған дейді. Сөздіктің түркі сөздері бөлігі – араб-парсы сөздері бөлігінің сөзбе-сөз аудармасы, сондықтан түркі сөздері бөлігі сол кезеңдегі түркі тілінің синтаксисінің негізі бола алмайды деген түйін жасайды. Фонетикалық және лексикалық-морфологиялық белгілер сол кездегі Хорезм өңіріндегі ауызша түркі тілінің жағдайын көрсете алатынын айтады [Наджип Э.Н., 2007, 125-127 б]. Ал омонимдік, полисемиялық қосымшаларды бір-бірімен жарыстыра қарастырудың басты себебі этимологиялық тұрғыда оларды көбіне бір-бірінен айыру қиын немесе мүмкін емес, екіншіден, ол қосымшаларды қазіргі түркі тілдерімен, оның ішінде қазақ тілімен тарихи салыстыра зерделеу осы іспеттес аффикстердің динамикасын бағамдауға мүмкіндік береді.

1) *-а* қосымшаның сөз жасайтын, сөз түрлендіретін жұрнақтары түрінде ғана кездеседі. -а жұрнағының 3 грамматикалық мағынасы бар: көсемшенің жұрнағы (ас-а-дар, айт-а-дур), етіс-

тіктен үстеу жасайтын жұрнақ (йаш-ур-а – жасырын), зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ (йаш-а, йашын-а – найзағайдың жарқылдауы). Бұл жұрнақтың 3 грамматикалық формасы қазіргі қазақ тілінде актив жұрнақ ретінде де, пассив жұрнақ ретінде де қызмет етеді;

1) *-ар* сөз түрлендіретін жұрнақтар түрінде қолданылады. Бұл жұрнақтың 2 грамматикалық мағынасы бар: ырықсыз етіс жұрнағы (ағ-ар, атар, йығ-ар) және келер шақ есімшенің жұрнағы (ач-ар, бар-ар). Бұл жұрнақтар қазіргі қазақ тілінде актив жұрнақ ретінде қолданылады;

2) *-ге* жалғау және жұрнақ ретінде сөздікте 3 грамматикалық мағына береді. Олар: барыс септігінің жалғауы (белгү-ге, егінге – иыққа), тарихи тұрғыда барыс септігінің жалғауы болғанмен, есім сөздерден үстеу жасайтын жұрнақ (бір-ге) сөздікте етістік жасайтын жұрнақ ретінде, ал қазіргі қазақ тілінде пассив не өлі жұрнаққа айналған (ел-ге-ді – еледі, есір-ге-ген);

3) *-ген* жұрнағы 2 грамматикалық мағына береді: есімшенің жұрнағы (егіл-ген, есір-ген), сан есімнен зат есім жасайтын жұрнақ (йеті-ген – жеті қарақшы жұлдызы; йеті-ген – жетінің бірі: йетіген үлүшдін бір үлүш – жеті үлестің бір үлесі). -ген жұрнағының соңғы грамматикалық қызметі қазіргі қазақ тілінде жоқ, тарихи жұрнақ қызметінде ғана қалған;

4) *-да* қосымшасы жалаң форма ретінде 4 грамматикалық мағынада қолданылған. Олар: жатыс септігінің жалғауы (ақшам-да, йапан-да), тарихи тұрғыда жатыс септігінің жалғауы болғанмен, үстеу жасайтын жұрнақ (йол-да), зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ (абад-да, ан-да-оңда, байқа), үстеуден үстеу жасайтын жұрнақ (астыдакі), яғни жалғау және жұрнақ қызметін атқарады. Сонымен қатар -да қосымшасы күрделі қосымшалар құрамында да сөздерді түрлендіру, жасау қызметтерінде жұмсалады: жатыс септігіне үстеу жасайтын жұрнақ бірігіп сын есім (йер-да-ғы), етістік жасайтын жұрнақ пен көсемше жұрнағы (ан-да + й – аңдағын, байқағын), зат есімнен үстеу жасайтын және ортақ етіс жұрнағы бірігеді (йол-да-ш);

5) *-де* қосымшасы -да секілді жатыс септігінің жалғауы ретінде (бешік-де, едіш-де – ыдыста), тарихи жатыс септігінің жалғауы болғанмен, үстеу жасайтын жұрнақ ретінде (ерте-де), зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ (белгү-де-ді – белгіледі, таңбалады) болып қолданылады. Ал -да қосымшасынан айырмашылығы туынды етістіктер үстеу жасайды (кел-үр-де), барыс септігінің жалғауы қызметін атқарады (йүрү-мек-де – жүрмекке асықты). Күрделі қосымша құрамында зат есімге жатыс септігі жалғауы жалғанып, үстеу, үстеуге -кі жұрнағы жалғанып, сын есім жасау қызметі ғана бар (көл-де-кі, йүзін-де-кі);

6) *-дур* жіктік жалғауының III жағы (айт-а-дур, йон-а-дур), өзгелік етістің жұрнағы (аз-дур, ас-дур) грамматикалық мағыналарын береді;

7) *-ды* қосымшасы табыс септігінің (ақ-ды), жіктік жалғауларының (айыб-ла-ды, бут-ра-ды) және етістік жасайтын жұрнақ (ар-ды) қызметтерін атқарады;

8) *-дын* 2 септік жалғауының қызметін атқарады: алғашқысы ілік септігінің жалғауы -дың формасымен қатар қолданылса (адаб-дын, йайдын), екіншісі шығыс септігінің жалғауы (бiһушлық-дын – сезбестіктен, ағрық-лықдын – ауырулықтан, телбе-лік-дін – есуастықтан). -дын қосымшасы жазылу мен оқылуда -дан жалғауынан қате оқылған болар деп ойлауға бір немесе үш сөз емес, шығыс септігіндегі бірнеше сөздің -дын болып қате жазылуы мүмкін емес;

9) *-ді* қосымшасы жуан -ды қосымшасына қарағанда грамматикалық қызметі кеңірек қолданылған. Мәселен, -ді жіктік жалғауы (ев-ле-нді, ен-ді – түсті), табыс септігінің жалғауы (ер-ді), сын есімнен етістік жасайтын жұрнақ (берке-ді) қызметтерімен қоса, жедел өткен шақтың жұрнағы (ег-ді – иді, ег-іл-ді), зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ (ес-ді – есті) грамматикалық мағыналарын жасайды;

10) *-ек* жұрнағының етістіктен зат есім (бөлек), сын есімнен сын есім (ек(г)і-з-ек) жасайтын жұрнақ сипаттары бар. Түркі тілдерінің тарихи грамматикасын зерттеушілер көптеу категориясының көптік формасының – лар (-лер), - дар (-дер), тар (-тер) дегендерден басқа -т және -з формалары болғандығын дәлелдегені белгілі. Егізек туынды морфемасының құрамындағы -з қосымшасы жайлы біршама ойлар өрбітуге болатын сияқты. Сөз түбірінің екі екені, оған жалғанған -з қосымшасының жұптық мағына беретіндігі, бұл форманың (егіз) түркі тілдерінде актив қолданылатыны түсінікті. Сирек болса да қолданылатын егізек сөзі (кісі есімінде қолданылатын Тоғызақ) -ек (-ақ) жұнақтарының сын есімнен сын есім жасауы -з көптік мағынасы көмескіленіп, сын есім жасайтын жұрнаққа айналғаны, сын есім жасау мағынасы заттанғандықтан, егіз сөзіне -ек (тоғыз сөзіне -ақ) жалғанып, сын есім жасалады. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде з дыбысынан сөз басталмайды және аяқталмайды. З ұяң дауыссыз дыбысы көптік жалғау қызметінен сөздер түбіріне кіріге бірігіп кеткен. Мысалы, біз, сіз, көз деген есім сөздер, жалғы-з, ек(г)і-з, тоғы-з, оты-з, алпы-с(з), жетпі-с(з), жү-з сандық мәнді және сан есім сөздер;

11) *-ер* жұрнағы сөзге келер шақ есімше жұрнағы (кел-ер), зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ (ес-ер) грамматикалық мағыналарын үстейді;

12) *-кі* жұрнағы жалаң формада 2 грамматикалық мағына жасайды: тұйық етістік жұрнағы (күр-кі-ре+кі – күркіреуі), үстеуден үстеу жасайтын жұрнақ (астыда-кі, ерте-кі – ертегі), күрделі формада да 2 грамматикалық мағына береді: одағайдан етістік жасайтын жұрнақ (күр+кі+ре-кі – күннің күркіреуі), есімнен етістік жасайтын

күрделі жұрнақ құрамында (бір+кі+т-кен – байланған) болады;

13) *-құр* жұрнағы өзгелік етіс жұрнағы (аз-құрды), етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ (йам-құр – жаңбыр: йам – жамылу, жабу) қызметтерін атқарады;

14) *-ла* қосымшасы тек қана жұрнақтық, яғни сөзден сөз тудыру қызметін атқарып, жалаң жұрнақ санатында: бейтарап сөзден етістік (йоқ-ла), сын есімнен етістік (ағыр-ла, йах-шы+ла-ды, йалдуз+ла-ған), зат есімнен етістік (йағ+ла-ды – майлады, йашын+ла-ды – найзағай ойнады) жасайды. Күрделі жұрнақ (-ла+ш) құрамында келіп, зат есімнен етістік жасау арқылы ортақ етіс жұрнағы қызметін атқарады.

15) *-ле* жалаң жұрнақ ретінде 4, күрделі жұрнақ ретінде 4, яғни 8 грамматикалық мағынаның жасалуына негіз болатын актив және мағынаға бай қосымша. Бұл жұрнақ жалаң формада: зат есімнен етістік (ейер-ле-ді – ерттеді, йүң-ле-ді – жүндеді, қауырсынын жұлды), туынды зат есімнен етістік (бер-ім+ле-ді-лер), сан есімнен үстеу жасайтын жұрнақ тарихи тұрғыда барыс септігінің жалғауы (бір-ле), сын есімнен етістік (ерке+-ле-ді) жасаса, күрделі формада: есім сөзден етістік жасайтын жұрнаққа өздік етіс жұрнағы (-мен, -пен көмектес септігі жалғауының қызметіндегі бір-ле+н), зат есімнен етістік жасайтын жұрнаққа өздік етіс жұрнағы (йүк-ле+н-міш – үймелеген, көңүл-ле+н-ді), сан есімнен етістік жасайтын жұрнаққа тәуелдік жалғау, оған тәуелденген табыс септігінің жалғауы (ек-е-ле+сі-ні – екеуін) және зат есімнен етістік жасайтын жұрнаққа ортақ етіс жұрнағы (бег-ле+ш-ті) жалғанады;

16) *-лүк* жұрнағы: зат есімнен сын есім (белгүлүк, йүң-лүк – түстес, зат есімнен зат есім (йегүлүк – тамақ, ауқат) жасайтын қосымша;

17) еріндік -лүк жұрнағының жуан, езулік варианты *-лық* 5 грамматикалық мағына беруге қатысты: зат есімнен сын есім (йағ-лық, ат+лық-лар – аттылылар), етістіктен зат есім (ағры-лық, білме-с-лық), зат есімнен зат есім (дост-лық, душман-лық), зат есімнен үстеу (елчі-лық, дузах+-лық-лар-ның), сын есімнен зат есім (йақшы-лық) жасайтын жұрнақтар болып қызмет еткен;

18) еріндік -лүк жұрнағының жіңішке езулік варианты *-лік* сын есімнен зат есім (бійік-лік), етістіктен зат есім (біл-мек+лік), зат есімнен зат есім (джебе+лік-лер – найзашылар, ем-лік, еслік), туынды сан есім (ел-лік – елу) жасайтын қосымша болып келеді;

19) *-ма* қосымшасы: етістіктен зат есім жасайтын (йар-ма – жарма дән, жем), зат есімнен етістік (йа+ма-ды), етістіктің болымсыз түрін (айт+-ма-ды) жасайтын жұрнақтар;

20) -мақ: етістіктен зат есім (йар-мақ), мақсат келер шақ есімше (ағыр-ла+мақ, айт-мақ) жасайды;

21) *-мек* жұрнағының -мақ деген жуан нұсқасынан бір ерекшелігі етістіктен зат есім жасайтын қызметі жоқ. Бұл жұрнақ негізінен есімшенің (йүгүр+мек – жүгірген), мақсат келер шақ есімше (бер-мек, бүт-кер+мек) жұрнақтары болып келеді. -мек жұрнағының тарихи тұрғыда, орта ғасырларда көп мағыналы қосымша болып, қазіргі -ған, -ген есімше жұрнақтарының қызметін атқарғаны байқалады. Аталған жұрнаққа тікелей немесе тәуелденген септік жалғауларының жалғануы (ет-мек+ні), яғни етістіктің септелуі – диахраниялық та, синхрониялық та аспектілерде қарлұқ тілдеріне тән құбылыс;

22) түркі тілдерінде *(-) мен* тілдік бірлігінің тарихи қызметі әр қилы болғандықтан, күрделі категорияға жатады. Мәселен -мен тілдік бірлігі: жіктеу есімдігі, ыңғайластық жалғаулық шылау және көмектес септігінің жалғауы. Жіктеу есімдігінен басқа формалары контексте дыбыстық өзгерістерге ұшырайды (жалғаулық шылау: мен, пен, бен, көмектес септік жалғауы: -мен, -пен, -бен). Бір ғана тілдік бірліктің бойында негізгі морфема, көмекші морфема және қосымша морфема категорияларының болуы осы бір мазмұндық және формалық байланыстары мен ұқсастықтарының себеп-салдарларын айқындауға қиындық келтіреді. Мысалы, жіктеу есімдігінің жіктік жалғауға өзгеруі (мен бара-мын), көмектес септігінің Ахмет Байтұрсынұлының грамматикасында септік түрі ретінде қарастырылмауы, ал жалғаулық шылаудың алғашқы екеуімен этимологиялық, диахрониялық тұрғыларда қандай себеп-салдарлық байланысы бар деген сауалдар әлі де зерделеуді қажет етеді... Оған ескерткіштегі -мен қосымшасының жіктік жалғауының I жағы (ес-ле-ме-с+мен – мен елемеспін), тарихи шығыс септігінің жалғауы (ес-ле-ме-с+мен – мен елеместен) болуы, әсіресе көмектес септігі емес, шығыс септігінің жалғауы болғандығы тағы дәлел.

23) *-мыш, -міш* жұрнақтарының есептік сан есім, (алт-мыш, -йет-міш), өткен шақ есімше (ачыл-мыш чечек – ашылған гүл, йеш-іл+міш – шешілген) жасайтын қызметтері бар;

24) *-ны, -ні* жалғауларының табыс септігінің (ағрық-ны, баш-ны, ауч-ні, ев-ні, берген-ні), тәуелденген есімге табыс септігінің (baha-шы-ны, йахшы-лығ-ы+ны) қызметтерін атқарады. Бұл жалғаулар қазіргі қазақ тілінде тәуелденген есімнің табыс септігінде ғана қолданылады. Түбір зат есімге, есімшеге -ны, -ні болып жалғану қарлұқ тілдеріне тән сипат;

25) *-ның, -нің* қосымшалары ілік септігі жалғауының (айақ-ның, бут-ның, ев-нің, екі-нің) қызметінде ғана қолданылады;

26) *-р* жұрнағы зат есімнен етістік (белгү-р-т-мек), сын есімнен етістік (ескі-р-ді), келер шақ есімше (йаса-р – түзету) жасайды;

27) *-рақ*: қазіргі қазақ тіліндегідей салыстырмалы шырай жұрнағы (асты-н-рақ, йаман-рақ) және тарихи өлі жұрнақ (йап-рақ, топ-рақ) болып келеді;

28) *-ре* одағайдан етістік (күк-ре-ді – күркіреді), зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ;

29) *-сүн* – бұйрық рай етістік (бер-сүн), етістіктен зат есім (бүрке-сүн) жасайтын жұрнақ;

30) *-сыз* зат есімнен сын есім (йамғур-сыз, ағрық-сыз), бейтарап сөзден сын есім (йоқ-сыз) жасайтын жұрнақ қызметтерін атқарады;

31) *-сы, -сі* негізінен дауысты дыбысқа да, дауыссыз дыбысқа да аяқталған зат есімге жалғанумен қатар, бұл жалғауға жалғанатын септік жалғаулары, мәселен, барыс септігі -на болып та, -қа болып та, -ға болып та жалғана береді (ата-сы-ға, дуа-сы-қа, дуға-сы-на, йақа-сы-ны). Ал қазіргі қалыптасқан заңдылық – ол сөз тәуелдік жалғаулы болса, оған -на, -не ретінде септеледі;

32) *-т* жалаң қосымша ретінде үш қызмет, күрделі қосымша ретінде екі қызмет атқарады. Жалаң қосымша: өзгелік етіс жұрнағы (йада+т-ты-жүдетті, ері+т-ті), жіктік жалғауының III жағының қысқарған түрі (бар-а+т), зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ (ел-т: ел-қол, елт – қолға алу; ел+т-ті – қолға алып апару). Күрделі қосымша: -т+қа сын есімнен етістік жасайды (йум-ур+т+-қа), -т+(т)і етістіктің рай жұрнағына жіктік жалғауының III жағы жалғанып (берк-іт+і – бекітті, берік етті), қазір өлі жұрнаққа айналған қосымша сөз жасайды;

33) *-ты, -ті* жіктік жалғауы (айт-ты, ек-ті), зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ (ес-ті) қызметтерін атқарады;

34) *-ур* келер шақ есімше жұрнағы (айт-ыл-+ур), өзгелік етіс жұрнағы (ас+ур-ды) болады;

35) *-уқ* етістіктен сын есім (аш-уқ, йез-уқ, йар-уқ), етістіктен зат есім (йап-уқ – жабу, көрпе, йыт-уқ – киік жатағы), зат есімнен етістік (йол-уқ) жасайтын жұрнақтар, ал соңғы сөзжасам қазіргі тілімізде негізгі, көмекші морфемаға жіктелмейді;

36) *-үк* жалаң формада етістіктен зат есім (бөл-үк) жасаса, күрделі формада зат есім (көм-үл-дүр+үк) тудырады;

37) *-үл* жалаң күйінде ырықсыз етіс жұрнағы (бөк+үл-ді), күрделі құрамда да ырықсыз етіс жұрнағы (көм+үлдүр-үк);

38) *-үм* жұрнағының өзіндік ерекшелігі етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ (көр+үм-лүк – көрікті, көрім екен, күл+үм-сүн-ді – мырс етті, миығынан күлді, күл+үм-сі-ді – күлімсіреді) болу арқылы сөз негізін жасап (көр-үм, күл-үм), қайтадан сын есім (көрүм-лүк – көрікті), етістік (күлүм-сүн – мырс ету, күлүм-сі – күлімсіреді) тудыруға негіз болады;

39) *-үр* жұрнағы -ыр, -ір, -ур жұрнақтарының дыбыстық варианттары болғанымен, келер шақ есімше (кел-үр, көч-үр), өзгелік етіс (біт-іт+үр-ді) жұрнақтары қызметімен ұқсас болғанмен, етістіктен зат есім жасайтын (көм-үр) қызметінде ерекшелік бар;

40) *-че* жұрнағының басты өзгешелігі – сөз түрлендіруші емес, сөз тудырушы функциясын атқаруында: үстеу жасайды (де-гін-че – дейін), зат есімнен үстеу жасайды (ғаджем-че – парсыша), ортақ етіс жұрнағы компоненті және көсемше жұрнағы болады (егін-ч+е – иықтасып). – че жұрнағының 3 қызметінің жалпы семантикасы – заттың қалып-күйін сипаттау, яғни үстеулік мәнмағына беру екенін бағамдаймыз;

41) *-чуқ* жұрнағының кейбір мағыналары қазіргі қазақ тіліндегі -шақ, -шек жұрнақтарымен ұқсас болғанмен, осы фонетикалық формада қарлұқ тілдеріне тән жұрнақ. Мәселен, оның 2 мағынасы бар: сын есімнен үстеу (йар-ум+чуқ – жартылай, шала), етістіктен сын есім (бул-ған+-чуқ – былғаныш) жасайды;

42) *-чы* және *-чі* жұрнақтары жуан-жіңішке дыбыстық нұсқалары болғанмен, жуан -чы жұрнағының қызмет аясы кең. Оған -чы жұрнағының сөздік материалында 5 мағынада қолданылуы дәлел болады. Олар: етістіктен зат есім (айт-у+-чы, ал-ғу+чы), реттік сан есім (алты-н+чы), сын есімнен зат есім (йалған-чы), зат есімнен зат есім (йағ-чы – май жасаушы, йай-чы-садақшы), етістіктен сын есім (йах-чы – жақсы) жасайтын жұрнақтар. Ал жіңішке -чі жұрнағының сөздік материалында 3 мағынасы кездеседі: зат есімнен зат есім (бөз+чі, біт-ік+чі, ел-чі), етістіктен зат есім (ебедек-чі, ешік-чі, кеме-чі), етістіктің реңк жұрнағы (кеш-чі – кешірші) жасайды;

43) *-шы* көмекші морфемасы фонетикалық комплекс ретінде, қазақ тіліндегі -сы формасы секілді тәуелдіктің III жағы (баһа+шы-ны), етістіктен сын есім жасайтын жұрнақ (йах-шы) қызметтерінде пайдаланылады;

44) *-ы* қосымшасы зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ (араб-ы), тәуелдіктің III жағының жалғауы (ағыз-ы, йазуқ-ы) сипатында қолданылған. Тәуелдік -ы жалғауынан кейін септік жалғауларының тікелей жалғануы (баш-ы+да, боғаз-ы+қа, бас-ы+қа, йаруқ-ы-дын) кең өріс алуы байқалады;

45) *көп қызметті -ық* қосымшасы негізінен есім сөздер жасайды: етістіктен зат есім (айыр--ыл+ық-ы), етістіктен сын есім (ач-ық, йыр-ық) туындайды;

46) *-ым* етістіктен сын есім жасайтын жұрнақ (йар-ым – жарты, ортасы), жіктік жалғауының III жағы (йармақ-ым) қосымшалары болып келеді;

47) *-ын* қосымшасы 4 нұсқада көрініс береді: өзгелік етістің жұрнағы (ал-ын) және -ын қалған 3 нұсқада тәуелдіктің III жағына жатыс, ілік, табыс септіктерінің жалғаулары жалғанады (йан-ын+-да, дост-ын+дын, йазуқ+ын-ы);

48) *-ыш* жұрнағының алғашқы мағынасы ортақ етістің жұрнағы (айр-ыл+ыш-ты-лар), екінші мағынасы етістіктен етістік жасайтын, түрлендіретін жұрнақ болып саналғанмен, төркіні мен тарихы ең кемінде екі іс-әрекеттің бірігуі, қосылуы, яғни ортақ іске айналуында жатыр;

49) *-і* қосымшасының 3 мағынасы зат есімнен сын есім (араб-і), зат есімнен етістік (біт+і-ді: біт – хат, біті – жазу, бітіді – жазды, жазып бітірді) жа-

сайтын жұрнақ болса, қалған 3 форма бір ғана мағынаны – тәуелдіктің III жағына табыс, барыс, ілік септіктерінің жалғаулары жалғану арқылы (елік-і+ді – қолын; бел-і+ге; елік-і-ге; бір-і+дің) көрініс береді;

50) *-ік* қосымшасы тек қана жұрнақтық қызмет атқарады: етістіктен зат есім (бөл-ік), зат есімнен зат есім (біт-ік – жазу), үстеуден етістік (кеч+ік-ді) жасайды;

51) *-ил* ырықсыз етіс (ег+ил-ген – иілген), зат есімнен етістік (күн+іл-е-ді – күндеді, қызғанды) жасайтын жұрнақ қызметін атқарады;

52) 50–позицияда сөз еткен -і қосымшасынан бұл *-і* қосымшасының өзіндік ерекшеліктері бар. Ол өзгешелік есім сөздердің тәуелденіп барып септелуінде байқалады. Мысалы, заттанған сан есімге (бір-і-н, бір-і-н-і, бір-і-н-ге, бір-і-сі-ге) тәуелдіктің III жағына табыс, барыс септіктерінің жалғаулары тәуелдік формада (-н) жалғанады, тәуелдік формамен қабаттасып (бір-і-*сі-ге*), тәуелдік формалар қатарласып (бір-*і-сі*-ге), тәуелдік формаға табыс септігінің тәуелдік формасы мен барыс септігінің негізгі формасы қатар (бір-і-*н-ге*) жалғанады. Қазіргі қазақ тілінде септік жалғауының есім сөзге немесе заттанған сөзге не негізгі формасы, не тәуелдік формасы жалғанады. Септіктің негізгі жалғауы мен тәуелдік формасы қатар жалғанбайды, ал 2 тәуелдік жалғаудың, 2 септік жалғауының қатар жалғануы логика заңдылығына да, тіл ережесіне де қайшы, жат. Оның себебі түсінікті;

53) *-ін* қосымшасы күрделі қосымша құрамында қолданылған: реттік сан есім жұрнағы (беш-ін+чі, ек-ін+чі), тәуелдік жалғау мен барыс септігі қатар келеді (ев-ін+ге);

54) -іш жалаң жұрнақ ретінде 3 грамматикалық мағына береді: ортақ етіс (біт+іш-ті-лер), етістіктен зат есім (кел-іш – барыс-келіс), зат есімнен зат есім (жем-іш) жасаса, күрделі жұрнақ құрамында етістіктен ортақ етіс, одан есімше туындайды (көн-іш+кен).

Түйіндей келе, *біріншіден,* омоним және көп мағыналы, яғни көп қызметті қосымшалар – ең кемінде екі грамматикалық мағына беретін көмекші морфемалар, *екіншіден,* сөздіктегі аффикстердің дені қазіргі түркі тілдерінде, оның ішінде қазіргі қазақ тілінде, кейбір дыбыстық өзгерістермен болса да кездеседі, олардың атқаратын қызметтерінде сабақтастық бар, сонымен қатар бірі актив, бірі пассив қосымшаға айналған, үшіншіден, бұл қосымшалардың тарихи тұрғыдағы қызмет ету динамикасын бажайлауға болады, ретроспективалық өзгерістерін айқындауға мүмкіндік аламыз, *төртіншіден,* кейбір аффикстердің төркінін, этимологиясын тануға болады, *бесіншіден,* түркі тілдерінің еріндік (лабиалды) және тілдік (лингвалды) сингармонизм, қатаң – ұяң ассимиляция заңдылықтарының сақталмауы да байқалады. Оның бірнеше себебі бар: 1) түркі тілдерінің сол дәуірде араб, парсы тілдерімен интеграциялық қатынаста болып, субстраттық, суперстраттық, экстралингвистикалық факторлардың әсер етуі, 2) қарлұқ тілдері қыпшақ, оғыз тілдерінен бөлінген аралық тіл деген болжамды растайтындай, 3) түркі тілдері топтарының тілдік одағының белгісі: негізгі және көмекші аффикстерде қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдеріне тән сипаттардың қатар кездесуі, *алтыншыдан,* басты бір дерек – түркі тілдерінің қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдік бұтақтарына толық жіктелгенге дейінгі ортақ тілдік фактілердің жиынтығы болуы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жалмаханов Ш.Ш. Тіл білімінің тарихы. – Қарағанды: ҚарМУ, 1999. – Б.88. – 203 б.
2. Березин Ф.М. История лингвистических учений. – Москва: Высшая школа, 1975.
3. Жалмаханов Ш.Ш., Толысбаева Ә.Т., Ордабаева З.З. Әбілқасым әз-Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігіндегі омонимдік және полисемиялық қосымшалар //Түркі жазба мәдениеті: тарихи тағлым және тәуелсіздік мұраттары. Өскемен қаласында өткен ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана, 2016. – Б. 85-91.
4. Наджип Э.Н. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. – Туркестан: Туран, 2007. – С. 125-127. – 268 с.

Исебаева Аяужан Толегеновна
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы
ф.ғ.д., профессор,
қазақ әдебиеті кафедрасы,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ «БАТЫРДЫҢ ЖЕТІ БАСТЫ АЙДАһАРМЕН ШАЙҚАСЫ» МОТИВІ

Түйін. Мақалада батырлық ертегілердегі басты кейіпкер мен жеті басты айдаһардың шайқасы мотиві мақаланың нысаны ретінде алынды. Батырлық ертегілерде ең жиі қайталанатын зұлымдықтың символына айналған жеті басты басты айдаһардың символикалық мәні талданды. Бұл мотивтің батырлық ертегілердегі оқиға желісінің негізгі қозғаушы күші екендігіне назар аударылады. Мифтік танымға сәйкес, жеті басты айдаһар бейнесіне батырлық ертегілерден бөлек дастандардан, эпостардан мысалдар келтірілді. Батырлық ертегілер құрылымындағы мифтік танымның, мифтік мотивтер мен бейнелердің тұрақты көрінісі қарастырылды.

Түйін сөздер: батырлық ертегі, жеті басты айдаһар бейнесі, фольклор, мифтік мотив, жылан культі.

Резюме. Главный объект статьи – мотив битва главного героя-батыра с семиглавым драконом. Анализируется символическое значение семиглавного дракона, который стал символом самого повторяющегося зла в героических сказках. Подчеркивается, что этот мотив является главной движущей силой сюжетной линии в героических сказках. Согласно мифическим познаниям, в дополнение к героическим сказкам приводятся примеры из эпопей и дастанов, в которых изображены семиглавый дракон. Рассматривается постоянное проявление мифического познания, мифических мотивов и образов в структуре героических сказок.

Ключевые слова: богатырская сказка, мифический мотив, фольклор, образ семиглавого дракона, змеиный культ.

Summary. The main object of the article is the motive of the battle of the main protagonist fighter with the seven-headed dragon. The symbolic meaning of the seven-headed dragon, which became the symbol of the most repeated evil in heroic tales, is analyzed. It is emphasized that this motive is the main driving force of the storyline in heroic tales. According to mythical knowledge, in addition to heroic tales, examples are given from epics and stories in which the seven-headed dragon is depicted. The constant manifestation of mythical knowledge, mythical motifs and images in the structure of heroic tales is considered.

Keywords: heroic tale, mythical motive, folklore, image of the seven-headed dragon, serpent cult.

Айдаһар – әлемнің барлық мифологиясында өзіндік орны бар мифтік кейіпкерлердің бірі. Айдаһар қос қанатының көмегімен ұша алатын, ұртынан жалын шашатын қасиеті бар, алпауыт күшке ие жылан тектес ерекше түр ретінде мәлім. Қазақ халқының мифологиясында айдаһар көп жағдайда жағымсыз бейнеде сомдалады. Сол себепті, ол зұлым күш ретінде оқырманның санасында қалыптасқан. Мифтік айдаһарды жеке алып қарайтын болсақ, оның бірнеше жануарлардың жиынтығынан құралғанын байқауымызға болады. Мәселен, бір емес, бірнеше бастың болуы (әдетте үш немесе жеті басты айдаһар жиі кездеседі), денесі кесірткеден, я болмаса жыланнан, құстың қанатындай екі қанатының болуы – мифтік айдаһар бейнесін көз алдымызға елестетеді. Батыста айдаһарды зұлымдықтың символы деп таныса, шығыста айдаһар – даналықтың белгісі.

«Айдаһар» сөзінің этимологиясына тоқтала кетсек, географ-геоморфолог Серікбол Қондыбайдың зерттеу еңбектерінде: «Айдаһар» (аждаһа) сөзінің дей-түркілік этимологиясы: мұндағы «ажи» сөзі «жылан», «жылан-баба, әже» дегенді білдірсе, «даһ» сөзі «бастапқы тіршілік көзі, тіршілік иесі, тірі пенде» немесе «тіршілік, өмір беруші» дегенді білдіреді, яғни Айдаһар – «Барлық жанды жаратушы, тудырушы баба, әже», «Жылан-баба» дегенді білдіретін сөз. Бұл тұрғыдан қарағанда, дей-түркілік «Айдаһар» (Аждаһа, Ажи-Даһ, Ажи-Дан) – тіршілікті жаратушы, тәңіриелер мен адамдардың, жалпы тірі мақұлықтардың арғы, түпкі бабасы, «Ұлы Ана» категориясына кіретін мифтік тұрпат» [Қондыбай С., 2008, 520

б]. Көптеген ғалымдар аталмыш мифологиялық айдаһар бейнесінің о бастан немен байланысты, қалай пайда болғаны жөнінде зерттеулер жүргізген. Этимологиялық тұрғыдан айдаһар сөзінің түп-төркінін анықтадық. Ендігі кезекте, мифологиялық тұрғыдан айдаһардың жылан сияқты мифтік кейіпкерлерімен байланысын қарастыру. С.Қондыбайдың пірінше: «Ертегілік» айдаһар – бүгінгі қазақ ертегілері мен аңыздарындағы, хикаяларындағы айдаһар, ал «басқа» айдаһар – реконструкцияланып отырған дей-түркілік мифтік тұрпат» [Қондыбай С., 2008, 520 б.].

Мифологиялық танымда айдаһар жер асты әлемінің тұрғыны және ежелгі адамдардың дұшпаны ретінде қабылданған. Сонымен бірге, алып бәйтеректің тамырын орап жататын алып жылан жер асты патшалығының, яғни өткен шақтың, аруақтар дүниесінің әміршісі.

Әдебиеттанушы ғалым Ж.Аймұхамбет «Ер Төстік» ертегісінің қазақ, қырғыз, татар нұсқаларын салыстыра талдаған мақаласында мифологиядағы айдаһар, жыландар туралы айта отырып, бас қаһарманның Жылан Бапы ханның еліне – жер астына сапар шегуінің мәнін түсіндіреді. Татар нұсқасында аждаһа жыланның Төстікті шақыртуы – өздеріне қауіп төндірген зұлмат күштен арашалау. Төстік бұл шартты орындап шығады [Аймұхамбет Ж.Ә., 2019, 443 б.]. Айдаһармен шайқасып, жеңіске жететін батырға дәлел ретінде көне эпостан мысалдар келтіре кетейік:

Қаруы сай құралды
Бір айдаһар бастаған
Көрді батыр жыланды.
Жеті басты айдаһар
Баланы көріп күш қылды.
Күш қылды да ысқырды,
Ысқырғаннан таймады.... [Бабалар сөзі, 2008, 352 б.].

Мекен еткен су ішін
Жеті басты айдаһар–
Суда жатқан жылан бар.
Құр қайғыдан пайда жоқ,
Уайымменен болма зар [Бабалар сөзі, 2008, 352 б.].

«Құбығұл» жырында жеті басты айдаһар кездеседі. Бірақ ол негізгі кейіпкер емес. Басты назар аударатын деталь – жеті басының болуы. Жеті санының қазақ халқы үшін киелі екендігі мәлім. Жеті санына қатысты тілдік қолданыста көптеген тіркестер мен ұғымдарды кездестіруімізге болады. Мәселен, жеті қазына, жеті қат көк, жеті жұт, жеті амал т.б. Қазақ халқының ежелгі таным-түсінігі мен санасына сәйкес жеті санын қастерлеп, өзінің тұрмыс-тіршілігінде болсын, салт-дәстүрінде болсын жиі қолданады. Қазақ батырлық ертегілерінде жеті басты айдаһардан бөлек жеті басты жалмауыз, жеті басты дәу т.б. кейіпкерлер де көптеп ұшырасып жатады. Қазақ халқы киелі сандарды, қасиетті ұғымдарды тек қана жақсылыққа ғана қолданбай, дұшпанның күшін, қаһарын көрсету үшін де қолданып отырған. Айдаһар – алып күш иесі, жер асты әлемінің қара ниетті зұлматы. Жеті басы саны арқылы айдаһардың алапат күшін, үрейлілігін, кемеліне келіп тұрған зұлмат күштің сипатын көрсете білген. Ал аузынан шашқан оты арқылы әлемнің жаратылысындағы төрт стихияның бірі – оттың жоюшы, жоқ қылушы стихия екенін шебер көрсеткен. Міне, халық даналығы жақсы мен жаманның арақатынасын көрсетуде киелі, қасиетті ұғымдардың өзін жағымсыз бейнелердің айналасында шеберлікпен қиыстырып көрсете білген. Айдаһардың жеті басының болуы, аузынан от шашқан әрекетінің көрінісі осы танымға байланысты болса керек.

Стеблева И.В. айдаһарға қатысты келесідей пікір білдіреді: «Жылан бейнесінің ары қарай дамуы болып табылатын айдаһардың бейнесі бүкіл әлемде кеңінен таралған. Екі бейненің де негізгі мифологиялық мазмұны ұрпақ идеясы мен су элементінің байланысы» [Стеблева И., 2002, 102]. «Құбығұл» эпосында жеті басты айдаһардың мекені – су.

«Қобыланды батыр» жырында жеті басты айдаһарды былай сипаттайды:

Баян етіп сөйледі:
– Тау басында көрінген
Домаланған қара бұлт
– Айдаһардың сырты екен.
Тау басында көлеңке,
Анау тұрған екі оба
– Айдаһардың ұрты екен.
Жанып тұрған от жалын
– Аузынан шыққан лебі екен.
Мұнартқан аспанды
– Танауының демі екен.
Тау басында жалтырап,
Көрініп тұрған айдын көл
– Айдаһардың көзі екен.
Алпыс сажын ұзыны,
Иретілген жыландай,
Сол залымның өзі екен [Бабалар сөзі, 2006, 544 б.].

Жоғары мысалда көрсетілгендей айдаһарды ерекше алып ретінде танытқан. Бұл өлең жолдарында ұлғайта суреттеу тәсілі қолданылған. Тыңдарман не оқырманға ерекше әсер сыйлау үшін және оның назарын өзіне тікелей аудару мақсатында қолданған. Айдаһардың денесін үлкен қара бұлтқа теңеуі, екі обаның айдаһардың ұрты болуы, от жалынның айдаһардың лебі болуы, айдын көлдің айдаһардың көзі болып суреттелуі оқырманның қиялын дамытып қана қоймай, айдаһардың соншалық үлкен екендігін түсіндіреді. Батырлық дастандарда халықты қорғаушы батырлардың бейнесін қалай ұлықтап көрсетсе, әлемді жоюшы, жағымсыз образдағы айдаһардың бейнесін де батырлардан кем көрсетпеген.

Қазақ фольклорының сюжетінде кездесетін айдаһардың мекені жақын жерде болмайды. Батыр сол айдаһардың мекенін табу үшін міндетті

түрде алыс-алыс жолдардан, шөлейт жерлерден, одан қалса биік тауларды басып өтіп қана жете алады. Мысалға «Қарасай, Қази» жырында жеті басты айдаһардың мекенін былай сипаттайды:

Сонда кемпір сөйледі:
– Алпыс күндік жолы бар,
Алты күндік шөлі бар,
Күйгентаудың басында
Айдаһардың іні бар.
Жеті басты айдаһар
Сол арадан табылар [Бабалар сөзі, 2007, 448 б.].

Бұл мысалдан көргеніміздей, айдаһарды табу батырдың ұзақ сапарға шығу мотивімен тікелей байланысты. Батырдың айдаһарды табуы оңай болмайды. Сол жолда талай сыннан, талай қауіп-қатерден өтіп, өзін шыдамды, шымыр екенін дәлелдеп қана батыр алыстағы мекенге жетеді. Басқаша айтсақ, айдаһарға апаратын жол – нағыз батыр екеніңді дәлелдейтін жол. Осы тұста басты назар аударатын нәрсе – жамандықтың жасырын жатуы және оны тек алып күш иесі, дана ойдың көсемі ғана жеңе алуында.

Келетініңді білгенмін,
Топырақты өртеп, тасты жандырдым,
Бұған да сен қайтпадың.
Құйрығыммен жер сабап,
Жер өртеп, тасты жаудырдым,
Бұған да сен қайтпадың,
«Қайтамын»,– деп айтпадың [Бабалар сөзі, 2007, 448 б.].

«Қарасай, Қази» жырында батырдың келе жатқанын сезген айдаһардың өзі батырды сынамақ болып, топырақты өртеп, тасты жандырса да, батыр өз дегенінен қайтпады. Келгендегі мақсаты – жерік болған жеңешесіне айдаһардың жүрегін алып беру. Бірақ басқа сюжеттерден ерекшелігі айдаһармен күш сынаспайды. Айдаһардың өзі құйрығынан бір елі кесіп береді. Айдаһардың бұл әрекетінен кез-келген жаратылыс иесінде жақсы-жаман қасиеттің қатар жүретінін аңғарамыз. Ал батырдың жеңгесіне жерік асын жегізу үшін өз жанын құрбан етуге дайын екендігі – ерлердің адамдық борышының көрінісі, келер ұрпақ үшін жасауға тиіс міндеті екенін ертегі мотивінде астарлап көрсеткен.

«Жалғыз көзді дәу» атты батырлық ертегіде жеті басты айдаһар зұлымдықтың символы ретінде көрінеді. Жыл сайын айдаһар бір елден бір қызды әкетіп отырады. Ағасы патшаның қызына үйленбек болып үйден кетеді. Үш айдан астам уақыт хабар-ошақсыз кеткен соң, інісі ағасын іздеп шығады. Адамдардан сұрастырып, ағасының айдаһарға кеткенін біліп, ол да айдаһардың мекеніне аттанады: «Келсе, үлкен тай қазанның буы бұрқырап суы қайнап жатыр екен. Жеті басты айдаһар қолына түскен адамдарды көгендеп қойып, күнде біреуін асып жейді екен. Ендігі кезек ағасына келгенін біледі. Осы кезде жеті басты айдаһардың қатты ұйықтап жатқан кезі екен. Көгендеулі тұрған ағасын босатып алып, ағасы екеуі жеті басты айдаһармен соғысуға дайындалады. Ұйықтап жатқан жеті басты айдаһардың екеуі екі басын кесіп түсіреді. Қалған бастары өкіріп біреуінен жел, біреуінен су, біреуінен от шығарып, үш күн, үш түн соғысып, батырлар айдаһарды жеңеді» [Бабалар сөзі, 2011, 472 б.]. Бұл оқиғадан өмірдің сырын анық аңғаруға болады. Әйел заты қашанда тіршіліктің жалғасы, берекенің бастауы, ал дәл осы жаратылысты айдаһардың ұрлап әкетуі – жақсылықты жоюшы қара ниетінен туындаған әрекет. Қыздарды қорғау үшін батырдың аттануы – бүкіл елдің тірегі ер адамдар екенінің көрінісі. Ал батырдың өзі айдаһардың құрбанына айналуы – үнемі жақсылықтың салтанат құрмайтынының дәлелі. Көмекке батырдың інісі келуі – бірлік бар жерде ғана жеңіс болатынын айқын көрсетіп тұр. Ал екі батырдың бір айдаһармен үш күн, үш түн шайқасуы – оқиғаның шарықтау шегі. Жамандықтың тамыры терең, қараңғы жердің астында жасырулы, оны жеңу өте қиын екенін екі батырдың қанды шайқасы арқылы әсем үйлестіріп берілген. Айдаһардың бейнесі арқылы жақсы мен жаманның арасы кезек-кезек алмасып көрініс беріп отырады.

Айдаһардың қызды алып қашуы славян ертегілерінің сюжетінде жиікездеседі. В.Я.Пропптың айтуынша «Көне танымға сәйкес генетикалық тұрғыдан өлімге қатысты кейіпкер ретінде Жылан қызды алып қашады» [Пропп В., 2005, 212]. Бұл мотивтердің әр елдерде қайталануы – мифтік танымның көрінісі. Көне танымның о бастан бірдей болуы, кейін келе кей елдердің фольклорында, тарихында кейбір сюжеттер, мотивтер арқылы сақталып қалса, басқа елдерде уақыттың еншісіне сай көмескіленіп, кейбір ертегілері арқылы ғана бүгінгі күнге дейін жеткен. Бұл жерде жасайтын қорытындымыз, айдаһар бейнесінің барлық әлем елдерінің ауыз әдебиетінде кездесуі – бір түптен тараған сананың, жаратылыстың дәлелі екенін аңғарамыз.

Басты кейіпкердің айдаһармен шайқасы мотиві фольклорда жиі кездеседі. Көп ертегілерде ол сюжеттің шарықтау шегі не болмаса негізгі оқиғасы ретінде көрінеді. «Құлатай батыр» атты батырлық ертегіде басты кейіпкер мен айдаһар былай сипаталады: «Бір сағаттан соң айдаһардың келе жатқанын көрді, алдынан қарсы шықты. Құлатай батыр ақ алмасын қолына алып, қарсы келген айдаһардың басын опыра шабады, басын кесіп алады. Үшеуінің алдына басты бөліп тастайды» [Бабалар сөзі, 2011, 472 б.]. Бұдан батыр міндетті түрде жеңіске жетеді. Тіпті көптеген батырлық ертегілерде батыр мен айдаһардың шайқасы болып та үлгермейді. Батыр бірден қылышымен айдаһарды қақ жарып өлтіреді. Мысалға, «Олай болса, осы ажалдан құтқарайын» – дейді Сарыат. «Ол үшін бір қылыш, бір семсер әкеліңдер!» – дейді. Жаңағылар қуана-қуана қылыш пен семсерді әкеліп береді. Сарыат барып,

айдаһардың ауызынан салған қылышты артынан бір-ақ шығарады» [Бабалар сөзі, 2011, 472 б.]. «Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыалпаң» атты ертегісінен үзінді келтірсек: «Мен айдаһарды құдықтан шыққанда қақ айырып жығайын! – дейді. Сонымен Аюалпаң қылышты қақитып қолына мықты ұстап алып тұрды. Ұзын ақ сырықтай болып шыға салысымен Аюалпаңды жұтты да жіберді. Есінен танып Аюалпаң аузынан тіліп отырып, құйрығынан бір-ақ тіліп шығады қолындағы қылышпенен. Айдаһар өлді, оны Аюалпаң көмді» [Бабалар сөзі, 2011, 472 б.]. Аюалпаң батыр жермыстанды табу мақсатында арқан байлап құдыққа түседі. Өзінің дұшпанын жеңгеннен кейін ағаларынан сатқындық көріп, құдықтан шыға алмай қалады. Бір қыз ақылын айтып, сол құмырсқадай жолмен сырғанай жүріп жер астына түсіп кетеді. Жер астында бір ел бар, олар айдаһардан қорқып, құдықтан су ала алмай жүреді. Аюалпаң ойланбастан құдықтан айдаһарды шығарып, оңайлықпен жеңіске жетеді. Бір ғана айдаһардың бүкіл елге зәбір көрсетіп жүргені, батырдың өз ағалары жарға жығуы – қара ниетті зұлымдардың жиынтық бейнесі, айдаһардың образы арқылы, ағаларының әрекеті арқылы астарлы ой берілген.

Батырдың айдаһармен шайқасын «Делдаш батыр» атты батырлық ертегісінен үзінді келтірсек: «Жауыздыққа жаны қас Делдаш қорықпастан атынан түсіп, алмас семсерін қолына алып, жуандығы атан өгіздей, ұзындығы екі арқан бойындай келетін айдаһардың жанына барыпты. Айдаһар бәйтеректен түсіп, Делдашты жұтпақ болыпты. «Қане, мықты болсаң жұтшы», – деп ұзын алмас семсерін көлденең ұстап, Делдаш қорықпай айдаһардың аузына кіріпті. Алмас қанжар айдаһардың езуінен тіліп, құйрығынан бір-ақ шығыпты» [Бабалар сөзі, 2011, 472 б.]. Жоғарыда келтірілген мысалдарда батыр мен айдаһардың шайқасын келтірсек те, батыр өзінің қаруымен айдаһарды оңай жеңеді. Қай ертегіні алып қарасақ та, бірнеше күндерге созылған жекпе-жек суреттелмейді. Тіпті оқырман да батырдың жеңетін сезіп отырады. Батырдың айдаһарды жеңуі – шарт, міндетті. Батырдың дұшпаны – айдаһар, айдаһарды жеңу арқылы батыр өзінің мақсатына жетеді.

Батырдың қаруы – қылыш немесе садақ. Батырдың садақты қолдануы да ұтымды әдіс. Қашықтықты сақтай отырып, дұшпанды алыстан атып жеңіске жетуі әлдеқайда тиімді. «Ұйықтап жатқанда, бір уақытта қатты ысқырған дауыстан ояныпты. Қараса, ұзыны мен көлденеңі бірдей бір дәу айдаһар екен. Ысқырып, ағашқа шығып бара жатқан айдаһарды көріп, садақпен тартып қалады. Айдаһар екі бөлініп жерге түседі, онан соң өзі ағашқа шықты» [Бабалар сөзі, 2011, 472 б.]. Айдаһарды жеңу барысында батырлардың қарулары міндетті түрде аса үлкен қызмет атқарып отырған. Бұл – адам жалаңаш қолмен жеңіске жете алмайды деген түсініктен туса керек. Батырдың өзі қанша жерден алып күш иесі болса да, қарусыз жеңіске жете алмаған. Сол сияқты адам қаншалықты санасы болса да, ақылсыз нәтижеге жете алмайды деген ойдың дәлелі. Олай болса, батырдың күшін қаруы арқылы әсірелеп беру – ұлттық құндылықтардың заттық көрінісі болып тұр.

Тағы бір назар аударатын деталь – айдаһардың жер астында мекен етуі. «Жарты Төстік» атты батырлық ертегінің басқа ертегілерден айырмашылығына тоқтала кетсек. Бұл ертегінің сюжетінде 2 жерде айдаһар бейнесі кездеседі. Бірінші айдаһар қалыпты сюжеттегі самұрық құстың балапанын жеуге өрмелеп бара жатқан айдаһардың бейнесі болса, екінші айдаһардың бейнесі – нағыз зұлымдықтың иесі. Бірінші айдаһарды батыр садақпен атып оңайлықпен жеңеді. Балапандарын құтқарып қалған батырға Самұрық құс қол ұшын беруге келіседі. Сондағы батырдың өтініші: «Жарты Төстік айтты: «Қатар-қатар көшіп бара жатқан ел көрдім. Бірінші, өңкей ұл- қыз ән салып кетіп барады. Екінші, жігіт-келіншектер, үшінші, қарттар, кемпірлер бәрі де өлең айтып кетіп барады. Соларды іздеп келемін. Содан кейін жердің астындағы жалғыз көздінің қой мойынды Құлашолағын іздеп келемін», – деді.

Сонда Самұрық құс айтты: «О, досым, бірінші іздеп келе жатқаның ел, ол өтіп бара жатқан дүниенің гүлі – сағым, оған тірі түгіл өлі де қосылмайды», –деді.

«Ал енді, ана жер астындағы жалғыз көздінің қой мойынды Құлашолағын алам десең, алып барайын, бірақ менің әлім келмейді» [Бабалар сөзі, 2011, 472 б.]. Бұл батырлық ертегінің бір ерекшелігі – Самұрық құстың батырды жер астына алып баруы. Қалыпты сюжет бойынша, әдетте Самұрық құс батырды жер астынан өз әлемі, яғни жер үстіне алып келеді. Бұл оқиға желісі «Ер Төстік», «Аю дәу», «Құлатай батыр», «Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыалпаң», «Делдаш батыр» т.б. ертегілерде көрініс тапқан. Ал «Жарты Төстік» ертегісінде қалыпты сюжеттің кейіпкерлері яғни, Самұрық құс, Бәйтерек, Айдаһар тура сол қалпында қайталанғанмен, тек Самұрық құстың қызметі сәл де болса өзгерген. Біздің пайымдауымызда, самұрық құс – адамның ішкі рухани жігерінің көрінісі болып тұр. Олай деуімізге себеп, батырды жер асты әлеміне алып баруда ішкі жігерінің оянуы – рухтың әсері. Ал самұрық құсқа тіл бітіп, батырмен сұхбаттасуы – шындап келгенде батырдың ішкі толғанысының өз ойы арқылы сыртқа шығуы. Ертегі мазмұнында мұндай тұстарды әсерлі етіп беру үшін міндетті түрде самұрық құстың бейнесіндей қосымша образдарды пайдалану – өзінен-өзі түсінікті жағдай.

Көркем шығармада уақыт көп өлшемді болуы мүмкін. Көркем уақыттың бұл қасиеті, біріншіден, авторы бар және оқырманның қатысуын, екіншіден, шекаралары: басталуы мен аяқталуы болатын әдеби шығарманың табиғатымен байланысты. Осылайша, мәтінде екі уақыт осьтері пайда болады. Олар «оқиғаларды баяндау осі» және «сипатталған оқиғалар осі» [Бахтин М., 1975, 89 б]. Сондықтан да уақыт пен кеңістік бірге үйлесім таба отырып әрекет еткенде автордың нақты мақсаты айқындалады. Соны Абайдың өлеңдерімен мысал келтіре отырып талдасақ. Демек, Абай сөзінің магиясы күшті. Ол негізінен ақын жанының нәзіктігі, басқа субъектілердің өмірлік уайым, қасіретіне ортақтастық көңілін бүкпелемей, ашы да болса, шынайы жариялай білуінде.

Өлімнің хақ екені рас. Оның өзі әр ұлт өмірінде түлі салт-жоарғылар арқылы іске асып отырады. Бұны ақын уақыт пен кеңістік тұрғысынан оқырманына қалай жеткізіп тұрғанын талдайық.

– Жас қартаймақ, жоқ – тумақ, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек [Абай., 2016, 23 б].

Абайдың бұл өлеңінде сан мен сапа ұғымының арасындағы тартыс орын ала отырып философиялық түйіндеулермен қазақ өміріндегі қазаға қатысты салт-дәстүрлерді уақыт пен кеңістік тұрғысынан көз алдымызға әкеліп көрсетіп тұр. Абай бүкіл философиясының алтын қазығын мына өлең жолдарымен нақты береді.

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауатпен майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма? Нақты, айқын таным. Сонымен бірге бүтін бір өмір, ұлт, ел, тағдыр, адам болмысының уақыт сапына кіре отырып қазақ деген жер бетіндегі халықтың ұлттық құндылығы мен танымын көрсетеді. Бұл өлеңде айқындау мен алмастырудың көркемдік-эстетикалық бояуға бай. Осы тәсілдің ойындық табиғаты шығармадағы қайғылы атмосфераны өткір динамизммен суреттелген. Суықтық, үнсіздік, қараңғылық референттері уақыт пен кеңістіктің адам санасы арқылы қабылданатын екі полюсі арасындағы ымырасыз суреттер қоюлығымен психологизм мазмұнын аша түседі. Қорқыныш, үрей, шарасыздық, тәуекел эмоциясы тіршіліктің шідерсіздігі жайлы модернистік эстетикаға тән жатсыну философиясымен тамырластық табады [Майтанов Б. 2010. 82 б].

Салт-дәстүрдің, ұлттық құндылықтардың таусылмас қазына, мұра екенін айттық. Енді сол мұраны болашақ ұрпаққа үйрету, жеткізу әр адамның парызы, борышы. Бұл туралы М.Қалдыбаевтың «Ұмытылмас кездесулер» атты кітабындағы «Әке» атты бөлімде Бауыржан Момышұлының мынандай сөздері берілген: біреудің сөзін байқау, оған мән беру, адам тану жағынан әжемді алғашқы ұстазым деп білемін. Кейінгі ұстаздарымды да жоққа шығармаймын. Олар – әжемнің тәрбиесін жалғастырушылар. Анамның үш жасымда қайтыс болғанын «Ұшқан ұядан» білерсіндер. Ұзын бойлы, қызыл шырайлы, сұлу кісі екен.

Білім құмарлылыққа тәрбиелеген ұстаздарымның бірі – әкем. – Ей, мынаны біл, мынаны тыңда, – деп бағыт-бағдар беретін. Қонақ келсе қумайтын. Жалғыз ұлы болғандықтан ба мені қа-

сына ертіп жүретін. Үйде Мұхтасар, Сұрмерген, тағы басқа қисса кітаптары болатын. Сұрмергенді жатқа білетін. Оны Момынқұл көкем де, мен де жатқа білетінбіз».

Біз батыр жазушының бұл сөздерінен атадан мұра болып келе жатқан, бойымыз мен қанымызда бар үрдістер мен салт-жоралғылардың басты көрініс алатын орны, сақталу жолы ол – әдебиетіміз және ата-анамыздың тәлім-тәрбиесі екеніне көз жеткіземіз. Адам болмысындағы барлық құндылықтар мен қасиеттер оның еңбегінен, жасаған жұмысынан көрініп тұрады. Өйткені қанға сіңген қасиеттің, болмыстың сонау Орхон жазбаларынан, фольклор, ауыз әдебиетінен бастап қазірге күнге дейінгі ақын жазушыларымыздың әдеби шығармаларының негізгі күре тамыры болуы осының дәлелі. Әдебиет, тіл арқылы әлемнің тілдік бейнесін беруге болады, өйткені сөз өнері жүректің түкпіріне бойлай алатын бірден-бір әмбебап дүние.

Осы тұста Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя», Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» сынды көркем туындыларына талдау жасайтын боламыз.

Адамзаттың жаратылысынан орын алып келе жатқан, халқымыз үшін аса маңызды салт-дәстүрлеріміздің бірі – үйлену және отбасылық салт-дәстүрлер. Қызын қияға, ұлын ұяға қондыру халқымыздың өміріндегі басты міндеттердің бірі болған. Шариғат дәстүрлерінің шеңберінде өрбіген қыз ұзату, қыз беру жолы ұлтымыздың өте үлкен мән беруімен жүзеге асатын айрықша салт-жоралғыларымыз арқылы іске асады.

Бұл ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан жақсы әрі жарасты дәстүрлердің бірі. Жігіттің әкесі немесе оның жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі яғни бойжеткен қызын сұрайды. Құдалар құрметке лайық сыйлы адам деп саналады. Қыз әкесі келісім берген соң құдалықтың жөн-жоралғыларын жасайды. Оның түрі өте көп, мысалы: құда аттанар, құда тарту, ат байлар, тағы басқа ырымдары мен кәде, алымдары болады. Құдалықты басқарып барған адам бас құда деп аталады. Тұрмыс құратын жігіт пен қалыңдықтың әкелері бір-біріне бауыздау құда деп аталады. құда түсу қазақтың мәртебелі әлі жарасты салт-дәстүрлерінің бірі. Онда түрлі ойын-сауық, әзіл-қалжыңдар айтылады. Екі жақта бірін бірі сынап отырады.

Осыдан кейін қыз айттыру дәстүрі болады. Әр ата-ана өз ұлының болашақ қалыңдығын ерте ойластырады, өзінің теңін іздейді. Лайықты деген адамдарына әдейі барып, балаларының болашағы туралы әңгіме қозғайды, өздерінің құда болу ниетін білдіреді. Мұны қыз айттыру дейді. Бұл жолдың да түрлі ереже, тәртіптері бар [Кенжеахметұлы С., 2000, 3 б].

Салт-дәстүрлердің ішіндегі қыз ұзату дәстүрін Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» повесінде ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүріміздің көрінісін Үбиянның ұзатылу тойы арқылы көрсетеді. Сонда Үбиянның ұзатылар алдындағы ағайын-туманы аралауға аттанғаны да автор назарынан тыс қалмайды: «Тойға екі апта қалғанда Үбиян ағайын-туған, жекжат-жұрағаттармен танысуға аттанады. Әпкемнің қасына екі жігіт, үш келіншек ерді. Байқап отырсам, осынау дәстүрдің үлкен мәні бар екен ғой. Ауылынан аттанып, қызықты дәуренімен қоштасар алдындағы қыздың ең соңғы рет емін-еркін салтанат құруы сияқты екен бұл» [Момышұлы Б., 2005, 94 б]. Бұдан қазақ үшін қыздың орны әрқашан құрметті екенін әрі ұзатылмай тұрып жақындарымен қоштасып алуының маңыздылығын көруге, түсінуге болады. Сонымен қатар қазақ халқы құда болардан бұрын екі жақтың руының бөлек болуына, яғни жеті атаға толмай қыз алысуға болмайтынына басты назар аударған. Бұл туралы Х.Арғынбаев «Қазақ отбасы» еңбегінде былай дейді: «Қазіргі қазақ отбасыларында өте көне әдет-ғұрыптардың кейбіреулері осы күнге дейін берік сақталып келеді. Оның бірі – рулық экзогамиялық дәстүрді сақтай отырып неке құру. Неке құруда экзогамиялық тәртіпті сақтаудың жаңа қоғам идеологиясына ешбір қайшылығы жоқ.

Қазақ халқы жеті атаға толмай қыз алыспайтын. Бірақ республиканың солтүстік-батыс және шығыс жағында 5-6 атаға толысымен қыз алысу төңкеріске дейін де кездесетіндігімен оңтүстік пен Жетісу өңірінде жеті атадан аспай қыз алыспайтындығын айтқанбыз. Дәл осы жағдай қазіргі күнде де сол күйінде сақталып отыр. Айталық Ұлы жүздің кейбір руларының ішінде 10-13 атаға толса да қыз алыспау тәртібін сақтайды. Мәселен, жалайыр тайпасының 12 атасы, албан тайпасының сары, қоңырат тайпасының божбан, жетімдер атты рулары осы күнге дейін өз ішінен қыз алыспайды» [Арғынбаев Х., 1996, 251 б.]. Бұл айтылған пікірден қазақ үшін қан тазалығынан, ұрпақ саулығынан асқан маңызды нәрсенің жоқ екенін көруге болады. Әрі бұл үрдіс қазақ некесі үшін әрқашан өз жалғасын тауып отыр. Яғни бұл жердегі уақыт пен кеңістік ұғымына келгенде еш өзгеріс қалған салт-дәстүрді айқын дәлел ретінде ала аламыз. Қазіргі күнге дейін бұл дәстүрді халқымыз ұстанып келе жатқаны белгілі, бірақ осыны қаламгер қалай жеткізіп отыр бұл өте маңызды. Қазақы таным бұл ұстанымды бірден таниды, себебі ұлттық кодында жаңғырып, сақталып отырады. Сондықтан бұл уақыт тұрғысынан ірі жастағы оқырманға эстетикалық сұлулық сыйлай отырып тәрбиелейді.

Қазақ дәстүрінде ұзатылар қыздың киіміне де ерекше мән берілген. Қалыңдық киімі он саусағынан өнері тамған ауыл шеберлерінің қолынан шығады. Қаламгер оқырман назарын ұзатылып бара жатқан Үбиянға дайындалған киім арқылы ұлттық киіміміздің куә-сырына қанықтыруды мақсат еткені байқалады: «Раушан түстес бүрме

етек көйлекті кигенде әпкемді танымай қалдым. Керемет жарасымды екен. Көйлек сыртынан қынамабел көкбарқыт бешпет киді. Құндыз бөркінің төбесінде үкі желбірейді. Қос бұрымының ұшынан күміс тамшы төгілгендей, арқасында әсем шолпы сылдырайды. Аяғында биік өкше оюлы етік. Мойны моншаққа толы, кеудесін алқа көмкеріп тұр. Аппақ білегінде қос-қостан күміс білезік. Саусақтары сақинамен безенген. Тырнағына аздап сүрме жаққандай көрінді» [Момышұлы Б. 2005. 95б]. Осыған орай қыз ұзатуға байланысты «Сәукеле кигізу» дәстүрінің де ұзатылып жатқан қыз үшін, елі үшін аса маңызды екенін түсінеміз. Әрі сәукеленің әсемделуінің өзі ұзатылып бара жатқан қыздың дәрежесін көрсетіп тұрған. Себебі – сәукеле әйел киімдерінің ішіндегі ең асылы ғана емес, оның жұбайлық өміріндегі елеулі сәтінің естен кетпес ыстық сәті. Бұлғақтап өскен оң жақтағы және ақ босаға арасын аттар арсындағы қимас та қызықты кездің ескерткіші. Олай болса келіншекке сәукеле кигізудің өзі бір ерекше салтанат. Бұған құда-құдағилар шақырылады. Шашу шашылады. Ақ бата арналады. Сәукеле байғазысының бағасы да олқы болмайды. Сәукелелі келіншек ажарлы да базарлы көрінеді. Оны жұрттың бәрі көруге ынтық [Кенжеахметұлы С., 2000, 9 б].

Сол орайда ұзатылар қыз сыңсыма жырын айтады. Онда қыз өзінің туып, өскен ел жұртын, өнеге алған ұясын, босағасын, ата-ана, туыс-туғанымен қоштасу айтады. Әке өміріндегі ерке өмірін, еркелеткен ортасын, өскен күндерін қимастық сезіммен жырға қосады. Сыңсыма – қазақ ауыз әдебиетінің сарқылмас бір бұлағы. Ақылды, алғырқазақ қыздарының сәнді де мәнді өмірлерінің айнасы. Лапылдағын жүрек оттары мен сырлы үндері, ақыл парасатының жауһары. Өз заманының мәуелі бағында піскен бағалы рухани жемісі делінетіні де сол себептен олса керек [Уразбаев Қ.М., 82 б].

Осындай қыз ұзатуға жазушы Шерхан Мұртазаның ұлттық негіз мен насихатқа толы «Ай мен Айша» романынан үзінді келтірсек. Бұл туындыдан қанша жыл өтпесін мейлі, қанша рет оқылсын мейлі әр оқыған сайын ана қадірін ұғынумен бірге, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті, заман мен тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-дәстүр арасындағы ашық айқасты көруге болады.

– Ауылымды сағындым... Ауылының қадірін ұзатылғанда білесің,-дейді жеңешем. Сол айтқандай-ақ,- деп күрсінді Айша, – көп ұзамай-ақ мен де ұзатылып, Буырылдың тауын сағынып жүрдім ғой, ah! Бұйрық екен, осы Мұртаза айттырып келген жоқ па....

Буырылтаудың Қыршындысынан таңертең аттандық. Бүкіл Байтана шығарып салған. Жар-жар. Астымда ер-тоқым, құйысқанына дейін күмістеп, зермен жабулап тастаған ақ боз ат. Жолда Күйіктің асуы деген болады екен. Сонда бір аялдап, тағы жүріп келеміз. Қалжыңбас күйеу жолдастар. Осы Жолдасбектің әкесі Сапа деген кісі, жатқан жерің жаннат болғыр, Мұртаза екеуі ажырамас дос еді. Екеуі де боз киініп, боз ат мініп жүретін. Сол бар, тағы көп кісі. Күн бесінде Теріс өзенінен өттік. Сөйтсек, алдымыздан қаптап қарсы алған ел... ең алдымен мені құшақтап сүйіп, сүйемелдеп, жүрген – Баян жеңешем. Күн бата осы Мыңбұлаққа да келіп жеттік қой... Ай заман-ай, ай, арман-ай! [Мұртаза Ш., 1997, 33 б].

Кішкене осы бір мәтіннен қазақ халқының қыз айттырып, қыз ұзатуына қатысты үлкен оқиғаны, көз алдыңа нақты келе қалатын көрініс көруге болады. Сонымен бірге екі шығармадан да уақыт пен кеңістік арасындағы айырмашылық пен ерекшелікті байқауға болады. Халқымыз қызын ұзатқанда бар жасауын жасап, сәні мен мәнін келтіріп, баласын бірінші Аллаға, екінші күйеуіне аманаттап тапсырған. Осы тұста жар-жар ұғымын С.Кенжеахметұлы «Жеті Қазына» еңбегінде былайша түсіндіреді: «Ұзатылатын қыз тойында қыз-жігіттер тобы – кететін қыздың көңілін аулау, бара жатқан жағында да осындай жақсы жайлар болатынын өлеңменен айтысады. Сонымен бірге олар қыздың бақытты болуына тілектестік білдіреді. Мұның бәрі өлеңмен айтылатындықтан Жар-жар қызықты болып естіледі». Жар-жар негізінен әдет-ғұрыпқа, тәлім-тәрбиеге негізделген. Ал қалың мал мен жасауға келетін болсақ, жасау бұл – ең бірінші ата-ананың перзентіне деген жанашырлығы мен қамқорлығының белгісі. Жазушы Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұяда» қалыңға алынатын малдың қайда жұмсалатынын түйіндеп көрсетеді. Олардың жасау-жабдыққа жұмсалғандығын суреттейді. Аяулы әжесі «табақ-аяқ, көрпе-төсек, жасау-жабдықтарын түгендеп, ине-жіпке дейін қалдырмаймын деген сөздерін баяндай келе «қалыңмал қанша көбейсе де, қорамызға тұяқ қосылмай, азая берді. Бәрі жасау-жабдыққа жаратылып жатыр еді» [Кенжеахметұлы С., 2000, 96 б].

Қалыңмал төлеу кейбір зерттеушілердің түсіндіріп жүргеніндей, қызды сатып алу үшін берілетін құн емес, керісінше қалыңдықтың жасауына, сәукелесіне, той малына, кәделі алыс-берістеріне жұмсалатын қаражат көлеміне сай төленетін төлем. Дәстүрлі қалыңмал мынандай бөлімдерден тұрады.

Бас жақсы – түзу мылтық, берік сауыт, қашса құтылатын, қуса жететін бір сәйгүлік және малдығы артық бір түйе. Немесе олардың әрқайсысының орнына 5 ірі қарадан 20 жылқы беріледі.

Қара мал – қалыңмалдың ең өзекті бөлімі. Ірі қара саны бір жиырма, бес жиырмаға дейін барады.

Ілу – қызын тәрбиелегені үшін ұрын барғанда берілетін кәде.

Той малы – қыз ұзату тойына сойысқа апаратын мал, жыртыс және қалыңдық жасауының шығыны. Той малы 20-70 басжылқыға дейін жетеді.

Сүт ақы – қалыңдықтың анасына берілетін 1-7 түйе.

Осы тұста Жігіт-түйе деген дәстүр бар. Немесе қалым түйе, яғни қос түйе. Осының үстінде қалыңдықтың ата-анасы күйеу жігіттен өте сәнді тігілген той көйлегі мен ер тұрман алады [Керімов Ш., Күйеу келтір, қыз ұзат 1992, 38б]. Автор үшін уақыт әлеуметтік-рухани шындықтың жеке тұлға үшін әсерін жеткізе алуымен бағалы. Себебі уақыттың тізбегінде кездейсоқ түйіндер жоқ. Бәрі де тірі нүктелер. Адам үшін оның басталуы мен аяқталуы белгісіз. Алайда өмір жолының әр кезеңі көңіл мекеншағындағы қоғамдық ұстаным, мұраттар безбеніне тартылғанда, сан түрлі көзқарас, толғаныс сипатына бағдар береді. Жеке адам мен ортаның ортақ ымыраға келе алмауы терең драматизмге азық тауып береді [Майтанов Б., 2010, 82б]. Яғни шығармада уақыт пен кеңістік үйлесім таба отырып құрылғанда оқырманға да жетіп, жүрек түкпірінен орын алады.

Ұлттық құндылықтарымыз соның ішінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыз бен наным-сенімдеріміздің орны ерекше. Ұлтымыздың дүниетанымының, сан ғасырлық мәдениетінің жарқын айғағы десек артық айтқан болмас едік. Аталған ата дәстүр, әдет-ғұрыптар ең бірінші тәрбие. Осы себептен де ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу біздің парызымыз. Бұл салт-дәстүрлер қазірде заман ағымына қарай өз жалғасын тауып келеді. Ал әдеби туындылар нағыз салт-дәстүр мен рухани мұраны кеңінен қамтыған құнды жәдігер. Әрбір әдеби шығарма бүтін бір елдің, ұлттың оның тарихы мен тұрмыс-тіршілігінің, әдебиеті мен мәдениетінің көрінісі. Әрбір қазақ қаламгерлері тарихшы екендігіде рас. Сол секілді қазақ халқы туралы сонау тасқа қашалып жазылған жазбалардан, жылнамалардан бастап жырламаған ақын, жазбаған жазушы жоқ. Себебі бұл – заңдылық. Бір елдің салт-дәстүр, әдет-ғұрпын білу арқылы, ол халықтың барлық тыныс-тіршілігінен, өмірінен хабар алуға болады. Ал әдеби туындылар хабар алу мен танымның төте жолы әрі рухани шығармашылық алмасу болып табылады. Осы себептенде қаламгерліміздің шығармалары негізінде рухани және материалдық мұраларымыз эстетикалық тұрғыда көрініс ала отырып өз оқырманын тәрбиелеп қана қоймай, әлемдік деңгейде ұлтымыздың тұғырын биіктетіп отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975. – С. 235
2 Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 2016. – 632 б.
3 Майтанов Б. Абай және уақыт тұғырнамасы. Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №1. – 79-83 бб.
4 Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2000. – 136 бет
5 Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Алматы: Санат 2005. – 175 бет
6 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек). – Алматы: Қайнар, 1996. – 288 бет
7 Уразбаев Қ.М. Бауыржан Момышұлының Ұшқан ұя шығармасындағы ұлттық дәстүрлер көрінісі. Алматы, 2007. – 125 бет.
8 Мұртаза Ш. «Ай мен Айша». – Алматы: Жалын, 1997. – 256 бет
9 Күйеу келтір, қыз ұзат (Құрастырған – Ш.Керімов, филология ғылымының кандидаты) – Алматы: Ана тілі. 1992. – 112 бет

УДК 811(075)

Табакова Зинаида Петровна
д.ф.н., профессор,
кафедра русского языка и литературы,
Северо–Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева,
г. Петропавловск, Республика Казахстан

Имантаева Асия Казизовна
магистрант,
кафедра русского языка и литературы,
Северо–Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева,
г.Петропавловск, Республика Казахстан

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ С КОМПОНЕНТАМИ-ЗООНИМАМИ КАК ПОКАЗАТЕЛИ МЕНТАЛЬНОСТИ В РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

Түйін. Мақалада құрамында жануарлар атауы бар орыс және қазақ тілдерінің фразеологизмдері зерттеленеді. Халық менталдылығын бейнелеудегі фразеологизмдердің рөлі зерттелген. Зерттеу қорытындысы бағдарламасына орыс және қазақ тілдерінде сөйлеушілердің фразеологизмдерді ассоциативтік қабылдауының әлеуметтік сауалнамасы қосылған эксперимент материалдарымен расталды. Өткізілген зерттеу нәтижелері әртүрлі халық өкілдерінің ұлттық сипатын, мәдениет ерекшелігін анықтауға көмектеседі, себебі фразеология айнасында жануарларды этникалық аксиологиялық қабылдаудың бейнеленуі табылды, бұл қолға үйретілген жануарлардың әртүрлі прагматикалық рөлі мен әртүрлі тұрмыс жағдайлары жағынан түсінуге жататын жағдай.

Түйінді сөздер: менталдылық, фразеологизмдер, зооним компоненттері, коннотация, ассоциация.

Резюме. В статье исследуются фразеологизмы русского и казахского языков, в состав которых входят названия животных. Исследована роль фразеологизмов в отражении ментальности этносов. Выводы подтверждены материалами эксперимента, в программу которого включён социологический опрос ассоциативного восприятия фразеологизмов носителями русского и казахского языков. Результаты проведённого исследования помогают выявить специфику культуры, национального характера представителями разных этносов, так как в зеркале фразеологии нашло отражение этническое аксиологическое восприятие животных, что объяснимо с позиций разных условий бытия и разной прагматической роли одомашненных животных.

Ключевые слова: ментальность, фразеологизмы, компоненты-зоонимы, коннотация, ассоциация.

Summary. The article examines phraseological units of Russian and Kazakh languages, which include animal names. The role of phraseological units in reflecting the mentality of ethnic groups is studied. The research conclusions are supported by the materials of the experiment, which includes a sociological survey of the associative perception of phraseological units by native speakers of Russian and Kazakh languages. The results of the research help to identify the specifics of culture and national character of representatives of different ethnic groups, since the ethnic axiological perception of animals is reflected in phraseology, which can be explained by different conditions of life and different pragmatic role of domesticated animals.

Keywords: mentality, phraseological units, components-zoonyms, connotation, association.

ВВЕДЕНИЕ

В современной лингвистике в виду тесного переплетения культур, больших миграционных потоков исследования особенностей языков являются актуальными, человек в контексте подобных исследований выступает как носитель культуры и языка. Методология антропоцентрической парадигмы через призму языка ставит человека главным объектом изучения. Рассматривая человека как творца языковой картины мира, можно приблизиться к пониманию интеллектуальной, эмоциональной, поведенческой модели, которая даёт целостное представление о мире. Близость мировоззрения и общая культура определяют ментальность единого этнического сообщества. Термин ментальность произошел от латинского слова «mens», которое в переводе означает ум, мышление, образ мыслей, склад ума; термин, начиная с конца восьмидесятых годов двадцатого века, получил широкое распространение в гуманитарных и социальных науках.

По мнению Масловой В. А., ментальность – «это миросозерцание в категориях и формах родного языка, которые соединяют в себе интеллектуальные, духовные и волевые качества национального характера в типичных его проявлениях» [Маслова В.Л., 2001, с.49]. В работах Хроленко А. Т. менталитет объединяет составляющую сознательного и бессознательного, рационального и эмоционального, общественного и индивидуального, мышления и поведения, веры и образа жизни человека [Хроленко А.Т., 2004, с.*46*].

Садохин А. П. рассматривает менталитет как относительную целостную совокупность мыслей, верований, которые создали картину мира и скрепляют единство культурной традиции либо общности [Садохин А.П., 2002]. В работе Колесова В. В. «Язык и ментальность» автор называет менталитетом наивно целостную картину мира в её ценностных ориентирах, исследователь считает, что менталитет проявляется «в чувстве, разуме и воле каждого отдельного члена общества на основе общности языка и воспитания» [Колесов В.В., 2004, с.*11*]. Нам представляется, что ментальность формируется в процессе исторического развития и передаётся от поколения к поколению на генетическом уровне. Ментальное мировоззрение представляет собой некую систему способов мышления, включающую сознательное и бессознательное. Эти представления закрепляются в культуре и языке этноса как совокупность взглядов на мир. Сложившиеся представления проявляются на интеллектуальном, эмоциональном, поведенческом, идеологическом и эстетическом уровнях сознания этнической личности.

Через обычаи, традиции, которые народ накапливает столетиями и передаёт из поколения в поколение через привычки и нормы поведения, формирующиеся под влиянием окружающей среды, климата, условий быта, можно проследить отражение национального менталитета через его язык. Каждый язык хранит в себе свою историю, которая накопила огромное количество красивых, метких и удачных выражений, способных украсить язык, сделать его разнообразным, богатым и оригинальным. Образные выражения, сопряжённые с меткими наблюдениями, составили целый пласт языка и получили название фразеологизмов, получивших следующее определение: «Фразеологизм – это общее название семантически связанных сочетаний слов и предложений, которые, в отличие от сходных с ними по форме синтаксических структур, не производятся в соответствии с общими закономерностями выбора и комбинации слов при организации высказывания, а воспроизводятся в речи в фиксированном соотношении семантической структуры и определенного лексико-грамматического состава» [Телия В.Н., 1996*, с.43*]. В лингвистической науке фразеологизмы составили самостоятельный раздел. Знание фразеологии облегчает коммуникацию представителей разных этносов.. Познавая мир фразеологии любого языка, можно понять мышление носителей этого языка, их культуру, а также понять характер человека и мотивы его поведения. Сопоставительный метод изучения фразеологии помогает лучше понять представителей другой языковой общности.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Для решения поставленной задачи был проведён научный эксперимент, который позволил собрать необходимый материал. В проведении эксперимента решалась задача: сопоставить значение и степень употребительности фразеологизмов русского и казахского языков, в составе которых присутствуют зоонимы, существительные, обозначающие какое-либо животное. На протяжении истории человечества жизнь человека тесно переплетается с животным миром, что, естественно, нашло отражение во фразеологии. Наблюдая за животными, человек замечал в них черты поведения и характера, свойственные людям. Российский лингвист Ф. И. Буслаев отмечал, что зоонимы во фразеологизмах могут характеризовать человека с разных сторон [Буслаев Ф.И., 1959]. Кшибеков Д. К. утверждает, что менталитет казахского народа «неразрывно связан с кочевым образом жизни и резко отличается от менталитета народов Европы» [Кшибеков Д.К, 1999, с.*4*]. Для казахов скотоводство служило основным видом хозяйственной деятельности, а жизнь в целом считалась немыслимой без животных, поэтому в казахском языке весьма большое количество животноводческой терминологии вполне обосновано. Кочевой образ жизни предков казахов не мог не повлиять на их особое отношение к животным. Для устройства быта и жизнеобеспеченности кочевников особое значение имели четыре вида животных: лошадь, верблюд, корова и баран. Изучая культуру казахов, ученые М. Ш. Хасанов и Ж. К. Каракузова сделали вывод о влиянии этих животных на формирование мировоззренческих представлений: «лошадь служит символом высшего мира, верблюд символом вселенной, корова символом мира мертвых и, наконец, овца символом материального мира» [Каракузова Ж. К, Хасанов М. Ш., 1993*, с.32*]. Все эти животные у казахов считаются священными. Жизнь кочевника полностью зависела от лошади: лошадь служила средством передвижения при сезонных сменах жилья, лошадь была и одним из основных продуктов питания. Такая разнофункциональность этого животного в жизни человека нашла отражение и в языке этноса. В казахском языке существуют десятки номинаций лошади: по возрасту, полу, масти, назначению, даже по способности плодиться. Например, еще не жеребившуюся кобылу называют байтал, а бесплодную кобылу у казахов называют бедеу бие. То же самое происходит и с наименованием верблюда,

например, годовалого верблюда называют – тайлақ, а трехгодовалого – буыршын/дөнен түйе, кастрированный верблюд тоже имел своё название – атан.

Русские вели оседлый образ жизни, поэтому для них более распространена земледельческая терминология. Лошадь для русских служила средством езды, в соответствии с библейским запретом на христианской Руси не было принято есть конину. Со времён язычества в русской культуре особо почитались медведь, бык (тур), лось (олень), петух, волк, конь. Об этом свидетельствует, например, такой факт: медведей на древнеславянском языке называли комами, и поговорка первый блин комом изначально имела смысл: первый блин комАм, то есть медведям. Медведи просыпались ранней весной, хозяева леса были голодны, а у славян в этот период отмечалась масленица. Считалось, что проснувшееся голодное и потому злое животное необходимо задобрить, накормив его блинами. Мир славянских сказок полон образами различных животных, которые часто выступают в роли проводников и даже активных помощников человека. Волка, например, было принято считать обитателем двух миров: живого/ человеческого и мертвого/ потустороннего. Помимо одомашненных животных, казахи также почитали волка, считалось, что во времена войн волк становился символом отваги и силы. У монгольских и тюркских племён в честь этого животного устраивались скачки [Маргулан А., 1986, *с.31*].

Для выявления национально-культурной специфики ментальности были отобраны фразеологизмы с компонентами-зоонимами в русском и казахском языках. Отбор языкового материала проводился методом сплошной выборки из следующих словарей: Фразеологический словарь русского языка под редакцией А.Н. Молоткова [Молоткова А.Н., 1986]; Фразеологический словарь русского языка под редакцией Е.Н. Телии /Телия Е.Н., 2006], Учебный фразеологический словарь русского языка [Быстрова Е. А., Окунева А. П., Шанский Н. М., *1984*], Ісмет Кеңесбаев Фразеологиялық сөздік [Кеңесбаев І.К., 2007].

Всего для исследования было взято по 100 фразеологизмов из русского и казахского языков.

Приведём некоторые примеры с использованием фразеологизмов с компонентами-зоонимами в казахском и русском языках из сопоставительной выборки:

в казахском языке	в русском языке
Қоян жүрек Аюдай ақыру Қасқыр шапқан қойдай болу Биені бүгімен жұтқан Ақ түйенің қарны жарылды	Волк в овечьей шкуре Козел отпущения Вертеться как белка в колесе Не в коня корм Купить кота в мешке

Результат сопоставления употребительных во фразеологизмах компонентов-зоонимов указывает на то, что в мире русской и казахской фразеологии компоненты-зоонимы имеют разную степень употребительности и разную аксиологическую составляющую. Так, употребление зоонима собака/ ит совпало не только по признаку активности функционирования, но и по частотности употребления с негативной, пейоративной, окраской, которая составляет 56% в обоих языках. Фразеологизмы с компонентом-зоонимом корова/бык/сиыр совпали по признаку частотности в сопоставляемых языках, но в русском языке такие фразеологизмы чаще имеют пейоративную окраску, а в казахском языке мелиоративную, положительную.

Все фразеологизмы с компонентами-зоонимами имеют оценочные/эмотивные коннотации, которые можно классифицировать как позитивные, негативные и нейтральные.

Таблица 1 – Сопоставление по видам коннотаций

Коннотация	Позитивная	Негативная	Нейтральная
Русские фразеологизмы с компонентами-зоонимами	15%	57%	28%
Казахские фразеологизмы с компонентами-зоонимами	40%	35%	25%

Таблица показывает, что в подавляющем большинстве фразеологизмы с компонентами-зоонимами в русском языке имеют негативную коннотацию, тогда как в казахском языке большая часть коннотаций несёт позитивную оценку.

У каждого народа свой национальный менталитет, который оказывает влияние на восприятие мира, на появление особых ассоциаций во фразеологизмах, где присутствуют названия животных. Чтобы попытаться выявить особенность восприятия фразеологизмов студентами был проведён социологический опрос. Для опроса были определены 4 группы студентов, по две группы обучающихся на казахском и русском языке; всего 100 студентов, по 25 человек в каждой группе. Для выполнения первого задания опрашиваемых попросили назвать фразеологизмы, в которых встречаются названия животных.

В русской группе были названы следующие фразеологизмы:

- Собаку съел	- Денег куры не клюют
- Темная лошадка	- Тянуть кота за хвост
- Не гони лошадей	- Как с гуся вода
- Белая ворона	- Волк в овечьей шкуре
- Смотреть как баран на новые ворота	- Живут как кошка с собакой
- Хоть волком вой	- Делать из мухи слона
- Быстрая как лань	- Собака на сене

В казахской группе приведены фразеологизмы:

- Ат шаптырым жер (расстояние в один пробег коня)
- Ит өлген жер (очень далекая/глухая местность)
- Қой аузынан шөп алмас (мухи не обидит-безобидный)
- Қоян жүрек (трусливый человек)
- Ақ түйенің қарны жарылған күн (день большой радости, наступление изобилия)
- Ақсақ қой түстен кейін маңырайды (хромая овца блеет после полудня/о том, кто делает что-то с опозданием)
- Ер қанаты –ат (конь – крылья молодца).

Не все студенты смогли вспомнить такие фразеологизмы. В казахской группе опрашиваемых, которые не смогли назвать ни одного фразеологизма, оказалось в два раза больше, чем в русской группе. Это позволяет сделать вывод, что русские фразеологизмы более активно употребляются в устной речи. Казахи, свободно владеющие русским языком, называли фразеологизмы из русского языка, но не все из них смогли назвать фразеологизмы на своем родном языке. Среди названных в русской группе фразеологизмов 86% идиом оказалось с негативной окраской, а в казахской группе преобладают фразеологизмы с позитивной окраской, они составили 58%. В русской группе среди названных фразеологизмов преобладали фразеологизмы с компонентами-зоонимами – собака, лошадь, кошка, баран, в казахской группе – ат (лошадь), қой (баран).

После социологического опроса был проведён ассоциативный эксперимент, чтобы выяснить, какие ассоциации у молодых людей нашего времени вызывают названные животные. Результаты этого эксперимента помогут дополнить информацию об общих и отличительных чертах восприятия животных у представителей разных этносов. Для сопоставления взяты наиболее распространённые номинации животных. Результаты представлены в таблице 2.

Таблица 2 – Сопоставительный ассоциативный анализ номинаций зоонимов

Название животного	Вызываемая ассоциация у студентов русской группы	Вызываемая ассоциация у студентов казахской группы
Лошадь / жылқы	грациозность	Қымыз (кумыс)
	скачки	Соғым (заготовленное впрок мясо)
	скорость	Қасиетті (святой)
Корова / сиыр	молоко	Сүт (молоко)
	мясо	Қаймақ (сметана)
	рога	Май (масло)
Верблюд / түйе	пустыня	Шұбат (напиток из верблюжьего молока)
	горб	Мықты (сильный, крепкий)
	шерстяные носки	Жүк тасу (возить груз)
Баран / қой	ворота	Жүн (шерсть, пух)
	шерсть	Ет (мясо)
	тупость	Жуас (смирный, спокойный, послушный)
Свинья / шошқа	грязь	Лас (грязь, грязный)
	мясо	Тыйым (табу, запрет)
	запах	Шұжық (колбаса)
Кошка / мысық	милая	Жұмсақ (мягкий)
	хвост	Сүйкімді (милый, приятный)
	ласка	Ерке (любимец, баловень)
Собака / ит	друг	Күзетші/қорған (защита, охрана, крепость)
	защита	Дос (друг)
		Жеті қазынаның бірі (одно из семи достояний, клад)
Волк / қасқыр	страх	Жыртқыш (хищник)
	вой	Орман (лес)
		Қайсарлық (решительность, упорство)

Медведь / аю	сила	Бал (мед)
	спячка	Қорбаң (неуклюжий)
	мёд	Күш (сила)
Лиса / түлкі	хитрость	Қу/құлық (хитрый/хитрость)
	сказка	Өтірікші (обманщик)
Заяц / қоян	трусость	Қорқақ (трус)
		Аңшылық (охота)
		Құлақ (уши)
Гусь / қаз	важность	Май (жир)
	вода	Ақ құс (белая птица)
	перья	Жастық (подушка)

Таким образом, результаты эксперимента можно разделить на три группы: 1) Данные полностью совпали; 2)Данные частично совпали; 3) Данные не совпали. К первой группе относятся животные: корова, кошка, собака, медведь, заяц, лиса. Корова, в первую очередь, для обоих этносов выступает источником пищи. Кошка как домашний любимец ассоциируется с лаской, мягкостью. Собака воспринимается как друг, защитник, медведь – как представитель силы. А лиса и заяц становятся символами таких человеческих черт как хитрость и трусость. У казахов помимо трусости лиса ассоциируется с обманом и предстаёт как хитрое и лживое существо. Ко второй группе можно отнести барана и свинью. Баран служит источником шерсти, необходимого материала для вязания тёплых вещей. Для русских баран является олицетворением тупости, чему способствует и фразеологизм как баран на новые ворота, используемый в тех случаях, когда человек не понимает элементарных вещей. Казахи более мягко оценивают спокойствие барана, объясняя его покорностью и послушанием. Свинья вызывает у обоих этносов негативное отношение из-за её нечистоплотности и любви к грязи. Русские, однако, обожают свиное мясо и сало, а у казахов существует запрет на употребление свинины в пищу. В четвёртую группу вошли животные: лошадь, верблюд, волк. Лошадь в русской культуре ассоциируется с быстротой и скачками, а также является символом знатности. В казахской культуре лошадь считается священным животным и одновременно служит источником пищи. Верблюд у представителей русской культуры вызывает ассоциативное восприятие, связанное с внешностью животного, тогда как у казахов это животное ассоциируется больше с такими его качествами, как сила, выносливость. Волк у представителей русской национальности вызывает страх, казахам он напоминает о мужестве и решительности.

Помимо указанных в таблице слов-ассоциаций, можно отметить в русской группе такие ассоциации, связанные со словом: баран – бешбармак (явное влияние казахской культуры), свинья – беспечность, волк – луна, гусь – праздничный стол, собака – ошейник, заяц – «Ну, погоди!» В казахской группе на слова лошадь, корова, верблюд и баран была приведена одна ассоциация – байлық (богатство), другие слова вызвали следующие ассоциации: шошқа – жағымсыз (противный/неприятный), ит – сүйек (кость), мысық – вискас, аю – маша мультигі, қаз – жаңа жыл, түлкі – колобок.

Данные ассоциации предположительно связаны, во-первых, с влиянием современного информационного пространства на сознание людей, отсюда и ассоциации, связанные с гусем и кошкой: современная традиция готовить на новый год гуся оказала влияние на обе культуры; а вискас – это современное название кошачьей еды; во-вторых, сказалось по влияние соприкосновения лингвокультур, например, русская сказка «Колобок» оказала влияние и на слово-стимул лиса, вызвала у казахов не свойственную им ассоциацию, а казахское национальное блюдо бешбармак у русских вызывает ассоциацию на слово-стимул баран.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Сопостовительный анализ, по данным фразеологических словарей, показал, что в казахском языке фразеологизмов с компонентами-зоонимами намного больше, чем в русском языке, что подтверждают наблюдения о преобладании в казахском языке животноводческой терминологии. Если в русском языке замечено преобладание во фразеологизмах таких компонентов-зоонимов, как собака, кошка/кот, курица/петух, волк, корова/бык, то в казахском языке таковыми компонентами-зоонимами являются зоонимы: ит, қой, ат/жылқы, түйе, сиыр.

Животные, с которыми человек сосуществует на протяжении веков, занимают большое место в жизни человечества. При этом каждое животное в виду особенностей культуры, хозяйственной деятельности, географического расположения этноса воспринимается сознанием человека по-разному и особенности ментального восприятия мира животных отражаются в мире фразеологии. Поэтому фразеологизмы с компонентами-зоонимами могут служить показателем ментальности этносов. Фразеологию можно назвать одним из источников познания национальной ментальности, специфики культуры, национального характера, склада ума. В целом результаты социологического опроса и ассоциативного эксперимента показали, что то, что было заложено традициями предков и в современном обществе весьма актуально, национальное сознание каждого из анализируемых этносов в

целом не изменилось, хотя, благодаря диалогу культур, произошёл некоторый сдвиг в сознании людей.

Изучая фразеологизмы, познавая мир фразеологии, можно лучше понять историю народа, проникнуть в культуру народа, провести её сравнительный анализ с другими культурами, найти взаимосвязи и отличия. Мы думаем, что подобный опрос желательно проводить среди учащихся школ, так как в школах он может дать более полную картину трансформации национальных традиций и представлений.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Буслаев Ф. И. Историческая грамматика русского языка – М., 1959. – 625 с.
2. Быстрова Е. А., Окунева А. П., Шанский Н. М. Учебный фразеологический словарь русского языка. – Л.: Просвещение. 1984. – 271 с.
3. Каракузова Ж. К., Хасанов М. Ш. Космос казахской культуры. – Алматы. 1993. – 236 с.
4. Кеңесбаев І.К. Фразеологиялық сөздік. – Алматы. Арыс. 2007. – 800с.
5. Колесов В. В. Язык и ментальность. – СПб.: Петербургское Востоковедение. 2004. – 240 с.
6. Кшибеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы. Ғылым. 1999. – 200 с.
7. Маслова В. Л. Лингвокультурология. – М.: Изд. центр «Академия». 2001. – 208 с.
8. Маргулан А. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. – Алматы. 1986. – 256 с.
9. Садохин А. П. Этнология. – М.: Русский язык. 2002. – 254 с.
10. Телия В. Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты / В.Н. Телия. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с.
11. Хроленко А. Т. Основы лингвокультурологии. – М.: Флинта: Наука. 2004. – 184 с.
12. Фразеологический словарь русского языка под редакцией А. Н. Молоткова. – М.: Русский язык. 1986. – 543 с.
13. Фразеологический словарь русского языка – онлайн, составитель Е. Н. Телия, 2006 год. – интернет-ссылка – http://rus-yaz.niv.ru/

Толысбаева Ә.Т.
доцент, филология ғылымдарының кандидаты,
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
ademau.tolysbaeva@ayu.edu.kz

Жалмаханов Ш.Ш.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қарағанды медицина университеті,
Қарағанды қаласы, szhalmakhanov@bk.ru

ӘБІЛҚАСЫМ ӘЗ-ЗАМАХШАРИДЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Өз мақаласында автор өзінің алдына шығыстың рухани мәдениетін зерделеуді, оның бай мазмұны оның әлемдік өркениет тарихындағы орны мен маңызын анықтауға, ең танымал немесе сенімді мәдениеттерді анықтауға көмектесетін мақсат қояды. Ол кездегі ұмытылмас ойшылдардың бірі - XII-XIII ғасырларда өмір сүрген аз-Замахшарий. ғылымның әр түрлі салаларында (теология, лингвистика, логика) және көркем әдебиеттің (аңыз, батырлық аккордеон, касида) бай мұрасын (50-ден астам шығарма) қалдырды.

Мақалада ғалымдардың әл-Замахшари туралы жазған еңбектеріне шолу жасалған, әл-оның еңбектері әлі де жан-жақты зерттелмегендіктен, аз-Замахшаридтердің өмірбаяндық ерліктерінің авторы. Мақаланың соңында автор аз-Замахшарийдің шығыстарын араб тілдерінен аудиторлық білімділігі туралы туралы мәсьәле көтерді, менің ғылым деректі ізденудің сені болып табылады.

В своей статье автор ставит перед собой цель изучить духовную культуру Востока, богатейшее содержание которой поможет определить ее место и значение в истории мировой цивилизации, выявить малоизвестных или преданных забвению представителей науки и культуры. Одним из несправедливо забытых мыслителей того времени является аз-Замахшари, живший в XII-XIII вв. и оставивший после себя богатое наследие (более 50 произведений) в разных отраслях науки (теология, лингвистика, логика) и жанрах художественной литературы (легенда, байан, касыда).

В статье представлены данные проведенного обзора трудов ученых о аз-Замахшари, а поскольку его творчество еще не является объектом комплексного исследования, автором определены некоторые факты биографии и творчества аз-Замахшари. В заключении статьи автор ставит вопрос о необходимости перевода трудов аз-Замахшари с арабского языка, что будет способствовать введению в научный оборот различных данных, в том числе и лингвистических, а также связанных с историей тюркологии, в частности казахского языка.

In his article, the author aims to explore the spiritual culture of the East, rich content that will help to define its place and significance in the history of world civilization, to reveal little-known or forgotten devotees of science and culture. One of the unfairly neglected thinkers of the time is az-Zamakhshari, who lived in the XI-XII ss. and left behind a rich legacy (over 50 works) in different fields of science (theology, linguistics, logic) and genres of fiction (legend, bayan, kasida).

The article presents data on our review of works of scientists of az-Zamakhshari, and because his work is not yet subject to a comprehensive study, the author identified some biographical facts and creativity az-Zamakhshari. The article concludes by posing the question of the need to translate the works of az-Zamakhshari Arabic language, which will contribute to the introduction of the scientific revolution in the various data, including linguistic, as well as connected with the history of Turkic, in particular the Kazakh language.

Бұрынғы кеңестік мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары орта ғасырлардағы мұсылман өркениетінің дереккөздерін зерделеу мұсылмандық Шығыстың рухани өмірі мен мәдени дамуы жөнінде мол ақпарат бере отырып, оның әлемдік өркениеттегі орны мен маңызын анықтауға, белгісіз болып келген немесе әділетсіздікпен айтылмай келген өткен дәуірдің өкілдерінің есімдерін паш етуге септігін тигізді. Түркі ұлттары мен ұлыстарына ортақ сондай ұлы тұлғаның бірегейі – XI-XII ғасырлардың тоғысында ғұмыр кешкен Әбілқасым Махмұд ибн Омар әз-Замахшари.

Әрбір азамат – өз заманының нәтижесі, осы тұрғыдан келгенде, Замахшаридың болмыс-бітімі мен қарым-қабілетінің жасампаздық жолда болуының өзіндік тарихи себеп-салдарлары бар. Оған араб білім-ғылымының туу, қалыптасу және даму жолдарына қысқаша шолу жасау арқылы көз жеткізуге болады. Араб ғылымының I дәуірдегі (VII-VIII ғғ.) дамуының орталығы Ирактағы Басра және Куфа қалалары болып, ол қалаларда араб тілі және оның грамматикасы басымырақ зерделеніп, олардың жүйеленуі араб тілінің мемлекеттік тіл және мұсылман дінінің тілі болуымен тығыз байланысты. Араб ғылымының

дамуының II дәуірі VIII ғасырдың соңынан, яғни халифат астанасының Бағдадқа көшірілуімен сабақтас болды. Бұл қала сонымен қатар араб ғылымының орталығына айналды. Мұнда алғашқыда көне және шығыстық қолжазбаларды жинау, оларды араб тіліне аударумен шұғылданды. Ал IУ-X ғасырларда Бағдадта және араб мәдениетінің басқа да орталықтарында жекелеген ғылыми шығармашылық қалыптасып дамыды. Егер XI жүзжылдық «мұсылман мәдениетінің бетбұрыс кезеңі» болса, XII ғасыр зерттеушілердің назарын мұсылман тарихының классикалық дәуірінің таралу кезеңі болып қалыптасты [Науткин В.В., Петровский М.Б., 1981, 15 б]. Араб тілі мемлекет тілі болғандықтан, араб тіліне Көне Греция және Шығыстың классикалық ғылыми және философиялық еңбектері аударылғандықтан, бұл тіл «Шығыстың латын тіліне» айналып, халифат құрамына кіретін арабтардың ғана емес, басқа халықтардың ғалымдары, жазушылары, ақындары арасында кеңінен қолданыс тапты. Басқа халықтардың өзіндік мәдени шығармашылығының өкілі болған олардың шығармалары ерекше ұлттық мәдениеттің одан әрі дамуына негіз салды. XII ғасырдағы араб ғылымының жарқын өкілдерінің бірі, ғылыми өнімдерінің көлемі арабтың көптеген даңқты ғалымдарынан асып түсетін әз-Замахшари болды. Оның ғылыми еңбегін академик И.Ю.Крачковский: «Ол му'тазилиттік сарындағы ірі экзегет (діни мәтіндерді түсіндіруші филолог) ретінде, грамматик, лексикогрф және жоғары стильдегі көркем прозаның авторы ретінде жарқын із қалдырды» деп бағалады [Крачковский И.Ю., 1957, 313 б].

Замахшари 1075 жылы Хорезмде Замахшар деген елді мекенде дүниеге келген, осы елді мекен оның ныспысы болған. Академик В.В.Бартольд өзінің «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» атты іргелі монографиясында X ғасырдың соңғы ширегіндегі араб географы және тарихшысы әл-Магдисиге (әл- Мугадасси) сілтеме жасай отырып, Замахшар «айнала ор қазылған, темір қақпалы, абақтысы бар, көтермелі көпірі мен әдемі үлкен мешіті бар шағын бекіністі мекен болған» деп [Бартольд В.В., 1963, 204 б] суреттейді. Замахшари Орта Азияның өте көне қалаларының бірі Үргеніште оқыды және өзінің саналы ғұмырының көп бөлігін өткерді. Үргеніш, арабша айтқанда Джурджан, X ғасырда солтүстік Хорезмнің астанасы және Әмудариянның сол жағалауындағы ең үлкен қала болды. «Оның төрт қақпасы болды, қақпаларға су арықтармен келіп жатты... Ма'мунның (1009-1017) сарайының қақпасы әдемілігімен ерекшеленді, Хорасан аймағында оған жетер қақпа болған емес» [Бартольд В.В., 545 б]. X ғасырдың аяғынан бастап Үргеніштің маңызы тез арта бастады. Ол Орта Азияның ең мықты мәдениет орталығы болған біріккен Хорезмнің астанасы болды. Философиямен әуестенген және білімдарларды қадірлеген Хорезм шахы Ма'мунның сарайына көптеген философтар мен ғалымдар жиналды, олар: Әбу Әли ибн-Сина, Әбу Райхан Бируни және т.б. XI ғасырдың ортасынан бастап Хорезм селжүктердің бағынышына көшіп, олар да ғалымдарға қамқор болуға ұмтылып, өз сарайларын атақты ғалымдармен, ақындармен әспеттегісі келді. Замахшаридың балалық және жасөспірім шағы Мәлік шах билеген заманда (1072-1092), яғни Селжүк мемлекетінің ең жоғары саяси құдіретінің өркендеген кезінде өтті. Замахшаридың кейбір өмірбаяндық деректері ибн Халликан және Якут әл-Хамави (Лондон, 1923) секілді араб авторларының еңбектерінде баяндалған. Ғалымның өмірі туралы басқа деректерді Ғылым академиясы Ленинград бөлімшесінің Шығыстану институтының қолжазбалар жинағынан және Б.З.Халидовтың «Письменные памятники Востока» жинағындағы жарияланымнан табуға болады. Онда Б.З.Халидов белгісіз болып келген қолжазбаның авторы, Замахшаридың замандасы Абдуссалам б. Мұхаммед әл-Андарасбани [Халидов Б.З., Халидов А.Б., 1979, 204-212 б] екенін анықтады. Аталмыш қолжазбадан Замахшаридың бала кезінде шатырдан құлап, аяғын зақымдағаны, оны кестіріп тастауға тура келгендігі белгілі болды [Сілтеме Н.К.Эфендиеваның «К вопросу о жизни и деятельности аз-Замахшари» атты мақаласынан: 5, 204]. Бұл дерек осы уақытқа дейін көптеген зерттеушілер сүйеніп келген ибн Халликанның хабарына түзету енгізуге негіз болды. Мәселен, Джирджи Зейдан: «Ибн Халликан ол (Замахшари) өзінің көптеген саяхаттарының бірінде қатты суық тиіп, ол аяғына әсер етін, аяғын кесіп ағаш аяқ (протез) салған» деген дерекке [Звегинцев В.А.,1958. 47 б] сілтеме жасайды. Замахшари бастауыш білімді өз аулында өз әкесінен алды, ол сонда имам болған, сауатын ашқан, оқуға, әсіресе құранды оқуға үйреткен. Баланың ерекше қабілеттілігі оның келешегінен үлкен үміт күттіргенімен, баласы мүгедек болып қалғандықтан, әкесі оған тігіншілікті үйретпекші болады. Оған келіспеген ұлы әкесінен қалаға (Үргенішке) апарып, тағдыр тәлкегіне тастауын сұрайды. Ол Үргеніште мешіт жанындағы медресеге орналастырылады, оның ерекше көркем жазуына мұғалімінің ағасы Әбілфатха б. Байа'и көңіл аударып, оны қолжазбаларды көшіріп жазу жұмысына тартады, еңбегіне қолақы да алады. Ол осылайша оқи жүріп жастайынан табыс таба бастайды [Рукопись, 547-548 б]. Замахшаридың замандасы әл-Андарасбани өзінің жоғарыдағы қолжазбасында ғалым өзінің қырық бір жасында (1115 жылға сәйкес келеді) уәзірлер мен билеушілердің жанында надим (надим; нудеме – әңгімелесуші, табақтас; «надим» деп әдетте, Адам Мецтің айтуынша, мұсылман ренессансында халифке жақын, сарайда бәрінен көп жалақы төленетін категориядағы адамды, құрметті атақты атаған) болып, олардың мадақшысы ретінде дү-

ниенің игілігімен ләззаттанды [Рукопись, 205 б] дегенді баяндайды. Б.З.Халидов айтқандай, «ол – селжүктерге вассалдық бағыныштағы Хорезм тарихындағы хорезмшахтардың тәуелсіз мемлекетін құру жолындағы күрестің ең бір әйгілі тұлғасы» [Ахведиани В.Г., 1981, 553 б; 6, 65; 9, 48]. Замахшаридың биографы әл-Андарасбанидың әңгімелеуіне қарағанда, оның сарай маңындағы қым-қуғаш та қызықты өмірі ғалымның ондай өмірден баз кешіп, басқа бағытқа беттеуіне ой салды. Дәруіштік жолды таңдап, Меккеге қажылыққа аттанды [Халидов Б.З. Замахшари.,1965, 551 б]. Әрине, оның сұлтан сарайынан кетуіне, кеткен ол ғана емес, сарайдың масайраған өмірінен бас тартуына қоғамдық-саяси себептер болды. XI-XII ғасырлардағы селжүктердің орасан зор феодалдық державасындағы қайшылықтардың шиеленісуіне байланысты толассыз оқиғалар сұлтан сарайындағы мазасыз, оқыс сәттерге толы өмір көптеген ақындар мен ғалымдарды одан бас тартып, дәруіштікке, суфизмге кетуге мәжбүрледі. Әл-Андарасбанидың деректерінде ғалым оқшауланған кезеңде оған Хорезм шахы Атсыз ибн Мұхаммед ғалым Меккеден оралған соң да жолығып тұруын жалғастыра берді... Ол сонымен қатар Бұхара, Мерв, Нишапур, Исфахан, Бағдад, Хиджаз, Мекке қалаларында оқып білім алды.

Замахшари елуден астам шығарма жазған автор. Хаджи Халифа (1608-1657 жж.) оның 29 еңбегін атаса, Ибн Халикан 30, Якут 50 еңбектің атын келтіреді. Б.З.Халидов Ленинград университетінің шығыстану факультетінің кітапханасы қорынан Замахшари еңбегінің бір қолжазбасын тапқандығын мәлімдейді. Броккельман Якут келтірген тізімде кездеспейтін Замахшаридің 25 еңбегін атайды. Б.З. Халидов Замахшари еңбектерін былайша топтастырады: 1) араб тілінің грамматикасы бойынша 10; 2) лексикография бойынша 8; 3) поэзия саласында 7; 4) көркем-дидактикалық туындылары 8; 5) фольклорлық шығармалары (мақал-мәтелдер жинағы) 2; 6) жағрафиядан 1; 7) экзегетикадан 1; 8) шариат заңына 2; 9) ислам ағымдары туралы 4; 10) әр түрлі тақырыпта 12 жұмыс жазған. Сонда барлығы – 55 шығарма.

Замахшари араб тілінің, грамматиканың, байанның, тәпсірдің және хадистердің ірі зерттеушілерінің бірі ретінде бай шығармашылық мұра қалдырды. Ол лингвистика және теология бойынша ең негізгі, маңызды еңбектерін жазды. «ʻИлм әл-байанʼ» деген ұғымға риторика, шешендік сөз және стилистика бойынша білімдердің кешені кіреді, ал «ʻат-тафсирʻ» сөзінің құранды түсіндіру және комментарий жасау, түрлі ғылыми терминдер мен еңбектерге түсіндірме жасау деген мағыналары бар. Мәселен, X ғасырдың атақты араб тарихшысы ат-Табаридың «Құранға тәпсір» деген қырық томдық еңбегі бар. «ʻӘл-хадисʼ» деген термин Мұхамбет пайғамбардың іс-әрекеттері мен данышпандығы жайлы ерекше құрылымды әңгіме (аңыз, әпсана), яғни пайғамбардың не айтқаны, не істегені туралы әпсаналар дегенді білдіреді.

Замахшари – білімнің көптеген саласындағы көптеген шығармашылық мұраның авторы. Ғалымның «әл-Кашшаф», «әл-Муфассал фин-нахв», «әл-Анмузадж», «Муфассал фи сына' ати-л-'и раб», «Асасу-л-балага», «Мугаддимату-л-'адаб», «'Атвау-з-захаб», «әл-Мустагса фил-'амсал», «Навабигу-л-калам», «Рисала фи калимати-ш-шахада», «Китабу наса' ихи-с-сыгар», «Китабу-л-джибал ва-л-'амкина ва-л-мийах» атты іргелі еңбектері оның даңқын асқақтатты.

Оның даңқын шығарған 1134 жылы аяқтаған еңбегі *«әл-Кашшаф»* («Раскрывающий») – қасиетті құранның біздің заманымызға дейін жеткен жалғыз мутазилиттік толық комментарийі. Мысырдағы Фатима әулетін 1172 жылы елден биліктен және елден ығыстырған Салахуддин әл-Аюби «әл-Азхар» мешітін университетке айналдырға оқу орнының студенттері құранды әлі де осы «әл-Кашшаф» бойынша оқиды.

«Әл-Анмузадж» Еділ-Жайық өңіріндегі татарларда ғана емес, жалпы түркі әлеміне ең танымал оқулық болды. Бұл трактат Замахшаридың араб грамматикасы бойынша іргелі еңбегі «әл-Муфассалдың» түйінді тұжырымдары секілді. Автор оны араб грамматикасын енді бастап үйренушілерге арнап, мәліметтерді жүйелі де анық баяндауымен ерекшеленді [Ахведиани В.Г., 1981. 139 б]. Оқу құралының грамматикалық материалы дәстүр бойынша сөз таптарына жіктеуден (есім, етістік, шылаулар) басталып, әрқайсысы жеке-жеке бөлімдерде қарастырылады. Есімдер теориясын баяндауда оны грамматикалық категорияларға (число, род, определенность/неопределенность) және семантикалық жіктерге (сан есім, қимыл есім – имя действия, қимыл жасаушы – имя деятеля, қимыл жасалушы – имя поддейственное, имя превосходства) талдап қарастырады. Есімдердің септік формалары мен олардың сөйлемдегі синтаксистік қызметтері келтіріледі. Етістіктердің де грамматикалық категорияларын (шақ, жіктеу, рай, ауыспалылық/тұрақтылық және)) және синтаксистік ерекшеліктерін сипаттайды. Ал шылаулар туралы бөлім негізінен олардың лексикалық мағыналарына арналған.

Замахшаридың шығармашылығының өнімді кезеңі Меккедегі және одан кейінгі жылдарға тиесілі, бұл кезеңде ол өзінің маңызды еңбектерін жазды. Оның негізгі еңбектері теология саласына және араб тіліне қатысты зерттеулер болып келеді. 1131-1135 жылдары ол құранның көлемді комментарийі *«әл-Кашшафты»* жазып, ол еңбек осы күнге дейін өзінің канондық сипатын сақтап қалды [Крачковский И.Ю., 383 б; 4, 47; 6, 65]. В.А.Звеганцев Замахшари шығармасында ерекше көңіл аударатын тұсты ескерте келіп, «еңбектің лексикологиялық бөлімінде әр қилы

оқылып жүрген тұстарына түбегейлі тоқталады, оның дұрыс нұсқаларын көне поэзиядан мәліметтер келтіре отырып негіздейді. Түптің түбінде Замахшари өз жұмысында мәтінге ғылыми сынның үлгісін көрсетті» дейді [Звегинцев В.А.,1958, 65 б]. Замахшаридың еңбегін араб лингвисі ас-Самарра: «Ол «әл-Кашшаф» пен «әл-Муфассалдан» басқа ештеңе жазбаса да басқа еңбектері оның даңқын шығаруға жетер еді» деп бағалайды [Ахвледиани В.Г., 1981].

Бағдад немесе «аралас» («эклектикалық») немесе рационалды филология мектебінің өкілі Замахшаридың араб грамматикасы жөніндегі негізгі еңбегі – бір жыл төрт айда жазылған (1119 – 1121 жж.) «әл-Муфассал фи-н-нахв» [Сілтеме Н.К.Эфендиеваның «Исследование некоторых трудов аз-Замахшари» атты мақаласынан: Зейдан Джирджи, 1967, 47 б]. *«Әл-Муфассалдың»* мазмұнының Сибавейхидің «әл-Кітаб» еңбегіне жалпы ұқсас тұстары көп болғанмен, онда мәліметтер өте түсінікті түрде баяндалған [Халидов Б.З., Халидов А.Б., 556 б]. Ғалымның «әл-Муфассал» трактатының жоғары бағаланғаны сонша, мысырлық аюбиттер әулетінің билеушісі Иса әл-Аюби оның қолжазбасы кімде сақталса, соған мол сый-сияпат пен өз иығымнан шапанымды шешіп беремін деп ант берді. Автор кейін келе бұл еңбекке араб грамматистері қалай көңіл аударса, «әл-Кашшаф» комментаторлары да сонша көңіл аударды. Кітап мәтіні Христанияда (қазіргі Осло) 1849 жылы басылған. Оған бірнеше комментарийлер жазылды, оның елеулісі Абулбакр б. Йаишаның комментарийі 1882 жылы Лейпцигте жарық көрді. «Әл-Муфассал» неміс тіліне аударылып, 1873 жылы баспа бетін көрді. Ал «әл-Музаджа» 1872 жылы Египетте, 1880 жылы Константинопольде басылды.

Замахшаридың тағы бір кең тараған *«Асасул-балага»* – араб тілінің екі томдық сөздігі өзінің құрылымының ерекше әдіспен құрастырылуымен өзгешеленеді. Сөздікте сөздің семантикалық сипаттамасын беріп қана қоймайды, оларды контексте қарастырады, яғни олардың мағыналары тұрақты ма, әлде ауыспалы ма екенін айқындайды. Бұл сөздік Египетте сақталған.

Замахшаридың келесі бір шығармасы – мақам қағидасы бойынша құрастырылған даналық сөздер мен мақалдардың жинағы **«Атваку-з-захаб»** («Золотые ожерелья») тұшымды прозаның үлгісі [Крачковский И.Ю., 1957, 387 б, т. УІ], ол сондықтан да Еуропаның тілдеріне бірнеше рет аударылып, бірнеше рет қайта басылды.

Замахшаридың *«әл-Мустакса фи-л-амсал»* атты келесі еңбегі – араб мақалдарының әліппелік қағидамен құрастырылған сөздік, ол Шығыс пен Еуропа елдерінде кеңінен тараған туынды [Зейдан Джирджи, 1967, 48 б].

Замахшаридың *көркем-дидактикалық шығармаларының* ішінен *«Навабигу-л-калам»* («Перлы изречений»), *«Раби у-л-абрар ва нусусу-л-ахбар»* («Весна благочестивых лиц и тексты преданий»), *«Рисала фи калимати-ш-шахад»* (трактат «О словах исповедения веры»), *«Китаб насаихи-с-сыгар»* («Книга наставлений малолетним»), *«Нузхату-л-му»* («Услада общения») [Халидов Б.З., Халидов А.Б.,1979, 553 б; Зейдан Джирджи, 1967, 48-49 б] деген шығармаларын атауға болады. Ғалымның сонымен қатар әліппелік тәртіппен құрастырылған өлеңдер жинағы, мақамдары мен қасыдалары және т.б. еңбектері бар.

Замахшаридың грамматикалық және лексикографиялық еңбектері қысқа да нұсқа болса, көркем туындылары заманына сай қатар ұйқасқан фразаларды күрделенген стильде қолданып, араб поэзиясының тілдік және стилистикалық әдіс-тәсілдерін, араб тілінің синонимдік байлығы мен сирек қолданылатын сөздерін шебер пайдаланады.

Ерекше бір еңбегі *«Китабу-л-джибал ва-л-мийах»* («Книга о горах, местностях и водах») атты географиялық зерттеуі. Ол туралы И.Ю.Крачковский: «Бұл географиялық сөздік оның өзінен бұрын елу жыл илгері қайтыс болған әл-Бакридің сөздігіне ұқсас. Замахшари бұл сөздікті білмегенмен, олардың дереккөзі бір болған, ол арабтың өлеңдері мен ертедегі прозаларындағы Аравияның географиялық объектілерінің тізбесін жинақтаған IX ғасыр филологтарының сөздіктері. Әл-Бакри мен әз-Замахшаридың басты айырмашылығы: алғашқысы негізінен өзінің әдеби-филологиялық мүдделерін көздесе, екіншісі экзегетикалық мақсатта болып, Мұхамед пайғамбардың, құранның тарихымен және канондық дәстүрлермен байланысты географиялық атаулардың барлығын нақтылауға талпыныс жасады. Бұл мақсатты орындауда Замахшари үшін Аравияда болуы көп пайдасын тигізді. Ол идея Мекке саяхаты кезінде туындап, оны сол кездегі кітапсүйер, қызықты жерлердің біразын көрген, Хиджаздың жақсы білгірі Мекке шерифі қолдады [Крачковский И.Ю., 1957, 313-314 б, т.ІУ; 9, 48]. Сондықтан да Замахшари Хиджаздың таулары, аңғарлары және таулы ресурстары туралы әлдеқайда нақты деректер келтіреді, олардың бәрі негізінен аталмыш әмірдің айтуына негізделген. Бұл жағдаят Замахшаридың барлық зерттеуіне өз ізін қалдырды. Мәселен, оларда Аравия түбегінің номенклатурасы түгел дерлік қамтылса, Палестина, Сирия, Месопотамия және Египетке қатысты атаулар сирек кездеседі. Солтүстік Африка, Персия және Орта Азияға тиесілі географиялық атаулар бар, ал Испания мен Үндістан ескерілмеген. Дереккөздердің көбі ғалым сүйенген филологтардың еңбектері. Замахшаридың еңбегінің маңызы бүгінгі күні осындай мәліметтерімен құнды. Бұл еңбектен Хорезмге жақын аймақтардың немесе Орта Азияға қатысты жерлердің атауларын іздеудің еш мәні жоқ. Себебі автордың мақсаты басқа бағытта болды. 1856 жылы Йенбол араб династиясы өкілінің шәкірті Сальверд де Граве басылымды

мұқият дайындап шығарған болатын» [Крачковский И.Ю., 1957, 314 б, т. IУ; Зейдан Джирджи, 1967, 48] б. Сальверд де Гравенің болжауынша, Замахшаридың жұмысы не аяқталмаған, не соңына дейін редакцияланбаған.

Замахшаридың еңбектері жайлы А.Флеш, Ж.Кантино, М.Бравманн, К.Брокельманн, Х.Биркеланд, М.Грюнерт, Г.Ваиль, В.В.Бартольд, И.Ю.Крачковский, Н.Н.Поппе, А.К.Боровков, Э.Н.Нәжіп, Б.З.Халидов, В.А.Звегинцев, В.Г.Ахведиани, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, В.Ф.Гиргас, З.Б.Мухамедова, Н.К.Эфендиева, Н.И.Робакидзе, А.М.Салахов секілді ғалымдар өз еңбектерінде оның биік беделін мойындап, Сибавейхимен қатар атайды. Мұның бәрі орта ғасырлық араб ғалымының еңбегіне деген қызығушылықтың, оның лингвистикалық идеяларының қазіргі күнде де өзектілігінің жоғалмағандығын дәлелдейді.

Замахшаридың түркітану үшін маңызды еңбегі – «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі. Замахшари араб тілі мен әдебиетінің лексикалық байлығын өз отандастарына таныстыру және білімді саналы меңгеруге жеңіл жол ашу мақсатында *«Мукаддимату-л-адаб»* деген арабша-парсыша сөздік құрастырады. Кейбір деректерге қарағанда, ол дәстүр бойынша өз еңбегін Хорезм шахының ұлы, ғылым мен поэзияның қамқоршысы Абулмузаффар Атсызға (1127-1156) арнаған дейді. Атсыздың өтініші бойынша түркі бөлігін қосқан. Кейіннен монғолдар келген соң белгісіз автор монғол сөздері қосып, арабша-парсыша-түркіше-монғолша сөздікке айналды. Замахшаридың бұл еңбегіне В.В.Бартольд: «Замахшари сөздігінде келтірілген көптеген мәдени сөздер мен техникалық сөйлемше, сөйлемдер тілдік тұрғыдан ғана емес, мәдениет тарихынан да мол хабар береді. Бұл мағынада алғанда, әсіресе мекендердің аттары туралы бөлімінің берері мол. Мекен және қоршалған жерлер туралы бөлімдер бірбірімен тығыз байланысты. Сонымен қатар басқару, дін, жұмақ, кәпірлер, етікшілік, жыртқыш аңдар туралы бөлімдер бар» деген жоғары баға береді [Бартольд В.В., 1967, 445-468 б]. Сөздіктің түпнұсқасы жоғалып кеткен. Алайда екі көшірме данасы 1926 жылы Бұқарадағы Әбу Әли ибн Сина атындағы кітапханадан кездейсоқ табылып, бұрынғы одақ көлеміне мәлім бола бастағаны белгілі. Бұқарада табылған екі қолжазбаның бірін қыжраның 1305 жылы хатиб (“қолжазбалар сақтаушы”) Хамид Хафиз көшіріп жазған. Онда тек араб, парсы тілдік материалдары жинақталған. Ал екінші бір араб сөздерін парсыша, түркіше, кейіннен монғолша тәржімалаған көшірмесі 1492 жылы хатиб Дервиш Мухаммед деген кісі жасаған. Соңғысын кезінде өзбектерді билеген Абдулла ханның (1557-1598 жж.) тұсында ғұмыр кешкен Құл-Баба Көкілташ дейтін көрнекті бек белгілі бір кітапханаға мұра етіп қалдырса керек. Бұл сөздіктің ескі түркі глоссалары тізбеленген толық емес, әрі жазылған мерзімі белгісіз, бірақ өте ескі қолжазбасын В.Вяткин 1897 жылы Орыс ғылым академиясына сыйға тартқан [Бартольд В.В., 1967, 465 б]. Көлемі 570 бет екі томдық «Мукаддимату-л-адаб» есімдер, етістіктер, шылаулар, жіктеулер және септеулер деген бес бөлімнен тұрады. Бұл шығарманың Каирде сақталған (арабша-түркіше бөлімдері ғана бар сияқты) қолжазба данасының жазба жолдарының ортасында парсыша аудармалары бар [Зейдан Джирджи, 1967, 48 б]. Кітапта көптеген бағалы, қызықты және пайдалы лингвистикалық материалдар бар, оны түсінуді 1843-1850 жылдары Лейпцигте көрсеткіштермен, комментарийлермен қамтамасыз етілген басылымы жеңілдете түседі [Зейдан Джирджи, 1967,48 б].

Сөздікті алғаш жан-жақты зерттеушілердің бірі – орыс ғалымы Н.Н.Поппе. Айта кетерлік жайт, Н.Н.Поппе туралы да кейбір бірен-саран еңбектерде тиіп-қашты пікірлер айтылғанымен, отандық тіл білімі ғалымдары оның өмір жолын, сіңірген еңбегін, ғылымға қосқан үлесін күні бүгінге дейін қолға алып тиянақты зерттеген емес. Бұлай назардан қалыс қалып, бағаланбаудың басты себебі – өткен ғасырдың 40-жылдары Н.Н.Поппенің басына түскен тағдыр-тәлкегінен шет елге кетуге мәжбүр болуы. Николай (Николас) Николаевич Поппе 1897 жылы 8 тамызда Қытайдың Яньтай (Чифу) қаласында дүниеге келген. Әкесі Николай Поппе Қытайдағы Ресейдің дипломатиялық қызметінде консулдық қызметкер болған. Ол 1991 жылдың маусым айында АҚШ-тың Сиэтл қаласында 94 жасында дүние салған. Лингвист әрі этнограф, моңғолтанушы, алтай тілінің маманы, 1932 жылдан КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі. 1921 жылы Петроград университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің моңғол бөліміне түсіп, ондағы әйгілі тіл мамандары А.Д.Руднев, В.Л.Котвич, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, А.В.Бурдуковтармен бірге оқиды, ғылымдағы алғашқы ғылыми жетекшісі атақты Б.Я.Владимирцов болған. 1942 жылы Н.Н.Поппе Қарашай аумағын (Микоян-Шахар) басып алған неміс басқыншылары жағына өз еркімен өтіп, 1943 жылы отбасымен Германияға көшеді. Соғыстан кейін кеңес үкіметінің құрығынан тығылып, бірнеше жыл шығармашылықпен астыртын айналысқан. 1949 жылы ол АҚШ-қа қоныс аударып, Вашингтон штаты университетінің Қиыр Шығыс факультетінде профессор лауазымында қызмет атқарады. 1968 жылы «Бонн университетінің құрметті докторы» атағына ие болады, 1968 және 1977 жылдары Фин Ғылым Академиясының мүшесі болып сайланған. Саптаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарағаң сезіктенгіш те сескенгіш, атын атау түгілі еңбегін сөз етуге қорыққан сол уақыттардан бері ол жөнінде тіл мамандары ләм-мим деп жақ ашпайды. Осы салқындық бергі уақыттарда «Мукаддимат әл-әдәбтың», жалпы Замахшаридың шығармашылығының кеңінен зерттелуіне де кері әсерін тигізген.

Н.Н.Поппенің қолға алып қарастырғаны – сөздіктің хатиб Дервиш Мухамед жасаған көшірмесі. Н.Н.Поппе 1938 жылы КСРО Ғылым Академиясы баспасында жарық көрген, ауқымды екі бөлімнен тұратын еңбегін „Монгольский словарь "Мукаддимат ал-адаб" деп атаған. Бірінші бөлімде әз-Замахшари қолжазбасында келтірілген монғол сөздеріне фонетикалық, морфологиялық талдау жасаса, екінші бөлімінде монғол және түркі сөздерін бір ізге түсіріп, арабша жазылу тұлғасын, латынша транскрипциясын, орысша аудармасын берген. Түпнұсқадағы сөздіктің әуелгі қалпын сақтамай, сөздерді алфавит бойынша рет-ретіне түсірген. Сөздікте келтірілген ауызекі сөйлеу негізінде жасалған біздің қолжазба сөздік бойынша 8126 түркі тілдік материалы жеке-жеке сөзден ғана емес, сонымен қатар жеке фразалық, күрделі сөз тіркестерінен де тұрады. Оның үстіне Н.Н.Поппе монғол тілін қамтитын бөліктегі сөздердің дені XIII-XIУ ғасырларда Орта Азияда қоныс тепкен жалайыр, барлас руларының тілдерімен төркіндес, ұқсас екенін баса көрсетіп айтады [Поппе Н.Н., 1938, 7-8 б]. Аталмыш басылымға Э.Н.Наджип: „Н.Н.Поппе, опубликовавший этот словарь плохо знал тюркские языки, поэтому допустил в этой части много ошибок" десе [Наджип Э.Н., 2007, 112 б] де сөздікпен қалың оқырман қауымның кеңінен танысуына жол ашты. Оның үстіне Н.Н.Поппе жоғарыдағы басылымда өз жұмысының монғолтану мақсатында екенін, түркі бөлігі толық аяқталмағандығын, мамандардың қосыма нақтылауын, түзетуін қажет ететін тұстары бар екенін ескертеді [Поппе Н.Н.,1938, III].

Әз-Замахшаридың еңбектері мемлекеттік бағдарламалар аясында араб тілінен қазақшаға аударылып, ғылыми айналымға түсіп, еліміздің ғалымдарының ортақ игілігіне айналса, тікелей зерттеулердің нысаны болар еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Науткин В.В., Петровский М.Б. XI – XII вв. Эпоха трансформации // Мусульманский мир (950 – 1150). – Москва, 1981.
2. Крачковский И.Ю. Йусуф ал-Магриби и его словарь // Избранные сочинения, т.I. – Москва-Ленинград, 1957.
3. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Сочинения, т.I. – Москва, 1963.
4. Халидов Б.З., Халидов А.Б. Биография аз-Замахшари, составленная его современником ал-Андарасбани // Письменные памятники Востока. Историко-филологические исследования. – Ежегодник 1973. – Москва, 1979.
5. Рукопись 2387. Ленинградское отделение Института востоковедения АН, лю 137 б. – ППВ, 1979.
6. Звегинцев В.А. История арабского языкознания. Краткий очерк. – Москва: МГУ, 1958.
7. Халидов Б.З. Замахшари // Семитские языки. Материалы I конференции по семитским языкам. Вып. 2, часть 2. – Москва, 1965.
8. Ахведиани В.Г. Арабское языкознание средних веков // История лингвистических учений. Средневековый Восток. – Ленинград, 1981.
9. Зейдан Джирджи. Тарих адаб ал-луга ал-арабиййа (араб тілінде). Т. II. – Бейрут, 1967.
10. Бартольд В.В. Сочинения, т.УIII. – Москва, 1967.
11. Поппе Н.Н. Монгольский словарь «Мукаддимат ал-адаб». Часть I. – Москва-Ленинград: АН СССР, 1938.
12. Наджип Э.Н. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языкоя и литератур. – Туркестан: Туран, 2007.

ГРНТИ 17.82.30

Хамзина Г.С.
к.ф.н., доцент,
Института языка и литературы,
Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева,
г. Петропавловск

Таласпаева Ж.С.
к.ф.н., профессор,
Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева,
г. Петропавловск

Кадыров Ж.Т.
к.ф.н., профессор,
Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева,
г. Петропавловск

Жақсылық Ж.
магистрант 2-го курса по специальности филология,
Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева,
г. Петропавловск

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КЕЙІПКЕР ЕСІМДЕРІНІҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

Аңдатпа: Мақала көркем мәтіндегі кейіпкер есімдерінің тілдік сипатын қарастыруға арналады. Кейіпкер аттарын тікілей сол адамның мінез-құлқына, өмір сүріп отырған қоғамдық ортасына, сол ортада қалыптасқан салт-дәстүрге байланысты жасалған. Авторлар өз шығармаларында ат беру мотивациясына әлеуметтік мәнді тұрғыда қарап, эмоционалды-экспрессивтік ыңғайда жұмсалуына, адам көңілін селт еткізерліктей мазмұнда мақсатты түрде қолданады.

Кілт сөздер: Антропоним, ономастика, семантика, сатира, лексика, этимология, жалқы есімдер.

ЯЗЫКОВАЯ ПРИРОДА ИМЕН ГЕРОЕВ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

Аннотация: Статья посвящена изучению языкового характера имен героев в художественном тексте. Имена героев созданы в непосредственной связи с характером героев, общественной жизнью, обычаями и традициями сложившимися в этой среде. В своих произведениях авторы мотивированию присвоении имени целенаправленно используют в социально-значимый подход к эмоционально-экспрессивным подходам, в содержательном содержании, исключающем человеческое настроение.

Ключевые слова: Антропоним, ономастика, семантика, сатира, лексика, этимология, собственные имена.

THE LINGUISTIC NATURE OF THE NAMES OF HEROES IN THE LITERARY TEXT

Abstract. The article is devoted to the study of the linguistic character of the names of heroes in the literary text. The names of the heroes are created in direct connection with the character of the heroes, social life, customs and traditions prevailing in this environment. In their works, the authors of motivating the naming purposefully use a socially significant approach to emotional and expressive approaches, in a meaningful content that excludes the human mood.

Keywords: Anthroponym, onomastics, semantics, satire, vocabulary, etymology, proper names.

КІРІСПЕ

Тіл құпиясының бір ұшығы адам есімдерінің пішім-бейнесі оны қоршаған ортаға көзқарасында, дүниетанымында, этикалық дәстүрінде, тұрмыс-салтында, әдет-ғұрпында, бүкіл ұлттық психологиясы мен логикасында, географиясы мен этнографиясында жатыр. Дүние есігін жаңа ашқан сәби есімі мен көркем туындыдағы кейіпкер атының қойылу мотивінде қандай да болмасын ұқсастық пен айырмашылық болады. Қазақ поэтикалық ономастикасында сатиралық шығармалардағы кейіпкер аттары туралы, олардың тілдік табиғаты әлі күнге дейін жүйелі зерттеу нысаны бола қойған жоқ. Кейіпкерлер көркем әдебиетте

өмір сүретіндіктен, оның болмысы мен табиғатын тану көбінесе әдебиетшілеріміздің үлесіне тиіп келгені рас.

Кейіпкер аты – жалқы есім, яғни жалпы есімге барлық жағынан (грамматикалық, семантикалық, функциялық қызметі) қарама-қарсы ұғым мен категория. Жалқы есімдер кез келген тілдің сөздік қорының біршама бөлігін құрайды да, ономастикалық универсалийлердің бірі болып табылады, өйткені олар тарих айнасы ретінде халықтың көптеген мәдени құндылықтарын сақтаған. Жалпы есімдер лексикалық мағынаға ие болса, жалқы есімдерде бұл қасиет жоқ, олар тек атауыштық қасиетке ғана ие. Олай болса, кейіпкер аттары жалпы есімнен жасалғанымен, жалқы есімге айналғанда, бастапқы ұғымынан, мәнінен айрылады.

Көркем шығарма мәтіндеріндегі барлық жалқы есімдердің қолданылу ерекшеліктерін әдеби ономастика зерттейді. Осыған орай әдеби ономастикада жалқы есімдерді зерттеудің барлық аспектілері мен бағыттар, қазіргі ономастикадағы олардың таптастыру ұстанымдары, көркем мәтін түрі, оның жанры мен семантикалық құрылымы, ономастикалық кеңістікте мәтіндегі ономастикалық бірліктердің эстетикалық байланысты қарастырылады. «Әлем бейнесі» жалпыға ортақ болғанмен, әр халықтың қабылдау ерекшеліктері түрліше болады. Ол міндетті де. Ұлттық қалып, ұлттық шеңбер аясында әр ұлттың басқаға ұқсамайтын тілі мен ділі, ойлау жүйесі, тарихы мен мәдениеті, яғни дүниетанымы, бар. Өмір, қоршаған дүние туралы ой-пікір, көзқарас – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінің жемісі. Санада әбден қорытылып, уақыт елегінен өткен ұғым-түсініктер, наным-сенімдер, әдет-ғұрып, салт-сана, тәлім-тәрбие «әлем бейнесін» қабылдаудағы басты сүзгі, ұстаным болмақ. Адам, оның санасы – ешбір ғылым түпкілікті зерттеп бола алмайтын күрделі де жұмбақ феномен. Адам санасы бір ғана сәтте заттың не құбылыстың барлық жақсылы-жаманды қасиеттерін сүзіп шығып, алуан түрлі қасиеттерінің ішінен біреуін ғана атауға негіз болады. Ол қасиет ұлттың ментальдық ерекшелігін көрсететін дүниетанымына, аялық біліміне байланысты.

«Тіл – ойлау – объективті шындық» үштағаны субъективті шығармашылық қызметпен тікелей байланысты. Қазақ этносының «әлем бейнесін» қабылдаудағы ерекшеліктері ұлттық санамен тікелей байланысты. Ұлттық сананың құрылымы, мазмұны әлеуметтік жағдайдың ықпалымен қалыптасады, қоғамның әлеуметтік ұжымы мен нақты субъектілердің тұлғалық жеке санасының ара қатынасынан туындайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ халқының жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына кіретін асыл мұрасы – ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, ұлттық болмыс-бітімі. Антропонимика саласы жер бетіндегі ең күрделі жаратылыс – адамды, оның есімін зерттей отырып, тұтас бір ұлттың ментальдық қасиетін анықтайды.

Белгілі бір тілдің ономастикалық кеңістігін құраушы жалқы есімдер, ең алдымен, лексикалық қордың негізгі бөлігін алып отырған тілдік бірліктер болып табылады. Ұлттық-мәдени, танымдық-когнитивтік белгінің апеллятивке қарағанда есім семантикасындағы үлес салмағының көптігі белгілі [Виноградов В.В., 1959].

Көркем мәтіндегі кейіпкер есімдерінің семантикасы, генезисі мен қолдану ерекшеліктері көп жағдайда өзіндік өзгешеліктер мен сан алуандылығы т.б. негізгі белгілерімен байланысты. Олардың лингвистикалық ерекшеліктерін көркем мәтіндегі берілісімен сабақтастырмай, этнолингвистикалық табиғаты толық зерттеліп, өз шешімін таппайды. Көркем мәтіндегі кейіпкер табиғаты, әдетте өзінің образдылығы, мәнерлілігі және ылғи ауыспалы мағынада қолданылатындығымен ерекшеленеді. Кейіпкер есімі, алдымен ол – жалқы есім, яғни жалпы есімге барлық жағынан (грамматикалық, семантикалық, функциялық қызметі) қарама-қарсы ұғым мен категория. Жалқы есімдер кез келген тілдің сөздік қорының біршама бөлігін құрайды да, ономастикалық универсалийлердің бірі болып табылады, өйткені олар тарих айнасы ретінде халықтың көптеген мәдени құндылықтарын сақтаған. Жалқы есімдер біздің өмірімізде маңызды да мәнді орын алады. Себебі, адам өмірі жалқы есімдермен тікілей байланысты. Адамзат қоғамында есімі, аты жоқ адам кездесуі мүмкін емес. Егер әңгіме бір жақсы адам туралы болса, алдымен есімізге оның басқа қасиеттерінен бұрын есімі түсер еді. Тіпті, бір адамның өзінің бір емес бірнеше есімі болады.

Жалқы есімдердің шығу тарихын, мағынасы мен мәнін, оның қоғам тарихымен байланысын, адамдардың сенімі мен дүниетану көзқарастарын зерттеу- тарих, этнография, психология ғылымдары үшін таптырмайтын машық болып табылады.

Дейтұрғанмен, жалқы есім бірінші кезекте лингвистер мен әдебиетшілердің төл объектісіне айналғалы қашан. Себебі, кез-келген зат аты мен атауы, алдымен ол – сөз. Қалыптасқан даусыз қағида бойынша, сөз – адамдардың барлық сөйлеу әрекетінде: ауызекі сөйлеу, жазба тілінің түрлі үлгілерінің де (ресми, ғылыми, т.б) өмір сүруінің кепілі. Жалқы есімдер сөздік қорымыздың салмақты бір бөлігін құрайтыны белгілі.

Көркем әдебиеттегі жалқы есімдер (антропонимдер) туралы жалпы тюркологияда емес, бұрынғы отандық деп аталған тіл білімі көлемінде сөз етсек М.В. Горбаневский, Ш.Ж.Жапаров, Э.Б.Магазаник, В.А.Никонов, Г.Ф.Саттаров т.б сияқты ғалымдардың жеке еңбектерінің арнайы

жинақтарында жарық көрген мақалалары бар екенін еске сала кетсек артық етпес.

Қазақ тіліндегі жалқы есімдер, оның ішінде көркем тілдегі сатиралық кейіпкерлердің аттарын сөз еткенде, әр жерде көркем шығармалардағы антропонимдер туралы Т.Жанұзақов, Қ.Жұбанов, К.Есбаева қатарлы зерттеушілердің еңбектер бар.

Жалқы есім термині ғалымдардың назарын ертеден-ақ аударған. Бұдан мыңдаған жылдар бұрын дүниеге келген грек мәдениетінің алтын қазынасы мен мақтанышына айналған «Одиссеяда»: «Адамдар арасында ешкім де есімсіз болмайды», – деп жазылған екен. Бұл тек күнделікті өмірде ғана емес, көркем әдебиетте де осы тұрғыда кездеседі. Әдеби жалқы есімдер жалпыхалықтық қолданыстағы есімдерден алына отырып, сол тілдің тілдік заңдылықтарына бағынады. Әдеби жалқы есімдер ойдан шығарылған есімдерге жатады. Ол есімдер кез-келген жазушының сөз саптау жүйесіндегі аса қажет компонент болып табылады. Автор өз шығармасында кейіпкерлердің тұлғалық қасиеттеріне байланысты өз тарапынан ат береді. Бұл қойылған есімдердің кейіпкер бейнесін ашуда маңызы зор. Орыс зерттеушісі В.В Виноградовтың: «Көркем шығармада есімдер, фамилиялар мен лақап есімдердің таңдалуы, олардың әрбір жанрдағы, стилдегі ерекшеліктері мен бейнелеу, сипаттау қызметі бірді-екілі мысалмен қоя салатын мәселе емес. Бұл өзі көркем шығарма стилистикасының көп қатпарлы, ауқымды тақырыбы» [Виноградов В.В., *1959*] – деген пікірін қаламгер атаулыға қойылатын өткір талап ретінде ұғынуға болады.

Егер Кеңес дәуіріндегі қазақ сатирасын алып қарасақ, ондағы жалқы есімдердің өзіндік сипаттарын байқаймыз. Мұнда да авторлар кейіпкердің атын оның сынына сәйкестіре қою тәсілін кеңінен қолданады. Мысалы, бай мен мырзаны, бұрынғы үстем тап өкілдерін, олардың байлығын, жуан атадан шыққан тегін сездіретін сықақтық атпен атайды. Олар Кемелбай, Қарықбол, Жайлыбай, Сырлыбай, Байқасқа, Қарынбай, Қауқынбай, Шермік. Сұрқия молда, сопыларды Белденбоқ, Итаяқ, Боқбасар деп, малшы, жалшы, кедей бұқарасының өкілдеріне Айранбай, Бұқабай, Түйебай, Бұзаубақ, Ұлтарақ, Мырқымбай, Тышқанбай, Қойшығара т.б сол сияқты аты мен затын үйлестіре қойып еріксіз езу тартқызады. Яғни, мазмұн мен түр тәуелді бірлікте болады.

Жалпы лингвистикада кейіпкер аттарының көркем шығармадағы атқаратын мән-мағынасы жөнінде қилы-қилы пікірлер баршылық. Осы жерде француз жазушысы В.Гюгоның: «Алдымен атты ойлап табу керек. Ат табылған жерде сюжетті ойлап табу қиын емес» – дегені еріксіз еске түседі. Көркем шығармадағы кейіпкерлер аттарының мотивациясына қарап, оларға жалпы терминдік атаулар беріліп жүр. Бұл туралы белгілі ономастар Э.Б.Магазаник, В.А.Никонов-тар өз еңбектерінде «мағыналы», «бейнелеуіш», «мәні бар», «сөйлейтін» аттар деген қолданысты алған. Бірақ мұндай қолданыстардың бәрі де төмендегі кейіпкерлер аттарын тізбелеп жібергенде, әлсіздік танытар еді. Мәселен, Әпек, Епіліш, Кібіт, Мершеп, Тәпә, Шімкөрек т.б аттарды Адыраң, Дүңкілдек, Жылмаңбет, Кердеңбике, Қиқу, Маймөңке, Сыпсыңгүл, Ыржалақ аттарды бірімен-бірін салыстырғанда, олардың әрқайсының эмоциялық бояуы, экспрессивтік қызметі өзгеше. Басқаша болатындығы алдыңғы қатарда аталған персонаж аттар- күнделікті өмірде, ауызекі сөйлеуде көп кездеспейтін, сөздің мағынасы арнайы зерттеуді қажет ететін «тосын» аттар.

Жазушы Л.Успенскийдің «Сен және сенің есімің» кітабында: «Егер Л.Толстойдың басына өзінің геройларының фамилияларын, айталық, Ростовтың фамилиясын Перепенияға өзгертер ойы келсе, «Соғыс пен бейбітшіліктің» мықты ғимараты теңселген болар еді», – деген сөзін тек қана жеңіл әзілге құрылған деп санауға болмайды. Сол сияқты Чичиков, Плюшкин т.б фамилиялар мен аттарын алуға болады, яғни көркем шығармаларда кездейсоқ аттардың болуы мүмкін емес. Сөзіміз түсінікті болу үшін нақты мысалдарға жүгінейік: Мырқымбай, Боқбасар (Б.Майлин), Мимырт (О.Әубәкіров), Жылмағай, Жылпосов, Мыңкетпес, Тапжылмасов (Е.Жапасұлы), Елпекбай, Телпекбай, Зузула (Ш.Смаханұлы), Аузыбасы Сүйреңдегенова (С.Шұқынов), Қымқыр Жымқыров, Жәдігей (М.Рәш). Қызылтазы Жұлқаров, Астыртын Жалғасаров, Алымшыл Аямасов, Сатыпкет Жоғалтаров, Ылаушыл Тасталқанов (І.Жансүгіров), Малқамбай, Қалпақбай, Сұрпақбай, Жұлқарбай, Шатырбай, Қозғамбай, Зымзия (Ү.Уайдин) деген сияқты әкесі мен өздерінің аты, іс-әрекеті, мінез-қылығына лайық етіліп қойылған «сабаздарды» кездестіруге болады. Кейіпкер аттарын тікілей сол адамның мінез-құлқына, өмір сүріп отырған қоғамдық ортасына, сол ортада қалыптасқан салт-дәстүрге байланысты жасалған. Сөз жоқ, авторлар өз шығармаларында ат беру мотивациясына әлеуметтік мәнді тұрғыда қарап, эмоцилы-экспрессивтік ыңғайда жұмсалуына, адам көңілін селт еткізерліктей мазмұнда мақсатты түрде қолданған.

Көркем шығармалардағы жалқы есімдер әдеби ономастиканың нысаны болып табылатыны мәлім. Көркем мәтін кеңістігіне ономастикалық лексиканы сұрыптау және қосу – автор ойының айтылуымен деңгейлес мақсатты процесс. Автор ойына негізделген жалқы есімдер мазмұндық және мәтіннің формальды ұйымдастырылуы бойынша маңызды болып табылады.

Кез келген антропонимдердің таңдалу уәжділігі бар болғандықтан, көркем мәтіндегі, оның ішінде сатиралық туындыдағы кейіпкер есімдерінің экспрессивтілігі дау тудырмаса керек. Көркем шығармадағы әрбір сөз, сөйлемнің контексте өзіндік мән-маңызы бар десек, кейіпкерге ат

қоюдың да сыры айрықша.

Сондай-ақ көркем шығармада «сөйлемейтін есім» жоқ деген пікір кең тараған. Белгілі ғалым Т.Жанұзақов: «Көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімдері жалпы типтік, жиынтық образ жасауда үлкен роль атқарады. Көркем әдебиеттегі басты кейіпкерлер есімдерінің жалқы, төл есімдік мағыналарынан ауытқып, жалпы мағынаға ие болатындары да бар» деп біледі [Жанұзақов Т.*,1971, 128 б*]. «Тілдік қолданыста жалқы есімдер референциялды мағынасы болмаса да, нақты мазмұнға ие болады, коммуникацияда қатынасушылар үшін өзіне тән көптеген сипаттарды біліреді, әрбір жаңа контекст осы бірнеше сипаттардың біреуін іске асырады, яғни жалқы есімнің мәтінде жаңадан аталуы айтылым объектісіне «жалпының» жекесі болып қарастырылады, бұл семантикалық қатынаста оны жалпы есіммен жақындастыруға мүмкіндік ашады» [Әзімжанова Г..200*3*]. Бұған кейіпкерлердің көптеген есімдері мен фамилияларының жалпы есімге ауысып отыратындығы куә.

Осы орайда профессор Т.Қожекеевтің: «Сықақталатын сабаздың атын, фамилиясын, ойната, құбылта атау сатиралық туындыға ерекше әсер береді. Өйткені, ол сатириктің кімді айтып, кімді нысанаға алып отырғанын білдіре қояды» [Қожакеев Т*., 1996, 197 б.*], – деген сөзі ойымызды нақтылай, бекіте түседі.

Көркем мәтіндерде жеке сөзбен ұйқастырыла қолданылған жалқы есімдер кездеседі.

1. Арғы атамыз – Масақ, Масақтан-Қасап, Қасаптан-Шайқы, Шайқыдан- Қайқы (О.Ә., 101-б). 2. Бір әйелі Ырғызда; бір әйелі – Қырғызда; бір әйелі – Торғайда; бір әйелі – Қордайда. Сөйтіп біздің Әлибек: «Дүние жалған – фәни» деп, жатып алып жан-жаққа жолдап жатыр әлимент (О.Ә., 100-б.). 3. – Сәлеметсіз бе, Мәке! – Е, төрлет, Бәке! – О, жоғарлат , Дәке**!** – Иә, Қош келдің, Жәке! (О.Ә., 20-б.). 4. Күлдияға Зымзия адам сенбес сұмдық айтты: Балзия байғұс құрыпты, күйеуі итше тепкілеп, ұрыпты (Ү.У., 37-б.). 5. Есенейдің жаңа телевизоры «Енесей», тоққа қостық, сөйлемей тұр, о несі, ей! (О.Ә., 22-б.). 6. Сосын шопыр Әшірап, аузынан түкірігі шашырап, ... Балонды бір тепті (О.Ә., 19-б.).

Бірінші мысалдарда ұйқасымдылығына қоса, мағыналық тұрғыдан дамытылған, үдетілген (градациялық) түрде қисындалған. Өзгелердің мағыналары айқын болғандықтан, тек шайқы**-**ға ғана тоқталсақ, сөздікте бұл- «ел, халықты күлкіге қарық қылып жүретін кезбе, диуана адам» деген ұғымды білдіретін сөз болып түсіндіріледі. Екінші мысалда Әлібек ұйқас жақындығы үшін Әлибек болып сәл өзгертіліп, фәни деп**,** алименттермен үндестірілген. Бесінші мысалда «Енисей» атауына метатезалық (дыбыстық ішкі ауысымдық) сәйкестігі бар Есеней есімі таңдалып, бұлар одағайлы «о_несі, ей» тіркесімен қисындалған. Соңғы сөйлемде Әшірап-қа шашырап ұйқастырылған. Сөйтіп, бұл мысалдардан жалқы есімдердің де ұйқастырыла, ойнатыла қолданылғанда, мәтінге эмоционалды-экспрессивті рең-мән үстеуде айрықша орны бары айқын көрінеді.

Жалқы есімдердің Әусек-Сәусек, Мәуікбай-Сәуікбай, Қылмық- Жылмық, Сойқын-Жойқын, Былдырбек-Сылдырбек сияқты – паронимдік аттракция (ПА) түріндегі жұптарымен қатар, дара қолданылған, семантикалық тұрғыдан жағымды-жағымсыз, яғни эмоциялы, мәнді болып келетіндері де аз емес: Уәлі, Шымыр, кемелбай, Мимырт, Кәкір, Дегелек т.б.

Айта кетейік, жалпы, сөзқолданыс жүйесіндегі жалқы есімдердің, әсіресе адам аттарының қолданылу сипаты туралы: «Фамилиялар, әдетте атаулық сапаға ие болғандықтан, тілде номинативті қызмет атқарады. Оларда бағалау-мінездеу элементі болмайды. Олар адамға мінездеме бермейді, тек атын білдіреді (Иванов, Петров, Семенов, Смирнов) – дей отырып, профессор А.И. Ефимовтің – «Ал біз Дерджиморда, Скотинин, Простакова дегенімізде номинативтік және мінездемелік сапа тоғысып келеді» [Ефимов А.И*., 1957, 88 б.*], деп көрсеткеніндей, көркем шығармада бірқатар жер, кісі аттарына әлеуметтік мән беру, оларды кейіпкердің жағымды-жағымсыз мінез-құлқына, іс-әрекетіне лайықты пайдалану орыс әдебиетінде ертеден орын алғаны мәлім. Мысалы, Скотинин, Простоков (Фонвизиндегі), Дерджиморда, Свистунов, Ляпкин-Тяпкин, Сквозник-Дмухановский, Хлестаков, (Гогольдегі), Дикой, Кабаниха (А.Н. Островскийдегі), Головолев, Дерунов, Балалайкин, Угрюм-Бурчеев, Перехват-Залихватский (Салтыков-Щедриндегі) Полутыкин, Зверьков, Пеночкин (Тургеневтегі), Пришибеев (Чеховтағы), Оболт-Оболдуев, Утятин-Последыш (Некрасовтағы), Корнейчуктың тек «Майдан» (Фронт) пьесасының өзіндегі Крикун, Хрипун, Удивительный, Тихий есімді кейіпкерлері тағы дакөптеген кісі аттарымен бірге, Терпигорев, Пустопорожный, Подтянутый, Заплатов, Разутов, Неурожайка (Некрасовтағы), Глупов, Умнов, Буянов (Салтыков-Щедриндегі) сияқты уезд, болыс, губерния, деревня, қала аттарын есімізге түсіріп, олардың мағынасына ой жіберсек, сөз жоқ, шығарма авторларының осы аттарды мақсатты түрде қолданғаны анық байқалады.

Демек, бұл қолданыста олар талғамсыз емес, образ бітіміне немесе оқиға мекеніне сай ашымды, әсерлі реңде, ұнатып-ұнатпау көзқарас тудырғандай дәрежеде, яғни эмоциалды және экспрессивті ыңғайда алынған.

Көркем шығарма тіліне байланысты айтқан пікірлердің бірінде В.В. Виноградов зат есімнің осы түрінің атқарар рөлін: «Сөздің бейнелі, көркем түсінілу ерекшелігі жазушының әдеби шығарма құрамына іріктеп алып енгізген жалқы есімдерінің қызметінен де көрінеді. Олар мағыналы, мәнерлі және атау ретінде әлеуметтік мінездемелі»

[Виноградов В.В., 1959], – деп аңғартады.

Есім сөздер қызметінің мұндай көрінісі (мысалы, Еркебұлан, Ботакөз, Мырқымбай (жағымды), Итбай, Желдібай Жындыбаев, Құтпан Итаяқов (жағымсыз) сияқты қазақ ақын, жазушыларынын да аз ұшыраспайды.

Адамның бойындағы әр алуан жағымсыз қасиеттерін атап көрсетіп, алдын-ала оқырман ойында түрлі эмоция тудыруға, ассоциация жасауға негіз болатын атаулар әр сатиралық шығармада кездеседі. Кейіпкер аттарының сыртқы образ бітімі мен ішкі мінездемелік сапасының тоғысып жататындығын «бас» сөзіне байланысты жинаған соматикалық антропонимдерден байқауға болады. Мысалы, Алабас, Бұзаубас, Бақырбас, Дарабас, Ешкібас, Жалпақбас, Жайбас, Жарғақбас, Жүндібас, Қалтаңбас, Маубас, Майлыбас, Қоқыбас, Қисықбас, Қасқабас, т.б.

Аяқ киім басшыларының аты – Башмаков, Лаптев, қыңыр адам – Қисықбасов, жұлып-қашар жұлқарлар – Іремесов, Майжемесов, тентек жеңгейдің есімі – Шайпаубике, шаруашылық жағында жүрген жеңгей- Арбакешева, пәтуасыз – Айнымалиев т.б.

Шығармада есімдердің семантикасы қоғамға жат мінез-құлық үлгілері анық байқалады. Мысалы, 1. Содан кейін саусақтарын санай сөйлеп, Тойкенің хоббиі-қалам жинау, Шайқының хоббиі – сағыз жинау, Омпыштың-сіріңке, Топайдың-оттық, Мырқының-сағат, Қырықбайдың-шеге жинау, деп жыр қылды (Ғ.Қ., 26-б.). 2. Жуандар арыла түсіп, есік алдында тұрған қызметкерлер енді қолымыз жетті ме деп тұрғанда, сары партпелді қолтықтап, шалқақтай басып Борсықпайып пен Бұқабайып келіп кірді ... (М.Н., 39-б.).

Жоғарыдағы мысалдарда есімдер тек номинативті ғана емес, сонымен бірге стилистикалық, сипаттамалық қызмет атқара отырып, кейіпкер мінездемесін берудің, көркем туындыларда образ тудырудың оңтайлы бір құралы ретінде қызмет атқарып тұр. Олар көркем мәтіннің тілдік амалдар жүйесіне шектеулі, дәлелді түрде қосылады және шығарманың жалпы обрыздылығын құруға қатысқан.

Сатиралық шығармаларда жалқы есімдер жан-жануарлар, аң-құс, құрт-құмырсқа атауларынан да жиі жасалады. Б.Мәуленованың: «Кейіпкерлерін зоонимдермен атаған жазушының мақсаты оқырманына олар туралы сығымдалған ақпарат, хабар беру, себебі жан-жануарлар әлеміндегі ең кішкентай, ең сүйкімсіз жәндіктер мен қолға үйренуі тез құстардың, үй жануарларының атын оқыған бетте оқырман көз алдына соларға ұқсас сүйкімсіз, сөзінде тұра алмайтын адамдар елестейді» [Мәуленова Б *., 2006, 25 б*].

Төрт түлік мал халықтың барлық жан-дүниесін, ойлау жүйесін, психологиясын, тілін «жаулап алған». Халық жылқыны желден, түйені сордан, сиырды судан, қойды оттан жаралған деп есептейді. Төрт түлік мал қазаққа қандай қадірлі, қымбат болса, «бес саусақ бірдей емес» дегендей, сүйкімсіз адамның келбетін, түсін, сиқын, жақсы, жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін оны малдың мүшелерімен, мінезімен салыстырады, сөйтіп әр түрлі теңеулер жасайды. «Сатира, юмор – әрі көңілді, жеңіл, әрі зілді қуаныш-ренішке бейім өнер» [Жанәбілов Ш*., 1992, 16б*.] болғандықтан, кейіпкер аттары да ұнамды, ұнамсыз семаларға ие. Мысалы, «Есекбайды құдай арамдығына атан түйе батып кететін түпсіз жылым етіп жаратқан. Оның үстіне оған шібіштің құйрығындай шолтаңдап тынымтаппайтын тіл берген». Ақылы келте, ойланбай іс істейтін ақымақ, топас кейіпкердің аты мен заты үндесіп тұр. Қазақ жануардан құлағанда «түйе шудасын, жылқы жалын, сиыр мүйізін, есек тұяғын төсейді» – дейді [Жанәбілов Ш., 1992, *149 б*.]. Сатирада зоофорлық аттармен кездесетін кейіпкерлерге мысал келтірейік: Ақкүшік, Барақ, Доңызқұл, Есекбай, Иткүл, Итбай, Иткара, Итбас, Итемген, Иткөз, Итуахи, Итбақбас, Күшікбала, Төбет, Үрген, Құтпан итаяқұлы, Қызылтазы, Құмай, Тазыбайдың қаншығы, Тайқар; Борсық Бөрігүл, Бөлтірік, Бөкен Арыстанович, Жыланкөз, Елікханов, Ешкіемер, Киікгүл, Көкжал, Көдек, Қоянгүл, Қодыкен Сусликкөз, Қоңырқұлжа, Төкеш Түлкібаев, Түлкібике, т.б; Бөдене Бұлдырықов, Бытпылдақ, Балапан, Дуадақ, Жапалақ, Қораз Қоқиев, Қыран, Қытқытбек, Құсбегин, Құсмұрын, Құтан, Сауысқан Саққұлақов, Тауықбике, Тауықтөс, Тырнабай, Үкітай, Үйрек(ович), Шүрегей, Шымшықбек.

Байқап отырсақ келтірілген мысалдарда кейіпкер аттарының семасында жағымсыз мағына басым. Қаламгер өз кейіпкерін сүмірейтіп суреттеу үшін мысқылдап, қағытып, мұқатуда түрлі әдіске барады, мәселен құс, аң мен адам арасынан ұқсастық іздейді. Мысалы, Қоянгүл-қоян+гүл. Мұндағы қоян-аң, гүл- антрополексема, яғни әйел атын білдіру үшін қолданылатын сөз. Қоян атымен келген кейіпкердің семасында қорқақтық бар.

О.Әубәкіров шығармасында кейіпкер Қораз Қоқиев былайша суреттеледі: «Ешкіммен тілдеспейді, амандаса қалсаң, бас-аяғыңды тексеріп шығып, оң қолының сұқ саусағымен көзілдірігін көтеріп жоғары қарап тұрып «с-с...» деген болымсыз дыбыс шығарады. Көзілдірігімен бірге көтерілген танауы біразға дейін делдиіп тұрып алады» (О.Ә., 39-б.). Кейіпкердің қоқиланған, менменсіген, едіреңдеген қасиетіне қарай атыжөнін осылай үндестіріп алған.

Қораз – тілдік қолданыста әтеш деп те айтылады, екеуі де бір заттың атауы, номинативтік бірлігі бар сөздер, ал сөйлеу барысында өзгешелігі бар. Мысалы қораздану деген көкірек керу, менменсу, паңсыну мағынасын білдіреді, бірақ әтештену деп айтылмайды. Сөз төркіні парсы тілінің хорус-әтеш, хоруш-айқай дегенінен шыққан.

Образ жасаудың бір тәсілі болып есептелетін кейіпкерге ат қою уәжділігі туралы сөз көп:

– зоофорлық аттардан кейіпкердің болмысы мен жаратылысы, әдет-дағдысы туралы берілер қысқаша деректі тануға болады;

– зоофорлық аттарды зерттеу халықтың рухани әлемі, әлеуметтік өмірі, наным-сенім, тұрмыс-салты туралы мағлұматқа бай екенін дәлелдейді;

– зоофорлық аттардан коннативтік, денотаттық, сигнификаттық мағынаны ашу арқылы ұлттық мінез айқындалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Халық даналығын жақсы білетін сықақшы қаламгерлер ат беру мәселесінде аң-құстарға тән мінез-құлықты, өз кейіпкерінің болмысы мен бітіміне сай аттар таңдай білген.

1. Пейоратив (лат. Pejor «кемсіту») аттар: Борсық-семіз, Доңыз-тұрпайы, дөрекі, Заржақ- сарнауық, Ит-оңбаған, сұмырай, Жайынауыз- ашық ауыз, Көбелек- жеңілтек, Құзғын- жауыз, қанішер, Құйыршық-біреудің қолшоқпары, Сүлік- арамтамақ, тентек- сотқар, бұзақы, Шошқа-надан, топас.

2. Хремотонимдік (гр. Chromos «зат-мүлік») аттар

а) Жабдық атаулары: Мұрындық- мұрынға өткізетін істік ағаш, Ноқта+бай- басқа кигізетін әбзел, Тоқым – ер-тұрман, Тұсау+бай аяққа салынатын жіп, Тұзақ- құсқа құрылған тор.

ә) Малдың терісіне қатысты атаулар: Елтір+-бай – қозы-лақтың терісі, Пұшпақ+бай- малдың сирағының терісі, Тулақ+бай- кептір-ілген тері, Шөншік – бұзау терісі, Жұрқа+бай – қалдық.

б) Малдың жүніне қатысты: Боздақ- ботаның жақ жүні, Көкшақа – жүні жетілмеген төл, Қылқи+бек – құстың қауырсыны түсуі.

в) Ұлттық мүлік аттары: Наркескен – асыл қылыш, Қоңырқұлжа- арқардың асығы.

Антропоним жасаудағы өнімді тәсілдің бірі-екі сөзден біріктіріліп жасалған кісі аттары. Дара тұлғаға қосымшалар қосу арқылы жаңа мағыналы есім жасалады. Т.Жанұзақов мұндай жолмен жасалған есімдерді «тума аттар» деп атайды [Жанұзақов Т*., 1971, 129 б.*]. Оларды морфологиялық құрылымына және сөз қатысы жағынан алып топтастырып көрейік.

Дара тұлғалы, яғни бір құрамды антропонимдер (Тәпә, Көди, т.б.)

Зат.есім+зат.есім (Қауіп+бай..)

Зат.есім+етістік (Ұл+қу...)

Етістік+етістік (Ойна+күл, Сатып+кет,...)

Сын.есім+зат.есім (Жүндібас...)

Сонымен, сатира кейіпкерінің есімі кездейсоқ алына салмайды екен, яғни мәтіннің мазмұнын ашады, күлкілі кейіпкердің есімі езу тартқызады, яғни мазмұн мен түр бірлікте болады. Көркем шығармалардағы әдеби жалқы есімдерді лексика-семантикалық, грамматикалық тұрғыдан зерттеу, көркем мәтіндегі қызметін айқындау автор тудырған туындыны жан-жақты, толық түсінуде маңызы зор. Әзірге қолдағы мыңдаған кейіпкер аттары мен фамилияларын лексика-семантикалық топтарға бөлу, морфологиялық жағынан сөзжасам жүйесін талдау, этимологиялық және этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу, олардың шым-шытырық сырын ашу – басқа бағыттағы дербес жұмыс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Виноградов В.В. О языке художественной литературы. – Москва, 1959.
2. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы, 1971. – 128 бет.
3. Әзімжанова Г. Кейіпкерлерді атайтын жалқы және жалпы есімдердің мәтін түзушілік қызметі. Тіл-таным журналы. №3, 2003.
4. Қожакеев Т. Сатира негіздері. – Алматы, 1996. – 464 бет.
5. Ефимов А.И. Стилистика художественной речи. – М., 1957. – 88 стр.
6. Мәуленова Б. Қазақ сатирасының тілі. Филол.ғыл.канд...автореферат. – Астана, 2006. – 25 бет.
7. Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. – Алматы, 1992. –149 бет.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ
НАУКА ОБ ИСКУССТВЕ
ART SCIENCE

Әкімбек Асқар
«Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының 2 курс докторанты
«Театр өнері» факультеті
Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Алматы

Исламбаева Зухра Усманбековна
«Театр өнерінің тарихы мен тоериясы» кафедрасының доценті,
өнертану кандидаты
Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Алматы

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН САХНАЛАУДАҒЫ ӘЛІМБЕК ОРАЗБЕКОВТІҢ РЕЖИССЕРЛІК ІЗДЕНІСТЕРІ

Түйін. Ғылыми мақалада белгілі режиссер Әлімбек Оразбековтің режиссурасымен Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрында сахналанған «Абай», «Қараш-қараш оқиғасы», «Қорғансыздың күні» спектакльдеріне талдау жасалған. Мақала авторы М.Әуезовтің драмалық және прозалық шығармаларын сахнаға шығарудағы режиссердің ізденістеріне тоқтала отырып, көрнекті жазушының көркем туындыларына бүгінгі көзқараспен келудегі мақсатын саралайды. Ә.Оразбековтің дәстүрлі сахналық шешімдерді қайталамай, шығармалардағы шытырман тартысқа толы оқиғалар арқылы қоғамдағы және адам өміріндегі әділетсіздіктерді ашып көрсете алғандығы сөз болады. Сонымен бірге аталған спектакльдерде роль орындаған шығармашылық ансамбльдің М.Әуезов қаһармандарының әлеуметтік орнын, олардың психологиялық ахуалдарын терең мағыналы монолог-диалогтар арқылы ашудағы ойын бедерін айқындап берген.

Түйінді сөздер: трагедия, әлеуметтік драма, классика, сахналық жүйе, минимализм, заманауи техника, кейіпкер, идея, режиссерлік тұжырым.

Резюме. В научной статье раскрывается роль известного режиссера Алимбека Оразбекова под руководством которого были поставлены спектакли «Абай», «Выстрел на перевале», «Судьба беззащитного» из репертуара Казахского государственного академического музыкально-драматического им. К.Куанышбаева, также был проведен анализ спектаклей.

Остановившись на поисках режиссера по выпуску на сцену драматических и прозаических произведений М. Ауэзова, автор статьи проанализирует его цель с точки зрения современного подхода к художественным произведениям видного писателя. А. Оразбеков, не повторяя традиционные сценические решения, раскрывает несправедливость в обществе и в жизни человека, через события, наполненные глубокими трогательными трюками в произведениях. Также в этих спектаклях М. Ауэзова, исполнивших роль в этих спектаклях, определил социальное положение героев М. Ауэзова, их психологическое состояние через глубокие смысловые монологи-диалоги.

Ключевые слова: трагедия, социальная драма, классика, система сцены, минимализм, современная техника, герой, идея, режиссерская концепция.

Summary. The scientific article is reveals the role of the famous director Alimbek Orazbekov, under whose guidance the performance “Abay”,“Shot on the Pass”, “Day of defenselessness” was staged from the repertoire of the Kazakh State Academic Music and Drama named after K. Kuanyshbaev, and the analysis of the performance was also conducted.

Focusing on the search for a Director for the release of dramatic and prose works by M. Auezov, the author of the article analyzes his goal from the point of view of a modern approach to the works

of a prominent writer. A. Orazbekov, without repeating traditional stage decisions, reveals the injustice in society and in human life, through events filled with deep touching tricks in the works. Also in these performances, M. Auezov, who played a role in these performances, determined the social position of M. Auezov's characters, their psychological state through deep semantic monologues-dialogues.

Keywords: tragedy, social drama, classics, scene system, minimalism, modern technique, hero, idea, Director's concept.

Жылдар өтіп уақыт алға жылжыған сайын театр өнерінің де көрермен талғамы мен түсінігіне лайықталатыны, эстетикалық мәні мен танымының артатыны, көркемдік шешімдер мен бейнелеу тәсілдерінің жаңаланып, тыңнан жол сала бастайтыны белгілі. Соның ішінде қазақ режиссурасы өзінің даму жолында заманмен бірге түрленіп, жаңа қағидаларды ұсынды. Уақыт пен идеяны сауатты түрде үйлестіре алуға тиісті режиссерлік өнер тұлғалықты талап етеді. Ұлттық режиссураның бастауында тұрған Жұмат Шанин, одан кейінгі Асқар Тоқпанов, Әзірбайжан Мәмбетов, Бәйтен Омаровтар салған дәстүрлі жолды Жақып Омаров, Қадыр Жетпісбаев, Виктор Пұсырманов, Маман Байсеркеұлы, Есмұқан Обаев, Нұрқанат Жақыпбай, Тұңғышбай Жаманқұлов сынды шоғыр бүгінгі тәуелсіз елге жалғастырушылар болып табылады. Осындай алып буын, аға буын тәрбиелеген режиссердің бірі – Әлімбек Оразбеков.

Ол өзінің шығармашылық жолына театрдың бет-бейнесін, репертуар саясатын жасауға ат салысып, талантты жастардың өркендеуінде көрегендік танытты, ұлттық сахна өнерінің дамуына үлкен үлес қосты. 1971-1975 жылдары Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясының театр факультетінің актер бөлімін бітіргеннен кейін еңбек жолын 1975 жылы Талдықорған облыстық қазақ драма театрында (қазіргі Б.Римова атындағы Алматы облыстық қазақ драма театры) бастаған. 2009 жылы арнайы шақыртумен Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрына қоюшы-режиссер болып тағайындалды. Осы уақыттарда Г.Гориннің «Атың шықпаса...», Е.Разумовскаяның «Медея», Ж.Шевренің «Ізгілік формуласы», М.Әуезовтің «Абай», «Айман – Шолпан», «Қорғансыздың күні», «Қараш-қараш оқиғасы», Ш.Айтматовтың «Ана–Жер ана», Т.Жүженоғлының «Көшкін», Ш.Мұртазаның «Домалақ ана», т.б кесек туындыларды сахналап, сыншылар тарапынан жоғары баға алды.

Ә.Оразбеков – классикалық драматургия мен әдебиеттің озық үлгісі болған заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің шоқтығы биік туындыларын көп сахналаған суреткердің бірі. Әрине ұлттық рухты насихаттап, салт-дәстүрдің сақталуын мақсат еткен суреткер үшін М.Әуезовтің шығармаларын сахналау заңдылық та. Өйткені қазақ әдебиеті мен драматургиясына өлшеусіз үлес қосқан ұлы суреткердің шығармаларында ұлттық болмысты ту етіп ұстанған әрбір өнерпаз үшін қажетті гуманизм, оптимизм идеялары, жақсы мен жаманды тану бар.

«Абай» трагедиясы алғаш рет 1940 жылы 30 қазанда Асқар Тоқпановтың режиссерлігімен қазақ академиялық драма театры сахнасында қойылды. Онда бас кейіпкер – Абайды Қалибек Қуанышбаев ойнады. Жарты ғасырдан астам көптеген театрлардың репертуарларынан түспей сөз өнерінің, актерлік биіктіктің үлгісі болып келе жатқан трагедияны 2009 жылы Ә. Оразбеков Қалеки театрында сахналады.

Ұлы Абайдың әуезді әнімен ашылған шымылдықпен бірге жақсы өмірге, жарқын болашаққа талпынып, махаббаттың жан шуағын сезінген жастардың жүрек үлпілі, сезім сыры көрінеді. Еңілік пен Кебектің, Қалқаман мен Мамырдың тағдырларына куә болған ел енді Айдар *(О.Жақыпбек)* мен Ажардың *(Г.Жүсіпова)* махаббатына аянышпен қарап тұр. Озбырлық пен оспадарлықтың басына қатігездік пен қаталдықтың қамшысын үйірген Оразбай *(Б.Ыбраев),* Жиреншелердің *(Ж.Төленбаев)* содырлы сойылына, қатал үкіміне қарсы тұратын жалғыз әділетті күш болса ол – Абай *(Н.Өтеуілов*). «Қалың елі қазағының» қасіретін тартқан Абайдың басындағы трагедия осыдан басталады. Қауым елге қамқор болған Абайдың өз басындағы тағдырдың тауқыметі жетерлік еді. Қат-қабат келген Әбіштің *(Ж. Оспанов)* дерті, Мағыштың (А.Танабаева) қайғылы жағдайы, Мағауяның *(С. Байыров)* мезгілсіз ажалы ақынның қырық жамау жүрегін тілгілеп тұрлаусыз дүниенің қайғысымен бірге қан жұтқызды.

Осынау қиында жауапкершілікті пьесаны сахналау барысында Ә. Оразбековтың ұлы ақын әлемін тануға, өмірінің кейбір кезеңдерін суреттеуге өзіндік ізденіс жолымен келгені байқалады. Дәстүрлі үлгіде сахналасада спектакльде Абайдың азаматтық келбеті мен дүниетанымдық көзқарасына ерекше көңіл бөлген. Сахнадағы әрбір көрініске үңіле отырып, әр бір ойдың үзілмей, жұтылмай жетуіне назар аударып, қойылымның тұтастығын сақтауға күш салғаны байқалады.

Спектакльдің сюжеттік құрылымы қат-қабат келген тартыстармен өрбіп, ширыққан ситуацияларға ұластырып отыратын Абайдың ролін Нүркен Өтеуілов – ерекше толғаныспен орындағаны үшін көрермен ризашылығы алған актер. Тарихи тұлғаны сомдау қай актер үшін оңай еместігі белгілі, бірақ та мұндай рөлге адамның кездейсоқ келуі әсте мүмкін емес, Абайдың өзінің соқтықпалы, соқпақты тағдыры сияқты көп ізденуден, талмай еңбектенуден, тұлғаның ішкі түйсігі мен биік бойлаудан барып бағынатын алып бейне. Бұл туралы жас театртанушы Назерке Жұмабай «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан мақаласында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нүр-

кенің рөліне: «Иә, сахна өнерінде Қалибек Қуанышбаев шыққан шың – Абай ролі десек, бүгінде сол биікті бағындыруда актер Нүркен Өтеуілов жемісті еңбек етіп жүр. Абай – жүрдім-бардым қарайтын кезекші рөл емес, күрделі бейне. Алып бейнесін сахнаға шығару әртістен ішкі зиялылық пен тереңдікті талап етеді. Үздіксіз ізденіске жетелейді. «Мыңмен жалғыз алысқан» ақын бейнесінің сахнагерге артар зіл батпан ауыртпалығы да, ешбір атақпен өлшенбес абыройға бөлейтін құдіреті де қатар жүреді. Жас та болса актер Нүркен осы жауапкершіліктің салмағын жете түсінеді. Өзін үнемі Абай шығармашылығымен сусындатып келе жатқан өнер иесінің кейіпкер бейнесін ішке сіңірудегі сол ізденісі әр сөзі мен әрекетінен, әр демі мен үнсіздігінен сезіліп тұрады. Сахнагердің сомдауындағы ақын бейнесі сол бір ішкі иірімдерімен, күрделі күңіреністерімен бірден көз алдыңызда биіктей жөнеледі. Нүркеннің Абайынан сіз ақын заманының надандық пен тоғышарлық қатар шарпысқан зарлы мұңын ғана емес, бүгінгі күннің қоғам келбетін де жазбай танисыз. Өз әлеміңізге іштей үңіліп, өзіңізше қорытынды түйесіз. Бұл – ең бірінші классиканың құдіреті болса, екіншіден, актер ізденісінің жемісі деп бағалау керек.» [Жұмабай Н.] – деп пікір білдіреді.

Ажар мен Айдардың қуғынға түсіп, таяққа жығылып, қан жоса болатын көрінісі Оразбайлар тобының озбырлығына қарсы шығып Абай араласатын ендігі оқиғадан қанды оқиғаның қауып-қатерінен хабар бергендей. Артынша сахнаның ортасынан екі жасты шырмалап байлауынан шыққан сахналық шешімдер тың ізденістен, трагедия табиғатын терең ұғынудан туған. Төрдегі Сырттан бидің *(А.Сұлтан)* қолына ұстаған екі арқанының өзі өзіндік ізденістен туған шешімі. Қойылымдағы көптеген әрекеттердің бір арнаға тоғысуы – режиссер ойының орнықтылығының кепілі.

Қойылымды тарқатып отырсақ, режиссурасының ерекшелігі актерлік ойын арқылы жүзеге асады. Мұндағы әрбір орындаушы жайлы жеке дара тоқталып өтуге болады. «Қайран сөзім қор болды, тобықтының езіне» деп зар жылаған Абайдың қайтсем ағайынды біріктіріп, алауыздығын тиамын деген азабынан бүгінгі ұрпағына өнеге өрнегі төгіліп тұрғандай. Абай ғибратының жалғасындай жас Айдардың кемелді келешегіне балта шабар дұшпаны қасында жүргенін аңғармай қалады. Керім *(Ж.Ерболат)* бейнесі сол қастандықты ұйымдастырарда шын бояуында танылады. Ел арасында қай дәуірде болмасын екі жүзді пенделердің опаздығынан талай тұлғаның күйрегенін тарихтан білеміз. Ауезов Абай арқылы бүгінгі елді сатқындардан сақтандырғысы келгендей әсер береді.

Спектакльдің көркем бейнесі, сымбаты жаңашыл. Режиссер мен суретші сахна кеңістігін түгел пайдалануға ұмтылған. Бүкіл сахна тыныс алып, бір мезетте бірнеше көрініс қат-қабат көрінеді. Спектакілдің декорациясыннан ақынның өмір кезеңін бірге өткергендей сезімде қалып бейнелі шешімдері мен тамаша костюм үлгілері шығарма мазмұнын ашуға көп көмегін тигізіп қойылымның тұтастығын сақтаған.

Ә. Оразбековтың Абайды сахналауы біздің ойымызша суреткелік кемелденуін көрсетсе керек. Режиссер Абай әлемін жете түсінуде , оның әлеуметтік ортасын, дүниетанымдық көзқарасын терең зерттеп, ақының гуманистік ой-мақсаттарын шебер аңғарғандығы байқалып тұр.

Көп қырлы Абай дүниесі әлі талай ұрпаққа үлгі болып өріле беретіні анық. «Абай» трагедиясының Қ. Қуанышбаев театрында сахналануының өзі актерлік мектебінің қалыптасуына өзіндік үлес қосатыны шындық. Спектакль оқиғасы бұрынғы уақытқа бағынғанымен де, идеасы өмірлік тозбайтын құндылықтарды қозғағандықтанда өміршең.

Гуманизм мен оптимизм идеяларын бейнелейтін философияға толы, мазмұны жағынан терең, интонациялық және драмалық ауысымдарға бай, қазақ ұлтының болмысын, мінезін, бүтін бір ұлттың трагедиясын түп-тамырынан қопара ашатын М.Әуезовтің кесек прозаларын бүгінгі күні қазақ театрлары сахнаға бейімдеп қоя бастады. Бұған дәлел – Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының сахнасына Ә.Оразбековтың режиссурасымен қойылған «Қараш-қараш оқиғасы» повесі. Оқиғасы тартымды көркем тілмен жазылған прозалық шығарманы сахна заңдылықтарына сай өңдеп, ықшам пьесаға айналдырған – жазушы, драматург Қалихан Ысқақ, суретшісі Юлдаш Нурматов, ал киім үлгісінің суретшісі Шынар Елембаева.

Автор шығармасындағы басты кейіпкерлер ретінде қазақтың көрнекті қайраткері Тұрар Рысқұловтың әкесі Рысқұлдың (Бақтығұл), Талғар облысының болысы Саймасай Үшкемпіровтің (Жарасбай) прототиптерін алған. Қиянатшыл заманның қыршын құрбаны болғаны Тектіғұлдың өлімінен басталған әлеуметтік драма «...менің де күнім күн емес» деп зар жұтып, запыран құсқан Жарасбай болыстың өлімімен аяқталатын соңғы нүктесіне дейін ешкімді бейжай қалдырмайды. Ә.Оразбеков қарапайым қорғансыз халықтың ауыр тұрмысы, дала өмірі, шындық пен әділдік үшін күресі суреттелетін шығарманың эпикалық кең тынысын, өмір құбылыстарын, сол дәуірдің, сол уақыттың өзінің болмыс-бітімінен өрілген қан-сөлінен айырмай, баяндау тәсілін шашыратпай сахналық ауқымды дүние жасай алған. Сондай-ақ, үлкенді-кішілі мінездерді драма табиғатына, сахна шеңберіне сыйдыра елеп-екшеп, өмір шындығының ашылуына мүмкіндік берген. Мәселен, інісі Тектіқұл Сәмен болыстың жандайшап жігіттерінің қолынан қаза тапқаннан кейінгі көріністе озбырлық етінен өтіп сүйегіне жеткен

Қуандық Қыстықбаевтың көзіне кек қатып, жыландай жиырылған түрінен Бақтұұл қорғансыз қоғамда әділдік таба алмайтынын біліп бір шешімге бет бұрғанын, кейпінен көре аламыз.

Режиссер қойылымдағы Бақтыұлдың қиын тағдыры арқылы дәл осындай күйде жүрген кедейлердің жайын ұғындыру мақсатында көп сахналарды қараңғы, күңгірт бояуда бейнелейді. Театр өнерінің заңдылығы бойынша осындай үлкен шығармаларды сахналау барысында екі актерлік құрамның бекітілетіні анық. Сол негізде таңдап алынған Нұркен Өтеуілов пен Сырым Қашқабаев (Жарасбай), Қуандық Қыстықбаев пен Ержан Нұрымбет (Бақтыұл) аталған драмадағы нанымды ойындары арқылы өздерінің шығармашылық мүкіндіктерін тағы бір байқатты. Олардың өздеріне берілген қандай да роль болмасын көркемдік деңгейі жоғары бейне жасап, сол арқылы халықтың ықыласына бөленіп жүргенін білеміз. Актерлер «Қараш-қараш оқиғасында» да жоғарыда аталған сом образдарымен есте қалды.

Өнер құдіреті өзінің ішкі көркемдік қуатымен шынайы сипатқа ие болғанда ғана, өзіне тән көркемдік құралын сәтімен қолданып шығармашылық шеберліктің биік шоқтығынан тіл қатқанда ғана көрерменнің жүрегін осылайша баурап, осылайша толқытса керек.

1968 жылы түсірілген «Қараш-Қараш оқиғасы» фильміндегі (реж. Б.Шамшиев) Бақтыұлдың бейнесін сол кезеңдегі қеңестер одағына танымал талантты актер, қырғыз-қазақ киносының жарық жұлдызы Сүйменқұл Чокмаров кейіпкерін өз биігіне қондырғанына тәнті болған көрермен театрдың талантты қос актері Қ.Қыстықбаев пен Е.Нұрымбеттің ойынына сын көзбен қарағаны анық. Дегенмен бойларында табиғи талант-тың тасқыны бар актерлер шебер ойындарын көрсетті.

Режиссер бірінші планға Жарасбайдың бейнесін шығарған. Бұл Жарасбай – болыс, бай, күрделі бейне, жағымсыз кейіпкер деген шектеуге, тар шеңберге сыймайтын кейіпкер. Сондықтан режиссер оның болмыс келбеті мен өзіндік басқа есеп-қулықтардың ашылуына ерекше көңіл бөлген. Сол сияқты әлеуметтік қоғам ортасындағы қайшылықтарының, адам тіршілігіндегі қайғы-қасіреттің, әділетсіздіктің трагедиясын көрсету барысында философиялық топшылау тапқан. Қойылымда Жарасбай ойдың адамы, Бақтыұл істің адамы ретінде көрінеді. Екеуінің туған жерге деген перзенттік парызы мен ар алдындағы адалдықтары айқын аңғарылады. Жарасбай Бақтыұлға ел ішіндегі маңызды шаруаларды жүктейді ал ол не істесе де тындырымды атқарады. Жалпы қойлымда орыс отаршылдарының алдындағы қазақтың мүшкіл халі, елім деген ардақты азаматтардың қорлық өмірі ашық көрсетіледі. Сондай-ақ, мұнда ел тізгінін ұстаған атқамінерлер арасындағы сатқындық та аяусыз бейнеленген. Бақтыұлды билер ортаға алып, ауыр жазаны мойнына артқанда Жарасбай оны өз қолымен емес, шабарманы Қайранбай арқылы жазалаған шарасыздығы сәтті шешімін тапқан. Түйіндеп айтқанда, драманың астарынан «бабадан қалған қасиетті жерді аман сақтап алу әр қазақтың парызы» деген ойды ұқтық. Жарасбай да отаршылдарға сатқан жері үшін ар отына шыдамай, өзін құрбандыққа шалады.

Бұл ролдегі актерлер Н.Өтеуіл мен С.Қашқабаев образ жасаудың дәстүрлі түсінігінен бас тартып, Жарасбайдың бейнесіне жаңашылдық енгізіпті. Осы тұста орыс-кеңес режиссері, театр педагогы Константин Станиславскийдің жүйесін барынша тереңнен қаузап, қазақ тілінде сөйлеткен Маман Байсеркеұлының: «...Осы тұста көңіл күйдің ішкі асаулығы сыртқы ұстамдылықтың өлшеміне нұқсан келтірмеу үшін тізгінді тең ұстайтын техникалық шеберлік қажет. Ал, іс жүзінде хас шебер деген сахна майталмандарының өздері де «байқатпай» сыр білдіріп қояды. Ішкі тебіреніс тасқынының тегеуірінді өлшем-ырғағының екпініне ие бола алмай, кейіпкердің сыртқы тыныс-тіршілігін әбігерге салып жіберетін әлжуаздық байқатып алады. ...Жүрегі жаралы, тамыры тартылған жарымжан кейіпкердің сахнада ұзақ болмайды» [Байсеркенов М., 1993, 295 б.], – деген сөзі еске түседі. Мұны ерекше айтып отырған себебіміз, аталмыш спектакльдегі екі актердің режиссердің осы тұжырымына жол бермей, керісінше, шеберліктің үдесінен шыға білгендігі болатын. Олар сырттай сыпайы күй кешіп, ішкі әлемі астаң-кестең аласапыранға толы Жарасбайды спектакльдің шарықтау шегіне дейін жымын білдірмей шынайы жеткізе білді.

Спектакльде өнер көрсеткен Жанат Оспанов (Жүніс), Боранбай Молдабаев (Сарысақал), Ақыш Омар (Николай Добродеевич), Ботагөз Мақсұтова (Қатша), т.б. драманың тартысын күшейтуге, патшалық Ресей билігінен психологиялық-моральдық тұрғыдан зардап шеккен қазақ халқының күңгірт өмірін қоюлатуға күш салған. Ә.Оразбеков режиссурасының бір қасиеті – актермен жұмыс жасау үстінде сахналық түпкі мақсатқа орындаушының көзін анық жеткізіп, бейне жасаудың жолындағы қиындықты бірге бөлісуінде. Спектакльдегі актерлік ойынның жетістікке жетіп жатқандығы да содан. Мұны роль орындаушылардың режиссердің ойын, оның трактовкасын жете түсіне отырып, әрекет етуінің нәтижесі дейміз.

Сахнадағы төбелес сәтін бейнелеу, Тектіұлды, Бақтыұлды жабылып ұрып жығатын сәттер қоюшы режиссердің үлкен шеберлігін айқындайды, өте шебер, шынайы қойылған. Аза, жоқтау, қара киім көрерменнің арқасын мұздай қариды. Қимыл-әрекет атаулы аядай сахнада қамшы арқылы берілуі сәттілік. Драмадағы екі-үш мәрте сырттай естілетін бесік жыры – ақ көз үміт тұспалы, өмір сарыны,тіршілік өзегін тану, қайрат қылу.

Жалпы «Қараш-қараш оқиғасын» сахналауда Ә.Оразбеков шығарманың тақырыбына, өмірлік фактісіне, мәтініне, сюжет желісіне баса назар аудару арқылы сахналық қойылымға қажетті жаңашылдықты таба білген. Аталмыш спектакльде халық өкілдерінің шынайы бейнелері айқын суреттелген. Сондай-ақ, режиссер шығарма жазылған уақыттағы саяси, әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға тоқталып, оның туындыға тигізген әсерін де байқатады. «Странное дело – идея художественного произведения. Она начинает прорезаться именно тогда, когда ты перестаешь заниматься ею впрямую. Ты просто уже полон всем этим, и начинается импровизация, и тогда, когда в силу вступает жизнь, – идея снова возникает, только уже в ином обличье» [Эфрос А.В., 1993,б.11], – деп жазады режиссер Анатолий Эфрос. Театр репертуарында ұзақ тұрақтап, ұлттық сахна өнерінің классикалық шығармаларды игерудегі мүмкіндіктерінің жоғары екені анық көрсеткен Ә.Оразбековтың аталған спектаклі осы тұжырымға саяды. Мұның басты идеясы бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып жатыр. Яғни, жер мәселесі, адамды адамның қинауы, алдауы, қатыгездіктің бой алуы, сатқындық пен өзінің жеке мүддесі үшін ғана әрекет ету, т.б. бүгінгі қоғамда жоқ деп айта алмаймыз.

Ә.Оразбеков режиссурасының бір қасиеті – актермен роль үстінде сахналық түпкі мақсатты орындаушының көзін анық жеткізіп, бейне жасаудың жолындағы қиындықты бірге бөлісуге жалықпауында. Спектакльде актерлік жетістіктердің молдығы да содан. Актерлердің ойын-өрнегін, сахнаның көркемделуі, музыкалық үйлесімділік туралы тоқтаусыз сөз айтуға болады. Қысқаша түйіндеп өтер болсақ, мұның барлығы сахнаның бас дирежоры-режиссердің ойын қалтықсыз түсініп, оған қапысыз бағына білген, шоқтығы биік ролдерді сомдап шығуда үздік шеберлік танытқан актерлердің де еңбегін жоғары бағалауға тиістіміз.

Өнер құдіреті өзінің ішкі көркемдік қуатымен шынайы сипатқа ие болғанда ғана, өзіне тән көркемдік құралын сәтімен қолданып шығармашылық шеберліктің биік шоқтығынан тіл қатқанда ғана көрерменнің жүрегін осылайша бауырап, осылайша толқытса керек. Жаңашылдыққа жаны жақын режиссердің қойылымды сахналау кезінде ұлттық құндылықтарға баса назар аударуға деген шығармашылық талабы сүйсіндіреді. «Ізденіс, эксперимент жасау, жаңа шешім тауып, тың ой айтуға талпыныстар әр уақытта қолдау табуы тиіс. Бірақ соның барлығы сахнаға қойылатын шығарманың өзінен туып, соның көркемдік табиғатына сай келуі шарт» [Құндақбаев Б., 1981, 63б.]. Осыған сәйкес «Қараш-қараш оқиғасы» спектаклінде негізгі идеяның ашылуына, мизансценалардың дұрыс құрылуына баса мән берген Ә.Оразбеков көркемдік тапқырлық танытып, М.Әуезовтің прозалық шығармасын сахнаға сәтті алып шықты деп айта аламыз. Сондықтан «Қараш-Қараш» әлеуметтік драмасы Қаллеки театрының тарихи тақырыпты меңгерудегі үлкен бір белесі болып табылады.

М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесін мектеп қабырғасынан оқып өстік. 1921 жылы жазушы аталған шығарманы «Қызыл Қазақстан» журналында алғаш жариялады. 1922 жылы Орынборда «Қорғансыздың күні» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. Көрнекті қаламгер осы әңгімені жазғанда өзінің ішкі жан дүниесіндегі қиналған кездерін ақ қағазға мөлдіретіп түсіргені анық. Кішкентай адамдардың қорғансыз күйін суреттейтін шығарма тек қазақ әдебиетінен ғана емес, әлем әдебиетінен ойып тұрып орын алар туынды. Негізінен жазушының қай шығармасын алсаңызда сахнаға сұранып тұрады. Көркемдік деңгейі биік, айтар идеясы асқақ жазушы шығармаларын сахналауға режиссерлердің де көптеп баратыны да сондықтан. 2017 жылы Қалеки театрында тұсауы кесілген «Қорғансыздың күні» драмалық қойылымның сахналық нұсқасын өзі жазып, подтекстерін белгілі ақын С.Ақсұңқарұлы жырлары арқылы жеткізген режиссер Әлімбек Оразбеков. Спектаклдің қоюшы-суретшісі Шынар Елембаев. Режиссер бұл спектакльді жиырма жыл бұрын Қарағанды облыстық С.Сейфуллин атындағы театрында сахналасада елордалық театрында өзгеше қырынан байытып, жаңаша жаңғыртты.

Әңгіме өзегі кең сахараның иен бір түкпірінде үйткіген боранды қыста жападан жалғыз қыстауда жақында ғана азаматынан және оның кіндігінен туған жалғыз ұл баладан айрылып, қасіреттен қан жұтып отырған: бірі төрінен көрі жақын кәрі кемпір *(Ж.Чайкина),* екіншісі көзі су қараңғы жесір *(Б.Мақсұтова),* үшіншісі ендігі бір үйдің жалғыз сүйенері, соңғы үмітіндей болған күнәдан пәк он үш жастағы Ғазиза *(Ж. Ибраева)* – осынау бейшара үш әйелдің басындағы қисапсыз тауқымет, шеті-шегі көрінбес қасірет. Мұның барлығы аздай, енді оларды басынып, қаралы отауға бата жасағансып келіп отырып, өз үйінде зорлықпен жас қыздың абыройын төккен Ақан (Е.Малаев) деген болыстың айуандығын әшкерелейді. Қорлық пен мазаққа, сұм дүниенің тозағына көне алмаған Ғазиза ғазиз жанының соңғы зарын айтуға боранды түнде әкесі мен бауыры жатқан молаға жетіп, аязды далада қатып өледі.

Спектакльдің өн бойынан ізгілік пен зұлымдықтың мәңгілік күресі өріліп отырады. Бір отбасының тағдыры таласқа түседі. Режиссер өткен күнді бейнелеу арқылы бүгінгі заманның ащы шындығын ортаға салады. Ұлы суреткерді мазалаған өзекті мәселелер негізінде өзі үшін, бүгінгі қоғам үшін аса өзекті деген күрделі сауалдарға жауап іздейді. Сахна ашылысмен ақ символдық бейнелер ақ пен қараның, Жарық *(Ж.Оспанов)* пен Түнекті *(О.Жақыпбек)* мәңгі бітпес арпалысын, тартыс-тайталасы көреміз. Бұл ретте кимыл-

қозғалыс пластикасын рөл мағынасына сәйкестендіре білетін актерлер белгілі ақын С.Ақсұңқарұлының жалынды жырларымен өрілген тартыс-айтыс пафосын да көркем жеткізеді. Сахналық шешімдеріне көз жүгірткенде үйге ұя салған қарлығаш, сахна төрін тұтас жауып тұрған жырым-жырым сұрқай жұқа мата, көктен түсіп тұрғандай саты-баспалдақ, екі парлы дөңгелек т.б символдармен көркемделген дүниелерді көреміз.

Спектаклдегі қазақтың қарапайым отбасының үйіне қарлығаштың ұя салғанына қуанған, Ғазизаның жарқын күлкісінен басталады. Дүние қоңыз Дүйсен (К.Нұрланов) келіп, зар илеп, көмек сұраған сәттен бастап бұзылады, шаңырақ құлайды. Оқиғаның өрбуіне ұйтқы болған көрініс Ақан болыстың атшабары қожасының көңілін табамын деп қайда болса да дайын тұрған сұмырай Қалтайдың (Қ.Бұғыбай) қожасын қорғансыз үйге ертіп келіп арам ойын жүзеге асыруға мүмкіндік жасағаны. Жақып болыс пен Қалтайдың жақында ғана азаматынан және еркек кіндікті ұл баладан айырылып қос қазаға ұшырап отырған қаралы үйге бата жасағансып келіп: Құдай ісі сыпайышылық, ақырының қайырын берсін!,- деп көңіл айтқан бола отырып, екі көзін Ғазизадан алмай, арам ойлардың жетегінде отырған бұл надан кеуде көрсоқыр пенде о бастан қасындағы жандайшап атқосшысы Қалтайдың жымысқы жоспары бойынша пасық пиғыл, сұм ниетпен тоқтаған еді. Ақыры, түн қараңғысын жамылып қорғансыз жанға қорлығын батырып арамза ойларына жетіп тынады. енді сорлы шаңырақтың жалғыз тірегі, сүйеніші болып қалған әлсіз, нәзік Ғазизаны басынып қорлап кетеді.

«Қорғансыздың күні» трагедиялық спектаклінен Ә. Оразбеков бір үйдің басына түскен зіл-батпан қасірет оқиғасы арқылы түпсіз терең дағдарысқа құлдыраған қоғамның сорақы бейнесін, адамдық қалыптан шығып, азғындап бара жатқан кейбір ел жуандарының опасыздығын, қырдағы кедей-кепшік, қарапайым адамдардың бастан кешіп отырған орасан тауқыметінің терең тамырларына дейін жалаңаштап, айқара ашып қапысыз көрсетеді. Спектакль туралы Ә. Оразбековтың өнердегі әріптесі Қазақстанның халық артисі, актер Тілектес Мейрамов «Қорғансыздың күні» спектаклінің премьерасында жергілікті газетке берген сұқбатында: «Адамға ой салатын қойылым болды. Біраз жылдан бері Әлімбектен осындай серпіліс күтіп жүр едім. Соны көргеніме қуандым. Бұрын тарихи шығармалар қалай жазылса, сахнада солай қойылатын. Ал режиссер заңғар жазушының шығармасына заманауи көзқараспен келген. Оған белгілі ақын Серік Ақсұңқарұлының поэзиясының қосылғаны спектакльді байытып жіберген. Пьесаны көріп отырып, зұлымдықтың алдында бәріміз де қорғансыз екенбізді сездік» [Азамат Е.] – деп пікір білдіреді.

Сонымен бірге сахналық безендіру, қимыл-қозғалыс, актерлердің киімдері мен гримдік әрлеулері өте үйлесім тапқан. Орындалған музыканың өзі адамның көңіл қылын шертіп, мұңды әсерге бөлейді. Саханлық костюмдер қойылымдағы әр кейіпкердің өмірбаяндық тарихына қатысты алынған, бірақ ала-құлалық жоқ ортақ стильге бағынады. Қандайда бір спектакльдің көркем шығуында режиссер мен суретші идеяларының үндестік табуы аса маңызды десек, сахналық сымбаты көркем туындының қоюшы-суретші Шынар Елембаева тақырыпты көп қаузап, көп ізденіп режиссермен бірге шығармашылық үндестікке жете білген.

Қорыта айтқанда, Ә.Оразбеков сахналаған Әуезовтің шығармалары Қалеки театрының тарихи тақырыпты меңгерудегі үлкен бір белесі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жұмабай Н. Тарихын тағылым тұтқан театр [Электрондық ресурс] https://egemen.kz/article/176851-tarikhyn-taghylym-tutqan-teatr
2. Байсеркенов М. Сахна және актер. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 295 б.
3. Эфрос А.В. Профессия: режиссер. – Москва: Фонд «Русский театр», Издательство «Панас», 1993. – Книга 2. – С. 368.
4. Құндақбаев Б. Уақыт және театр: Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Өнер, 1981. – 328 б.
5. Азамат Е. Қорғансыздың мұңы [Электрондық ресурс] https://www.astana-akshamy.kz/qorghansyzdyng-mungy/

УДК 78.071:781.68(574)

Баймуратов Нурсултан Бахтиярович
1 курс магистранты
Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
Алматы, Казахстан

Сарымсакова Алмагуль Сессияевна
кандидат искусствоведения, доцент
Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
Алматы, Казахстан

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ В ИСПОЛНЕНИИ ПАРТИЙ КЛАССИЧЕСКИМИ ОПЕРНЫМИ ВОКАЛИСТАМИ КАЗАХСТАНА

Түйін. Мақалада авторлар оқырмандарды негізгі қызметі классикалық еуропалық музыканы жеткізуде ұлттық дауыс ерекшелігін сақтауға айналған Қазақстан опера вокалдық өнерінің інжу-маржандарымен таныстыруды өз алдарына мақсат етіп қояды.

Мақала авторлары танымал опера әншілерінің орындаушылық өнерлері арқылы дауыс толыққандылығы, фразироовка, әртістік сияқты классикалық вокалдың әр түрі мен мен табиғи ерекшеліктерін қарастырады.

Еуропада және өзге елдерде Отан даңқын асырған Күләш Байсейітова, Роза Жаманова, Ермек Серкебаев, Ғафиз Есімов, Талғат Күзембаев сияқты Қазақстанның көрнекті опера әншілерінің орындау ерекшеліктері мен ұлттық дауыс өзгешелігінің құпиясы айқындалады. Олардың ерекше тембрлерінің, интонациялық бояуларының құпиясын ашуға қадам жасалады.

Қазақстандық классикалық операның қалыптасуы мен алғашқы қазақстандық композиторлар Евгений Брусиловский, Еркеғали Рахмадиев, Ғазиза Жұбанованың рөлін анықтау мәселелері қозғалады.

Түйінді сөздер: ән, әнші, әншілік мектеп, орындаушы, ұрпақтар сабақтастығы, тәжірибе, қазақ ән мектебі, классикалық ән, опера.

Резюме. в статье авторы ставят перед собой задачу – познакомить читателей с жемчужинами оперного вокального искусства Казахстана, основной заслугой которых стало сохранение национального своеобразия голоса в интерпретации классической европейской музыки.

Авторы статьи рассматривают различные виды и природные особенности классического вокала, такие как наполненность голоса, фразировка, артистизм на примере известных оперных вокалистов.

Рассмотрены особенности исполнительства и секреты национальной самобытности голосов выдающихся оперных вокалистов Казахстана: Куляш Байсеитовой, Розы Джамановой, Ермека Серкебаева, Гафиза Есимова, Талгата Кузембаева, прославивших Родину в Европе и на других континентах.

Сделана попытка раскрыть секрет их необыкновенных тембров, красок в интонировании.

Затронуты вопросы становления казахстанской классической оперы и определения роли в этом первых казахстанских композиторов Евгения Брусиловского, Еркегали Рахмадиева, Газизы Жубановой.

Ключевые слова: вокал, вокалист, вокальная школа, исполнитель, преемственность поколений, опыт, казахская вокальная школа, классический вокал, опера.

Summary. In this article, the authors aim to introduce readers to the exemplary features of operatic vocal art in Kazakhstan. The preservation of Kazakh national identity, embodied by the voice, is discussed in the context of Kazakh performances and interpretations of classical European music.

The authors consider various aesthetic qualities of classical vocal art such as fullness of voice, phrasing, and artistry as illustrated by prominent opera vocalists.

The article examines the peculiarities of performance and the subtleties of national identity dramatized by the voices of outstanding Kazakh opera vocalists Kulyash Bayseitova, Roza Jamanova, Ermek Serkebayev, Gafiz Yessimov, and Talgat Kuzembaev, who performed in Europe and on other continents. Central to this discussion are the distinguishing vocal techniques of timbre, color, and gesture of these artists that illuminated a uniquely Kazakh national identity in their performances.

Discussed are the issues of formation of classical opera in Kazakhstan and the role of the first Kazakh composers in this process, including Eugene Brusilovsky, Yerkegali Rakhmadiev, and Gaziza Zhubanova.

Keywords: vocal music, history, Kazakh opera, vocal technique, Kazakh national school, national identity.

Сегодня глобализация коснулась всех сфер человеческой деятельности, в том числе и духовной. Исследователи рассматривают взаимодействие культур, как слияние разных по содержанию и даже исторически сложившихся невероятно далеких друг от друга традиций, тенденций. В этой культурной универсализации еще ценнее стали национальные особенности каждого народа, некоторые из которых стали растворяться в условиях активного взаимодействия культурных сообществ в погоне стать понятными друг-другу.

Для нашего молодого государства, начиная с периода советской власти, процессы глобализации принесли прекрасные возможности для создания новой музыкальной культуры, через знакомство и внедрение лучших образцов и форм мирового искусства. Более того, многие казахстанские профессиональные классические музыканты снискали мировую известность и славу, как уникальные исполнители. Но, на наш взгляд, уникальность таких музыкантов – в присутствии у каждого из них национального кода, который делает их творчество особенным, своеобразным.

Во все времена главной составляющей оперного искусства был голос. Мастерство вокалиста всегда будет ценится зрителями. Красивый, сильный голос, артистизм – это те причины, по которым люди снова и снова будут посещать оперные театры. Разумеется, есть знаменитые дирижеры, прекрасные оркестры, замечательные постановки. Но главным персонажем на сцене оперы, как бы то ни было, всегда будет вокалист. При идеальной игре оркестра и профессионализма дирижера, с захватывающей режиссёрской постановкой спектакль будет провален, если уровень вокального исполнения будет низкий. И напротив – блестящие выступление вокалиста может спасти постановку. Даже самые известные оперы, как «Севильский цирюльник» или «Риголетто», не будут интересны слушателям с плохим вокальным исполнением. С первых оперных постановок певцы были объектом восхищения и восторга. Однако в случае неудовлетворения зрителей это могло обернутся в неудовольствие и глубокое разочарование. Во все времена основное предназначение оперы было практически одно – рассказать ту или иную историю через неповторимые вокальные возможности исполнителей.

Мы ставим перед собой задачу в этой статье познакомить читателей с жемчужинами оперного вокального искусства Казахстана, основной заслугой которых стало сохранение национального своеобразия голоса в интерпретации классической европейской музыки. Нами будет сделана попытка раскрыть секрет необыкновенных тембров, красок в интонировании замечательных певцов нашей страны, прославивших ее имя в Европе и на других континентах.

Как известно, оперное искусство в Казахстане, относительно молодое. Его становление началось в 30х годах прошлого века и с самого начала нашла отклик в сознании и сердцах казахского народа. Все исследователи казахского фольклора, среди которых в начале прошлого века были «казахские просветители: Чокан Валиханов, Ибрай Алтынсарин, Абай Кунанбаев и русские ученые В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, А. Е. Алекторов, В. В. Григорьев, А. В. Васильев, И. Н. Березин, Н. И. Ильминский, П. М. Мелиоранский, А. Н. Харузин и др.» [Қазақ энциклопедиясы, 2005, 635 с] отмечали необыкновенную любовь казахов к песне и удивительные вокальные данные большинства интервьюируемых. Особенно любимым для исследователей стал традиционный вокальный жанр «Айтыс».

Одна из главных заслуг в развитии оперного искусства в Казахстане по праву причисляется выпускнику ленинградской консерватории Евгению Григорьевичу Брусиловскому, который на основе фольклорного материала (почти пятидесяти оригинальных кюев и песен) написал первую казахскую оперу «Кыз Жибек». Она была написана в 1934 году на основе одноименной народной поэмы. Либретто к первой опере написал Габит Мусрепов.

В создании оперы самое активное участие принимали исполнители, первые классические вокалисты Казахстана, среди которых была замечательная певица и любимица казахского народа Куляш Байсеитова. Евгений Брусиловский писал партию Жибек под голос Куляш Байсеитовой. Возможно, именно по ее совету основным лейтмотивом оперы стала хорошо известная в народе песня «Гакку» Ыбрая Сандыбайулы, хотя доподлинно известно, что создать оперу «Кыз-Жибек» Брусиловскому предложил нарком просвещения Казахстана Темирбек Жургенов. Вызвал его к себе и долго, с увлечением рассказывал содержании этой любимой в степи легенды. Потом сказал, что назначает его редактором только что созданного Казахского государственного музыкального театра, и дал «добро» на высокотворческую, незамедлительную работу. «Используйте для будущей оперы сборник собранных Затаевичем «1000 песен казахского народа» [Людмила Варшавская, Ильяс Самигулин, 2005, ЭР].

Понять природу уникального голоса Куляш Байсетовой пытались многие исследователи и режиссер фильма «Аул Куляш» Мурат Мусин. Вот, что вспоминает об этом дочь Карлыгаш Байсеитова: «он поехал на родину мамы в актогайский район карагандинской области, увидел, как этот степной край богат женскими высокими голосами, отметил традиции особого горлового пения. в фильме высказано предположение, что, возможно, на формирование таких голосов влияет состав воздуха, и особенно воды, содержащей

ионы меди, так как рядом есть медное месторождение» [Галина Баронова, 2012, ЭР].

Вот как отписывал свои впечатления Б.Г. Брусиловский о национальной манере исполнения: «с позиций казахской музыкальной эстетики сильный и яркий голос ценится, конечно, очень высоко, но все же это не главное, самое ценное – это национальная манера пения. Певец с больными связками, поющий хриплым голосом, но в характерной казахской манере звукоизвлечения, может иметь значительно больший успех, чем студент-вокалист из консерватории с профессионально поставленным голосом. Казахская народная песня, исполненная профессионалом певцом, наполовину лишается национальной красоты и характера».

Позже Б.Г. Брусиловским на материале народного творчества были написаны оперы «Жалбыр» (1935) и «Ер -Таргын» (1937). Которые также, как и первая, снискали признание у народа и принесли большой успех автору. Но если первые вокальные партии не были сложными и чаще всего представляли из себя минимально обработанные образцы казахских песен, то такие оперы, как опера «Абай» А. Жубанова и Л. Хамиди, и опера «Биржан и Сара» М. Тулебаева, которые были написаны в военное и послевоенное время, стали первыми примерами казахских опер с включением классических элементов и форм европейской академической музыки, а именно: арий, дуэтов, речитативов, ансамблей, хоров, танцев, развернутых инструментальных эпизодов. В конце прошлого века яркими представителями первого поколения казахстанским композиторов были написаны оперы, которые подняли эту область национальной классической музыки на новый уровень. Речь идет о героико-патриотической опере о национальном герое, борце за свободу своего народа «Алпамыс» Е. Рахмадиева, которая отличалась своею широкомасштабностью и романтической, героической и трагичной история казахских Ромео и Джульетты «Енлик-Кебек» Г. Жубановой.

«Е. Рахмадиев внес неоценимый вклад в развитие национального оперного искусства и стал создателем нового жанра симфонического кюя. Его популярные во всем мире сочинения в этом жанре «Дайрабай» и «Құдаша-думан», а также оперы «Қамар-сұлу», «Алпамыс», «Абылайхан» относят к вершинам казахской музыкальной культуры» [Новости Астана, 2020, ЭР].

Именно благодаря достижениям Е.Рахмадиева впервые в истории Казахстана, знаменитым Лондонским симфоническим оркестром радио BBC была исполнена музыка казахского композитора. И это симфонический кюй Е.Рахмадиева «Кудаша Думан». Это знаменательное событие произошло в 1973 году.

Причиной возвышения оперы Г. Жубановой «Енлик-Кебек» – в совершенно новом уровне интерпретации национального в классических оперных формах посредством сложной, оригинальной и вместе с тем близкой и европейскому, и национальному слушателю музыки. Как отметила Л. Недлина, анализируя эту оперу в 2016 году: «каждый участник спектакля «встроился» в драматургию оперы органично, внеся свою трактовку образов. Были и bel canto, и элементы «степного» вокала, и динамичные битвы, и погони, и полные драматизма статичные сцены» [Л. Недлина, 2016, ЭР].

Воспитав классических вокальных исполнителей и композиторов, Казахстанские деятели культуры в разное время ставили на оперных сценах страны постановки лучших мировых опер.

Среди первых имен знаменитых профессиональных оперных певиц, прославивших в Европе, Азии и Канаде казахстанское вокальное творчество, имя Джамановой Розы Умбетовны – Заслуженной и Народной артистки Казахской ССР. Величайшая из солистов Казахского театра оперы и балета им. Абая (Алма-Ата) имела прекрасное для послевоенного Казахстана музыкальное образование. Роза Умбетовна окончила в городе Уральск музыкальную школу, а затем в 1949 году – музыкальное училище по классу гобоя и вокала. В 1949 –1954 годах училась в классе вокала у профессора А.М. Курганова в Государственном институте искусств им. Курмангазы (сейчас это – Казахская национальная консерватория имени Курмангазы).

«Роза Джаманова обладала прекрасным голосом своеобразного серебристого тембра. Психологическая тонкость и глубина создаваемых ею образов, высокая вокальная культура –являются отличительными чертами её исполнительского стиля. Самый лучший, самый любимый её образ Чио-Чио-сан в опере «Чио-Чио-сан» Дж. Пуччини. В нём с наибольшей силой проявился многогранный талант артистки, её высокая вокальная культура» [Казахстанская правда, 2013, 12с].

Многогранный талант Розы Джамановой выразился в ведущих женских партиях более чем 20-ти опер казахстанских композиторов. «Она умела и любила быть разной, виртуозно исполняя ведущие роли. Виолетта в "Травиате", Мими в "Богеме", Мадам Баттерфляй в "Чио-Чио-Сан", Татьяна в "Евгении Онегине" – она исполнила практически все ведущие женские партии в лучших спектаклях. Оперная дива обладала лирическим сопрано. Но помимо этого у неё был талант драматической актрисы» [Қазақ энциклопедиясы, 2005, 4176].

Одним из ярчайших воспитанников и представителей казахстанской классической вокальной школы является Ермек Бекмухамедович Серкебаев. Творчество этого талантливого человека всегда вдохновляет молодых обучающихся вокального отделения музыкальных учебных за-

ведений. Молодые люди, которые решили посветить свою жизнь такому сложному искусству, как оперное исполнительство, всегда пытаются научится красиво и вдохновенно петь, слушая его записи.

Ермек Серкебаев – один из самых узнаваемых исполнителей классического вокала в Казахстане. Это выдающийся исполнитель, в репертуаре которого были и народные песни, и сложные оперные партии. Лауреат различных конкурсов, таких как четвёртого Всемирного молодёжно-студенческого фестиваля в Бухаресте, Московского конкурса вокалистов и артистов балета, народный артист СССР, лауреат премий СССР и КазССР, Герой социалистического Труда, кавалер орденов Ленина, Октябрьской революции, Трудового Красного Знамени, «Отан» Ермек Бекмухамедович выступал за границей, в более чем пятидесяти странах мира.

Нургали Нусипжанов, народный артист РК, лауреат Государственной премии РК так говорил об этом человека: «Сказать, что Ермек Серкебаев – национальное достояние нашей республики, недостаточно. Он величина мирового значения, частица той культуры и страны, которая занимала одну шестую часть земли. Его профессиональное становление произошло в тот момент, когда национальное оперное искусство Казахстана получило новый импульс в развитии. Ермек Бекмухамедович – один из яркой плеяды наших великих певцов, таких как Роза Багланова, Бибигуль Тулегенова, Роза Джаманова... Они – наши генералы от искусства.». [Лучшие 2016, ЭР]

Существуют базовые виды классических голосов. Наиболее высокий голос у мужчин – тенор. За ним идёт баритон, имеющий среднюю тесситуру и бас как самый низкий голос. Помимо разделения по высоте голосов, исполнителей классифицируют в зависимости от силы, объемности, легкости, а также умения передавать различные изменения динамики. Деления идут на драматический и лирический голос. Драматический певец имеет сильный голос, с отлично развитой нижней тесситурой, умеют отражать меняющийся психологический настрой. Такие певцы очень востребованы в партиях Дж. Верди. Певцы с лирическим голосом имеют более проворный и легкий голос, они могут справится с очень быстрыми пассажами и мелизмами, которые встречаются у таких композиторов как В.А. Моцарт, Д. Россини, Г. Доницетти. Яркий пример драматического тенора является Й. Кауфман, а лирического – Х. Д. Флорес. Баритоны с хорошими вокальными возможностями отлично подойдут для комичных ролей в операх Дж. Верди. Басы имеющие крайне низкие ноты называются «басами профундо». Сопрано, которые могут исполнить оперы «бельканто» с крайне высокими быстрыми нотами определяются как колоратурные.

Алибек Мусаевич Днишев в своих воспоминаниях писал: «Во времена обучения в колледже у нас было модно слушать таких певцов как Д. Хворостовский, Й. Кауфман. Их голоса были драматические, мы всегда пытались подражать их манере исполнения. Первый раз услышав пение Ермека Бекмухамедовича я подумал, что это тенор, он был легкий, но внушительный, мягкий и сильный одновременно, высокая тесситура звучала без примесей. Мой преподаватель Гафиз Кадырович всегда мне говорит «нужно петь своим голосом», подсказывая что не нужно и даже вредно. Я долго не мог понять всего этого, только начав обучение в консерватории я понял эту истину. С абсолютной уверенностью могу сказать, что вокальная техника Ермека Бекмухамедовича была особенной, именно благодаря этому он смог сохранить молодость и свежесть своего аппарата вплоть да глубокой старости» [Нурсеитова Т., 2013, ЭР].

Дмитрий Михайлович Гнатюк – советский и украинский оперный и камерный певец (баритон), режиссёр, педагог назвал Ермека Серкебаева «Золотым баритоном Советского союза». Это объясняет тот факт, что в репертуаре этого замечательного певца партии главных героев опер казахстанских композиторов, а именно: Е. Брусиловского «Ер-Таргын», «Дударай», «Жалбыр», Л. Хамиди «Джамбул», М. Тулебаева «Биржан и Сара», Е. Рахмадиева «Песнь о целине», К. Кужамьярова «Назугум», Г. Жубановой «Енлик-Кебек», «Двадцать восемь» и партии самых знаменитых баритонов всемирно известных опер В. Моцарта «Дон Жуан», Дж. Россини «Севильский цирюльник», Дж. Верди «Травиата», Ш. Гуно «Фауст», «Ромео и Джульетта», С. Монюшко «Галька». Ермек Бекмухамедович прекрасно исполнял парти из опер великого русского композитора П. Чайковского: «Евгений Онегин», «Пиковая дама», «Иоланта», и советских композиторов, например: Ю. Мейтус «Молодая гвардия», «Братья Ульяновы».

«Партия Фигаро в опере «Севильский цирюльник» Дж. Россини, продемонстрировавшая потрясающий артистизм, безупречное мастерство и высокую культуру исполнения, принесла Ермеку Серкебаеву широкую славу» [Тусупбекова Н., 2016, ЭР].

Среди важнейших причин сохранения национальных особенностей в оперном искусстве, на наш взгляд, являются казахский язык, его произношение, философия национальных образов. Ермек Серкебаев, изучая одну их самых знаменитых баритональных партий оперы казахстанского композитора Ахмет Жубанова и Латыфа Хамиди «Абай», отмечал, что для определении образа, для выбора особой манеры исполнения, самого тембра партии своего персонажа, важно осознавать огромную ценность познания философии его мировоззрения. Это

многократно усиливается из-за статуса самого героя оперы – Абая Кунанбаева – величайшего казахского поэта, просветителя, мыслителя и общественного деятеля. Абай был необыкновенно одаренным человек во многих областях, в том числе и в музыке. Он признан первым классиком и основоположником казахской письменной литературы. Исполнять такой образ – большая ответственность, подспорьем чему может быть только собственный жизненный опыт, мудрость и профессионализм. Ермек Бекмухамедович отмечал, что «над этой ролью можно работать бесконечно» [Абусеитов Х, 1975, ЭР]. Казахстанский дирижёр Алан Аскарович Бурибаев поставил оперу Абай в Германии с переводом на немецкий язык.

Метафоричность научно-фантастических идей является первичной для авторского высказывания, в основе которого лежит скрытая, сокровенная связь неизведанного, непознанного, внеземного с человеческой природой. В статье выявлены основные поджанры научной фантастики: «твёрдая» научная фантастика, апокалиптическая и пост-апокалиптическая фантастика, киберпанк, стимпанк, альтернативно-историческая фантастика, хронофантастика, утопии и антиутопии, «первый контакт» людей и инопланетян, космическая опера, социальная научная фантастика. Технико-технологическая эволюция и использование компьютерных технологий в экранных искусствах способствовали развитию визуальных возможностей для создания современных научно-фантастических фильмов и сериалов во всем мире. В Казахстане научно-фантастический жанр почти не развивается, хотя среди молодых режиссеров есть интерес к реализации научно-фантастических идей.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Метафора (перенесение, греч.) – скрытое сравнение одного предмета или явления с дру-

гим на основании их сходства – является одним из наиболее ярких приемов воздействия на зрителя. Через кинематографическую метафору создатели экранного произведения открывают зрителю необычную точку взгляда на нас самих. В романе Станислава Лема астронавт Крис, прибыв на мыслящую планету-океан «Солярис», вспоминает шутливо брошенную одним ученым фразу: «Как можете вы понять Океан, если уже не в состоянии понять друг друга?» [Лем С., 1976, С. 6]. Метафора контакта с Другим (Иным, Чужим) является одной из базовых в философии и искусстве, так как в условиях глобализации неразрывно связана с такими понятиями, как «познание», «коммуникация», «самопознание». «Другой — понятие философии 20 в., фиксирующее некоторый опыт встречи Я с подобной ему сущностью, представляющей, тем не менее, Иное по отношению к Я» [Новый философский словарь, 2005-2020]. Согласно Ж.-П. Сартру, Другой не только открывает то, чем я был, он конституирует меня по новому типу бытия, которое поддерживает новые качества моего существования. Чтобы понять все структуры бытия человеческой реальности, необходимо выяснить роль Другого в существовании этой реальности. Сартр ставит два вопроса: вопрос «о существовании другого» и вопрос «об отношении моего *бытия* к бытию другого» [Сартр Ж., 2000, С. 228]

Научно-фантастический фильм режиссера Андрея Тарковского «Солярис» (1972 г.) поставлен по мотивам одноименного романа польского писателя-фантаста Станислава Лема. В романе исследуется проблема цивилизации землян – противоречие между высочайшим уровнем науки и технико-технологическим прогрессом и несовершенством морального развития человеческой личности. Вступившая в своеобразный контакт с представителями Земли мыслящая планета-океан Солярис пытается пробиться к сути человеческой души через болевые точки, спрятанные в подсознании обитателей станции. Попытка контакта человека и Другого в лице разумного существа Солярис и в романе, и в фильме приводит к намеку на понимание. Но в романе этот контакт был «человек-океан»: «Подавленный, ошеломлённый, я погружался в, казалось бы, недоступное состояние неподвижности, всё стремительнее соединялся с этим жидким слепым колоссом и без малейшего насилия над собой, без слов, без единой мысли прощал ему всё» [Лем С., 1976, С. 50]. А в фильме А. Тарковского контакт состоялся как «человек-океан-человек». Другой оказывается необходимым для существования и самопознания Я, открывая новые возможности, альтернативные модели мышления, недоступные изолированному субъекту. Обитатели станции, измученные экспериментами Соляриса, приходят к выводу, что контакт невозможен, потому что человеку не нужен Солярис, то есть любое мыслящее внеземное существо, тем более стоящее на более высокой ступени развития. Ученый Снаут говорит: «Человеку нужен человек». Крис приходит к выводу: «Полюбить человечество возможно, находясь на Соларисе».

Зрительская аудитория научно-фантастического жанра достаточно широка и включает все возрастные группы и целевые аудитории. Научная фантастика в экранных искусствах является достаточно популярным жанром в наши дни с точки зрения рассматриваемых тем и идей и характеризуется большим количеством поджанров. Ниже приводится краткий обзор десяти популярных поджанров как пример многообразия научной фантастики в контексте рассматриваемых тем и идей.

• «Твёрдая» научная фантастика – данный поджанр существует в сфере научно-обоснованных реалий, правил, возможностей. В этих историях часто делается упор именно на воспроизводимую точность, соответственно, огромная исследовательская нагрузка часто идет на его реализацию. Наиболее яркими примерами являются фильмы «Космическая одиссея 2001 года» (1968, реж. С.Кубрик), «Солярис» (1972, реж. А. Тарковский), «Контакт» (1997, реж. Р.Земекис), «Марсианин» (2015, реж. Р.Скотт) и др.

• Апокалиптическая и пост-апокалиптическая фантастика – истории вращаются вокруг конца света от техногенных или природных катастроф. Наиболее яркими примерами являются кинокартины «Сталкер» (1979, реж. А. Тарковский), «Планета обезьян»(1968, реж. Ф.Шеффнер), «Терминатор» (1984, реж. Дж.Кэмерон), «Обливион» (2013, реж. Дж.Косински) и др.

• Киберпанк – сюжеты вращаются вокруг компьютерных хакеров, мегакорпораций и кибернетики. Эти истории имеют постмодернистскую перспективу. Яркие примеры – «Бегущий по лезвию» (1982, реж. Р.Скотт), «Матрица» (1999, реж. Лана и Лилли Вачовски), «Особое мнение»(2002, реж. С. Спилберг), «Бегущий по лезвию 2049» (2017, реж. Д.Вильнёв, продюсер Р.Скотт) и др.

• Стимпанк – в историю должны быть включены технологии, а также влияние, которое они оказывают. Примеры – «Тайна острова Бек-Кап» (1958, реж. К.Земан), «Город потерянных детей» (1995, реж. М.Каро, Жан-Пьер Жёне) и др.

• Альтернативно-историческая фантастика – связана с историями, происходящими в реальной жизни. Истории могут начинаться с одного факта, который отличает мир экранной истории от реального мира, и продолжать подробно описывать события, которые могли бы произойти, если бы этот факт был правдой. Примеры – «Гражданин Кейн» (1941, реж. О. Уэллс), «Бесславные ублюдки» (2009, реж. К. Тарантино) и др.

• Хронофантастика – путешествия во времени, где путешественники находятся за пределами своих временных рамок. Часто исследуются парадоксы, например, «что бы произошло в настоящем, если бы ты убил своего собственного отца в прошлом». Примеры – «Москва — Кассиопея» (1974, реж. Р.Викторов), «12 обезьян» (1995, реж. Т. Гиллиам), «Петля времени» (2012, реж. Р. Джонсон).

• Утопии и антиутопии – представляют собой воображаемые общества, в которых люди живут своей жизнью либо в идеальной среде, управляемой законами, которые обеспечивают счастье каждому (утопия), либо в тоталитарным государстве, где общество контролируется и управляется репрессивным правительством (антиутопия). Примеры – «Метрополис» (1926, реж. Ф. Ланг), «Машина времени» (1960, реж. Дж. Пал), «Первому игроку приготовиться» (2018, реж. С. Спилберг) и др.

• «Первый контакт» – истории встречи между инопланетянами и людьми. Примеры – «День, когда остановилась Земля» (1951, реж. Р. Уайз), «Контакт» (1997, реж. Р.Земекис), «Район № 9» (2009, Н. Бломкамп) и др.

• Космическая опера – целые фантастические вселенные, получающие невероятное развитие. Действия обычно происходит в глубоком космосе, далеко за пределами нашей солнечной системы, и обычно включает в себя грандиозные космические сражения, мелодраматические приключения и романтику. Примеры – «Пятый элемент» (1997, реж. Л. Бессон), «Звездные войны» (1999, реж. Дж. Лукас) и др.

• Социальная научная фантастика – позволяет автору комментировать человеческое общество в контексте влияния на него технологии и науки. В истории социальной научной фантастики общество отличается от реального, но не кардинально. Основное внимание уделяется состоянию человека, поэтому остальные «фантастические возможности» жанра находятся на минимуме. Примеры – «Гаттака» (1997, реж. Э. Никкол), «Дитя человеческое» (2006, реж. А.Куарон) и др.

В статье приведена лишь небольшая часть поджанров научно-фантастического направления. Имея перед собой такую мощную базу тем, идей и задач в произведениях научно-фантастического жанра, авторы научной фантастики создают широкие фан-базы с бешеными фанатами. Интерес к данному жанру, скорее всего, связан как с привлекательностью идей существования небывалого и воображаемого в нашем мире, так и с возможностью посредством научно-фантастических идей донести более глубокую и актуальную мысль тоньше и ярче, чем – фикируя эти проблемы напрямую. Таким образом, через научно-фантастические идеи и создание метафоры можно экстраполировать актуальные темы на экран. Согласно Хитаровой И. Ю.: «Специфика передачи философского знания средствами кино заключается в тесной взаимосвязи чувственного и интеллектуального, большей взаимозависимости между формой и содержанием. Кино заставляет человека включать все возможности восприятия. Какая-то информация может передаваться нам от автора «открытым текстом», что-то воспринимается через музыку, что-то – через зрительный ряд <....> кино дает возможность осваивать новую информацию двумя способами. Можно воспринимать чувствами, а потом осознавать, а можно, напротив, осознав, перенести новое знание на собственный чувственный опыт. Интересно, что в кино эти процессы часто являются одновременными и параллельными» [Хитарова И.Ю., 2010, С. 3].

В 1959 году вышел в свет телевизионный сериал «Сумеречная зона», созданный Родом Стерлингом. Этот сериал был первым в своем роде и представлял собой смесь научной фантастики, драмы и ужасов. «Сумеречная зона» рисковала совершить подрыв в области телевизионного жанра, экспериментируя с разными историями и материалами, – она, по сути, изменила способ зрителя смотреть на странные и необычные вещи, отчего так справедливо завоевала свое высокое положение в истории телевидения. «Сумеречная зона» Рода Серлинга с начала 1960-х оказала феноменальное влияние на переопределение жанров, таких как ужасы и научная фантастика. Благодаря этому новаторскому шоу, Род Серлинг помог создать прочную основу научной фантастики на экране.

Телевизионное шоу в разгар холодной войны – первый сезон «Сумеречной зоны» (1959–1960 гг.) – совпало с пиковым периодом производства атомной бомбы Пентагоном. А также «Сумеречная зона» транслировалась в тот момент, когда «космическая эра» взорвалась в массовом сознании, переходя от нескольких спутников, вращающихся вокруг Земли, к ракетам, которые посылают астронавтов на Луну, а также могут сбрасывать ядерные бомбы на города.

В некотором смысле «Сумеречная зона» стала прототипом современного сериала «Черное зеркало» 2011 года, образцом для него. Как и «Сумеречная зона», «Черное зеркало» во многих смыслах философский сериал, который, имея перед собой все те же основы научно-фантастических идей, перекликается с тоской эпохи по идеалу, но уже как бы претерпевшей изменения, современной для нас.

По словам Чарли Брукера, создателя «Черного зеркала», он черпал вдохновение из таких телешоу, как «Рассказы о неожиданном» (1979–1988) и «Ночная галерея» (1969–1973), но все же наибольшее влияние на него оказала «Сумеречная зона» с ее парадоксальными философскими вопросами. Чарли Брукер писал в

«The Guardian», какой для него была «Сумеречная зона»: «Если бы Серлинг писал напрямую о расизме в южном городе, ему пришлось бы бороться с цензурой <....> он писал о расизме в метафорическом, квази-вымышленном мире и смог сказать все, что хотел. «Сумеречная зона» иногда была шокирующе жестокой, гораздо более жестокой, чем большинство телевизионных сериалов сегодня» [Брукер Ч., Джонс А., Арнопп Дж., 2019].

Ч. Брукер заметил, что во времена Серлинга вопросы об атомном вооружении, гражданских правах, маккартизме, психиатрии и космических полетах были самыми актуальными. В наше же время сам Ч.Брукер говорит о терроризме, экономике, СМИ, конфиденциальности и наших отношениях с технологиями. Оба сериала рассказывают о раздробленном будущем, будущем, которое может наступить в скором времени, будущем без единого смысла и цели, кроме проблемы существования в нашей современной цивилизации, полной людей, вооруженных новейшими технологиями, но, казалось бы, неспособных построить лучшее будущее.

«Сумеречная зона» появилась как телешоу в общество потребления, когда планета начала набирать бешеную скорость изменений. «Черное зеркало» попало в самый пик эпохи антропоцена и распространения технологий. В обоих сериалах доминирует идея о том, что наши технологии развиваются гораздо быстрее, чем наш вид.

Оба сериала дают понять, что человечеству необходимо осмысливать мир заново, так как мы попали в ловушку старых мировоззрений и суеверий. Но и Р.Серлинг, и Ч.Брукер оставляют зрителя в ловушке, где никто не спасет нас, кроме нас самих – той ловушке, которая, возможно, сумеет мотивировать зрителя к действию в реальном мире. Темы и проблемы, впервые представленные в «Сумеречной зоне», были переработаны и заново поданы современному зрителю в «Черном зеркале», но в обоих сериалах актуальные своему времени проблемы показаны через научно-фантастическую призму, что позволяет взглянуть на проблемы шире.

Эти два телевизионных шоу отражают лишь часть идей, которые раскрывают научно-фантастические идеи в кинематографе для зрителя, однако это часть достаточно весома. А если говорить о «Сумеречной зоне» (1959 г.), то данное шоу в каждой своей серии раскрывало столько новых идей, что до сегодняшнего дня современный кинематограф использует эти идеи для полнометражных кинокартин.

Если говорить об отечественном кинематографе, то на данный момент в кинематографе Казахстана научно-фантастические идеи практически совсем не получили распространение. Хотя было несколько попыток их реализовать.

Например, одной из попыток снять казахстанский научно-фантастический фильм был фильм «Марс – первый контакт», который планировал снять молодой режиссер, сын известного казахстанского документалиста Калилы Умарова – Мухтар Умаров. Идею снять фильм про Марс режиссер вынашивал несколько лет, но только в 2014 году решил активно заняться проектом: «Я смотрел фильмы Ридли Скотта, Стэнли Кубрика, Дэвида Финчера и думал, почему у нас нет научно-фантастических фильмов. Жанр этот у нас совсем не освоен, но ведь кто-то должен это сделать, хотя бы попробовать. Вот и пришла идея, а почему бы самому не сделать такую картину. Мы все-таки считаемся космической страной – у нас есть «Байконур». Нужно это использовать и снимать об этом кино» [Прокопенко В., 2014].

Сюжет фильма про Марс должен был происходить в Алматы в 2114 году, в момент, когда человечество исчерпало все ресурсы Земли. Экспедиция из десяти человек должна была отправиться на Красную планету на космическом корабле «NAN 2100». Но на другой планете с казахстанцами произошли бы странные и мистические вещи. Останки американского астронавта, который пропал несколько десятков лет назад, послужили бы разгадкой для землян и раскрыли бы правду о жизни на другой планете. Выйти на экраны «Марс – первый контакт» должен был в конце 2015 года. Но выход первого казахстанского научно-фантастического фильма про Марс сначала отложили, а затем проект просто не состоялся. За полгода с начала работы режиссер столкнулся с множеством трудностей, но фильм все же собирался закончить: «Сроки выхода нашего фильма про Марс немного отодвигаются. Некоторые инвесторы посчитали проект слишком затратным и отказались от него. Сейчас я ищу дополнительных спонсоров и других инвесторов. Также занят поисками продюсера» [Прокопенко В., 2014].

Второй из примеров несостоявшихся казахстанских научно-фантастических проектов – фильм-катастрофа «Феникс». Режиссер Талгад Жанибеков в 2014 году хотел снять свой первый казахстанский научно-фантастический фильм, в котором главные герои – лидеры Казахстана и России – спасали бы весь мир от остановки планеты Земля. Были привлечены иностранные инвесторы. Но фильм так и не был снят [Сатаева А., Сарачакова Ю., 2016]

В Казахстане были сняты кинокартины, которые в той или иной степени можно отнести к научно-фантастическому жанру. Это фильмы представителя партизанского кинорежиссера Адильхана Ержанова «Чума в ауле Каратас» (2016) и «Ночной бог» (2018). Но, скорее всего, эти картины относятся к жанру социальная драма с элементами фантастики или апокалиптическими и постапокалиптическими мотивами.

Сегодня мы можем назвать только одного режиссера казахстанского происхождения, который в полном масштабе раскрывает научно-фантастические идеи – это советский, казахстанский и российский кинорежиссёр Тимур Бекмамбетов. Но его кинокартины сняты не в Республике Казахстан.

Отсутствие технико-технологической базы в отечественном кинематографическом пространстве не является препятствием, а скорее становится стимулом для поисков новых возможностей для работы с источниками фантастических образов и поиском метафор через осмысление мифологии, далекого будущего, неизвестного человечеству прошлого, других измерений, внеземных цивилизаций, через обобщение внутренних процессов жизни в форме иносказаний, попытки представить и персонифицировать образы иных временных и пространственных реальностей.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Влияние идей научно-фантастических фильмов на зрителя несомненно: это и стимулирование научно-технической мысли, и пробуждение импульса к нравственному прогрессу общества. Основополагающие задачи фантастики являют собой постоянные попытки самоопределения человеческого бытия и поиск культурной парадигмы будущего. Фантастика в данном контексте становится естественной формой выражения этих исканий. Это невероятно важно для сохранения и преемственности исконной этичности подобного типа искусства, так как главными потребителями фантастической кино-видеопродукции являются дети и подростки, чья личность находится в фазе становления, а значит, сильно подвержена влиянию деструктивных сил, художественной безответственности и авторской неискушенности. Для молодого поколения отечественных кинорежиссеров пробелы в области научной фантастики в кинематографе и других экранных искусствах Казахстана означают, что возникла необходимость для реализации собственных идей в научно-фантастическом направлении, которое имеет безграничные возможности для метафорического высказывания по поводу актуальных тем и проблем современности.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Lem S. Solaris. Warszawa: Wydawnictwo Ministerstwa Oborony
Narodowej, 1961. Станислав Лем, Избранное. Серия «Польская литература», Авторизованный перевод с польского Дм. Брускина. «Прогресс», М. – 1976, -59 с. http://libland.info/library/razdel/fantastic/971/6.html Дата доступа 04.04.2020.
2. Новейший философский словарь.Источник:
https://gufo.me/dict/philosophy/%D0%94%D0%A0%D0%A3%D0%9%D0%9E%D0%99 Дата доступа 04.04.2020.
3. Сартр Ж.-П. Бытие и ничто: Опыт феноменологической
онтологии. – М.: Республика, 2000. – С. 272.
4. Хитарова И. Ю. Кино как форма передачи философского знания
// Наследие Акиры Куросавы в контексте российской и мировой культуры: материалы междунар. науч. конф., 21 июня 2010 / М-во культуры РФ, Рос. ин-т культурологии и др; отв. ред. К.Э. Разлогов. – М., 2010. // URL: https://cyberleninka.ru/article/n/kino-kak-forma-peredachi-filosofskogo-znaniya Дата доступа 03.04.2020
5. Брукер Ч., Джонс А., Арнопп Дж. Black Mirror. Внутри Черного Зеркала // Эксмо. – М., 2019. // URL:https://www.chitai-gorod.ru/catalog/book/1203166/ Дата доступа 03.04.2020
6. Скрипкарь М.В. Манипулятивные технологии кинематографа // Вестник Бурятского государственного университета. Вып. 6: Философия, социология, политология, культурология – Улан-Удэ, Изд-во Бурятского госуниверситета: 2009. // URL: https://cyberleninka.ru/article/v/manipulyativnye-tehnologii-kinematografa Дата доступа 01.04.2020
7. Глушнёва Ю. Д. Философия кино: сопротивление онтологии //Вестник Томского государственного университета Философия. Социология. Политология – 2014. № 4 (28) // URL: https://cyberleninka.ru/article/v/filosofiya-kino-soprotivleniya-ontologii Дата доступа 01.04.2020
8. Прокопенко В. Фантастический фильм про Марс покажет жизнь алматинцев в XXII веке // Новостной портал Tengrinews.kz – 2014. // URL: https://tengrinews.kz/cinema/fantasticheskiy-film-mars-pokajet-almatintsev-xxii-veke-257865/ Дата доступа 03.04.2020
9. Прокопенко В. Выход первого казахстанского фильма про Марс откладывается // Новостной портал Tengrinews.kz– 2014. // URL: https://tengrinews.kz/cinema/vyihod-pervogo-kazahstanskogo-filma-pro-mars-otkladyivaetsya-264601/ Дата доступа 03.04.2020
10. Сатаева А., Сарачакова Ю. «Феникс»: Какой фильм хотел продюсировать Тунгышбай Жаманкулов // Новостной портал Tengrinews.kz– 2016. // URL: https://tengrinews.kz/cinema/feniks-kakoy-film-hotel-prodyusirovat-tungyishbay-jamankulov-305459/ Дата доступа 03.04.2020

Қасым Дуйсехан Анарбайұлы
Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының магистранты
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Исламбаева Зухра Усманбековна
Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті,
өнертану кандидаты
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

АКТЕРДІҢ ПЛАСТИКАЛЫҚ МӘНЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Түйін. Мақалада актердің пластикалық тәрбиесінің анықтамаларын жүйелеуге, режиссердің мюзикл жанрында спектакль қою барысындағы атқаратын функцияларына назар аударылған. Актер, режиссер және балетмейстер арасындағы шығармашылық байланысқа, сол сияқты қойылымға қатысушы ансамбльдің өзара тандемде жұмыс жасау мәселелері қозғалған. Мюзикл жанрындағы қойылымдағы ән орындаушының әрбір әрекетінің маңыздылығы, ишараттардың мәні ғылыми теориялық тұжырымдар арқылы дәлелденген. Сол сияқты шығармашылық табысқа жеткісі келген актердің пластикалық тұрғыда мәнерлі болуға, драмалық туындының идеясы мен оның астарын сезінуге міндетті екендігі айтылады. Зерттеушілер актердің бұлшық ет еркіндігінің кейде психикалық факторларға байланысты екендігіне, ал кейде оның физикалық дайындығының болуына немесе болмауына қатысты екендігіне мән берген.

Түйінді сөздер: пластика, актер еркіндігі, вокал, пластика, мюзикл, режиссерлік шешім, суырып салма өнері, көркемдік мазмұн, тұжырым.

Резюме. В статье уделяется внимание процессу систематизации пластического обучения актера, функциям режиссера при постановке спектакля в музыкальном жанре. Затронуты проблемы творческой связи между актером, режиссером и балетмейстером и работы ансамбля постановки в тандеме. А также рассматриваются обязанности актера быть пластичным и понимать подтекст и идею драматического произведения. Уточняется тот факт что пластичность актера зависит от психических факторов так и от физической подготовки.

Ключевые слова: пластика, вокал, мюзикл, режиссерское решение, импровизация, художественное содержание, вывод.

Summary. The article pays attention to the process of systematizing the actor's plastic training, the director's functions when staging a performance in the musical genre. Affected the ussues of creative communication between the actor, director and choreographer and the work of the tandem production. It also discusses the duties of an actor to be flexible and to understand the subtext and idea of a dramatic work. The fact is clarified that the plasticity of an actor depends on mental factors and on physical fitness.

Key words: plastic, vocal, musical, directorial decision, improvisation, artistic content, conclusion.

КІРІСПЕ.

Сахналық өнерде «Актердің пластикалық бейнесі» деген сөз тіркесінің ауқымы кең. Бұл ұғым актердің ішкі және сыртқы еркіндігі, кеңістік пен форманы сезіну, сахналық мәнердегі ишараттарды игеру, өзінің көркемдік қимыл-әрекеттерін бағындыру, т.б. көптеген мәнге ие. Актер үшін пластикалық шеберлікке жету – өз ісінің кәсіби әрі білікті маманы болу деген сөз. Белгілі телебағдарлама (немесе радиобағдарлама) жүргізушісінің анық дикциясы секілді әрбір сахнагер де өзінің пластикалық дикциясын үздіксіз дамытып отыруы тиіс. Қаншалықты дамыған сайын соншалықты жетістікке жету мүмкіндігі мол. Ал, пластикалық және вокалдық өнерді органикалық тұрғыдан біріктіру оңай іс емес. Біздің уақытымыздың динамикасы бүгінгі режиссерлерден бұл мәселенің шешімін табуға итермелейді. Бірақ осы тұста «Оған қалай жетуге болады?», «Қоюшыда сахнадағы орындаушының вокалдың дарыны мен пластикасын біріктіретін, органикалық тұрғыда байланыстыратын арнайы тұжырым бар ма?» деген сұрақ туатыны сөзсіз. Әрине оларда мюзикл жанрындағы қойылымдарды кез келген орындаушыға қоя алатындай нақты заң немесе жол жоқ. Мұнда барлығы актердің жеке қабілеті мен режиссердің қиял кеңдігіне байланысты. Негізінен музыкалық қойылымдарды қоюға арналған және барлық режиссер ескеруге әрі түсінуге міндетті шығармашылық жағдайлар бар. Бұл мақалада қозғалатын мәселенің өзі осы орындаушының пластикасына байланысты көптеген анықтамаларды жүйелеу, режиссер мен актерлердің музыкалық спектакльмен жұмыс жасау барысындағы шығармашылық тандеміне назар аудару болып отыр.

Негізгі бөлім. Жалпы театрлық мектептерде, студиялар мен университеттерде актердің пластикалық тәрбиесіне уақыт пен назар айтарлықтай көп бөлінеді. Бұл үрдістің қалыптасып, күні бүгінге дейінгі даму бағытына өткен ғасырдың орта шенінде қазақ жеріне келген орыс режиссерлерінің ықпалы ерекше зор болды. Мұны: «Орыс режиссерлері ұтымды мизансценалар

құруға, сахналық динамиканы көре білуге, спектакльдің уақыты мен ырғағын ұстауға, әртүрлі қызықты ойын әрекеттерін іздеуге бағыт сілтеді. Сонымен қоса қазақ театрына спектакль жасаудың кешенді құрылымын меңгерудің, пьесаны көкірек көзімен көре отырып, драматургиялық материалдың идеялық-көркемдік бағытын бейнелі ашудың, әрекеттерді, мизансценаларды, ырғақтарды, яғни қойылымның сахналық түрінің барлық элементтерінің басын қосып, тұтас спектакль жасаудың кәсіби үлгісін көрсетті» [Нұрпейіс Б.К., Еркебай А.С., Жақсылықова М.Б., 2017], – деген жолдардан байқаймыз. Шығармашылық тәжірибесін маман дайындауға бағыттаған М.Насонов, М.И.Гольдблат, И.Г.Боров, Е.Г.Маркова, т.б. мектебі қазақ өнерпаздары үшін кәсіби шыңдалу жолы болды [Нұрпейіс Б., 2014, 520 б.].

Жалпы артистің бейне жасауы сондай режиссер-педагогтардың ұсынған трактовкасымен тең түссе, болашақ актерді пластика бағытында тәрбиелеу мәселесі айтарлықтай жеңілдейтін еді. Олай болмаған күнде бұл қиын, әсіресе пластика мен вокалдың тұтас гармониясын жасау өте күрделі. Осындай күрделі екі түрлі өнердің бірігуінде музыкалық спектакльдерде өнер көрсететін вокал орындаушылар көбінесе өздеріне сенімсіз болып, бұған дейін бейтаныс болған дүниеден қашуға ұмтылады. Сондай-ақ, мюзикл жанрындағы шығарманы дайындауда арнайы әрі нақты құрылымдық форма болмағандықтан пластикалық, яғни би әрекеттерінде өзінің физикалық күшін артығымен жұмсайды. Ал, актер шығармашылық табысқа жеткісі келсе, пластикалық тұрғыдан мәнерлі болуды және вокалдық орындаушылық барысындағы бағдарламасын нақты сезінуге міндетті. Мюзикл жанрындағы пьесаны сахналауда актер пластикалық форманы әрекет арқылы жеткізуде қиындықтарға тап болса, режиссер немесе балетмейстер пластикалық шешім шығаруға көмектеседі. Жалпы кез келген жағдайда драмалық шығарманы қоюшы актердің пластикалық мәнерімен жұмыс істеу барысын бірнеше критерийлерге бөлуге тиіс. Ең алдымен дайындық кезінде режиссер орындаушының әртүрлі қозғалмалы мүмкіндіктерімен танысуы шарт: оның қозғалысы, сергектігі, икемділігімен немесе икемсіздігімен күресі, кеңістікті сезінуі, қарапайым қозғалыстарды белгілі бір жылдамдықта игеру, буындарының иілгіштігі, т.б. Бұл жерде қоюшы артистке белгілі бір қасаң тәртіп бойынша үйренуіне талап қоюы маңызды емес, тек қана болашақ қойылымның жұмысы нәтижелі болуы үшін шығармашылық орта қалыптастыруы қажет. Актердің қиялын оятып, бейтаныс кеңістікте бағыт табу мүмкіндігін арттыруы шарт. Сол сияқты актердің режиссердің тапсырмасын қаншалықты тез әрі дәл орындап, қарапайым шешімдерден арылуға мүмкіндігі бар екендігін анықтау керек. Бұл қабілеттердің барлығы дайындық кезінде роль орындаушының әдеттегі әрекеттерден бас тартып, сахналық жағдайдың талабына нанымды жауап беруі үшін өте маңызды. Мюзикл қойылымдарында ойнаушы артистің осындай қасиеттерсіз одан әрі дамуы мүмкіндік емес. Себебі, олар сахна кеңістігінде үнемі өзгеріс үстінде болады.

Режиссер пьесаны оқудан басталған дайындық жұмысында актердің өз бетінше ізденуіне, сауатты көркемдік-пластикалық шешімдерді табуына итермелеп отырады. Өйткені шығармашылық тұлғаның өзін жеке суреткер ретінде елестетуі аса маңызды. Ол алғашқы қадамдардан бастап-ақ режиссер немесе балетмейстердің тапсырмасы міндетті түрде орындауға тұрарлық екендігіне сенуі қажет. Тағы бір айта кететін жәйт – режиссердің актердің қиын сәттерде, нанымсыз әрекеттерге жол бергенде, тығырықтан шыға алмай өзінің психикасын тежеген жағдайларда оған жасайтын әрекетін немесе кейіпкер мінезін түсіндіре отырып, барынша үміттендіре білуі. Егер қарсылық танытып, теріс жолды ұсынса немесе жан-жақты ізденбей тек өзінің жеңіл ойымен ғана шектелсе, актерде шығармашылық өсудің, одан әрі қанаттанып, табысқа жетудің болмайтындығын түсіндіру – режиссердің негізгі міндеті. «...нағыз режиссер актерларына сахнада не істеу керектігін көрсетіп, өз істегенін «сол күйінде айна-қатесіз қайталауды» талап етпейді. Өзіне ненің қажет екенін актерларға сезіндіре білуінде. Оны сезінген жақсы актер қалай әрекет етуді өзі ойлап табады. Актерге «жанды қуыршақ» тұрғысынан қарауға мүлде болмайды» [Рахимов Ә.С., 2010, 248 б.], – деп жазады тәжірибелі режиссер Әубәкір Рахимов. Расында сахналық өнерде роль орындаушыға, кейіпкер жасаушыға кәсіби тұрғыдан, сауатты жол көрсету, бағыт беру режиссердің негізгі міндеті.

Негізінен режиссердің музыкалық шығармаңы қоюы мен актердің пластикалық мәнерінің дамуын тікелей қадағалайтын жұмыстары басты орын алады. Дәл осы тұста орындаушыдан музыканы, ритмиканы, координацияның формасын, кеңістік пен уақытты сезіну, бақылау қасиеті, суырып салу қабілеті, әрекетті теңдеу мүмкіндігі, бұлшық-ет жады секілді сапалар талап етіледі. Осылардың барлығы бойынан табылған орындаушының одан кейінгі жұмысы тәнді жаттықтыруға дайындалудан бастап шығармашылық шеңберге ауысады. Дайындық барысында суырып салма өнерін барынша мол пайдалану қабілетіне режиссердің ерік беруі актер бойындағы техникалық мүмкіндік пен қиялды бағалауға септігін тигізеді. Алайда қанық әрі пластикалық тұрғыдағы мәнерлі бейнені артист үшін туындату тек қана режиссерге байланысты емес. Актердің талантты, спектакльдің формасы мен әрекеттің ритмін барлық түйсігімен сезіне алатын режиссерге тап болса, оның жасаған бейнесі міндетті түрде пластикалық тұрғыдан мәнерлі болады деу бұл – қате пікір. Актерлік өнердің техникасын

игермей, оның қыры мен сырына тереңнен үңілмей, қиял шексіздігі болмай актердің қызықты шешім табуы мүмкін емес. Драматург әрі алғашқы кәсіби режиссер Жұмат Шанин: «Образ жасау жолында актерлер режиссер не көрсетсе соны тапжылмай істеп, өздігінен еш нәрсе қоспаса, жасап отырған образында мән болмайды, жан болмайды. Бұл актердің олағайлығынан, іздену жолында жалқаулығынан, түсіне алмағандығынан болады» [Шанин Ж., 1988, 400 б.], – деп жазады. Бұл дегеніміз, әрбір роль орындаушының бойында дарынмен қоса білімнің, қабілеттіліктің, өзімен немесе кейіпкермен жұмыс жасау үстінде талапшылдықтың болуы керек деген сөз.

Пластикалық мәнердің өте маңызды элементтерінің бірі орындаушының бұлшық-ет еркіндігі болып табылады. Бұл дегеніміз – әртүрлі әрекеттерді шынайы, органикалық түрде өзінің табиғатымен келістіре отырып жасай алуы. Дайындық кезінде режиссер актердің осындай мүмкіндіктеріне барынша маңыздылық береді. Сол сияқты қоюшы спектакльге қатысушы шығармашылық ансамбль мүшелерінің төмендегідей қабілеттеріне баса назар аударуы тиіс:

1) қалыптасқан жағдайға байланысты актердің сенімді, органикалық әдеттеріне (немесе «қысымның» болмауына). Бұл фактор психикалық тұрғыдан маңызды;

2) қалыпты дамыған физикалық аппараты (актердің тәні) немесе координацияға қабілеттілігі;

3) актердің психофизикалық табиғаты, адам ретіндегі жеке ерекшеліктері;

4) пластикалық тәрбиесінің болуы. Бұлшық-ет еркіндігі көп жағдайда пластикалық дарынына байланысты.

Егер актер табиғатында гармония мен форманы сезіну, әрекеттерді қозғаудағы әртүрлі қабілеттер жеткіліксіз болса, бұл бүкіл пластикалық мәнерлілікке негізделген қойылымның көркемдік деңгейін жоғары көтере алмайды. Ал, «қысым» актердің пластикалық мәнерін жетілдірудегі ең негізгі кедергісі. Бұл актерге еркіндіктің қажет екенін байқатады. «Задача театра – доставить все данные, чтобы творчество актера проявилось наиболее свободно и было наиболее полно воспринято зрителями. Помочь актеру раскрыть свою душу перед зрителями – вот единственное назначение театра. [Мейерхольд Вс., 1968, 351 с.], – деп жазады тәжірибелі режиссер Вс.Э.Мейерхольд өзінің еңбегінде. Мұның дәлелі ретінде мысал келтіріп көрейік. Дайындық кезінде екі актер (мүмкін бір актер) белгілі бір көрініс бойынша режиссердің тапсырмасын орындау үшін бір іспен айналысып жатыр: олар ортада қабырға тұрғандай бір-біріне назар аудармайды, бөлмедегі заттардың арасынан немесе өзінің киімінен кілт «іздеуде». Актерлердің бірі қарапайым және еркін түрде шынайы қозғалады, байыппен пауза ұстап, әрі қарай әрекетін жалғастырады. Ал, сахнада өзін ыңғайсыз сезінген екіншісінің біреу кедергі жасағандай әрекеттері асығыс, қолдары мен аяқтары мәнсіз, негізсіз қимылдайды, оның жүзінде сенімсіз күлкі бар. Сондықтан ол ыңғайсыз әрі керексіз әрекетті тезірек аяқтағысы келеді. Осы тұста «неліктен актерлердің әрекеттерінде айырмашылық бар?» деген сауалдың туындары сөзсіз. Назар аударып қарайтын болсақ, алаңға өзінің ісімен шыққан біреуі өзін мүлде ойламайды, ол сыртынан өзін ешқашан бақыламайды. Сонымен қатар өзінің тұлғасына ешқандай қысылмайды, ол берілген тапсырмаға назарын барынша аударуды жақсы меңгерген, яғни психологиялық тұрғыдан өзіне аса сенімді. Келесі актер психологиялық тұрғыдан сенімсіз. Режиссерге сенбейді, сонымен қатар ән орындаудан тыс мұндай жаттығудың не үшін берілгендігі түсініксіз. Сол үшін де өзінің келбеті туралы ойлап, қолдары мен аяқтарының қимыл-қозғалысына ғана мән береді. Сөйтіп, бейнелеген әрекетінің дұрыстығына қарап, әрекеттен ауытқиды. Сахнада орын алған мұндай қисынсыз әрекеттерден актер іштей мүжіліп, сырттай «қысымға» тап болады. Ал, бұдан арылу қиын.

Кейбір актерлер режиссердің немесе жалпы көпшіліктің алдында, арнайы дайындық бөлмесінде ашыла алмауы мүмкін. Керісінше, сахнада ойнау барысында, яғни көрерменнің алдында «ашылып», өзін еркін сезінуі мүмкін. Ал, кейбір актерлердің камерлық жағдайда өте шынайы ойын көрсетіп, үлкен сахнаға шыққанда тежеліп қалуы ғажап емес. Сондықтан роль орындаушылардың табиғи ерекшеліктерін бақылап, олардың сахнаны сезінулерін қадағалау режиссердің мақсатының бірі болуы керек. «Режиссер должен уметь увлекать актера своими заданиями, вдохновлять его на их выплонение, будоражить его воображение, будить его артистическую фантазию, незаметно заманивать его на дорогу истинного творчества» [Захава Б.Е., 2013, 432 с.], – деген Б.Е.Захаваның жазбасына сүйенсек, қандай болғанда да бұл жолда ыңғайлы координациясыз кеңістіктен өту оңай емес. Сондықтан режиссер үшін актердің тәнін кеңістікте ыңғайлы пайдаланып, уақыт тұрғысынан дәлме-дәл байланыстыра алу маңызды.

Тағы бір айта кетерлігі, мюзикл жанрындағы қойылымның мизансценасы тыңғылықты ойластырылып, таңдалған, музыкалық ритммен дәл есептелген физикалық әрекеттерден тұрады. Қисынды жасалған мизансценалардың орындаушының көзқарасы мен тәні арқылы берілуі басқа да қосымша әрекеттердің барын аңғартып, драмалық шығарманың мәні мен мағынасын табуға негіз болады. Негізінен музыкалық спектакльдердегі актердің ән орындау процесінде сауатты пластикалық мәнердегі мизансценаны туындататын нақты іс-әрекеттерді таңдап алу қажет. Бірақ еркін түрдегі таңдау сахналық әрекеттің әртүрлі шешімдері болған жағдайда ғана мүмкін бола алады. Орындаушының ұсынған бір немесе екі

нұсқасы ғана болса, онда еркін түрде таңдау туралы сөздің болмағаны дұрыс. Бұл жерде актер міндетті түрде режиссерге өзінің табиғи болмысына жақын бірнеше пластикалық нұсқаларды ұсынады. Орындаушының жеке ерекшелігіне байланысты режиссер осындай пластикалық мәселеде кедергілерге кездесуі әбден мүмкін. Сондықтан актерлермен түрлі бағытта жұмыс жасау тәжірбиесі төмендегідей жағдайлардан өтеді:

1) Қиял көкжиегі кең, шығармашылық тапсырманы барынша түсінген орындаушы бірнеше пластикалық шешімдерді өз бетінше тауып, оларды мүлтіксіз орындай алады.

2) Өзіндік қызықты ой-идеясы бар актердің бұлшық-ет еркіндігі мен сахналық техникасының жеткіліксіздігі әрекетті орындауға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайда режиссердің толеранттығы, адами қарым-қатынасы мен орындаушының еңбекқорлығы сауатты да нанымды пластикалық әрекетті жасап шығады. Бұл жерде орыс-кеңес режиссері Анатолий Эфростың: «Поведение с актерами – целая наука. И, может быть, основа этой науки – любовь к ним. Если между вами все хорошо, то даже самые мелкие советы будут ими восприниматься.

Часто считают, что идешь на компромисс, признавая самых разных актеров. Но надо действительно любить многих и разных.

А на роль ставить только тех, кого нужно.

В актеров надо влюбляться. Они прекрасные люди. Ни в коем случае нельзя оставлять до утра вечерние недоразумения. Надо приходить, будто ничего и не было. Когда начинаешь злиться – хуже нет. Тут – только держись!» [Эфрос А.В., 1993, 318 с.], – деген сөзіне назар аударумыз керек.

3) Зейінді роль орындаушы режиссердің (балетмейстердің) ұсынған пластикалық мизансценаларын жылдам үйреніп, есінде сақтай алады. Сонымен қатар дем мен әрекетті өзара байланыстыра отырып жұмыс жасайды. Бірақ кейіпкерінің сыртқы бейнесін ғана ойлағандықтан өзі ештеңе ұсына алмайды. Бұл жағдайда режиссер актердің вокалды композицияның мазмұнына назар аударып, форма мен музыканың, яғни әннің біртұтастығын ұмытпауын қадағалау керек. Бұл – міндетті.

4) Режиссер үшін өте қиыны – бейненің формасын немесе оған берілетін трактовканы ойлап табу да, орындау да қолынан келмейтін қиялы таяз орындаушы. Сондықтан мюзикл жанрындағы шығарманы сахналаудың алдында ол негізгі ойды жақсылап талқылау қажет (әрине орындаушы өз кейіпкерінің кеңістігін сезіне алса ғана). Актер өз айналасындағы кеңістікті қаншалықты жақсы сезінсе, соғұрлым әрекет пен ритмнің бояуы қанық бола түседі де әрекет палитрасында жарқын әрі нақты пішін қалыптастыру мүмкіндігі кеңейеді.

Өзіміз көріп жүргеніміздей, кейбір актерлер сахналық кеңістікті сезіну емес, сонымен қатар өзінің тәнін де басқара алмайды, сондықтан қарапайым, жаңалығы мен мазмұны жоқ қимыл-әрекеттерді ғана қолданады. Олар рольдің қалыптасқан жағдайына қарамастан қозғалмайтын мизансценаны таңдайды. Әдетте мұны «ең бастысы дауыс қана, әрекет маңызды емес» деген ойдағы орындаушылар жасайды. Жалпы алғанда пластикалық мәнерлі мизансценаны құрудың сауаттылығы, қисындылығы тек актердің сыртқы келбетіне емес, оның ішкі рухани дүниесіне, қиялы мен сезіміне байланысты. Бейсаналы түрде жасаған барлық қимыл-ишараттары (жесттер) оның тілегін білдіреді. Орындаушының ішкі қалауы қаншалықты мықты болса, соншалықты белсенді, нақты және мәнерлі ишараттар туындайды. Көзі қарақты режиссер сахнадағы актерде нақты әрі айқын импульсивті әрекеттердің туындағанын жазбай таниды. Кейде тек бір ғана импульсті ишарат бүкіл мизансценаны «қажетті тонға» түсіреді. Сахналық өнерде ишараттың (жест) орны маңызды. Ол актер ойынының аса қажетті компоненті болып табылады. Мәнерлі әрекеттерде ишараттың әртүрлі түсінігі қалыптасқан. Біріншісінде ишарат – тәннің жеке бөліктерінің қозғалысы (мысалы, қол немесе қас) болып табылады. Мұны адам саналы түрде ақпарат тасымалдау үшін қолданады. Жеке ишарат эмоционалды тұрғыдан мәнерлі емес, ал, қалып (поза) болса адам тәнінің барлық бөлігін қамтып, үлкен мағыналы және эмоционалды қысымды арқалайды. Қалыпты терең сезімдермен байланысты десек, ишарат сөз орнына жүретін немесе толықтыратын әлеуметтік байланыстың формасы ғана. Егер ишарат белгілі бір қалыппен сәйкес келмесе, яғни адам тек қана ернімен күлсе, иығы қозғалмастан қолымен ғана бұлғаса, тәннің қалған бөлігі өзге мағына сыйласа, біздер өмірде де, сахнада да сезімдердің шынайы емес екендігін сезіп қоямыз. Ал, мұндай сәйкессіздіктер тек қана комедиялық бейне жасағанда ғана көмектесуі мүмкін. Жоғарыда айтылған келеңсіздіктерді болдырмау үшін сахналық әрекетті қажетті эмоцияға бағыттау қажет. Бұл актерге ролін шынайы қалыптастыруға, жалған ишарат жасамауға көмектеседі.

Келесі ишаратта айқын пластикалық мәнер немесе қолдардың тәннен бөлек қозғалысы туралы жалпы түсінік болмайды. Егер әрекет бірден қолдан басталып, оған тәннің өзге бөліктері ықпал бермесе, бұл ишарат жалған, сенімсіз әрі механикалық қозғалыс болып табылады. Бұл дегеніміз, егер әрекет импульсі ішкі тәннен басталмаса, ол ұзаққа бармайды, тез ұмтылады. Поляк режиссері Ежи Гротовский импульс туындайтын тәннің нүктесін анықтап, бұл жаңалығын дайындық барысында пайдалануды аса құптамаған. Актер үшін адамның еркін қозғалуына мүмкіндік жасайтын бұл бөлік қызметінің маңызы зор. Өйткені жеңіл немесе күрделі физикалық қимыл-ә-

рекеттің негізгі түйіні осы жерде.

Сахнада қолданылған ишаралар драмалық шығарманың идеясын, ондағы сөздің астарын ашуға негізделеді. Көптеген режиссерлер ишаратты пайдалану әдісі мінсіздікке апармайды деп түсінеді. Ишарат дегеніміз – актердің жеке шығармашылық қабілеті, ол сезімдер мен ойлардың бейнесінен шынайы түрде туындауы тиіс немесе орындаушы мен кейіпкердің бейнесін толықтырады. Ишараттар сөзді көшірмей, керісінше жаңа дүниені қалыптастырып, көрерменге рольдің түпкі мәтініне мән бере отырып ұсынылуы тиіс. Т.Жаманқұлов бұл жөнінде жоғарыдағы еңбегінде: «...Ишарат-мәзірет орындалатын монологта атылатын ойды қайталағаннан гөрі, сол сөздің алдын алуы шарт деген ой өте орынды. Ишарат көрерменді идеяның «өмірге» келуіне дайындайды, сонымен қатар актердің өзін де көпшіліктің назарын аударатын әдеттегіден өзгеше, салмақты, кестелі, жүгі ауыр шешен сөз айтуға тиісті күрделі психофизикалық қалыпқа, көрермен залымен өзгеше байланысқа ие болмаққа дайындайтын бөлек сахналық кезеңге, ерекше сілкіністі эпизодқа әзірлейді» [Тұңғышбай Әл-Тарази, 2008, 272 б.], – деп жазған. Тәжірибелі актер әрі режиссердің осы тұжырымы сахнада сауатты орындалғанда ғана ишарат қызықты әрі пластикалық тұрғыдан мәнді болмақ.

Режиссердің көмегімен және актердің өзіндік ізденісі арқылы барлық қажетті, яғни драмалық шығарманың идеясын ашып көрсететін әрекеттер мен ишараттар табылып, ол қабылданғаннан кейін режиссердің осылардың (ишараттар мен мизансценалардың) дайындық барысындағы реттілігін қалыптастыруы шарт. «Хореографиялық» реттілік барысындағы актердің сахнада жалғыз әрекет етпегендіктен өзінің жеке қимыл-қозғалыстары арқылы өзгелердің реттілігін бұзып, режиссердің шешіміне зиян тигізуін, яғни мұны болдырмауды қадағалау аса маңызды. Пластикалық сипаттағы ойынның тәртібін сақтау орындаушының ролін жеңілдетеді. Мұның маңыздылығы сол – артисттің өзінің даусы мен музыканың әуезді үніне тереңнен мән беруге итермелейді. Мюзикл жанрындағы қойылымға қатысушы актер өз партиясын шынайы орындау үшін ішкі ритмін нықтап ұстауы қажет. Кейбір актерлердің қол әрекеттерін, басын немесе денесін мағынасыз бұру арқылы негізгі көркемдік нысанадан алыстап кететіндігі жасырын емес. Мұндай біртекті әрекеттер арқылы көрерменді жалықтырып алмас үшін нақты құрылған пластикалық мизансценалардың көмегіне жүгінген жөн. Ол үшін режиссер музыкалық шығарманы орындау барысында орындаушының артық әрекетсіз тек қана дауыс пен көзге назар аударуын қамтамасыз етіп, оны қадағалау керек. Кейбір сәттерде актерден жеткен көркем дүние көрермен үшін қажетті эмоцияны тудырып, ерекше әсерге бөлейді. Сондықтан бұл жерде ештеңені арнайы бейнелеу қажет емес, көрерменге кейіпкердің (актердің) не сезініп тұрғаны қалай болғанда да түсінікті.

Мюзикл жанрындағы спектакльдегі актердің ән орындауында сахнадағы барлық ишараттар міндетті түрде сол шығарманың музыкалық құрылымымен келісілген болуы тиіс. Бұл жағдайда әрбір көрініс мұқият жоспарлау, орындаушылар арасындағы қатынасты қалыптастыру, әрекеттерді келістіріп, сонымен бірге осы процестердің барлығын қадағалау режиссердің міндетті. Жалпы алғанда осындай кемшіліктерге жол бермес үшін дайындық кезеңде актерлердің нені жасау қажет екенін ғана емес, істемеуге тиісті де әрекеттерді білуі қажет. Тәжірибесі жоқ актерлер сахнаға шыққа болды аяқтары мен қолдарын қайда қоярын білмей қиналады. Ол қаншалықты аз ишарат жасаса, бірақ ол сауатты болса, драмалық шығарманың идеясымен үндессе, оның әрбір әрекеті маңызды әрі толыққанды бола түседі. Сахнадағы мұндай пластикалық жетістіктер актер тарапынан жасалған қатаң бақылаудан ғана туындайды. Расында актер үшін өз әрекетін үнемі бақылауда ұстау өте маңызды. Себебі, спектакльге қатысушы шығармашылық ансамбльдің әрбір аяқ алысы көрерменнің көз алдынан өтеді. Бұл арқылы пластикалық мизансценаларды құрушы режиссер көпшіліктің назарын маңызды әрекетке және сауатты ишаратқа бағыттап отырады. Сол сияқты актердің ойыны да режиссердің тұжырымына өз тарапынан үн қоса отырып, көрерменді рухани ләззатқа бөлеуге бағытталуы тиіс.

Музыкалық шығарманы сахналау барысында режиссер өте маңызды актер әрекетінің сахна алаңындағы ережесін, яғни психикалық және физикалық бірлігін естен шығармаған жөн. Жалпы нақты ережесіз қойылған және орындалған пластикалық шешімдер ешқандай мазмұнға ие бола алмайды. Демек, ішкі сезімдердің айқындығы, жүйелі пластикалық қимыл-қозғалыстар, эмоцияға толы ишараттар мен көркемдік бояулар сахналық әрекеттің әрбір сәтінде актер психикасымен бірікпесе, оның ешқашан да, ешқандай да мәні болмайды. Әрбір физикалық әрекет эмоционалдық сипаттарынан арылса, ол өзінің өміршеңдігінен де айырылады. Негізінен мюзикл жанрындағы қойылымға қатысушы артист әртүрлі жағдайда, түрлі сахналық алаңдарда әрекет ететіндіктен режиссер де оған бір-біріне ұқсамайтын түрлі тапсырмалар қоя білуі керек. Сондықтан әртүрлі тапсырмалар түрлі сахналық механизмдерді талап етіп, бір әрекетті әртүрлі шешуге көмектеседі. Осылайша жан-жақты ізденген, сахнадағы күтпеген жағдайларға қашан да дайын актер өзінің кейіпкер жасаудағы жұмысына сенімді болып, оның тәні кез келген «ойынның бұйрығын» орындауға дайын болады.

Қорытынды. Жалпы алғанда әртүрлі жанрдағы, әртүрлі көркемдік бағыттағы, сан қилы тағдыры бар драмалық шығармаларда ойын көр-

сететін актер өзінің психо-физикалық, суырып салмалық, ойлап тапқыштық қасиетімен қандай рольді болмасын жоғары көркемдік деңгейде алып шыға алады. Оған қоса ерекше дарыны, ән орындаудағы дауыс тембрінің анықтығы, үйлесімді кескін-келбеті мен фактурасы да оның шынайы өнер көрсетуіндегі қажетті әрі маңызды компонеттер болып табылады. Демек, мұндай дара өнерпаздар қай театрдың болмасын болмысын ашады, репертуардың ауыр жүгін көтере алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нұрпейіс Б.К., Еркебай А.С., Жақсылықова М.Б. Қазақ театрының қалыптасуы мен даму белестері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. № 3/2 (47), 2017.
2. Нұрпейіс Б. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915-2005): Монография. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 520 б.
3. Рахимов Ә.С. Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 248 б.
4. Шанин Ж. Арқалық батыр. Сахнада шындықты тану: Пьесалар мен мақалалар /Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Өнер, 1988. – 400 б.
5. Мейерхольд В.Э. Статьи, письма, речи, беседы. Часть первая. – Москва: Искусство, 1968. – 351 с.
6. Захава Б.Е. Мастерство актера и режиссера: Учебное пособие / Под общ. ред. П.Е.Любимцева – 6-е изд., стер. – СПб.: Издательство «Лань»; «ПЛАНЕТА МУЗЫКИ», 2013. – 432 с.
7. Эфрос А.В. Репетиция – любовь моя. – Москва: Издательство «Панас», 1993. – 318 с.
8. Тұңғышбай Әл-Тарази Сөз. (Ғылыми-теориялық зерттеу). – Алматы: «Нұрлы әлем», 2008. Том 1. – 272 б.

ГЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
